




SONG PLUS DM-i

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ



BUILD YOUR DREAMS

Алғы сөз

BYD маркасын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. BYD автокөлігін дұрыс пайдалану және оған қызмет көрсету үшін, сапарға шықпай тұрып, нұсқаулықты оқып шығып, оны ыңғайлы жерге сақтап қою керек.

Айрықша нұсқаулықтар: BYD Auto Industry Co., Ltd. компаниясы түпнұсқа бөлшектерді таңдап, автокөлікті осы нұсқаулыққа сәйкес дұрыс пайдалануға, жөндеуге, оған қызмет көрсетуге кеңес береді. Бөлшектерді айырбастау немесе конструкцияны өзгерту мақсатында түпнұсқа емес бөлшектерді пайдалану салдары автокөліктің қауіпсіздігі мен сенімділігі сияқты жалпы сипаттамаларын нашарлатып жібереді. Осының салдарынан туындайтын зақымдар мен сипаттамалардың төмендеуін автокөлік кепілдігі өтемейді. Одан басқа, автокөлікке өзгертулер енгізу салдары ұлттық және аймақтық заң нормалары мен ережелерін бұзуға алып келуі мүмкін.

BYD маркасын таңдағаныңыз үшін тағы да алғыс айтамыз. Құнды ескертулер мен ұсыныстарға ашықпыз. Ең жақсы сервис қызметтерін алу үшін нақты байланыс деректерін беру керек. Байланыс деректері өзгерген жағдайда рұқсаты бар дилерге немесе BYD қызметін көрсетушіге дереу хабарласып, жүйедегі ақпаратты жаңартыңыз. Сонымен бірге ұлттық және аймақтық заңнаманың қолданылатын нормалары мен ережелерін сақтап, автокөлікті дереу тіркеу керек, әйтпесе, автокөлікті тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

«*» таңбасы бар сипаттама мен PAD интерфейсінің сызбасы осы нұсқаулықта тек кейбір автокөлік модельдеріне қолданылады, пайдаланылған кескіндер бір конфигурация үшін ғана таңдалған. Егер сіз сатып алған автокөліктен қандай да бір айырмашылықтар болса, нақты автокөлікке қараңыз.

Бұл нұсқаулықта «ЕСКЕ САЛУ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» және «ЕСКЕРТУ» деген белгілерге назар аударып, жарақаттар немесе зақымдар келмес үшін тиісті нұсқаулықтарды сақтаңыз. Төменде осы белгілердің анықтамалары берілген.



ЕСКЕ САЛУ. Техникалық қызмет көрсетуді және т.б. жеңілдетуге берілген мәлімет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Техникалық қызмет көрсетуді және т.б. жеңілдетуге берілген мәлімет.



ЕСКЕРТУ. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін берілген мәлімет.



Қауіпті әрекетке немесе қауіпті оқиғаға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету белгісі.

Бұл нұсқаулық сізге өнімді дұрыс пайдалануға көмектесуі керек және онда осы өнімнің конфигурациялар сипаттамасы мен бағдарламалық құралының нұсқалары жоқ. БҚ туралы толық ақпаратты алу үшін өнімді пайдалану туралы шартқа (ол болған жағдайда) жүгіну немесе сізге өнімді сатқан дилерге жолығу керек.

Біздің байланыстар

Клиенттермен бірлесіп әрекеттесу орталығына хабарласу арқылы саясат немесе процедуралар бойынша көмек немесе түсініктеме алуға болады.

Электрондық пошта: Autoservice.contact@byd.com

Барлық құқықтар BYD Auto Co., Ltd компаниясына тиесілі.

BYD Auto Co., Ltd. компаниясының жазбаша рұқсатынсыз осы нұсқаулықты ішінара немесе толық шығаруға немесе көшіруге тыйым салынады

Көшірме жасау заңмен қудаланады

BYD SONG PLUS DM-i жеңіл автокөлігінің жалпы сипаттамасы

Song PLUS DM-i моделі соңғы екі режимді BYD жүйесімен жабдықтапған.

Ең жаңа қос режимді жүйе — бұл қозғалтқыштың, электр қозғалтқышының және тартқыш аккумулятордың бірігуі, бұл қарқындылық, үнемділік және тамаша NVH өнімділігі сияқты негізгі сипаттамаларды ескере отырып, пайдаланушыларға EV/HEV жетек режимдерінде және ECO/NOMAL/SPORT жұмыс режимдерінде тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

Тартқыш аккумулятор автокөлікті қозғалысқа келтіру үшін электр қозғалтқышын электр энергиясымен қамтамасыз етеді, сонымен қатар 12 вольттық іске қосу аккумуляторын зарядтауға қабілетті.

Тек электр қуатымен жұмыс істегенде, көліктің ішіндегі және сыртындағы шу деңгейі өте аз болады, бұл пайдаланушыларға ыңғайлы жүргізу жағдайларын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар автокөлік тек электр энергиясымен қозғалғанда пайдаланылған газдарды шығармайды, бұл атмосфераға шығарындылардың нөлдік деңгейін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, электр энергиясымен жүрген кезде автокөлікті пайдалану құны ұқсас қазба отынмен жүретін автокөлікке қарағанда төмен болады.

Гибридті режимде автокөлік арнайы гибридті тиімділігі жоғары қозғалтқышты қолданады, қозғалтқыш үнемі оңтайлы отын үнемділігімен жұмыс істеуі үшін «төмен жылдамдықта электр энергиясын және жоғары жылдамдықта отынды пайдалану» деген басқару стратегиясын жүзеге асырады, бұл автокөліктің өте төмен отын шығынын және жоғары динамикасын, сондай-ақ жүргізген кезде тыныштық пен жайлылықты және басқа да ерекшеліктерді қамтамасыз етеді.

Суреттер тізімі	Суреттер бойынша іздеу
1 Қауіпсіздік техникасы	Осы бөлімнің мазмұнымен міндетті түрде танысыңыз
2 Аспаптар тақтасы	Аспаптар тақтасының индикаторлары
3 Контроллер жұмысы	Автокөлік есіктері мен әйнектерін ашу және жабу, қозғалыс басталар алдында реттеу және т.б.
4 Автокөлікті пайдалану және жүргізу	Көлік жүргізген кездегі қажет операциялар мен кеңестер
5 Борт құрылғылары	Автокөлік ішінде орнатылған құрылғыларды пайдалану және т.б.
6 Техникалық және сервистік қызмет көрсету	Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау кезеңдері
7 Егер ақаулар пайда болса	Ақаулық немесе шұғыл жағдай туындаған жағдайда қолдануы тиіс шаралар
8 Автокөлік спецификациясы	Автокөлік спецификациясы және тапсырыс берілген функциялар
Өліпбилік көрсеткіш	Өліпбилік көрсеткіш

Алғысөз	1
BYD SONG PLUS DM-i жеңіл автокөлігінің жалпы сипаттамасы.....	3
Қауіпсіздік техникасы	
Қауіпсіздік белбеулері	16
Қауіпсіздік белбеулері туралы негізгі мәліметтер.....	16
Қауіпсіздік белбеулерін пайдалану	17
Қауіпсіздік жастықтары	20
Қауіпсіздік жастықтары туралы негізгі мәліметтер.....	20
Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары.....	21
Алдыңғы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастықтары.....	21
Бүйірлік қалқа — қауіпсіздік жастығы *	22
Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу шарттары	22
Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі (БҚЖ)	27
Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі (БҚЖ).....	27
СБД орнату	28
Қос режимді жүйенің жұмыс режимдері	33
Қос режимді жүйенің жұмыс режимдеріне қысқаша шолу.....	33
Қос режимді жүйенің жұмыс режимін таңдау	34
Қос режимді жұмыс жүйесін пайдаланған кездегі сақтық шаралары	36
Айдап әкетуге қарсы жүйе	38
Айдап әкетуге қарсы жүйе.....	38
Оқиғаларды тіркеу жүйесі (EDR)	40
Оқиғаларды тіркеу жүйесі (EDR)	40
Аспаптар тақтасы	
Аспаптар тақтасы	52
Аспаптар тақтасының көрінісі	52

Аспаптар тақтасының индикаторлары.....	53
Контроллер жұмысы	
Есіктер мен кілттер.....	66
Кілттер	66
Есіктерді құлыптау/құлыпін ашу	69
Смарт-кіру рұқсаты және оталдыру жүйесі.....	78
Баланы қорғау үшін құлыптау	80
Орындықтар	80
Орындықтар туралы ақпарат	80
Алдыңғы орындықтарды реттеу.....	82
Артқы орындықтарды жинау	84
Артқы қатардағы орындықтардың бассүйегіштері.....	84
Руль.....	85
Рульді реттеу.....	85
Ауыстырып қосқыштар.....	86
Жарық құралдарының ауыстырып- қосқыштары	86
Әйнектазартқышты ажыратқыш.....	89
Алдыңғы сол жақ есіктің қосқыштар тобы	90
Жүріп өткен жолды ауыстырып қосу	93
Басты жарық фараларын реттеу	93
Апаттық сигнал беру жүйесі	93
Рульдегі ауыстырып қосқыштар блогы	94
Төбедегі люк ауыстырып қосқышы	96
Е-call ауыстырып қосқышы	*98
Ішкі шам	99
Автокөлікті пайдалану және жүргізу	
Зарядтау/разрядтау жөніндегі нұсқаулар	102
Зарядтау жөніндегі нұсқаулықтар	102
Зарядтау әдісі	107

Зарядтау портының электр құлпын басқару	116
Электр зарядтарын баптау функциясы	118
Қуатты ажырату бойынша нұсқаулықтар *	120
Аккумулятор батареясы	123
Тартқыш аккумулятор	123
Іске қосатын темір аккумулятор батареясы	124
Пайдалану нұсқаулығы	127
Сынап жүргізу кезеңі	127
Тіркеме сүйреу	127
Отын	127
Отынды үнемдеу және автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту жолы	129
Жүк тасымалдау	130
Улы газбен улану қаупі	132
Автокөлікпен су кедергілерінен өту	132
Өрттің алдын алу жөніндегі нұсқаулар	134
Автокөлікті оталдыру және жүргізу	135
Автокөлікті оталдыру	135
Автокөлікті жүргізу	136
Пилотсыз жүргізу функциясы *	138
Берілістерді ауыстырып қосудың басқару тетігі	139
Электрондық тұрақ тежегіші (EPB)	140
Автоматты түрде ұстап тұру (AVH)	143
Автокөлікті жүргізудің маңызды ерекшеліктері	144
Жүргізуге көмектесу жүйесінің функциялары	146
Бейімделетін круиз-контроль (ACC)	146
Зияткерлік круиз-контроль жүйесі (ЗКК)*	151


Болжау функциясы бар шұғыл тежеу жүйесі (БШТ)* және автоматты шұғыл тежеу (АШТ)*	153
Фаралардың интеллектуалды шалғай жарығы (ИШЖ)*	157
Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі (ЖШЕЖ)*	158
«Көзден таса аймақтарды» бақылау жүйесі*	162
Автокөліктің дыбыстық сигнал беру жүйесі (АДСЖ)	164
Жол белгілерін тану жүйесі (ЖБТЖ)....	166
Жылдамдықтың шектелуін зияткерлік бақылау (ЖШЗБ)*	167
Панорама люк	168
Тұраққа қою көмекші жүйесі	175
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	178
Алдыңғы әйнектегі индикация (АӘИ)	181
Қозғалыс қауіпсіздігі	182
Басқа негізгі функцияларды қолдану нұсқаулары	187
Ішкі артқы көрініс айнасы	187
Сыртқы артқы көрініс айналары	188
Әйнектазартқыш	189
Сырғытпайтын шынжырлар	190
Автокөліктің бейнежазғышы	191
Борт құрылғылары	
Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі	194
Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі	194
Кондиционер жүйесі	195
Кондиционерді басқару панелі	195
Кондиционерді басқару интерфейсі	196
Функциялардың мақсаты	197
Кондиционер дефлекторлары	201
Ауаны тазалау жүйесі	201

Кондиционер баптауының элементі	202
Ұсақ-түйек бөлімі	203
Ішкі панельдегі ұсақ-түйек бөлімі	203
Қобдиша	203
Карталар бөлімі	204
Шынтақтаяныш-қобдиша	204
Стақанқойғыш	204
Құжат салатын қалта	205
Көзілдірік бөлімі	205
Өзге борт құрылғылары	205
Күнқағар	205
Косметикалық айна *	206
Қауіпсіздік тұтқалары	206
Қосымша қуат беру 12 В	206
Алдыңғы USB порттары	207
Зарядтауға арналған артқы порт	207
SD картасы жалғағышы	207
Жүксалғыш қалқасы	207
Мобильді телефонды сымсыз зарядтауға арналған аймақ *	208
Жүксалғыш қақпағы	210
Техникалық және сервистік қызмет көрсету	
Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат	212
Техникалық қызмет көрсетудің циклі және позициялары	212
Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету	220
Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету	220
Автокөлік коррозиясының алдын алу	220
Бояуға техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстар	221
Автокөлікті жуу	222
Ішкі тазалау	223


Өз бетінше техникалық қызмет көрсету	225
Өз бетінше техникалық қызмет көрсету	225
Шатырдағы люкке техникалық қызмет көрсету	228
Автокөлікті сақтау	229
Капот	229
Салқындату жүйесі	230
Жуғыш	231
Тежеу жүйесі	231
Мотор майы	232
Кондиционер жүйесі	233
Өйнектазартқыш щеткалар	233
Шиналарға күтім жасау және техникалық қызмет көрсету	234
Сақтандырғыштар	237
Егер ақаулар пайда болса	
Егер ақаулар пайда болса	248
Егер смарт-кілт батареясының заряды таусылса	248
Автокөлік оталмаған кезде	248
Автокөлік келе жатқан кездегі қозғалтқыштың қалыптан тыс тоқтап қалуы	249
Егер қозғалтқыш қызып кетсе	249
Автокөлікті сүйреу қажет болса	250
Дөңгелектің ауасы шығып кеткенде	251
Автокөлік спецификациясы	
Нақты ақпарат	256
Автокөліктің сипаттамалары	256
Практикалық ұсыныстар	261
Автокөлікті таңбалау	261
Ескерту жазбалары	262
Радиожиілік байланысына арналған терезе	263

Суреттер тізімі

■ Автокөліктің сырты




- | | |
|---|--|
| ① Капот P230
Салқындату жүйесі P231
Жуғыш P232
Тежегіш сұйықтығы P233
Алдыңғы бөліктің сақтандырғыш блогы P240 | ④ Отын багының люгі P129
Отын құю P129 |
| ② Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасы P190 | ⑤ Шина P235
Дөңгелек ауасы шыққан жағдайда P252 |
| ③ Автокөлік есігі P69
Есікті құлыптау/құлпын ашу P69 | ⑥ Автокөлік жарығы P228 |




- ① Жүксалғыш есігі **P73**
- ② Артқы әйнектазартқыш **P190**
- ③ Зарядтау портының қақпағы **P110**
- ④ Электрлі сыртқы артқы көрініс айнасы **P189**

■ Аспаптар тақтасы




- | | |
|---|--|
| ① Алдыңғы қатардың қапталдағы
дефлекторы P202 | ⑦ Алдыңғы қатардың қапталдағы
дефлекторы P202 |
| ② Жарықты ауыстырып қосқыш P86 | ⑧ Ұсақ-түйек тартпасы P204 |
| ③ Руль P85
Рульді реттеу P85
Рульді ауыстырып қосу блогы P94 | ⑨ Алдыңғы қатардың орталық
дефлекторы P202 |
| ④ Аспаптар тақтасы P52 | ⑩ Мобильді телефонды сымсыз
зарядтауға арналған аймақ P209 |
| ⑤ Әйнектазартқышты ажыратқыш P89 | ⑪ Карталарға арналған бөлім P205 |
| ⑥ Ақпараттық және ойын-сауық
жүйесінің дисплейі P195 | ⑫ Капотты ашу тұтқасы P230 |

■ Автокөліктің іші



- ① Кондиционерді ауыстырып қосқыштарының тобы **P196**
- ② Режимдерді ауыстырып қосқыштарының блогы **P34**
EV/HEV режиміне арналған тұтқа **P34**
«Қар» режимін ауыстырып қосу түймесі **P34**
«MODE» режимі түймесінің тұтқасы **P34**
Қос режимді жүйенің жұмыс режимін таңдау **P34**
- ③ Алдыңғы орындыққа арналған стақанқойғыш **P205**
- ④ Орындық **P80**
Алдыңғы орындықтарды реттеу **P82**
- ⑤ Шынтақтаяныш-қобдиша **P205**
- ⑥ Ауыстырып қосқыштар жинағы ESC тиекті ауыстырып қосқыш * **P183**
Автоматты ұстап қалуды ауыстырып қосқыш (AVH) * **P144**
Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесін ауыстырып қосқыш **P163**
- ⑦ Апаттық сигнал беру жүйесін ауыстырып қосқыш **P93**
- ⑧ Берілістерді ауыстырып қосудың басқару тетігі **P140**

■ Автокөліктің іші 2



- | | |
|---|---|
| <p>① Автокөлікті механикалық кілтпен апаттық құлыптау P77</p> <p>② Алдыңғы сол жақ есіктің ауыстырып қосқыштар блогы P90
 Әйнеккөтергіштің электр қосқышы P91
 Әйнекті бұғаттау түймесі P92
 Орталық есік құлпы P92
 Бүйірлік сыртқы айналарды реттеу түймелері P92</p> | <p>③ Есік тұтқасы P70</p> <p>④ Автокөліктегі жүксалғыш есігін ауыстырып қосқыш P74</p> <p>⑤ Ішкі панельдегі ұсақ-түйек бөлімі P204</p> |
|---|---|

01

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Қауіпсіздік белбеулері.....	16
Қауіпсіздік жастықтары	20
Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі (БҚЖ).....	27
Қос режимді жүйенің жұмыс режимдері.....	33
Айдап әкетуге қарсы жүйе.....	38
Оқиғаларды тіркеу жүйесі (EDR)	40

Қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулері туралы негізгі мәліметтер

Зерттеулер қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолданудың апаттық тежелу, жылдамдықты күрт үдету немесе соқтығысу кезіндегі жарақат алу ықтималдығын елеулі түрде азайта алатынын көрсетті. Әрмен қарай берілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз және оларды бұлжытпай орындаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Әрдайым автокөлік қозғалып бастағанға дейін қауіпсіздік белбеулерін тағып алыңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын автокөліктегі барлық адамдардың қауіпсіздік белбеулерінің тағылғанына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік белбеуін тақтағандар үшін шұғыл тежеу, жылдамдықты күрт үдету немесе соқтығысу кезінде күрделі жарақат алу немесе тіпті мерт болу қаупі жоғары.
- Қауіпсіздік белбеулері ересектерге арналған және балаларға қолдануға жарамайды. Балалар үшін олардың жасына және өлшеміне сәйкес келетін балаларға арналған қауіпсіздік жүйесін (БҚЖ) қолдану қажет (толық мәлімет алу үшін БҚЖ бөлімін қараңыз).
- Қауіпсіздік белбеуі зақымдалған немесе оның ақаулығы жағдайында ақаулықты растау және жою үшін BYD авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз. Ақаулық жойылмайынша бұл орындықты пайдаланбаңыз.

- BYD компаниясы жүргізуші мен жолдаушыларға әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағып отыру қажеттігін атап көрсетеді. Бұл талапты орындамау оқиға болған жағдайда жарақат алу қаупін арттырады.
- Балаларды артқы қатарларға отырғызуға, сондай-ақ әрдайым оларға қауіпсіздік белбеулерін немесе сәйкес БҚЖ жүйелерін қолдануға кеңес беріледі. Шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында қорғаныш құралдарынсыз балаға тіпті мерт болуға дейін күрделі зақым келуі мүмкін. Балаларды тізеге отырғызып тасымалдауға жол бермеңіз. Бұл балалар үшін қауіпсіз емес.

Қауіпсіздік белбеуінің апаттық бұғатталу және ішке тартылу функциясы (АБТ)


- Кілт бұрылғанда, шұғыл тежегенде немесе соқтығысқан кезде, сондай-ақ жүргізуші немесе жолаушы алға қарай күрт еңкейгенде қауіпсіздік белбеуі автоматты түрде бұғатталады, бұл адамды тиімді ұстап қалуға және қорғауға мүмкіндік береді.
- Жатық қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеуі адамның қимылын шектеместен суырылып шығарылады және ішке тартылады.
- Егер қауіпсіздік белбеуі шұғыл қимылдың нәтижесінде бұғатталып қалған болса, босатып жаздыру үшін белбеудің таспасынан тартыңыз.

Қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергіш және ұстап қалу күшін шектегіш функциясы *

Күрделі бетпе-бет соқтығысу және алдын ала кергіштің іске қосылу шарттары туындаған кезде ол қауіпсіздік белбеуінің бір бөлігін тез ішке орап тартады да, адамның қорғалуын күшейту үшін оны бұғаттайды. Күшті шектегіш шектен тыс ұстап қалу күшімен байланысты жарақаттардың алдын алу үшін денені ұстап қалу күшін шектейді.


Қауіпсіздік белбеулерінің қолданылуы

1. Орындықтың күйі мен арқалықтың көлбеу бұрышын реттеңіз.
(Электржетекті алдыңғы орындықты реттеу* тарауын қараңыз)
2. Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуінің күйін реттеңіз.
- Денеңіздің қажетті қалпын сақтай отырып, қауіпсіздік белбеуін диагональ бойынша кеудеңіздің үстінен өткізіп тартыңыз. Белбеу қолдың астынан немесе мойынның үстімен өтпеуі тиіс. Белбеудің астыңғы таспасы мүмкіндігінше сандарға жақын орналасуы иіс.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


- Адамның қорғалуын кепілдендіру және жарақат алудың алдын алу үшін белбеу иықтың ортасымен өтіп тұруы тиіс, бұл мойынға әсерді және таспаның сырғып кетуін болдырмауға мүмкіндік береді. Оқиға болған жағдайда құрсақ қуысына соққы әсерін және жарақат алуды болдырмау үшін белбеудің бел таспасын мүмкіндігінше сандарға жақын орналастыру қажет.
 - Тиісінше қорғауы үшін қауіпсіздік белбеуі үнемі денеге жанасып тұруы тиіс.
3. Ілмектің тілшігін сырт өткен дыбыс естілгенше тоғаға сұғыңыз, содан кейін белбеудің сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны артқа қарай тартып көріңіз. Белбеудің ширатылуына жол бермеңіз.



4. Барынша мол жайлылық пен қорғанышқа қол жеткізу үшін алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерінің биіктігін реттеуге болады.

- ① Құлыпты ашу түймесін басыңыз.


- ② Реттегішті қажетті күйге дейін жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Реттегішті бұғаттау үшін түймені жіберіңіз.



5. Реттеу аяқталғаннан кейін, реттегіштің құлыпталғанына көз жеткізу үшін қауіпсіздік белбеуінің иық бөлігін мықтап тартыңыз.

6. Қауіпсіздік белбеуін ағытыңыз.

- Тоғадағы қызыл түсті құлыпты ашу түймесін басыңыз. Ілмектің тілшігі ытқып шығады да, қауіпсіздік белбеуі автоматты түрде ішке қарай тартылып жиналады. Егер белбеу автоматты түрде толықтай оралып жиналмаса, оны тартып шығарыңыз да, шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз.



! ЕСКЕ САЛУ

- Артқы орындықтардағы қауіпсіздік белбеулері алдыңғы орындықтардағыдай бекітіледі. Сенімді қорғаныш үшін ілмек тиісті тоғаға сұғылуы тиіс. Жүргізуші жолаушыларға қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу қажеттігі туралы ескертуге жауапкершілік көтереді.
- Қозғалысты бастаудан бұрын барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін таққанына көз жеткізіңіз.

! ЕСКЕ САЛУ

- Бір қауіпсіздік белбеуі тек бір адамға ғана арналған. Бір қауіпсіздік белбеуін тіпті балалар болса да, бірнеше жолаушыға қолданбаңыз.
- Орындық арқалығын тым көп шалқайтпаңыз. Орындық арқалығы неғұрлым тік орналасса, қорғаныш соғұрлым жақсы болады.
- Зақымдалуына жол бермеу үшін белбеудің есікке немесе артқы орындыққа қысылып қалуына жол бермеңіз.
- Қауіпсіздік белбеуінде тозу, босап кету белгілерінің және басқа проблемалардың болмауын тексеріп отырыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің ақаулығы анықталған жағдайда ақаулықты растау және жою үшін BYD авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз. Ақаулық жойылмайынша бұл орындықты пайдаланбаңыз.

! ЕСКЕ САЛУ

- Рұқсатсыз қауіпсіздік белбеулерін шешіп алуға, бөлшектеуге немесе олардың құрылысын өзгертуге тыйым салынады.
- Оқиғадан кейін қауіпсіздік белбеулерін BYD авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына тексертіп алу қажет. Егер алдын ала керу функциясы іске қосылған болса, қауіпсіздік белбеуін ауыстыру қажет.
- Күрделі оқиға орын алған жағдайда тіпті көзге көрінетін зақымдары болмаса да, орындықты ауыстырған кезде қауіпсіздік белбеуін де ауыстыру қажет. Осыған қоса, қауіпсіздік жастықтары жүйесін мұқият тексеру қажет.
- Жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеулерін басқа жолаушылармен бірдей тағуы тиіс. Атап айтқанда күрделі жарақат алудан сақтану үшін белбеудің бел таспасын мүмкіндігінше сандарға жақын орналастыру қажет.
- Зақымдап алмау үшін тоғаға бөтен заттар сұқпаңыз.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу функциясы

Егер жүргізушінің, алдыңғы жолаушының немесе арттағы жолаушылардың КҚ оталдырған кезде қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, сәйкес белбеу тағылмайынша дыбыстық және визуалды хабарландыру шығарылады.

- Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы
 - » Егер қандай да бір қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жыпылықтайды.
- Қауіпсіздік белбеуі тағылмаған орындықтың көрсетілуі
 - » Егер қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, сәйкес орындыққа арналған индикатор жанады. КҚ-да қалыптан тыс жағдайлар болғанда ол қосулы күйінде қалады.
- Тағылмаған алдыңғы жолаушыға арналған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу
 - » Егер автокөлікті оталдырған кезде жүргізушінің немесе кез келген жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жанады, сондай-ақ тиісті орындыққа арналған индикатор қосылады. Егер қозғалыс барысында қауіпсіздік белбеуі тағылмаған күйінде қалса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторына қосымша дыбыс сигналы беріле бастайды.

- Тағылмаған арттағы жолаушыларға арналған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу
 - » Егер оталдыру жүйесінің кілтін «ОК» күйіне бұраған кезде артқы орындықтағы кез келген жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы, сондай-ақ тиісті орындыққа арналған индикатор қосылады. Егер автокөліктің қозғалысы кезінде тек артқы орындықтарда ғана адам отырса және бұл орындықтардағы жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін тақпаған болса, тек тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы ғана қосылады, дыбыс сигналы берілмейді.
- Егер жүргізуші мен барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін тақса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы мен орындықтардың барлық индикаторлары қосылмайды.



ЕСКЕ САЛУ

- Қауіпсіздік белбеуінің ақаулығы анықталған жағдайда ақаулықты растау және жою үшін BYD авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз. Функцияның қалыпты жұмысын қалпына келтіргенге дейін бұл орындықты пайдаланбаңыз.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде оның ішіндегі адамдардың бәрінің қауіпсіздік белбеуінің тағылып тұруы аса маңызды. Олай болмаған күнде оқиға орын алған жағдайда адамдар жарақат алу немесе тіпті мерт болу қаупіне ұшырайды.

Қауіпсіздік жастықтары

Қауіпсіздік жастықтары туралы негізгі мәліметтер

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі пассивті көмекші қауіпсіздік жүйесінің бір бөлігі болып табылады және қауіпсіздік белбеулерінің атқарымдылығын толықтырады. Автокөлік күрделі соқтығысу жағдайына ұшырағанда жастықтардың іске қосылу шарттары орындалса, сәйкес қауіпсіздік жастықтары жедел іске қосылады және жарақат алу немесе мерт болу қаупін төмендету үшін қауіпсіздік белбеулерімен бірге жүргізушінің және жолаушылардың басы мен кеудесінің қосымша қорғалуын қамтамасыз етеді.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белбеулерін алмастырмайды, себебі ол көлік құралының пассивті қауіпсіздік жүйесінің компоненттерінің бірі ғана болып табылады. Қорғанышты барынша күшейту үшін қауіпсіздік жастықтары тек тағылған қауіпсіздік белбеулерімен бірге қолданылуы тиіс.
- Қауіпсіздік жастықтары соқтығысу түріне сәйкес алдыңғы және бүйірлік жастықтарға бөлінеді. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарына алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы мен тізеге арналған қауіпсіздік жастығы, ал бүйірлік жастықтарға — орындықтың бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен бүйірлік қауіпсіздік қалқасы жатады.

! ЕСКЕ САЛУ

- Қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары жүйесінің мүмкіндіктерін толық қолдану үшін жолаушылар дұрыс қалыпта отыруы тиіс.
- Тиісті өкілеттіктерсіз қауіпсіздік жастықтарын бөлшектемеңіз және компоненттерін құрастырмаңыз.
- Орындықтардың тысқаптарын пайдаланбаңыз, себебі бұл оқиға орын алған жағдайда тиісті жақтағы қауіпсіздік жастығының ашылуына кедергі келтіреді. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен жолаушының арасына заттар орналастырмаңыз.
- Орындықтың бүйірлік қауіпсіздік жастығы орнатылған жағына шектен тыс күш түсірмеңіз.
- Соқтығысудан кейін тіпті қауіпсіздік жастығы ашылмаған және алдын ала керу құрылғысы қауіпсіздік белбеуін бұғаттамаған болса да, жолаушыларды қауіптен қорғау үшін қауіпсіздік жастығының компьютері шифрлануы мүмкін. Сынақтан өткізу үшін BYD компаниясының авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары

Автокөлік жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған. Бұл қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік жастықтары жүйесінің электронды басқару блогы (ЭББ) алдыңғы жақтан тиген күштілігі орташа немесе жоғары соққыны анықтаған және іске қосылу шарттары орындалған кезде іске қосылады.



Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

Сатып алынған автокөлік бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталуы мүмкін (сыртқы жағынан орындықтың арқалығында орналасқан, екі жағында AIRBAG («ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ») белгісімен) белгіленген.



- Қозғалыс барысында және іске қосу талаптары орындалған кезде бүйір жақтан орташа немесе қатты күш соққысы болған кезде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары зақымдану күшін азайту үшін соқтығысқан кезде кеуде қуысын қорғауды қамтамасыз етеді.
- Бүйірден соққы болған жағдайда әдетте тек соққы жағындағы қауіпсіздік жастығы іске қосылады.

- Жолаушы жағындағы қауіпсіздік жастығы бүйірлік соққы болған кезде, тіпті орындықта жолаушы болмағанда да ашылады.
- Қауіпсіздік қалқасының көмегімен оңтайлы қорғанышты қамтамасыз ету үшін жолаушыларда қауіпсіздік белбеулері тағылған болуы тиіс. Сонымен бірге олар орындықтың арқалығына сүйеніп, түзу отыруы тиіс.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автокөліктерде

1. Орындық арқалығын суламаңыз, бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулығын тудыруы мүмкін.
2. Орындықтарды тысқаптармен қаптаманыз және арқалықтың тысқаптарын өз бетіңізше ауыстырмаңыз. Орындық арқалығындағы сәйкес келмейтін тысқаптар қауіпсіздік жастығының іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін.

Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары

- Сатып алынған автокөлік сол және оң жақ қауіпсіздік қалқаларымен (шанақ борты мен төбе қаптамасының қосылған жеріне орнатылады, суретте көрсетілгендей А тіреуінің, В тіреуінің және С тіреуінің қаптамасында «CURTAIN AIRBAG» (ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАСЫ) жазуымен таңбаланады). Егер автокөліктің қозғалысы кезінде ЭББ бүйірден күштілігі орташа немесе жоғары соққының тигенін анықтаса және қауіпсіздік қалқасының іске қосылуына қажетті шарттар орындалса, зақымдау күшін азайту үшін ол соққы жағынан бастың қорғалуын қамтамасыз ете отырып, тез үрленеді.

- Бүйірден соққы болған жағдайда әдетте тек соққы жағындағы қауіпсіздік жастығы іске қосылады.
- Қауіпсіздік қалқасының көмегімен оңтайлы қорғанышты қамтамасыз ету үшін жолаушыларда қауіпсіздік белбеулері тағылған болуы тиіс. Сонымен бірге олар орындықтың арқалығына сүйеніп, түзу отыруы тиіс.



Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу шарттары

Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу шарттары

- Автокөлік соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу энергиясының көлемі, оқиға түрі, соқтығысу бұрышы, кедергілер және автокөлік жылдамдығы секілді факторлармен анықталады. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі ерекше соқтығысулар кезінде іске қосылуы мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі оқиға кезінде барлық жағдайларда бірдей іске қосылмайды және әдетте ол мардымсыз бетпе-бет соқтығысу, артқы жақтан соғылу немесе автокөліктің аударылуы кезінде іске қосылмайды. Мұндай жағдайда жүргізуші мен жолаушыларды қорғау дұрыс тағылған қауіпсіздік белбеулері арқылы қамтамасыз етіледі.


- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің іске қосылуын анықтайтын факторлар. Шешім соқтығысу кезінде қалыптасатын және ЭББ-ға келіп түсетін жылдамдықтың азаю қисық сызығын белгіленген мәнмен салыстыру жолымен қабылданады. Егер соқтығысу кезінде анықталатын жылдамдықтың азаю қисық сызығы секілді сигналдар ЭББ-ға енгізілген сәйкес тірек мәндерден төмен болса, қауіпсіздік жастықтары жүйесі іске қосылмайды (тіпті оқиға кезінде автокөлік күрделі деформацияға ұшыраған болса да).
- BYD қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ЭББ кең таралған пайдалану ережелерінің бұзылулары мен жол жағдайлары есепке алына отырып бапталған. Әйтсе де ҚҚ соқтығысуларының себептері мен түрлеріндегі өзгерістердің артуына байланысты өз қауіпсіздігіңіз үшін осы пайдалану нұсқаулығындағы нұсқауларды қатаң сақтауға, автокөлікті дұрыс қолдануға және пайдалану барысында қателіктерге жол бермеуге кеңес беріледі. Олай етпеген жағдайда қауіпсіздік жастықтарының әсері күтілген дәрежеге сәйкес болатынына көпілдік берілмейді.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы ықтимал жағдайлар


Терең ойықтан өткен кезде жермен соқтығысу.




Төмпешікке немесе жиектасқа міну.



Тік беткейден төмен түскенде жолмен соқтығысу.




Басқа автокөліктің бүйірлік жақтан соғылуы.




Қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін жағдайлар


Бетон бағанға, ағашқа немесе басқа да жіңішке нысанға соғылу.



Жүк көлігінің немесе басқа үлкен автокөліктің астына кіріп кету.




Басқа автокөліктің артқы жақтан соғылуы.



Аударылу.



Алдыңғы бөліктен өзге жермен қабырғаға немесе басқа автокөлікке соғылу.




Автокөліктің бүйіріне салон шегінен тыс жерге соққы тию.



Автокөліктің бүйірлік бөлігіне диагоналды соққы.



Бүйірлік бөліктің бағанға соғылуы.



ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік жастықтары нақты модельге арналып әзірленеді. Аспаның, шиналардың, бамперлердің, шассидің және зауыттық жабдықтардың кез келген модификациялары қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің кез келген компоненттерін автокөліктің басқа модельдеріне қолдануға тыйым салынады. Бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Жүргізушіні барынша тиімді қорғау үшін ол көкірегі мен руль дөңгелегінің арасында кемінде 25 см арақашықтық сақтап отыруы тиіс.

ЕСКЕРТУ


- Автокөліктің қозғалысы кезінде әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағыңыз және дұрыс отыру қалпын сақтаңыз. Егер қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, адам алдыға еңкейсе немесе дұрыс емес қалыпта отырса, қауіпсіздік жастығының іске қосылуы жарақат алу қаупін жоғарылатуы мүмкін.
- Руль дөңгелегінің қақпағына, аспаптар тақтасы бетінің оң жақ бөлігіне немесе А, В және С тіреулерінің қаптамасының бетіне жапсырмалар, үлдірлер немесе сәндік элементтер жабыстырмаңыз. Бұл беттерді қатты күш салмай, құрғақ немесе дымқыл матамен сүртіп тазалаңыз.
- Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде жарақат алуды немесе кісі өлімін болдырмау үшін баланы алдыңғы жолаушы орындығына отырғызуға немесе оны алдыңғы жолаушының тізелеріне отырғызып тасымалдауға тыйым салынады.

ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- Телефон ұстағыш, саптыаяқ немесе күлсауыт секілді керек-жарақтарды қауіпсіздік жастықтарының қақпақтарына немесе олардың жұмыс істеу аймағына бекітпеңіз. Өйтпесе қауіпсіздік жастығының іске қосылуы оқиға орын алған жағдайда жарақат алу қаупін арттырады.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқалары үлкен соққы күшімен қарқынмен үрленеді. Автокөліктің қозғалысы кезінде жүргізуші мен жолаушылар мұндай қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған есіктерге сүйенбеуі тиіс. Бұл талапты орындамау ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Алдыңғы әйнекті, бүйірлік әйнекті, А қаптамасын, төбені, В қаптамасын, С тіреуінің қаптамасын және көмекші тұтқаларды қоса алғанда қауіпсіздік қалқаларының жұмыс істеу аймағына керек-жарақтар мен заттарды орналастырмаңыз. Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары іске қосылған кезде мұндай заттар соққы күшімен ұшып кетеді немесе қауіпсіздік жастығының қалыпты ашылуына кедергі келтіруі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Автокөлікке меншік құқығы өзгеге ауысқан жағдайда міндетті түрде бүкіл құжаттарды бірге беріңіз.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарды немесе орындықтардың қаптамаларын модификацияламаңыз немесе ауыстырмаңыз. Мұндай өзгертулер бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының қалыпты ашылуына кедергі келтіруі және қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулығына немесе олардың кездейсоқ іске қосылып кетуіне және мұның нәтижесінде күрделі жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Қауіпсіздік қалқалары бар А тіреуінің қаптамасын, төбені, В тіреуінің қаптамасын немесе С тіреуінің қаптамасын бөлшектемеңіз және жөндемеңіз. Мұндай өзгертулер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулығына немесе қауіпсіздік қалқаларының кездейсоқ іске қосылып кетуіне және мұның нәтижесінде күрделі жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Таңбаламасын қоса алғанда қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін өзгертпеңіз. Қауіпсіздік жастықтарымен барлық әрекеттерді BYD компаниясының авторландырылған дилерінде немесе сервис орталығында жасатуға кеңес беріледі.
- Қауіпсіздік жастықтары оқиға болған жағдайда тек бір рет ғана қорғай алады. Қауіпсіздік жастығы зақымдалғаннан немесе іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастықтары жүйесін ауыстыру қажет.
- Автокөлік бөлшектерін немесе қауіпсіздік жастықтары жүйесін утилизациялауға қатысты қауіпсіздік техникасының ережелері мен рәсімдерін сақтаңыз.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің айналадағы электромагниттік өрістердің әсеріне қатысты кедергілерден жоғары қорғанышы бар. Өйтсе де оқиғалардан сақтану үшін автокөлікті деңгейі ұлттық стандарттардан асатын электромагниттік кедергілер жағдайында пайдаланбаңыз.
- Автокөліктің қауіпсіздік жастықтары жүйесі елдегі кең таралған пайдалану ережелерінің бұзылулары мен жол жағдайлары есепке алына отырып бапталған. Өйтсе де оқиғалардың алдын алу үшін автокөліктің астынан соққылардың тиюінен немесе ауыр жол жағдайларында жүргізуден сақтаныңыз.
- Бұл автокөліктің қауіпсіздік жастықтары жүйесі зауыттық өткізгіштер жүйесімен толық сәйкестікке тексеруден өтті. Өткізгіш сымдардың кез келген модификациялары қалыпты жағдайларда қауіпсіздік жастықтарының орынсыз іске қосылуына немесе соқтығысу кезінде істемей қалуына алып келуі мүмкін.

Келесі жағдайлардың кез келген бірінде BYD компаниясының авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына жүгінуге кеңес беріледі.

- Қауіпсіздік жастығының іске қосылуы.
- Қауіпсіздік жастығының аспаптар тақтасындағы сигнал шамының қосылуы .
- Автокөліктің алдыңғы бөлігімен (көлеңкелі бөлігі) соқтығысу кезінде алдыңғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылмады.




- Жастықтың қақпағы сызаттанған, жарылған немесе басқаша түрде зақымданған.
- Қауіпсіздік жастықтарын шешіп алу, бөлшектеу, орнату немесе жөндеу қажет.



- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарының іске қосылуы.
- Қауіпсіздік жастығының іске қосылуына алып келмеген автокөлік есігімен болған оқиға.

- Бүйірлік қауіпсіздік жастығы бар орындықтың беті сызаттанған, жарылған немесе басқаша түрде зақымданған.
- Кіріктірілген қауіпсіздік қалқалары бар А тіреуінің, үстіңгі арқалықтың және С арқалығының сәндік элементтері (астары) сызаттанған, жарылған немесе басқаша түрде зақымданған.



Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі (БҚЖ)

Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі (БҚЖ)

Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі баланың салмағы мен өлшемі есепке алына отырып таңдалады.

- Өз балаңызға сай келетін БҚЖ жүйесін таңдаңыз. БҚЖ жүйесін қолдануға тым үлкен балалар міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін қолданып, артқы орындықтарда отыруы тиіс.

Егер БҚЖ қолданылмайтын болса

- БҚЖ жүйесін орындыққа бекітіңіз. БҚЖ жүйесін бекітпестен жолаушы орындығына немесе жүксалғышқа орналастырмаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Оқиға орын алған немесе апаттық аялдау жағдайында тиімді қорғанышты қамтамасыз ету үшін бала қауіпсіздік белбеуімен немесе БҚЖ жүйесімен (баланың жасына және өлшеміне байланысты) ұсталып отыруы тиіс. Баланы қолға ұстап отыру БҚЖ-ны алмастырмайды. Оқиға орын алған жағдайда бала алдыңғы әйнекке соғылуы немесе ересек адамның денесі мен шанақ арасында қысылып қалуы мүмкін.
- БҚЖ жүйесін БҚЖ өндірушісінің монтаждау бойынша нұсқаулықтарына сәйкес дұрыс орнату қажет. Олай болмаған күнде апаттық аялдау немесе оқиға кезінде бала күрделі, соның ішінде өмірге қауіпті жарақаттар алуы мүмкін.

ЕСКЕ САЛУ

- BYD Auto БҚЖ жүйесін пайдалануға қадала кеңес береді. Зерттеулер БҚЖ артқы орындыққа орнату алдыңғы орындыққа орнатумен салыстырғанда әлдеқайда қауіпсіз екенін көрсетті.


БҚЖ орнату

БҚЖ өндірушісінің орнату бойынша нұсқаулықтарын орындаңыз. БҚЖ артқы шеткі орындықтардың біріне бекітіңіз.

БҚЖ орнату кезінде үстіңгі матауышты бекітіңіз.

ISOFIX бекіткіші бар БҚЖ орнату

- Артқы шеткі орындықтар тек тысқапты шешіп алғаннан кейін ғана көрінетін (орындыққа бекіткіштің суреті бар таңба басылған) арнайы бекіту жүйесімен жабдықталған.




- Артқы орындықтардың артында бекіткіш тұтқа бар.



БҚЖ орнату


1. Бекіткіштің сәндік қаппағын ашыңыз және БҚЖ орындыққа орнатыңыз.

**! ЕСКЕ САЛУ**

- Бекіткіш орындық жастығының арғы шетіндегі түйіскен жерде орналасқан.

2. Бекіткішті көру үшін бала орындығына арналған қаппақты шешіп алу қажет.


- ① Үстіңгі матауыш
 - ② Бекіткіш тұтқа
3. Бассүйегішті орнатыңыз.



- Егер жүргізуші орындығы БҚЖ дұрыс орнатуға кедергі келтірсе, БҚЖ-ны артқы оң жақ орындыққа орнатуға кеңес беріледі.



- Қозғалыс бағытына теріс қаратылған БҚЖ жүйелерін алдыңғы (қосұлы тұрған) қауіпсіздік жастығымен жабдықталған орындыққа қолданбаңыз. Әйтпесе оқиға орын алған жағдайда жастықтың ашылуы балаға күрделі немесе тіпті өміріне қауіпті жарақат келтіруі мүмкін.



 ЕСКЕРТУ

- Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін бала орындығын әртүрі бағытта қозғап көріңіз.
- Астыңғы бекіткіш құрылғыны қолданған кезде бекітетін құрылғы аймағында бөтен заттардың жоқ екеніне және бала орындығының артында қауіпсіздік белбеуінің тығылып қалмағанына көз жеткізу қажет. БҚЖ құрылғысының сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз, олай болмаған күнде апаттық тежелу немесе оқиға баланың күрделі немесе тіпті өміріне қауіпті жарақат алуына алып келуі мүмкін.
- Бала орындығын алдыңғы жолаушы орындығына орнатпаңыз.

Орындықтардың БҚЖ орнатуға қойылатын талаптарға сәйкестігі

Салмақ тобы	Орындық (немесе басқа позициялар)		
	Алдыңғы жолаушы орындығы	Артқы шеткі орындық	Артқы ортаңғы орындық
0 тобы (10 кг-ға дейін)	X	U	X
0+ тобы (13 кг-ға дейін)	X	U	X
1-топ (9–18 кг)	X	U/UF	X
2-топ (15–25 кг)	X	UF	X
3-топ (22–36 кг)	X	UF	X

Ескертпе. Кестедегі мәндердің түсіндірмесі

U: орындық осы салмақ тобына арналып сертификатталған әмбебап БҚЖ жүйесін орнатуға жарайды.

UF: орындық осы салмақ тобына арналып сертификатталған қозғалыс бағытына қаратылған әмбебап БҚЖ жүйесін орнатуға жарайды.

X: орындық осы салмақ тобына арналып сертификатталған әмбебап БҚЖ жүйесін орнатуға жарамайды.

ISOFIX отырғызу орындарының БҚЖ ISOFIX арналған талаптарға сәйкестігі

Салмақ тобы	Өлшем	Бекіту торабы	Орындық (немесе басқа позициялар)		
			Алдыңғы жолаушы орындығы	Артқы шеткі орындық	Артқы ортаңғы орындық
Тасымалы бесік	F	ISO/L1	X	X	X
	G	ISO/L2	X	X	X
0 тобы (10 кг-ға дейін)	E	ISO/R1	X	X	X
0+ тобы (13 кг-ға дейін)	E	ISO/R1	X	X	X
	D	ISO/R2	X	X	X
	C	ISO/R3	X	X	X
1-топ (9–18 кг)	D	ISO/R2	X	X	X
	C	ISO/R3	X	X	X
	B	ISO/R2	X	IUF	X
	B1	SO/F2	X	IUF	X
	A	ISO/F3	X	IUF	X

1-ескертпе. ISO/XX (A–G) өлшемінің сыныптары бойынша сәйкестендірілмеген БҚЖ үшін автокөлік өндірушісі салмақ тобы есепке алынған отыру орындарының әрқайсысы үшін ұсынылған ISOFIX бар салон ішілік БҚЖ көрсетеді.

2-ескертпе. Кестедегі мәндердің түсіндірмесі.

IUF: орындық осы салмақ тобына арналып сертификатталған қозғалыс бағытына қаратылған әмбебап БҚЖ ISOFIX жүйесін орнатуға жарайды.


X: ISOFIX отырғызу орны бұл салмақ тобы және/немесе бұл өлшем сыныбы үшін БҚЖ ISOFIX орнатуға жарамайды.

Қос режимді жүйенің жұмыс режимдері

Қос режимді жүйенің жұмыс режимдеріне қысқаша шолу

Электр жұмыс режимі (EV)

- Электр режимінде тартқыш аккумулятор старт, артқа жүру, төмен жылдамдық, үдеу және тұрақты жылдамдықпен қозғалу сияқты режимдерде жұмыс істей алатын электр қозғалтқыштан автокөлік жетегін қамтамасыз етеді.




ЕСКЕ САЛУ


- Автокөлік кенеттен үдетілсе, жоғары жылдамдықпен қозғалса, еңістерден өткенде, жоғары және төмен температура жағдайында, аккумулятор батареясының заряды аз болса, сонай-ақ қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету қажет болса және т.б. жағдайларда HEV режиміне автоматты түрде ауыса алады. Қозғалысты EV режимінде жалғастыру үшін EV режиміне қолмен ауысу керек. Қоршаған ортаның температурасы өте жоғары немесе өте төмен болғанда HEV режимінде қозғалған жөн.

Гибридті жұмыс режимі (HEV)

- HEV режимінде ІЖҚ электр зарядының жоғары қажеттілігінде немесе қуаттың төмен қажеттілігінде іске қосылмайды, ал жетек тек электр қозғалтқышынан жүзеге асырылады.




- HEV режимінде ІЖҚ автокөліктің үдеткіш динамикасын қамтамасыз ету үшін электр зарядының төмен қажеттілігі немесе жоғары қуат қажеттілігі болған кезде бірізді жұмыс режиміне ауысады.
- » HEV режимінде ІЖҚ аккумуляторды зарядтау және электр қозғалтқышын қуаттандыру үшін электр қуатын өндіреді.




- » HEV режимінде ІЖҚ электр қуатын өндіреді, ал электр қозғалтқышын қуаттандыратын батарея заряды таусылады.

01


ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ




- HEV режимінде орташа және жоғары жылдамдықта ІЖҚ кейбір жағдайларда отын шығынын азайту үшін параллель жұмыс режиміне өтеді.
- » HEV режимінде ІЖҚ мен электр қозғалтқышы автокөлікті бір уақытта қозғалысқа келтіреді.



- » HEV режимінде ІЖҚ жетекті жүзеге асырады, ал электр қозғалтқышы электр қуатын өндіреді және аккумуляторды қосымша зарядтайды.



- » HEV режимінде ІЖҚ жұмыс істейді, ал электр қозғалтқышы жұмыс істемейді.



Қос режимді жүйенің жұмыс режимін таңдау



- ① EV/HEV режимдері арасында ауыстырып қосу тұтқасы
 - EV режимін қосу үшін EV/HEV тұтқасын алға жылжытыңыз.
 - HEV режимін қосу үшін EV/HEV тұтқасын артқа жылжытыңыз.
- ② MODE режимін таңдау тұтқасы
 - ECO, SNOW, SPORT, NORMAL режимдерінің бірін таңдау үшін MODE тұтқасын алға жылжытыңыз.
 - ECO, NORMAL, SPORT, SNOW режимдерінің бірін таңдау үшін MODE тұтқасын артқа жылжытыңыз.

EV-ECO қозғалыс режимі

- EV тұтқасын алға жылжытыңыз. Аспаптар тақтасындағы EV индикаторы жанады, бұл автокөліктің EV режимінде екенін көрсетеді. Электр зарядын барынша үнемдеу үшін ECO (үнемді) режиміне өту үшін аспаптар тақтасында ECO индикаторы жанғанша MODE тұтқасын бірнеше рет ауыстырып қосыңыз.

EV-NORMAL қозғалыс режимі

- EV тұтқасын алға жылжытыңыз. Аспаптар тақтасындағы EV индикаторы жанады, бұл автокөліктің EV режимінде екенін көрсетеді. Жайлылық пен оңтайлы қуат тұтынуды қамтамасыз ететін NORMAL (қалыпты) режиміне өту үшін аспаптар тақтасында NORMAL индикаторы жанғанша MODE тұтқасын бірнеше рет ауыстырып қосыңыз.

EV-SPORT қозғалыс режимі

- EV тұтқасын алға жылжытыңыз. Аспаптар тақтасындағы EV индикаторы жанады, бұл автокөліктің EV режимінде екенін көрсетеді. Ең жақсы динамикалық сипаттамаларды қамтамасыз ететін спорт (SPORT) режиміне өту үшін аспаптар тақтасында SPORT индикаторы жанғанша, MODE тұтқасын бірнеше рет ауыстырып қосыңыз.

HEV-ECO қозғалыс режимі

- HEV тұтқасын артқа жылжытыңыз. Аспаптар тақтасындағы HEV индикаторы жанады, бұл автокөліктің HEV режимінде екенін көрсетеді. Жайлылық пен оңтайлы отын тұтынылуын қамтамасыз ететін ECO (үнемді) режиміне өту үшін аспаптар тақтасында ECO индикаторы жанғанша, MODE тұтқасын бірнеше рет ауыстырып қосыңыз.

HEV-NORMAL қозғалыс режимі

- HEV тұтқасын артқа жылжытыңыз. Аспаптар тақтасындағы HEV индикаторы жанады, бұл автокөліктің HEV режимінде екенін көрсетеді. Жайлылық пен оңтайлы отын тұтынылуын қамтамасыз ететін NORMAL (қалыпты) режиміне өту үшін аспаптар тақтасында NORMAL индикаторы жанғанша, MODE тұтқасын бірнеше рет ауыстырып қосыңыз.

HEV-SPORT қозғалыс режимі

- HEV тұтқасын артқа жылжытыңыз. Аспаптар тақтасындағы HEV индикаторы жанады, бұл автокөліктің HEV режимінде екенін көрсетеді. Ең жақсы қозғалыс динамикасын қамтамасыз ететін SPORT (спорт) режиміне өту үшін аспаптар тақтасында SPORT индикаторы жанғанша, MODE тұтқасын бірнеше рет ауыстырып қосыңыз.

MAX EV қозғалыс режимі

- MAX EV режимі отынның минималды шығынымен автокөліктің электр тартым күшімен максималды қозғалысын қамтамасыз етеді. Егер аккумулятордың қуат деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса, MAX EV режиміне өту үшін EV тұтқасын алға жылжытыңыз және аспаптар тақтасындағы EV индикаторы көк түспен жанғанша, 3 с басып тұрыңыз. Нәтижесінде аккумулятор заряды белгілі бір деңгейге дейін төмендегенше шығыс қуаты шектеледі, содан кейін автокөлік автоматты түрде HEV-ECO режиміне өтеді.

SNOW (Қар) режимі

- Аспаптар тақтасында тайғақ жолдармен жүруге жарамды SNOW режимінің индикаторы жанғанша MODE ауыстырып қосқышын басып тұрыңыз.

Қос режимді жүйені пайдаланған кездегі сақтық шаралары

Автокөлік бензинмен және электрмен жұмыс істейді, сондықтан келесі мәселелерге ерекше назар аудару қажет.

- Тартқыш аккумулятордың өнімділігі жоғары және төмен температура жағдайларында төмендейді. Тартқыш аккумулятордың зақымдалуын болдырмау үшін келесі талаптар орындалуы керек:
 - » Температура өте жоғары немесе өте төмен болған жағдайда автокөлікті зарядтау және зарядын ажырату қуатын, сондай-ақ аккумулятор зарядының деңгейін шектейді.
 - » -10°C -тан төмен немесе $+60^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары температурада автокөліктің қосымша зарядтауға болмайды.
 - » -10°C -тан төмен немесе $+60^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары температурада автокөліктің зарядынан айыруға болмайды.
- Автокөлікті -10°C -тан жоғары температурада пайдаланған жөн; төтенше жағдайларда автокөлікті қозғалысқа келтіру үшін ІЖҚ пайдалану ұсынылады.

- Аккумулятордың оңтайлы жұмыс температурасы — 25°C . Егер температура тым жоғары немесе тым төмен болса, аккумулятордың шығыс қуаты шектеулі, сонымен бірге электрмен жұмыс істегенде жүріс қоры да азаяды.

Жоғары қысымда және жоғары температурада жұмыс істейтін компоненттерге назар аударыңыз

- Автокөлікте тартқыш аккумуляторға және басқа жоғары вольттық компоненттерге қосылған қызғылт сары кабельдер бар.

ЕСКЕРТУ

- Қызғылт сары кабельдерді немесе тартқыш аккумулятор сымдарына қол тигізбеңіз немесе оларды ұстамаңыз. Электр тогының соғуы ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
 - Барлық ескерту жазбаларын оқып шығыңыз.
- Қозғалыс барысында электр қозғалтқышы, салқындатқыш радиатор және басқа да компоненттер жоғары температураға дейін қызуы мүмкін. Бұл туралы тиісті тақтайшада ескертілген. Ескерту тақтайшасында көрсетілген нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз және орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Жоғары кернеулі бөлшектерді шешіп алмаңыз немесе бөлшектемеңіз, себебі бұл ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- Автокөлік соқтығысқан, суға түскен немесе жоғары вольттық жүйеге зақым келтіруі мүмкін басқа жағдайларда электр тогының соғу қаупін болдырмау үшін мүмкіндігінше тезірек BYD уәкілетті сервис орталығына барғаныңыз жөн.
- Автокөлікте токтың жылыстауы туралы хабарлама пайда болса немесе BYD уәкілетті сервис орталығы автокөлік тогының жылыстауын анықтаса, электр тогының соғу қаупін болдырмау үшін бұл автокөлікті пайдалану ұсынылмайды.
- Жоғары кернеулі бөлшектерге қол тигізбеңіз, себебі бұл электр тогының соғуына, ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- Автокөлік бензин қозғалтқышымен және электр қозғалтқышымен жұмыс істейтіндіктен, сіз мотор бөлімінен моторлардың дыбысын естисіз.
- Автокөлікті қосқан немесе өшірген кезде қосалқы аспаптар тақтасының астына орнатылған жоғары вольттық компоненттен шыққан дыбыс естілуі мүмкін (контактордың тұйықталу немесе ашылу дыбысы), бұл ақау емес.
- Егер «ОК» шамы жанса, бұл бензин қозғалтқышы оталмаса да (тек электр қозғалтқышынан жетек) автокөліктің қозғалуға дайын екенін білдіреді.
- Тұраққа қойған кезде Р беріліс түймесін басуды ұмытпаңыз. Р немесе N берілісінде, SOC белгілі бір деңгейден төмен болған кезде, қозғалтқыш тартқыш аккумуляторды зарядтау үшін іске қосылуы мүмкін. Егер беріліс тұтқасы N, R немесе D күйінде тым ұзақ болса, бұл жүйенің бұзылуына себепші болуы мүмкін. Сондықтан ауыстырғаннан кейін беріліс тұтқасын жіберуді ұмытпаңыз. Автокөліктен шыққан кезде электрондық тұрақ тежегішінің қосқышын тартып, Р түймесін басып, кілтті өзіңізбен бірге алып, барлық есіктерді құлыптау керек.
- Егер іске қосу аккумуляторы істен шықса және оның электр заряды толығымен таусылса, сыртқы қуат көзі 12 В болса да, автокөлікті оталдыру мүмкін емес. BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласу ұсынылады.

ЕСКЕРТУ

- Автокөліктен шыққан кезде оталдыру жүйесін әрқашан өшіріп жүріңіз.
- Р беріліс түймесін басуды ұмытпаңыз, себебі «ОК» индикаторы жанып, іштен жану қозғалтқышы тоқтатылған кезде автокөлік оталуы мүмкін (электр қозғалтқышы жетекті басқаруы мүмкін).
- «ОК» индикаторы жанып тұрған кезде, берілістерді ауыстыру тұтқасы R немесе D күйіне орнатылса және тежегіш педалі басылмаса, автокөлік төмен жылдамдықпен қозғалады, сондықтан абай болу керек.

- Егер автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету қажет болса, BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласқан жөн.
- Егер автокөлік апатқа немесе басқа себептерге байланысты жөнделмесе, BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласқан жөн.
- Автокөлік герметикалық гибридіті іске қосу аккумуляторымен жабдықталғандықтан, автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласу ұсынылады.

ЕСКЕРТУ

- Апат болған жағдайда, жоғары вольтты кернеудегі токпен жарақат алу мүмкіндігін азайту үшін мына қадамдарды орындаңыз.
 - » Автокөлікті қауіпсіз жерге жылжытыңыз.
 - » Тежегіш педалін басып, электрондық тұрақ тежегішінің қосқышын басыңыз.
 - » Қос режимді жүйені өшіру үшін Р беріліс түймесін басыңыз.
- Автокөлік қатты зақымдалған болса, сізді электр тогы соғуы әбден мүмкін. Электр тогының соғуының алдын алу үшін жоғары кернеудегі компоненттерге (аккумулятор компоненттері және т.б.) немесе оларды қосатын (қызғылт сары) кабельдерге ешқашан қол тигізбеңіз. Егер автокөліктің ішінде немесе сыртында жалаңаш электр сымдары болса, электр тогы соқапас үшін оларға қол тигізбеңіз.


ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің кейбір компоненттеріне түскен сұйықтыққа қол тигізбеңіз, себебі бұл іске қосу аккумуляторының электролиті болуы мүмкін. Егер сұйықтық теріге немесе көзге түссе, оны дереу мол сумен шайыңыз (бор қышқылының ерітіндісімен жақсырақ болады) және ауыр жарақаттанудың алдын алу үшін дәрігерге қаралыңыз.
- Автокөлік өртенген жағдайда өртті арнайы өрт сөндіргішпен сөндіру керек немесе өрт сөндіру тобының келуін күту керек.
- Автокөлікті тіркеп сүйреу жұмысын дөңгелектерді жерден толығымен көтеріп орындау керек, өйткені олай жасама, ІЖҚ электр қуатын өндіруді жалғастыруы мүмкін, бұл токтың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Айдап әкетуге қарсы жүйе

Айдап әкетуге қарсы жүйе

Сигнал беру жүйесі қосұлы болса, есіктердің кез келгені ашылған кезде автокөлікті айдап әкетудің алдын алу үшін бұрылыс индикаторларының жыпылықтауымен бірге дабыл сигналы беріледі.



Айдап әкетуден қорғау жүйесін қосу

1. Оталдыру жүйесін өшіріңіз.
2. Автокөліктегілердің бәрі сыртқа шығуы тиіс.
3. Барлық есіктерді жабыңыз. Осыдан кейін айдап әкетуден қорғау жүйесінің индикаторы жанады. Айдап әкетуден қорғау жүйесі 10 с-тан кейін автоматты түрде қосылады. Қосылғаннан кейін айдап әкетуден қорғау жүйесінің индикаторы жыпылықтай бастайды.
4. Индикатордың жыпылықтап тұрғанына көз жеткізгеннен кейін автокөліктен шығуға болады. Осылайша есіктің құлпы іштен ашылған жағдайда жүйе іске қосылады, жүйе қосулы тұрған кезде автокөлік салонында адамдарды қалдырмаңыз.

Дабыл сигналының іске қосылуы

- Дабыл сигналы келесі жағдайлардың бірінде беріледі:
 - » Смарт-кілт қолданылмастан есіктердің кез келгені, жүксалғыш қақпағы немесе капот ашылды.
 - » Қозғалтқышты смарт-кілтсіз оталдыру.

Айдап әкетуге қарсы жүйені өшіру


- Айдап әкетуден қорғау жүйесінің дабыл сигналын келесі тәсілдердің бірімен өшіруге болады:
 - » Істейтін смарт-кілттің көмегімен есікті ашу.
 - » Істейтін смарт-кілтті жаныңызда ұстап, есіктің құлпын ашу үшін микроаждыратқышты басу:
 - » Істейтін смарт-кілттің көмегімен жүксалғыштың қақпағын қашықтан ашу.
 - » Істейтін смарт-кілттің көмегімен қозғалтқышты қашықтан оталдыру.
 - » Істейтін смарт-кілт жаныңызда болған жағдайда автокөлікте оталдыру/өшіру түймесін басу.

ЕСКЕРТУ

- Айдап әкетуге қарсы жүйені модификацияламаңыз. Жетілдіру әрекеттері жүйенің ақаулығына алып келуі мүмкін.

Айдап әкетуден қорғау жүйесінің индикаторы

Айдап әкетуден қорғау жүйесін қосқаннан кейін индикатор 10 секунд бойы жыпылықтамай жанып тұрады.



Оқиғаларды тіркеу жүйесі (EDR)

Оқиғаларды тіркеу жүйесі (EDR)

Оқиғаларды тіркеу жүйесі (EDR)

1-орналастыру

Автокөлік оқиғаларды тіркеу жүйесімен (EDR) жабдықталған.

- EDR жүйесі автокөлік жүйелерінің жұмысын талдау мақсатында апат немесе апаттық оқиға жағдайында (мысалы, қауіпсіздік жастығының іске қосылуы немесе жиектасқа шығып кету) деректерді тіркеуге арналған.
- EDR жүйесі қысқа уақыт ішіндегі (әдетте бес секундтан аспайды) автокөліктің динамикасымен және қауіпсіздік жүйелерінің жұмысымен байланысты деректерді жазып отырады.
- Апаттардың белгілі бір деңгейлері мен түрлерінде деректер тіркелмейді.
- Деректердің сипаттамасы

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Осьтік жылдамдық дельтасы	Автокөліктің осьтік жылдамдығының өзгеруі, ол жылдамдықтың нәтижелі өзгерісінің бойлық компонентінен ғана тұрады	Тікелей ЖКО дейінгі және одан кейінгі уақыт нүктелеріндегі қозғалыс бағытындағы автокөлік жылдамдығының өзгеруін талдау үшін
Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасы	EDR деректері бойынша х осі бойынша автокөлік жылдамдығы өзгерісінің максималды жиынтық мәні, ол «Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасының уақыты» көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс	ЖКО дейінгі және одан кейінгі уақыт нүктелеріндегі қозғалыс бағытындағы автокөлік жылдамдығының максималды өзгерісін талдауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасының уақыты	EDR деректері бойынша x осі бойынша автокөлік жылдамдығы өзгерісінің максималды жиынтық мәнінің тіркелу сәтіне дейінгі уақыт, ол «Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасы» көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс	ЖКО орын алған уақыт нүктесіндегі қозғалыс бағытындағы автокөлік жылдамдығының максималды өзгерісін талдауға мүмкіндік береді
Аяқ тежегіші, басылған немесе басылмаған	Тежегіш педалінің басылу дерегін анықтау үшін қолданылады	ЖКО сәтінде тежегіш педалінің басылғанын не басылмағанын анықтауға мүмкіндік береді
Автокөлік жылдамдығы	Дөңгелектің сызықтық жылдамдығы немесе басқа көздерден алынған автокөлік жылдамдығы	ЖКО сәтіндегі автокөлік жылдамдығын анықтауға мүмкіндік береді
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)	Автокөлік өндірушісі белгілеген VIN-нөмір	EDR деректерінің ЖКО қатысушы автокөлікке қатысты екенін анықтауға мүмкіндік береді
Жүргізуші орындығындағы қауіпсіздік белбеуінің күйі	Жүргізуші орындығындағы қауіпсіздік белбеуінің тоғасындағы ауыстырып қосқыштың күйі	ЖКО сәтінде жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тағып не тақпай отырғанын анықтауға мүмкіндік береді
Қозғалтқыш дросселі, максимумнан алынған пайызы	Толық басылған педальмен салыстырғандағы газ педалінің нақты күйі, пайызбен	ЖКО сәтіндегі газ педалінің (қозғалтқыш дросселінің) күйін анықтауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
ЖКО кезіндегі оталдыру циклы	ЖКО сәтіндегі EDR деректер тіркеуінің ЭББ бірінші қолданылғанынан бастап осы ЭББ-ге арналған оталдыру циклдерінің саны Оталдыру циклының үлгісі — оталдыру жүйесінің кілтінің күйін «өшірулі/көмек режимі» күйінен «қосулы/ жұмыс режимі» күйіне өзгерту.	ЖКО сәтіндегі EDR деректер тіркеуінің ЭББ бірінші қолданылғанынан бастап осы ЭББ-ге арналған оталдыру циклдерінің саны
Оталдыру циклы, жүктеу	Деректерді жүктеу сәтіндегі EDR деректер тіркеуінің ЭББ бірінші қолданылғанынан бастап осы ЭББ-ге арналған оталдыру циклдерінің саны Оталдыру циклының үлгісі — оталдыру жүйесінің кілтінің күйін «өшірулі/көмек режимі» күйінен «қосулы/ жұмыс режимі» күйіне өзгерту.	Деректерді жүктеу сәтіндегі EDR деректер тіркеуінің ЭББ бірінші қолданылғанынан бастап осы ЭББ-ге арналған оталдыру циклдерінің саны
Тіркелетін деректердің толықтығы	Оқиға деректерінің EDR деректері тіркелетін ЭББ-де толық тіркелген-тіркелмегенін және сақталған-сақталмағанын көрсететін статус индикаторы	EDR тіркелген деректерінің толықтығын тексеруге мүмкіндік береді
X-1 оқиғасынан X оқиғасына дейінгі уақыт	X-1 оқиғасының есептелуінің басталу уақытынан бастап X оқиғасының есептелуінің басталу уақытына дейінгі кезеңде өткен уақыт, егер екі оқиға бес секундтың ішінде орын алған болса.	Екі оқиға арасындағы уақыт интервалын түсінуге мүмкіндік береді
EDR деректерін тіркейтін ЭББ аппараттық нөмірі	Автокөліктің EDR ретінде әрекет ететін ЭББ	EDR деректерін тіркейтін ЭББ туралы ақпаратты тексеруге мүмкіндік береді
EDR деректерін тіркейтін ЭББ сериялық нөмірі	Автокөліктің EDR ретінде әрекет ететін ЭББ	EDR деректерін тіркейтін ЭББ туралы ақпаратты тексеруге мүмкіндік береді
EDR деректерін тіркейтін ЭББ бағдарламалық нөмірі	Автокөліктің EDR ретінде әрекет ететін ЭББ	EDR деректерін тіркейтін ЭББ туралы ақпаратты тексеруге мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Бөлуді сәйкестендіру	EDR жиналатын үдеу (осьтік және көлденең) бойынша деректерге бірінші қол жеткізу, датчиктердің өлшеулер диапазонының уақыты	EDR-де тіркеу үшін уақыт бойынша дәлдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді
Осьтік үдеу	Автокөліктегі X осі бойынша векторлық үдеу нүктесінің компоненті	ЖКО сәтіндегі автокөліктің осьтік үдеуін анықтауға мүмкіндік береді
Көлденең үдеу	Автокөліктегі Y осі бойынша векторлық үдеу нүктесінің компоненті	ЖКО сәтіндегі автокөліктің көлденең үдеуін анықтауға мүмкіндік береді
Көлденең жылдамдық дельтасы	Автокөліктің көлденең жылдамдығының өзгеруі, ол Y осі бойынша жылдамдықтың нәтижелі өзгерісінің компонентінен ғана тұрады	ЖКО сәтіндегі автокөліктің көлденең жылдамдық өзгерісін анықтауға мүмкіндік береді
Көлденең жылдамдықтың максималды дельтасы	EDR деректері бойынша Y осі бойынша автокөлік жылдамдығы өзгерісінің максималды жиынтық мәні, ол «Көлденең жылдамдықтың максималды дельтасының уақыты» көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс	ЖКО сәтіндегі автокөліктің максималды көлденең жылдамдығының өзгеруін анықтауға мүмкіндік береді
Нәтижелі жылдамдықтың максималды дельтасының квадраты	Осьтік және көлденең жылдамдықтар дельталарының квадраттары қосындысының максималды мәні	ЖКО сәтіндегі максималды нәтижелі жылдамдық өзгерісінің квадратын анықтауға мүмкіндік береді
Көлденең жылдамдықтың максималды дельтасына дейінгі уақыты	EDR деректері бойынша Y осі бойынша автокөлік жылдамдығы өзгерісінің максималды жиынтық мәнінің тіркелу сәтіне дейінгі уақыт, ол «Көлденең жылдамдықтың максималды дельтасы» көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс	ЖКО сәтіндегі автокөліктің максималды көлденең жылдамдығының өзгеруіне дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Нәтижелі жылдамдықтың максималды дельтасының квадратына дейінгі уақыт	Нәтижелі жылдамдық өзгерісінің максималды мәнінің тіркелу сәтіне дейінгі уақыт, ол «Нәтижелі жылдамдықтың максималды дельтасының квадраты» көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс	ЖКО сәтіндегі максималды нәтижелі жылдамдық өзгерісінің квадратына дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Жорту	Оқиғаға дейінгі және одан кейінгі автокөліктің Z осі бойынша бұрышының өзгеруі. Мән сағат тілінің бағыты бойынша оң мән ретінде жазылады және электрондық тұрақтандыру жүйесі бар автокөліктерге қолданылады	ЖКО сәтіндегі автокөлікті бақылау электронды жүйесі жұмысының тұрақтылығын анықтауға мүмкіндік береді
Рульдің бұрылу бұрышы	Руль дөңгелегінің бұрыштық координатасы. Бұл координатта нөлдік мән (0°) руль дөңгелегінің ортаңғы күйде (түзу жүру) болғанын, ал оң мән — руль дөңгелегінің сағат тіліне қарсы бағытта (солға қарай) бұралғанын көрсетеді. Бұл деректер бұрылу бұрышының датчигі орнатылған автокөліктерде тіркеледі.	ЖКО сәтіндегі руль дөңгелегінің күйін анықтауға мүмкіндік береді
Аяқталу уақыты	ЖКО аяқталу сәті. Егер бұл шарт жазу циклінің соңына дейін орындалмаса, оқиғаның аяқталу уақыты деректердің тіркелуінің соңғы сәті ретінде анықтала алады.	ЖКО аяқталу сәтін анықтауға мүмкіндік береді
Жыл, ай, күн, сағат, минут, секунд	Оқиғаның туындау уақыты	ЖКО уақытын анықтауға мүмкіндік береді
Берілістің күйі	Берілістің нақты күйі, бұл сигнал CAN шинасына берілетін автокөліктерде қолданылады	ЖКО сәтіндегі автокөліктегі беріліс күйін анықтауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Тежегіш педалінің күйі	Тежегіш педалінің басылмаған және толықтай басылған күйінің арасындағы диапазондағы нақты күйі. EDR есебінен алынған үзіндіде егер тежегіш педалінің күйі 100 %-дан кем болса, автокөліктің тежеу жүйесінің 100 %-ға жүктелгені көрсетіле алады. Деректер тежегіш педалі күйінің датчигі орнатылған автокөліктерде тіркеледі.	ЖКО сәтіндегі тежегіш педалінің күйін анықтауға мүмкіндік береді
Тұраққа қою жүйесінің күйі	Тұраққа қою жүйесінің статусы туралы мәліметтер CAN шинасына берілетін автокөліктерде тұрақ тежегішінің белсенділігін анықтау үшін қолданылады	ЖКО сәтіндегі тұраққа қою жүйесінің күйін анықтауға мүмкіндік береді
Бұрылыс сигналының ауыстырып қосқышының күйі	Жүргізушінің бұрылу немесе жол қатарын өзгерту ниетін көрсететін қосқыш күйі. Бұрылыс сигналы туралы мәліметтер CAN шинасына берілетін автокөліктерде қолданылады	ЖКО сәтіндегі бұрылыс сигналының ауыстырып қосқышының күйін анықтауға мүмкіндік береді
Жүргізуші орындығындағы қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергішінің іске қосылу уақыты	Оқиғаның басталуынан (T_0) жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергішінің іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергішінің іске қосылуына дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының бірінші кезеңіне дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T_0) жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының бірінші кезеңінің іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылуына (бірінші кезең) дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының екінші кезеңіне дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T_0) жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының екінші кезеңінің іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылуына (екінші кезең) дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Жүргізушінің бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылуына дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T_0) жүргізушінің бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылуына дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Жүргізушінің қауіпсіздік қалқасының іске қосылуына дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T_0) жүргізушінің қауіпсіздік қалқасының іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі жүргізушінің қауіпсіздік қалқасының іске қосылуына дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуінің күйі	Алдыңғы жолаушы орындығындағы қауіпсіздік белбеуінің тоғасындағы ауыстырып қосқыштың күйі. Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу функциясы бар автокөліктерде тіркеледі	ЖКО сәтіндегі алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің күйін анықтауға мүмкіндік береді
Алдыңғы жолаушы орындығындағы қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергішінің іске қосылу уақыты	Оқиғаның басталуынан (T_0) алдыңғы жолаушы орындығындағы қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергішінің іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергішінің іске қосылуына дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының басылу күйі	Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының басылу күйі Алдыңғы қауіпсіздік жастығының әрекетін басуды ауыстырып қосқышы бар автокөліктерде тіркеледі	ЖКО сәтіндегі алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының басылу күйін анықтауға мүмкіндік береді
Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының бірінші кезеңіне дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T_0) алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының бірінші кезеңінің іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылуына (бірінші кезең) дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының екінші кезеңіне дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T_0) алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының екінші кезеңінің іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылуына (екінші кезең) дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Алдыңғы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылуына дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T_0) алдыңғы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі алдыңғы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылуына дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік қалқасының іске қосылуына дейінгі уақыт	Оқиғаның басталуынан (T) алдыңғы жолаушының қауіпсіздік қалқасының іске қосылу командасына дейінгі уақыт	ЖКО сәтіндегі алдыңғы жолаушының қауіпсіздік қалқасының іске қосылуына дейінгі уақытты анықтауға мүмкіндік береді
Жолаушыларды қорғау жүйесінің дабыл сигналының статусы	Жолаушыларды қорғау жүйесінің дабыл сигналының күйі дабыл сигналының статусы туралы мәліметтер CAN шинасына берілетін автокөліктерде	ЖКО сәтіндегі жолаушыларды қорғау жүйесінің дабыл сигналының күйін анықтауға мүмкіндік береді
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің дабыл сигналының статусы	Кіріктірілген шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің бір немесе бірнеше шинада төмен қысым анықталған жағдайда берілетін дабыл сигналының статусы, бұл дабыл сигналының статусы туралы мәліметтер CAN шинасына берілетін автокөліктерде	ЖКО сәтіндегі шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің дабыл сигналының күйін анықтауға мүмкіндік береді
Тежеу жүйесінің дабыл сигналының күйі	Дабыл сигналының күйі туралы мәліметтер CAN шинасына берілетін автокөліктердегі тежеу жүйесінің бұзылу сигналы	ЖКО сәтіндегі тежеу жүйесінің дабыл сигналының күйін анықтауға мүмкіндік береді
Круиз-контроль жүйесінің күйі *	Круиз-контроль жүйесі жұмысының статусы *	ЖКО сәтіндегі круиз-контроль жұмысының статусын анықтауға мүмкіндік береді *
ACC жүйесінің күйі	Круиз-контроль жүйесі жұмысының статусы (ACC)	ЖКО сәтіндегі ACC күйін анықтауға мүмкіндік береді
ABS жүйесінің күйі	Бұғатталуға қарсы тежеу жүйесі (ABS) жұмысының статусы	ЖКО сәтіндегі ABS жүйесінің күйін анықтауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
АЕВ жүйесінің күйі	Автономдық шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) жұмысының статусы	ЖКО сәтіндегі АЕВ күйін анықтауға мүмкіндік береді
ESC жүйесінің күйі	Тұрақтылықты бақылау электронды жүйесі (ESC) жұмысының статусы	ЖКО сәтіндегі ESC күйін анықтауға мүмкіндік береді
TCS жүйесінің күйі	TCS жүйесі жұмысының статусы	ЖКО сәтіндегі TCS жүйесінің күйін анықтауға мүмкіндік береді
Оқиғаға дейінгі синхрондау уақыты	(T_0) алдында (T_0)-ге дейінгі соңғы деректер жиналған сәттен бастап салыстырмалы уақыт. Алдын ала синхрондау жүйесімен жабдықталған автокөліктерде тіркеледі және уақытты келісу үшін қолданылады	ЖКО сәтіндегі оқиғаға дейінгі синхрондау уақытын анықтауға мүмкіндік береді

EDR деректерін шығарып алу құрылғысын сатып алу:

- EDR деректерін BYD VDS 2000/VDS 2100 автокөлігінің істемей қалуларды диагностикалау модулінің көмегімен шығарып алуға болады. Бұл модульді сатып алу үшін BYD авторландырылған дилеріне хабарласуға кеңес беріледі.

Деректерді EDR контроллерінің көмегімен шығарып алу

- EDR деректерін «Ауа жастықтарын басқару орталығы» қолданбасынан VDS 2000/VDS 2100 істемей қалуларды диагностикалау модулінде келесі жағдайларда шығарып алуға болады:
 - » иесінің (немесе жалға алушының) келісімі алынса;
 - » қоғамдық қауіпсіздік басқармасынан, сот органдарынан немесе мемлекеттік мекемеден ресми сұраным алынса;
 - » сот істерін жүргізуде деректердің BYD компаниясы тарапынан қолданылуы көзделсе.

Бұғатталмаған оқиғаларды сақтау және қайта жазу механизмі, сондай-ақ қайта жазуға мүмкіндік беретін оқиғалардың түрлері:

- Бұғатталған оқиғалардың деректерімен салыстырғанда бұғатталмаған оқиғалардың деректерінің үстінен келесі оқиғалардың деректері қайта жазыла алады.
- Қайта жазуға мүмкіндік беретін оқиғаларға келесілер жатады:
 - қауіпсіздік жүйелері іске қосылмады;
 - X осі бойынша автокөлік жылдамдығының өзгерісі 150 миллисекундта 25 км/сағ-тан кем мәнді құрады.

Круиз-контрольдің жұмыс істеу принципі және сәйкес деректердің элементтерінің сипаттамасы:

- Круиз-контроль жүйесі автокөліктің қозғалу жылдамдығын бақылау үшін жүргізуші тарапынан белгіленетін мақсатты тұрақтандырылған жылдамдық есепке алына отырып, дроссель датчигінің сигнал беруін басқарады. Алда автокөліктің бар-жоғына байланысты жүйе белгіленген жылдамдықпен круиз-контроль мен бейімделетін круиз-контроль арасында автоматты түрде ауыса алады.
- EDR жүйесі автокөліктің тұрақтандырылған қозғалысының статусын тіркейді: қосулы, белсендірілмеген; қосулы және белсендірілген; командамен өшірілген, жұмысының бұзылуы және т.с.с.

2-орналастыру

Бұл автокөлікте төменде сипатталғандай соқтығысқанға дейінгі, соқтығыс болған кездегі және одан кейінгі автокөліктің негізгі қозғалыс деректерін үш кезеңде жазу үшін оқиға деректерін тіркеуші (EDR) бар.

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Осьтік жылдамдық дельтасы	Автокөліктің осьтік жылдамдығының өзгеруі, ол жылдамдықтың нәтижелі өзгерісінің бойлық компонентінен ғана тұрады	Тікелей ЖКО дейінгі және одан кейінгі уақыт нүктелеріндегі қозғалыс бағытындағы автокөлік жылдамдығының өзгеруін талдау үшін
Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасы	EDR деректері бойынша X осі бойынша автокөлік жылдамдығы өзгерісінің максималды жиынтық мәні, ол «Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасының уақыты» көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс	ЖКО дейінгі және одан кейінгі уақыт нүктелеріндегі қозғалыс бағытындағы автокөлік жылдамдығының максималды өзгерісін талдауға мүмкіндік береді
Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасының уақыты	EDR деректері бойынша X осі бойынша автокөлік жылдамдығы өзгерісінің максималды жиынтық мәнінің тіркелу сәтіне дейінгі уақыт, ол «Осьтік жылдамдықтың максималды дельтасы» көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс	ЖКО орын алған уақыт нүктесіндегі қозғалыс бағытындағы автокөлік жылдамдығының максималды өзгерісін талдауға мүмкіндік береді

Деректер элементі	Мағынасы	Мақсаты
Аяқ тежегіші, басылған немесе басылмаған	Тежегіш педалінің басылу дерегін анықтау үшін қолданылады	ЖКО сәтінде тежегіш педалінің басылғанын не басылмағанын анықтауға мүмкіндік береді
Автокөлік жылдамдығы	Дөңгелектің сызықтық жылдамдығы немесе басқа көздерден алынған автокөлік жылдамдығы	ЖКО сәтіндегі автокөлік жылдамдығын анықтауға мүмкіндік береді
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)	Автокөлік өндірушісі белгілеген VIN-нөмір	EDR деректерінің ЖКО қатысушы автокөлікке қатысты екенін анықтауға мүмкіндік береді

Ескертпе. Егер EDR бойлық үдеуді тіркесе, ол дельтаны бойлық бағытта, дельтаның максималды бойлық мәнін және максималды дельтаға жету уақытын тіркемеуі мүмкін.


02

АСПАПТАР ТАҚТАСЫ

Аспаптар тақтасы..... 52

Аспаптар тақтасы

Аспаптар тақтасының көрінісі



① Қуатты өлшегіш

② Уақыт

③ Қос режимді жұмыс

④ Берілістің күйі

⑤ ECO/SPORT/NORMAL/қар/
құм/лай режимі

⑥ Азимут

⑦ Сыртқы ауа температурасы

⑧ Спидометр

⑨ Жалпы жүрілген жол

⑩ Жүрілген жолдың қашықтығы

⑪ Бақтағы отын деңгейін көрсеткіш

⑫ Батареяның заряд деңгейі (%)

⑬ Аккумулятор зарядының деңгейін
көрсеткіш

! ЕСКЕ САЛУ

Аспаптар тақтасының суреті тек анықтама үшін берілген, батарея деңгейі мен жүрілген жолдың қашықтығы бір уақытта көрсетілмейді. Дегенмен, пайдаланушы «Жүрілген жолдың қашықтығы» және «Заряд деңгейі» бейнесін таңдау үшін мультимедиа жүйесі  — «Жаңа қуат көзі» арқылы заряд деңгейін көрсету режимінің баптау интерфейсіне кіре алады.

Аспаптар тақтасының индикаторлары

Сигнал шамдары мен индикаторлар



Бұрылыс көрсеткіші



Разряд индикаторы



Өрден түсуге көмектесетін жүйенің индикаторы



AVN индикаторы



Үнемді режим



Спорт режимі



Қалыпты режим



EV индикаторы



Таяу жарық индикаторы



Габарит шамдарының индикаторы



ICC индикаторы



Автоматты түрде шұғыл тежеу индикаторы *



OK индикаторы



Көзден таса аймақтарды бақылау индикаторы *



Бейімделетін круиз-контроль индикаторы *



Барлық ауа райы индикаторы *



HEV индикаторы



Шалғай жарық индикаторы

	Таяу жарық/шалғай жарық фараларының интеллектуалды индикаторы		Қозғалтқыш ақаулығының сигнал шамы
	Өрден түсуге көмектесетін жүйе ақаулығының сигнал шамы		ACC жүйесінің ақаулығының сигнал шамы *
	Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы		Қармен жүру режимінің индикаторы
	Шұғыл автоматты тежеу ақаулығының сигнал шамы *		Бас жарықтың ақаулығының сигнал шамы
	Артқы тұман фараларының индикаторы		ESC жүйесінің қосылуының сигнал шамы
	ESC жүйесінің сигнал шамы		Смарт-кілттер жүйесінің сигнал шамы
	Шиналардағы қысымның сигнал шамы		АКБ төмен зарядының сигнал шамы
	Негізгі сигналдық индикатор		Қуатты шектеу сигнал шамы
	ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы		Май жарамдылығының мерзімін бақылау индикаторы
	Майдың төмен қысымының сигнал шамы		Электр қозғалтқышы ақаулығының сигнал шамы *
	Қозғалтқыштың қатпайтын сұйықтығының қызып кетуінің индикаторы		Есік күйінің индикаторы
	Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу сигнал шамы		EPB индикаторы



АКБ зарядтауға арналған қосылыс индикаторы



Қауіпсіздік жастықтарының ақаулығының сигнал шамы



Тұраққа қою жүйесінің ақаулығының сигнал шамы



Күштік қондырғының ақаулығының сигнал шамы



Тартқыш аккумулятор ақаулығының сигнал шамы



Күштік батареяның ақаулығының сигнал шамы



Қозғалтқыштың қызып кетуінің сигнал шамы



Төмен кернеулі электрмен қоректендіру жүйесінің сигнал шамы



Рульмен басқару жүйесінің ақаулығының сигнал шамы



Қозғалтқыштың қатпайтын сұйықтығының қызып кетуінің индикаторы



TSR индикаторы

Сигнал шамдары мен индикаторлардың сипаттамалары



Смарт-кілттер жүйесінің сигнал шамы

- Егер автокөлік ішінде кілт болмаса, қосу/өшіру түймесі басылған кезде сигнал шамы жанады, дыбыс сигналы беріледі және аспаптар тақтасында «Кілт табылмады, кілттің автокөлік ішінде болуын тексеріңіз» хабарламасы көрсетіледі.
- Егер берілген модельдің смарт-кілттер жүйесінің электронды кілті автокөлік ішінде болса, қосу/өшіру түймесі басылған кезде бұл сигнал шамы жанбайды және автокөлікті оталдыруға болады.
- Егер қосу/өшіру түймесі басылған кезде ескерту сигналы жыпылықтап тұрса, бұл кілт батареясының разрядталғанын білдіреді.



ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы

- Оталдыру жүйесі ОК күйіне ауыстырылған кезде бұл сигнал шамы жанады. Егер ABS жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса, онда бұл шам бірнеше секундтан кейін өшеді. Содан кейін жүйедегі ақаулық сақталып қалса, ақаулық түзетілгенге дейін шам қайтадан жанады.
- ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанып тұрған кезде (тұраққа қою жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанбай тұрса), бұғатталудан қорғау жүйесі жұмыс істемейді, алайда тежеу жүйесі әлі дұрыс жұмыс істей береді.

- ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанып тұрған кезде (тұраққа қою жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанбай тұрса), бұғатталудан қорғау жүйесі жұмыс істемейді, бұл шұғыл тежелу кезінде немесе сырғанақ жолда тежелген кезде дөңгелектердің бұғатталуына алып келеді.
- Егер келесі жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алса, бұл күйлері сигнал шамдары жүйесімен бақыланатын компоненттердегі ақаулықтың бар екенін білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлікті диагностикалау үшін кідірместен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.
 - » Оталдыру жүйесі ОК күйіне ауыстырылған кезде бұл сигнал шамы жанбайды немесе үздіксіз жанып тұрады.
 - » Бұл сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады.



ЕСКЕ САЛУ

- Сигнал шамының жұмыс кезінде аз уақытқа жануы проблеманың бар екенін білдірмейді.
- Егер тұрақ тежегіші ақаулығының сигнал шамы мен ABS сигнал шамы бірге жанса, мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласыңыз. Бұл жағдайда тежегішке басқан кезде бұғатталудан қорғау жүйесінің туындайтын ақаулығына қоса, бүкіл автокөлік басқарылмайтын болып қалуы мүмкін.

- Егер ABS пен тежеу жүйесінің индикаторлары бірге жанып тұрса, ал электрлі тұрақ тежегіші (EPB) толықтай жіберілген болса, сонымен қатар алдыңғы және артқы дөңгелектер арасындағы тежеу күшін үлестіру жүйесінің ақаулығы да пайда болды.



Шиналардағы қысымның сигнал шамы

- Оталдыру жүйесі ОК күйіне ауыстырылған кезде бұл сигнал шамы жанады. Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса, онда бұл шам бірнеше секундтан кейін өшеді. Егер жүйеде ақаулық пайда болса, бұл сигнал шамы қайтадан жанады.
- Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанса немесе жыпылықтаса, және аспаптар тақтасының ақпараттық дисплейінде «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесін тексеріңіз» хабарламасы пайда болса, ал шиналардағы қысымның көрсеткіштері «---» құраса, бұл шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығын білдіреді.
- Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығының сигнал шамы тез жыпылықтаса және аспаптар тақтасының ақпараттық дисплейінде шиналардағы қысым парағындағы бір немесе бірнеше мән қызыл түске енсе, онда сәйкес шинаның желі тез шығып кетіп жатыр.
- Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығының сигнал шамы тұрақты жанып тұрса және шиналардағы қысым парағындағы бір немесе бірнеше мән сары түске енсе, онда сәйкес шинадағы қысым нормадан төмен.

Жоғарыда келтірілген жағдайлардың кез келгені орын алатын болса, автокөлікті диагностикалау үшін кідірместен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.



ESC жүйесінің сигнал шамы

- Оталдыру жүйесі ОК күйіне ауыстырылған кезде бұл сигнал шамы жанады. Егер ESC жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса, онда бұл шам бірнеше секундтан кейін өшеді. Егер ESC жүйесі ақаулы болса, бұл шам қатені нөлдегеннен кейін қайтадан жанады.
- Егер автокөліктің қозғалысы кезінде ESC жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жыпылықтап тұрса, бұл ESC жүйесінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.
- ESC жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанып тұрған кезде (ABS және тұраққа қою жүйелерінің ақаулықтарының сигнал шамдары жанбай тұрса) ESC жүйесі арқылы басқару ақаулы, алайда ABS және тежеу жүйелері қалыпты жұмыс істей береді.
- ESC жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанып тұрған кезде (ABS және тұраққа қою жүйелерінің ақаулықтарының сигнал шамдары жанбай тұрса) ESC жүйесі жұмыс істемейді! Бұл шұғыл бұрылыстарда және кедергілерді тез айналып өткен кезде автокөліктің әрекетін болжауға келмейтінін білдіреді.

- Егер келесі жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алса, бұл күйлері сигнал шамдары жүйесімен бақыланатын компоненттердегі ақаулықтың бар екенін білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлікті диагностикалау үшін кідірместен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.

- » Автокөлік оталғаннан кейін сигнал шамы өшірулі күйінде қалады (өзіндік тексеру орындалған жағдайда), оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы ОК күйінде орналасқан.
- » Бұл сигнал шамы қозғалыс кезінде үздіксіз жанып тұрады.
- » Қозғалыс барысында сигнал шамы жыпылықтайды, бұл жүйенің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.



ЕСКЕ САЛУ

- Сигнал шамының жұмыс кезінде аз уақытқа жануы проблеманың бар екенін білдірмейді.
- Егер ESC жүйесінің ақаулығының сигнал шамы ABS және тежеу жүйелерінің сигнал шамдарымен бірге жануын жалғастырса, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласыңыз. Бұның себебі тежелу кезінде автокөлік тұтастай басқаруға бағынбай қалуы мүмкін, ал бұғатталудан қорғау жүйесі толықтай өшірілген.



ESC жүйесінің қосылуының сигнал шамы

- ESC OFF ауыстырып қосқышы басылған кезде бұл сигнал шамы үздіксіз жанып тұруы тиіс және ESC жүйесі өшіріледі. ESC OFF ауыстырып қосқышын қайтадан басқан кезде бұл сигнал шамы сөнуі тиіс, және ESC жүйесінің қалыпты жұмыс режимі қалпына келеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ESC OFF сигнал шамы жанып тұрған кезде жүргізуші сақтық танытуы және шұғыл бұрылыстар мен кенеттен пайда болатын кедергілерден айналып өту кезінде автокөлікті төмен жылдамдықпен жүргізуі тиіс, себебі бұл жағдайда тежеу ESC жүйесінің ақаулығына байланысты автокөліктің басқаруға көнбей қалуына алып келуі мүмкін.



Негізгі сигналдық индикатор

Бұл индикатор жанып тұрған кезде ақпараттық дисплей секциясындағы ақаулықтар туралы сигналдарды немесе ескертулерді есте сақтап алу қажет.



Бас жарықтың ақаулығының сигнал шамы

Сигнал шамы сары түспен жанған кезде бұл бас жарықтың ақаулығын білдіреді. Мұндай жағдайда диагностикалау үшін кідіrmестен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.



Қуатты шектеу сигнал шамы

АКБ заряды төмен және қозғалтқыш қуаты шектеулі болған кезде сәйкес сигнал шамы жанады. Мұндай жағдайда кідіrmестен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.



Қозғалтқыш ақаулығының сигнал шамы

- Оталдыру жүйесі қосылғаннан кейін бұл сигнал шамы өрден түскен кезде өзін-өзі диагностикалау уақытына жанады. Егер бұл сигнал шамы кез келген уақытта жанса, бұл автокөліктің кез келген басқару жүйесінде ақаулық бар дегенді білдіреді. Автокөлікті осы күйде пайдалану, тіпті автокөлік жұмысында ешқандай ауытқулар байқалмаса да, елеулі зақым келтіруі мүмкін.

- Егер бұл индикатор диагностикалау уақытына жанбаса, автокөлікті жол жиегіне қарай қауіпсіз түрде тоқтатып, оталдыру жүйесін өшіріп, оталдыру жүйесін қайта қосыңыз, қозғалтқышты оталдырыңыз және осы индикатордың жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер индикатор жанып тұрса, автокөлікті тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласу керек. BYD уәкілетті сервис орталығында ақаулық жойылмас бұрын, өзіңіз автокөлікті абайлап жүргізіп, үдеткіш педалін аяғына дейін баспаңыз және жоғары жылдамдықпен жүрмеуіңіз керек.
- Егер бұл ақаулық туралы ескерту шамы жоғарыда аталған әрекеттерді орындағаннан кейін сөніп қалғанымен, жиі жанып тұрса, автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қозғалтқыштың ақаулық индикаторы жанып тұрған кезде қозғалысты жалғастыру пайдаланылған газдарды тазарту жүйесіне немесе қозғалтқыштың өзіне зақым келтіруі мүмкін.



Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы

Бұл индикатор отын деңгейінің көрсеткішінде орналасқан. Егер бұл шам жанып тұрса, онда бакта отын аз қалды. Бұл жағдайда автокөлікке мүмкіндігінше тезірек отын құю қажеттілігі туралы ескерту пайда болады. Көлбеумен жүрген немесе бұрылған кезде отын бакта шашырайды, сондықтан отынның төмен деңгейінің сигнал шамы отын деңгейі өте төмен болғанға дейін жануы мүмкін.



Тұраққа қою жүйесінің ақаулығының сигнал шамы

- Тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса және тежеу жүйесінің ақаулығы пайда болса, бұл сигнал шамы жанады.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгені туындағанда автокөлікті дереу қауіпсіз орынға тұраққа қойыңыз. BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгінген жөн.
 - » Бұл сигнал шамы оталдыру жүйесін «ОК» күйіне ауыстырып қосқан кезде және тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болғанда жанады.



ЕСКЕ САЛУ

- Тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, автокөлікті тұраққа қойыңыз, себебі қозғалысты жалғастыру қауіпті.

- » Автокөлікті оталдырғаннан кейін тежегіш сұйықтығының деңгейі қалыпты және EPB қалыпты жұмыс істеп тұрса (EPB ауыстырып қосқышы жоғары қарай жылжытылған және қалыпты жіберілген және «EPB жүйесін тексеріңіз») хабарламасы жоқ), бұл ақаулық туралы сигнал шамы тұрақты жанып тұрады.
- » Тұрақ тежегішінің және ABS жүйесінің ақаулықтарының сигнал шамдары бірге жанып тұр.



ЕСКЕ САЛУ

- Сигнал шамының жұмыс кезінде аз уақытқа жануы проблеманың бар екенін білдірмейді.



Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы «ОК» күйінде тұрғанда артқы немесе алдыңғы орындықтардағы* қандай да бір қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы қосылады. Белбеу тағылмайынша индикатор сөнбейді.



Төмен кернеулі электрмен қоректендіру жүйесінің сигнал шамы

- Бұл индикатор зарядтау режимінде зарядтау жүйесінің ақаулығы туралы ескерту үшін қызмет етеді.
- Қуаты таусылған кезде бұл индикатор қуатты тұтыну жүйесінің ақаулығы туралы ескерту үшін қызмет етеді.

- Бұл сигнал шамы автокөлік зарядталмай немесе разрядталмай тұрған кезде тұрақты ток модулінің және темір стартердің батарея модулінің техникалық күйі туралы ескертуге арналған.
- Егер қозғалыс кезінде бұл сигнал шамы жанса, онда тұрақты ток жүйесінде немесе төмен кернеулі электрмен қоректендіру жүйесінде проблема пайда болған. Кондиционерді, желдеткішті, радионы және т.с.с. өшіріңіз және тоқтау қауіпсіз болса, автокөлікті дереу тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда автокөлікті эвакуациялау үшін кідірместен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.



Қауіпсіздік жастықтарының ақаулығының сигнал шамы

- Егер оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы «ОК» күйінде тұрса және қауіпсіздік жастықтары жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса, бұл сигнал шамы жанады да, бірнеше секундтан кейін сөнеді. Бұл сигнал шамы қауіпсіздік жастықтарының ECU, соқтығысу датчиктерінің, үрлеу құрылғысының, сигнал шамдарының, қосылыстардың және электрмен қоректендірудің күйін бақылауға арналған.
- Егер келесі жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алса, бұл күйлері сигнал шамдары жүйесімен бақыланатын компоненттерінің біріндегі ақаулықтың бар екенін білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлікті диагностикалау үшін кідірместен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.
 - » Автокөлік оталғаннан кейін сигнал шамы өшірулі күйінде қалады (өзіндік тексеру орындалған жағдайда), оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы ОК күйінде орналасқан.
 - » Бұл сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады.



Қозғалтқыштың қатпайтын сұйықтығының қызып кетуінің индикаторы

Бұл индикатор үздіксіз жанып тұрған кезде бұл салқындату сұйықтығының тым жоғары температурасын білдіреді. Мұндай жағдайда суыту үшін автокөлікті тоқтатыңыз.



Рульмен басқару жүйесінің ақаулығының сигнал шамы

- Рульмен басқару жүйесінің ақаулығы болған жағдайда бұл сигнал шамы үздіксіз жанып тұрады. Автокөлікті диагностикалау үшін BYD компаниясының авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына баруға кеңес беріледі.



ЕСКЕ САЛУ

- Рульмен басқару жүйесі руль дөңгелегін бұрау күшін төмендетуге мүмкіндік беретін электрқозғалтқышпен жабдықталған.
- Руль дөңгелегін бұраған кезде жұмыс істеп тұрған электрқозғалтқыштың жай гүлін естуге болады. Мұндай шуыл электрқозғалтқыштың ақаулығын білдірмейді.
- Руль дөңгелегін 5 сек-тан артық ең шекті күйіне дейін бұрамаңыз. Әйтпесе қызып кетуден қорғау жүйесі іске қосылады және рульмен басқару жүйесі зақымдалуы мүмкін немесе рульмен басқару ауырлайды.
- Руль дөңгелегін бір орында ұзақ уақыт бұраған кезде рульмен басқарудың ақаулығының сигнал шамы жанбайды, алайда руль дөңгелегін бұрау ауырлайды. Бұл ақауды білдірмейді.

- » Руль дөңгелегін бір орында ұзақ уақыт жиі бұраған жағдайда жүйенің қызып кетуінің алдын алу үшін рульмен басқаруды қолдау күші қысқартылады, бұл руль дөңгелегін бұрау кезіндегі ауырлық сезімінің пайда болуына алып келеді. Мұндай жағдайда руль дөңгелегін жиі бұрамаңыз немесе автокөлікті тоқтатыңыз және өшіріңіз. Жүйе 10 мин ішінде қалыпты жұмысын қалпына келтіруі тиіс.

ЕСКЕРТУ

- Егер рульмен басқару ақаулығының сигнал шамы жанса, мүмкіндігінше автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласыңыз.



Күштік қондырғының ақаулығының сигнал шамы

- Бұл сигнал шамы күштік қондырғы жүйесінде ақаулық пайда болған кезде жанады.
- Егер келесі жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алса, бұл күйлер сигнал шамдары жүйесімен бақыланатын компоненттерінің біріндегі ақаулықтың бар екенін білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлікті диагностикалау үшін кідірместен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.
- » Оталдыру жүйесін «ОК» күйіне ауыстырған кезде бұл сигнал шамы үздіксіз жанып тұрады.
- » Бұл сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сигнал шамының жұмыс кезінде аз уақытқа жаныу проблеманың бар екенін білдірмейді.
- Егер бұл сигнал шамы жанса, автокөлікті жүргізуден бас тартыңыз. Мүмкіндігінше тездетіп BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.



АКБ қызып кетуінің сигнал шамы

- Егер бұл сигнал шамы жанып тұрса, онда АКБ температурасы тым жоғары болып кеткен, сондықтан суыту үшін автокөлікті тоқтату қажет. Егер бұл сигнал шамы жыпылықтап тұрса, онда дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатуға және мүмкіндігінше тезірек одан шығуға кеңес беріледі.
- Күштік батарея келесідей пайдалану жағдайларында қызып кетуі мүмкін:
 - » ыстық ауа райында ұзақ уақыт бойы алыс қашықтыққа өрге қарай қозғалу;
 - » жиі аялдамалармен, жылдамдықты қарқынмен үдетулер және қатты тежелу әрекеттерімен ұзақ жүру немесе аялдамастан ұзақ уақыт бойы жүру.



Тартқыш аккумулятор ақаулығының сигнал шамы

- Оталдыру жүйесін «ОК» күйіне ауыстырған кезде бұл сигнал шамы жанады. Егер күштік батарея жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса, онда бұл шам бірнеше секундтан кейін өшеді. Содан кейін егер жүйеде қайтадан ақаулық пайда болса, бұл сигнал шамы қайтадан жанады. Мұндай жағдайда диагностикалау үшін кідіrmестен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.
- Егер келесі жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алса, бұл күйлері сигнал шамдары жүйесімен бақыланатын компоненттердегі ақаулықтың бар екенін білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлікті диагностикалау үшін кідіrmестен BYD авторландырылған дилеріне немесе қызметтер жеткізушісіне хабарласуға кеңес беріледі.
 - » Оталдыру жүйесін «ОК» күйіне ауыстырған кезде бұл сигнал шамы үздіксіз жанып тұрады.
 - » Бұл сигнал шамы үздіксіз жанып тұрады немесе қозғалыс кезінде мезгіл-мезгілімен қосылып отырады.



Қозғалтқыштың қызып кетуінің сигнал шамы

Бұл индикатордың қосылуы электр қозғалтқышының температурасы тым жоғары екенін білдіреді. Қозғалтқышты салқындату үшін автокөлікті тоқтату керек.



Майдың төмен қысымының сигнал шамы

- Бұл сигнал шамы майдың қысымы төмен болғанда жанады.
- Егер қозғалыс барысында бұл сигнал шамы жыпылықтаса немесе тұрақты жанып тұрса, жолдың жиегіне шығып, көлікті қауіпсіз жерде тоқтату керек, содан кейін беріліс селекторын Р күйіне ауыстырып, оталдыру жүйесін өшіру керек, содан кейін көмек алу үшін BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласқан жөн.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сигнал шамы жанып тұрған кезде автокөлікпен қысқа қашықтыққа да жүрмеңіз. Олай болмаса, бұл қозғалтқыштың бұзылуына әкеледі.
- Бұл сигнал шамы қозғалтқыш бос жүріспен жұмыс істеп тұрған кезде анда-санда жыпылықтауы немесе шұғыл тежеуден кейін қысқа уақытқа жануы мүмкін. Егер бұл индикатор қозғалтқыш жылдамдығының біртіндеп жоғарылауымен сөніп қалса, бұл майдың қысымы қалыпты екенін білдіреді.



TSR индикаторы

Бұл индикатор жанған кезде бұл автокөлік жүйесінің жолдың ағымдағы тегіміндегі жылдамдық шектеуін анықтағанын білдіреді.



PCW жүйесінің ескертуші сигнал бергіші (қызыл түсті)

Бұл сигнал шамы жанып немесе жыпылықтап тұрған кезде алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі арақашықтықты қадағалап отырыңыз және ықтимал соқтығысудан сақтану үшін оған жақындамаңыз.



Есік күйінің индикаторы

Егер автокөліктің қандай да бір есігі, жүксалғышы немесе капоты ашық болса, бұл индикатор автокөлік шанағының күйін және оның сәйкес статусын көрсетеді. Автокөлік белгілі бір жылдамдыққа жеткен кезде «Есік, жүксалғыш немесе капот жабылмаған» хабарламасы пайда болады.

03

КОНТРОЛЛЕР ЖҰМЫСЫ

Есіктер мен кілттер	66
Орындықтар	80
Руль	85
Ауыстырып қосқыштар	86

Есіктер мен кілттер


Кілттер

Автокөлік есіктердің құлпын ашу/есіктерді құлыптау және қозғалтқышты оталдыру сияқты функцияларды қамтамасыз ету үшін кілттермен, электронды смарт-кілтпен және механикалық кілтпен (электронды смарт-кілтке кіріктірілген) жабдықталған.

Смарт-кілт

Барлық есіктердің құлпын ашу немесе оларды құлыптау үшін смарт-кілтті қолыңызда ұстап тұрып, сол немесе оң жақ алдыңғы есіктің микро қосқышын басыңыз немесе есіктердің құлпын ашу/есіктерді құлыптау, жүксалғышты ашу немесе қозғалтқышты қашықтан оталдыру үшін смарт-кілттегі түймелерді басыңыз.

- ① Құлыптау түймесі
- ② Құлыпты ашу түймесі
- ③ Жүксалғышты ашу түймесі
- ④ Оталдыру/тоқтату түймесі
- ⑤ Индикатор



Электрондық смарт-кілттің негізгі параметрлері

Модель: D0-92/D1-92

Жұмыс қуаты: таблетка түріндегі батарея

Батарея моделі: CR2032

Номиналды кернеу: 3 В

Жұмыс кернеуі: 2,9–3,3 В

Қалыпты жұмыс тогы: 8mA (номиналды)



Төмен жиілікті резонанстық жиілік:
125 кГц

Кілттің жұмыс жиілігі: 434 МГц

FCC ID: 2A5DH-DAEA-92

Бұл жабдық зиянды кедергілерден қорғалмаған және ресми мекемелердің жүйелеріне кедергі келтірмеуі керек.



ЕСКЕРТУ

- Смарт-кілттегі батарея қауіпті болады, оны балалар қолы жетпейтін жерде ұстау керек.
- Литий батареясы жұтылған немесе дененің кез келген бөлігіне тиген жағдайда, оны екі сағат ішінде алып тастау керек, себебі ол ауыр жарақатқа әкелуі немесе өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
- Сондықтан дереу дәрігерге қаралу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Смарт-кілт — бұл электронды компонент. Зақым келтіріп алмау үшін төменде келтірілген сақтық шараларын сақтаңыз.
 - » Смарт-кілтті аспаптар тақтасы сияқты жоғары температураның әсеріне ұшыратпаңыз.
 - » Тиісті өкілеттіктерсіз смарт-кілтті бөлшектемеңіз.
 - » Смарт-кілтпен басқа заттарды соқпаңыз немесе оны құлатып алмаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- » Смарт-кілтті суламаңыз.
- » Смартфондар сияқты электромагниттік толқындар шығаратын құрылғылардың жанында смарт-кілтті сақтауға болмайды.
- » Смарт-кілтті пайдаланған кезде электромагниттік толқындарды бөгейтін заттарды (мысалы, металл қыстырғыштар) бекітпеңіз.
- » Автокөлікке қосалқы кілтті тіркеңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін BYD компаниясының уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жүгінуге кеңес беріледі.
- Егер смарт-кілт есіктерді белгіленген қашықтықта басқармаса, сондай-ақ кілттегі индикатор бұлыңғыр болып қалса немесе жанбаса:
 - » жақын жерде смарт-кілттің дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіретін радиостанциялар немесе әуежай радио таратқыштары бар-жоғын тексеріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ (жалғасы)

- » Смарт-кілт батареясының заряды таусылып қалуы мүмкін. Смарт-кілт батареясының зарядын тексеріңіз. Батареяны ауыстыру үшін BYD компаниясының уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.
- Смарт-кілт жоғалған кезде ұрлықтың немесе жол апаттарының алдын алу үшін тез арада BYD компаниясының уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.
- Беріліс жиілігін өзгертпеңіз, қуатты арттырмаңыз (соның ішінде қосымша радио күшейткішті орнату арқылы), сыртқы детектор антеннасын қоспаңыз және тиісті рұқсатсыз детекторлық қабылдаудың басқа антенналарын пайдаланбаңыз.
- Смарт-кілтті пайдаланған кезде заңды радиобайланыс қызметтерінің жұмыс істеуіне жол бермейтін кедергілер келтірмеңіз. Кез келген кедергі анықталса, смарт-кілтті пайдалануды дереу тоқтатыңыз және одан әрі қолданар алдында оларды жою үшін шаралар қолданыңыз.
- Қуаты төмен радио құрылғыны пайдаланған кезде әртүрлі радио қызметтерінің кедергісін немесе өнеркәсіптік, зерттеу немесе медициналық жабдықтың сәулелену әсерін болдырмаңыз.
- Мұндай құрылғыны ұшақтар мен әуежайлардың жанында пайдаланбаңыз.
- Кардиостимуляторлары мен дефибрилляторлары бар адамдар смарт кіру және іске қосу жүйелерінің детекторлық антенналарына жақын тұрмауы керек, өйткені электрмагниттік толқындар бұл құрылғылардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ (жалғасы)

- Кардиостимуляторлары мен дефибрилляторлары бар адамдардан басқа, басқа электрондық медициналық құрылғыларды пайдаланатын адамдар электрмагниттік толқындар әсер ететін осындай құрылғыларды пайдалану мәселесі бойынша өндірушімен де кеңесуі керек. Электрмагниттік толқындар мұндай медициналық құрылғыларды қолданудың күтпеген нәтижелеріне әкелуі мүмкін.

Механикалық кілт

Механикалық кілт (смарт-кілтте) алдыңғы сол жақ есіктің құлпын ашу/құлыптау үшін қолданылады. Егер сіз механикалық кілтті пайдаланбасаңыз, оны әрқашан смарт-кілтке қайта салыңыз.

Механикалық кілтті шығару

- Ысырманы көрсеткі ① бағытында тартып, кілттің артқы қаппағын ашып, механикалық кілтті шығару үшін ысырманың құлыптау механизмін көрсеткі ② бағытында сырғытыңыз.
- Қолданғаннан кейін механикалық кілтті көрсеткіге ② қарсы бағытта енгізіп, кілт басын жабыңыз.



NFC кілті

Оталдыру жүйесі кілтінің орнына қарамастан барлық есіктерді ашу/құлыптау үшін NFC кілтін сол жақ артқы көрініс айнасының белгісіне бекітіңіз.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- NFC-карта — бұл электрондық құрылғы. NFC-картаның істен шығуын немесе зақымдалуын болдырмау үшін келесі нұсқауларды орындау қажет.
 - » NFC-картаны мобильді телефонмен бірге сымсыз зарядтау аймағына қоймаңыз.
 - » NFC-картаны пайдаланған кезде оған электромагнит толқындарды экрандай алатын заттарды (мысалы, металл тығыздағыш бөлшектерді, металл мобильді телефондардың артқы корпустарын және т.б.) бекітпеңіз.
 - » NFC-картаны аспаптар тақтасы сияқты температурасы жоғары болатын жерлерге қоймаңыз.
 - » NFC-картаны күшпен майыстырмаңыз.
 - » NFC-картаны басқа қатты заттармен бірге қоймаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


- NFC-карта жақын өрісті байланыстыру принципі бойынша жұмыс істейді, сондықтан оны оқып алу құрылғысына тығыз орналасқанда ғана сәйкестендіруге болады.
 - » NFC-картаны сәйкестендіру қашықтығы 1-2 см аралығында.
 - » NFC-картаны сәйкестендіру үшін сыртқы артқы көрініс айнасына басу қажет.
 - » Сәйкестендіру уақыты 1-2 с болуы мүмкін.
- Электрондық кілттің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе жоғалуына байланысты автокөлікке кіру мүмкіндігінің болмауын болдырмау үшін әрқашан NFC-картаны алып жүру ұсынылады.
- NFC смарт картасы — бұл NFC байланысы негізінде жұмыс істейтін және нақты бір автокөлік үшін конфигурацияланған кілт. Автокөлігіңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін смарт-картаны дұрыс сақтаңыз. Ол жоғалған жағдайда, жоғалған картаны экрандау мақсатында жаңа смарт-картаны сатып алу үшін дереу BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласу ұсынылады.

Есіктерді құлыптау/құлпын ашу

Механикалық кілтпен құлыптау/құлпын ашу


Механикалық кілтті тесікке салып, бұраңыз.

- Кілтті оң бағытқа бұрап, жүргізуші есігінің құлпын ашыңыз.
- Кілтті сол бағытқа бұрап, жүргізуші есігін құлыптаңыз.



Есіктерді ішкі есік тұтқасымен ашу

- Егер автокөлік ішінен ашу үшін құлыпталмаса, тұтқаны бір рет тартыңыз.
- Егер көлік ішінен ашу үшін құлыпталған болса, тұтқаны екі рет тартыңыз.



Смарт-кілтпен құлыптау/құлыпты ашу

- Сымсыз қашықтан басқару қашықтықтан есіктерді құлыптап, ашу және қосымша функцияларды орындау үшін қолданылады.
- Барлық есіктердің құлпын ашу немесе есіктерді құлыптау үшін әрекет ету аймағында тұрып тіркелген смарт-кілтті қолыңызда ұстаған кезде смарт-кілттегі түймені тірелгенше баяу басыңыз.

Құлыптау

- Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда
 - » Оталдыру жүйесі өшіріліп, барлық есіктер мен капот жабылған кезде құлыптау түймесін басыңыз. Осыдан кейін барлық есіктер құлыпталады. Осы кезде бүйірлік айналар жиналып (егер АВТО режимі қосулы болса), бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды. Барлық есіктердің мықтап құлыпталғанына көз жеткізіңіз.
 - » Егер қандай да бір есік, капот немесе жүксалғыш жабық болмаса, бүйірлік айналар жиналмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және бір реттік ескерту сигналы беріледі.



Құлыпты ашу

- Құлыпты ашу түймесін басыңыз. Барлық есіктердің құлпы ашылады, жасырын есік тұтқалары автоматты түрде сырғып шығып, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.
- Егер оталдыру жүйесі өшірілмесе, құлыпты ашу/құлыптау түймесімен есіктерді ашу/құлыптау мүмкін емес. Бұл ретте артқы көріністің бүйірлік айналары жиналмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және шамамен 2,5 с кейін бір реттік ескерту сигналы іске қосылады.

- Есікті қосылған беріліске қарамастан ашу/құлыптау түймесі арқылы ашуға/құлыптауға болады.
- Барлық есіктер смарт-кілтпен ашылған кезде, салон жарығы 15 секундқа қосылып, содан кейін есіктер ашылмаса да сөнеді (егер ақпараттық жүйеде есіктегі жарық қосқышы қосулы болса).
- Көлікті айдап әкетуге қарсы жүйе қосылған кезде смарт-кілтпен ашқаннан кейін кез келген есікті 30 секунд ішінде ашу керек. Әйтпесе, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталып.
- Егер сіз құлыптау немесе құлыпты ашу түймесін басып тұрсаңыз, онда құлыпты ашу немесе құлыптау операциясы қайталанбайды. Мұны істеу үшін құлыптау немесе ашу түймесін босатып, қайтадан басу керек.
- Егер кілт автокөлік құлыптаулы болған кезде автокөлікте қалса, онда автокөліктің жүксалғышының есігі жабылған кезде, автокөлік құлпы автоматты түрде ашылуы мүмкін. Бұл жағдайда бұрылыс көрсеткіштері 2 рет жыпылықтайды.

Смарт-кілтті пайдаланып көлікті табу.

- Егер көлікте айдап әкетуге қарсы жүйе қосулы болса, құлыптау түймесін басыңыз. Көлік ұзын дыбыс шығарып, бұрылыс көрсеткіштері 15 рет жыпылықтайды. Көлікті таба алмасаңыз, оны анықтау үшін осы функцияны пайдаланыңыз.

- Көлік іздеу режимінде болғанда, құлыптау түймесін қайта басыңыз. Көлік іздеудің келесі кезеңіне өтеді.


Смарт-кілтті пайдаланып терезелерді жабу/ашу

- Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда
 - » Төрт терезені жабу үшін смарт-кілттегі құлыптау түймесін басып тұрыңыз.
 - » Төрт терезені ашу үшін смарт-кілттегі құлыпты ашу түймесін басып тұрыңыз.
- Пайдаланушылар бұл функцияны смарт-кілттегі құлыптау/құлыпты ашу түймесін басып тұрып өшіре/қоса алады және интерфейс → Көлік баптаулары → Есік, терезе және құлыптар баптаулары (көліктің нақты конфигурациясына сәйкес) арқылы терезелерді аша/жаба алады.

ЕСКЕРТУ

- Терезелерді жабу үшін қашықтан басқару функциясын пайдаланған кезде, көліктегі жолаушылардың қауіпсіздігіне назар аударыңыз және бұл функцияны терезелер ешкімді қыспағанына көз жеткізгеннен кейін ғана пайдаланыңыз.

Микро қосқышты пайдаланып құлыптау/құлыпты ашу



- Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда
 - » Оталдыру жүйесі өшіріліп, барлық есіктер құлыпталмай, жабық тұрған кезде алдыңғы есіктің тұтқасындағы микро қосқышты басыңыз. Барлық есіктер бір уақытта құлыпталады. Осы кезде бүйірлік айналар жиналып (егер АВТО режимі қосулы болса), бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды. Барлық есіктердің мықтап құлыпталғанына көз жеткізіңіз.
 - » Егер қандай да бір есік, капот немесе жүксалғыш жабық болмаса, бүйірлік айналар жиналмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және бір реттік ескерту сигналы беріледі.
- Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда
 - » Мотор бөлігінің барлық есіктері және капот жабық болған кезде, қолданыстағы смарт-кілтті өзіңізбен бірге алып кетіңіз және барлық есіктерді бір уақытта құлыптау үшін алдыңғы есіктің тұтқасындағы микроқосқышты басыңыз. Бұл ретте бүйірлік артқы көрініс айналар жиналмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және бір реттік ескерту сигналы беріледі.

Құлыпты ашу

- Айдап әкетуге қарсы жүйе қосылып тұрғанда барлық есіктердің құлпын ашу үшін смарт-кілтті ұстап тұрып, алдыңғы есіктің тұтқасындағы микро қосқышты басыңыз. Жасырын есік тұтқалары автоматты түрде сырғып шығып, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.
- Автокөлікті айдап әкетуге қарсы жүйе қосылған кезде құлпын ашу функциясы іске қосылғаннан кейін есіктерді 30 секунд ішінде ашу керек. Әйтпесе, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталып қалады.
- Микро қосқышты басу келесі жағдайларда есіктердің ашылуына/құлыпталуына әкелмейді:
 - » есікті ашу немесе жабу кезінде микро қосқыш басылып тұр;
 - » смарт-кілт көлікте қалды.



ЕСКЕ САЛУ

- Егер смарт-кілт сыртқы есік тұтқасына немесе терезеге тым жақын болса, кіру функциясын орындау мүмкін емес.

Микро қосқышты пайдаланып терезелерді жабу/ашу

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда барлық терезелерді ашу немесе жабу үшін смарт кілтті ұстап тұрып, микро қосқышты басып тұрыңыз. (Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін (ақпараттық жүйе)  → Көлік баптаулары → Терезе және құлыптау.) бөліміне өтіңіз

NFC кілтімен құлыптау/құлпын ашу

Құлыптау

- Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда
 - » Есіктер жабық және құлыпталмаған кезде, NFC картасын сыртқы сол жақ артқы көрініс айнасындағы оқып алу аймағына апарыңыз, бұл барлық есіктерді бір уақытта құлыптауға әкеледі. Бұл ретте бүйірлік айналар жиналады («АВТО» режимі қосулы болса) және бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды. Барлық есіктердің мықтап құлыпталғанына көз жеткізіңіз.
 - » Егер қандай да бір есік, капот немесе жүксалғыш жабық болмаса, бүйірлік айналар жиналмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және дыбыстық ескерту сигналы бір рет беріледі.
- Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда
 - » Барлық есіктер мен алдыңғы бөліктің капоты жабық болған кезде, NFC картасын сыртқы сол жақ артқы көрініс айнасындағы оқып алу аймағына апарыңыз, сол кезде барлық есіктер бір уақытта құлыпталады. Бұл ретте бүйірлік артқы көрініс айналар жиналмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және бір реттік ескерту сигналы беріледі.

Құлыпты ашу

- Автокөлікті айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі қосулы болған кезде, NFC картасын сол жақ сыртқы артқы көрініс айнасындағы оқып алу аймағына апарыңыз, барлық есіктер бір уақытта ашылып, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

- Автокөлікті айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі қосылған кезде NFC-кілтпен ашқаннан кейін есікті 30 секунд ішінде ашу керек. Әйтпесе, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталып қалады.
- NFC-картамен құлып ашылғаннан кейін, оталдыру құқығы пайдаланушыға 4 минут ішінде беріледі. Бұғаттау OFF күйіне ауыстырылғанда бұл құқықтың күші жойылады.
- Келесі жағдайларда NFC картасын оқып алу аймағына әкелген кезде сол жақ алдыңғы сыртқы артқы көрініс айнасында құлпын ашу/құлыптау орындалмайды:
 - » есікті ашқан немесе жапқан кезде NFC картасы сол жақ алдыңғы сыртқы артқы көрініс айнасындағы оқып алу аймағының жанында орналасады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кілтсіз оталдыру функциясының максималды әрекет ету уақыты 4 минуттан аспайды.

Жүксалғыш қақпағын құлыптау/ашу


Смарт-кілтпен жүксалғыш қақпағын ашу

Жүксалғыш қақпағын ашу үшін смарт-кілттегі жүксалғышты ашу түймесін екі рет басыңыз. Бұл кезде бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды. Жүксалғыш есігін ашу түймесін қайта басыңыз, нәтижесінде жүксалғыш есігін ашу тоқтатылады. Содан кейін түймені екі рет басыңыз, сонда есік кері бағытта қозғалады.




Жүксалғыш қақпағын көліктің ішінен ашу

- Жүксалғыш есігі жабық болған кезде, жүксалғыш есігінің құлпын ашу және оны белгіленген биіктікке (әдепкі бойынша максималды биіктік) ашу үшін қосқышты бір рет тартыңыз.
- Автокөлік қосулы болған кезде және жүксалғыш есігі ашық болғанда, осы қосқышты жоғары қарай тартыңыз, нәтижесінде жүксалғыш есігі жабылады. Ауыстырып қосқыш жіберілгеннен кейін, жүксалғыш есігі ағымдағы күйде тоқтайды.



Жүксалғыш есігін ашу үшін сыртқы қосқышты пайдалану

Қолданып жүрген смарт-кілтті өзіңізбен бірге алып жүріңіз немесе бүкіл автокөліктің құлпын ашқан кезде жүксалғыш есігін ашу үшін жүксалғыш есігінің сыртқы қосқышын басыңыз.




! ЕСКЕ САЛУ

- Жүксалғыш есігі қозғалып жатқан кезде, жүксалғыш есігінің сыртқы қосқышын басыңыз, нәтижесінде жүксалғыш есігі тоқтайды. Жүксалғыш есігінің сыртқы қосқышын қайта басыңыз, содан кейін жүксалғыш есігі қарама-қарсы бағытта қозғалады.

① Жүксалғыш қақпағын жабу түймесі

- Жүксалғыш қақпағы ашылып, қозғалыссыз тұрғанда жүксалғыш қақпағын жабу түймесін басыңыз. Осыдан кейін жүксалғыш қақпағы жабылады.
- Жүксалғыш қақпағын ағымдағы күйде бекіту үшін жүксалғыш қақпағын жабу түймесін екінші рет басыңыз. Жүксалғыш қақпағын кері бағытта жылжыту үшін жүксалғыш қақпағын жабу түймесін үшінші рет басыңыз.



② Көлікті құлыптау түймесі

- Жұқсалғыш қақпағын жабу және көлікті құлыптау үшін, көліктің электр қуаты өшірілген кезде қолыңызда жарамды смарт-кілтті ұстап тұрып, құлыптау түймесін басыңыз, содан кейін көлік айдап әкетуге қарсы режимде болады.

! ЕСКЕ САЛУ


- Мүлкіті жоғалтпау үшін, жұқсалғыш қақпағын жаппас бұрын есіктер, терезелер, панорамалық люк және т. б. дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз.

Жұқсалғыш қақпағын көліктің ішінен шұғыл ашу

- Жұқсалғыш есігінің қауіпсіздік тақтасындағы жұқсалғыш есігінің құлпын жөндеу үшін қақпақты шешіп алыңыз.



- Жұқсалғыш есігінің құлпын ашу үшін тұтқаны ① * / ысырманы ② * тартыңыз.



! ЕСКЕ САЛУ

- Көліктің қуаты толығымен өшірілген кезде, жұқсалғыш қақпағын ішінен ашуға болады.

Жұқсалғыш есігінің ашылу биіктігін баптау

- Жұқсалғыш есігін қолмен немесе автоматты түрде қалаған күйге орнатыңыз және оны осы күйде ұстап тұрыңыз, содан кейін жұқсалғыш есігінің ішкі қосқышын 3 с-тан астам басыңыз, бұл ретте динамик 1 с бойы сигнал береді, бұл жұқсалғыш есігінің ағымдағы биіктігін сәтті орнатуды көрсетеді.
- Сонымен қатар пайдаланушылар жұқсалғыш есігінің биіктігін «Жұқсалғыш есігінің ашылу биіктігі», «Мультимедиа» →  → «Автокөлікті баптау» → «Есікті, терезені және құлыпты баптау» баптау интерфейсінде реттей алады.

Қысып қалудан қорғау функциясы

- Егер электр жетегі бар жұқсалғыш есігінде оның жабық күйге өтуіне жол бермейтін күш болса, онда жұқсалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

- Егер жүксалғыш есігі оның қозғалуына кедергі көлтіретін күштің әсерінен ашылса, онда әрекет дереу тоқтатылады.

Жүксалғыш есігінің электр жетегі ажыратылған кезде

Электр жетегінің функциясын қалпына келтіру үшін жүксалғыш есігін қолмен толығымен жабыңыз.

Іске қосу аккумуляторын қайта қосқан кезде

Электр жетегі бар жүксалғыш есігінің дұрыс жұмыс істеуі үшін оны қолмен жабу керек.

! ЕСКЕРТУ

Жүксалғыш есігін пайдаланған кезде келесі сақтық шараларын қолданыңыз, әйтпесе дене мүшелері қысылып қалуы мүмкін, бұл ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

- Қысып қалудан қорғау функциясын мәжбүрлеп белсендіру үшін ешқашан қандай да болсын дене мүшелерін пайдаланбаңыз.
- Егер біреу жақын жерде болса, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз және жүксалғыштың есігі бірден ашылатынын немесе жабылатынын хабарлаңыз.
- Жүксалғыш есігін жапқан кезде саусақтарыңызды және т. б. іліп әкетпеу үшін өте мұқият болу керек.
- Жүксалғыш есігін ашпас немесе жаппас бұрын, ешкімге қауіп төнбейтініне көз жеткізіңіз.
- Автокөлікті жүргізген кезде жүксалғыш есігін жабық ұстаңыз.

! ЕСКЕРТУ

- Жүксалғыш есігін ашпас бұрын, одан қар мен мұзды алып тастаңыз. Олай істемесеңіз, бұл жүксалғыш есігінің ашылғаннан кейін кенеттен жабылуына әкелуі мүмкін.
- Жүксалғыш есігін электр жетегімен ашқан немесе жапқан кезде жүксалғыш есігіне күш салмаңыз.
- Желді ауа райы кезінде жүксалғыш есігін ашқанда және жапқанда абай болыңыз, өйткені жүксалғыш есігі кенеттен орнынан қозғалуы мүмкін.
- Жүксалғыш есігі толығымен жабылғанға дейін қандай да бір заттар қысылып қалса, қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер жүксалғыш есігі толық ашылмаса, ол кенеттен жабылуы мүмкін. Жүксалғыш есігін тегіс бетке қарағанда еңісті жерде ашу немесе жабу үшін көп күш қажет, сондықтан абай болыңыз: жүксалғыш есігі кездейсоқ ашылуы немесе жабылуы мүмкін. Жүксалғышты қолданар алдында жүксалғыш есігінің толық ашылғанына және бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Қысылатын заттың пішініне байланысты қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. Саусақтарыңызды немесе басқа заттарды қысып алмау үшін абай болыңыз.

Орталық консольдегі есік құлпын пайдаланып құлыптау/құлыпты ашу

Орталық консольдегі есік құлпын пайдаланып көлікті құлыптау немесе көлік құлпын ашу

Осы тараудың «Сол жақ алдыңғы есіктің ажыратқыштар тобы» бөліміндегі «Орталық консольдегі есік құлпы» бөлімін қараңыз.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау және ашу

- Көлік жылдамдығы 8 км/сағ құрағанда барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады.
- Оталдыру жүйесін өшіру үшін оталдыру/тоқтату түймесін басыңыз. Бұдан кейін барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады.

Барлық есіктерді бір уақытта құлыптау және ашу


- Көлік айдап әкетуге қарсы режимде болмаған кезде, егер көлік құлыптаулы болса, орталық консольдегі құлып түймесінің көмескі жарығы қосылып, көлік құлыпталмаған болса, өшеді.
- Орталық консольдегі есік құлпы түймесін басқанда барлық есіктер сырттан кез келген есікті ашу әрекеті нәтижесіз болатындай етіп құлыпталады. Бұл жағдайда есік құлпын ашу үшін есіктің ішкі тұтқасын тартып, есікті ашу үшін оны қайтадан тартыңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Автокөлік қатты соғылған кезде барлық есіктер автоматты түрде ашылады. Бұл соққы күші мен апат түріне байланысты.

Автокөлік есігін механикалық кілтпен апаттық құлыптау.

Егер орталық консольдегі құлып қосылмаса, алдыңғы сол жақ есікті механикалық кілтпен құлыптаңыз.



Құлыптау

1. Смарт-кілттен механикалық кілтті шығарыңыз.
2. Жүргізуші есігінен басқа үш есікті ашыңыз, ақ шибәрді суретте көрсетілгендей көрсеткі бағытындағы механикалық кілт тісімен төмен қарай жылжытыңыз, есікті жабыңыз. Ол бұғатталады.
3. Жүргізуші есігінен басқа үш есікті құлыптағаннан кейін, жүргізуші есігін ашып, тұтқаны көтеріп, ұстап тұрып, оны максималды ашылу бұрышына дейін тартыңыз.

4. Механикалық кілтті есіктің құлып саңылауына салыңыз, белгілі бір күш қолданыңыз және кілтті сағат тіліне қарсы максималды бұрышқа бұраңыз, механикалық кілтті бастапқы орнына қайтарыңыз да, оны шығарыңыз (осы бөлімдегі «Механикалық кілтті бұғаттау/бұғаттан шығару» бөлімін қараңыз).
5. Есіктің тұтқасын жіберіңіз де, барлық есіктердің құлыпталғанын тексеріңіз.

Құлыпты ашу

1. Смарт-кілттен механикалық кілтті шығарыңыз.
2. Есіктің тұтқасын көтеріп, ұстап тұрыңыз және оны максималды ашылу бұрышына дейін өзіңізге қарай тартыңыз.
3. Механикалық кілтті есіктің құлып саңылауына салыңыз, белгілі бір күш қолданыңыз және кілтті сағат тіліне қарсы максималды бұрышқа бұраңыз, механикалық кілтті бастапқы орнына қайтарыңыз да, оны шығарыңыз.
4. Есіктің тұтқасын жіберіңіз де, тұтқаны қайтадан тартып, жүргізуші жағындағы есікті ашыңыз.
5. Автокөліктің ішіне кіргеннен кейін, жүргізуші есігінен басқа қалған үш есіктің құлпын ашу үшін ішкі тұтқаны екі рет басыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Пайдалану процесінде кілттің шамадан тыс күш әсерінен деформацияланбауын немесе сынбауын қамтамасыз ету қажет.

Смарт кіру рұқсаты және оталдыру жүйесі

Көлік есіктерін ашу немесе құлыптау үшін смарт-кілтті пайдаланыңыз.

Кіру рұқсаты жүйесі


Автокөлік есіктерін ашу немесе құлыптау үшін смарт-кілтті пайдаланыңыз (осы бөлімдегі «Смарт-кілт арқылы құлыптау/құлпын ашу» бөлімін қараңыз).

Іске қосу функциясы

Егер смарт-кілт іште болса, көлікті іске қосу үшін тежегіш педалін және оталдыру/тоқтату түймесін басыңыз. (Толық ақпаратты Автокөлікті ішінен оталдыру бөлімінен қараңыз.)

Антеннаның орналасуы

- ① Ішкі антенна
- ② Сыртқы антенна




Әрекет ету аймағы

Смарт кіру рұқсаты мен оталдыру функциялары смарт-кілт әрекет ету аймағында болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

- ① Кіру функциясының әрекет ету аймағы: алдыңғы есіктің тұтқасынан және жүксалғыштың артқы ажыратқышынан шамамен 1 м.
- ② Оталдыру функциясының әрекет ету аймағы: салон ішінде

Егер автокөліктің смарт-кілтінің жанында басқа смарт-кілт болса, құлыпты ашу әдеттегіден ұзағырақ уақыт алуы мүмкін, бұл қалыпты жағдай.



! ЕСКЕ САЛУ

Смарт кіру рұқсаты және оталдыру жүйесі келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істей алмайды:

- Жақын жерде күшті электромагниттік өрістің көзі бар, мысалы, телемұнара, электр станциясы, радиохабар тарату станциясы.
- Смарт-кілт рация немесе ұялы телефон сияқты байланыс құрылғысының жанында орналасқан.
- Смарт-кілт металл затпен жанасады немесе металл затпен жабылған.
- Есік тұтқасы тым жылдам тартылды.
- Смарт-кілт тұтқаға тым жақын.

! ЕСКЕ САЛУ (жалғасы)

- Жақын жерде басқа сымсыз қашықтан басқару функциясы орындалуда.
- Смарт-кілт батареясының заряды таусылды.
- Смарт-кілт жоғары кернеулі құрылғылардың немесе шу шығаратын жабдықтың жанында орналасқан.
- Смарт-кілт басқа смарт-кілттің немесе радио толқындарын шығаратын құрылғының жанында орналасқан.
- Әрекет ету аймағында да смарт кілт белгілі бір жерлерде, мысалы, аспаптар тақтасында, қобдишада немесе еденде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер смарт кіру рұқсаты жүйесі дұрыс жұмыс істемесе және автокөлікке отыру мүмкін болмаса, жүргізуші есігін құлыптау/ашу үшін механикалық кілтті немесе барлық есіктерді құлыптау/ашу үшін сымсыз қашықтан басқару функциясын пайдалануға болады.
- Оталдыру/тоқтату түймесін басу келесі себептерге байланысты оталдыру функциясын қоспауы мүмкін:
 - » Смарт-кілттің жұмыс істемеуі. Егер аспаптар тақтасында смарт-кілттің ескерту сигналы қосылса және «Смарт-кілттің батареясы төмен. Батареяны қысқа мерзімде ауыстырыңыз» хабарламасы пайда болса, кілт батареясының заряды таусылған болуы мүмкін.

- » Жетекті қозғалтқыш қысқа уақыт ішінде бірнеше рет оталады. 10 с күтіп, содан кейін авто көлікті қайта оталдыру қажет.

- Егер жүйенің істен шығуы нәтижесінде смарт кіру рұқсаты мен оталдыру жүйелері дұрыс жұмыс істемесе, барлық смарт-кілттерді BYD компаниясының уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жеткізіңіз.

Батареяның зарядын үнемдеу


- Смарт-кілт автокөлік оталмаған кезде де автокөлікпен байланыста болады. Сол себепті смарт-кілтті көлікте немесе одан 2 м қашықтықта қалдырмаңыз.
- Күшті электрмагниттік толқындардың ұзақ әсері салдарынан смарт-кілт батареясының заряды тез таусылады. Смарт-кілтті келесі құрылғылардан кемінде 1 м қашықтықта сақтау керек:
 - » теледидарлар;
 - » компьютерлер;
 - » ұялы телефонды зарядтау құрылғылары;
 - » жарықтандыру аспаптары;
 - » люминесцентті үстел шамдары.

Баланы қорғау құлпы

Алдыңғы сол жақ есіктегі ажыратқыштар тобында орналасқан баланы қорғау құлыптары артқы орындықтарда отырған балалар артқы есіктерді кездейсоқ ашып қалмауына арналған. Балалар құлпы құрылғысы сол жақ артқы есіктің және оң жақ артқы есіктің бүйірлік жағтарында қарастырылған.

- ① Бұғаттаудан бас тарту
- ② Бұғаттауды іске қосу

Ысырма жабық болғанда, есікті көліктің ішінен ашуға болмайды. Мұндай есікті ашу үшін сыртқы есік тұтқасын пайдаланыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Көлік жүргізер алдында, әсіресе көлікте балалар болса, есіктердің жабық екеніне және баланы қорғауға арналған құлыптау функциясы іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану және баланы қорғау құлпын іске қосу жүргізуші мен жолаушылардың апат жағдайында көліктен ұшып кетпеуіне көмектесіп, сонымен қатар есіктердің кездейсоқ ашылуына жол бермейді.

Орындықтар

Орындықтар туралы ақпарат

- Жүргізуші көлікті жүргізу кезінде өзін ыңғайлы сезінуі үшін жүргізуші отырғышын педальдардан, рульден және алдыңғы панельден қашықтықта болатындай етіп реттеңіз.
- Көлікті жүргізу кезіндегі ең тиімді қауіпсіздік шарасы — орындық арқалығын түзу күйде ұстау, оған әрқашан сенімді сүйену және қауіпсіздік белбеуін дұрыс күйге келтіру.

- Автокөлік жүріп бара жатқан кезде артқы орындықтарды бүктеуге тыйым салынады.
- Жүгіңіздің сырғып кетуіне немесе қозғалуына жол бермеу үшін оны дұрыс бекітіңіз. Көліктегі жүк орындықтардың арқалығынан жоғары болмауы керек.

ЕСКЕРТУ

- Жиылған орындықтың арқалығына немесе жүкке отыруға болмайды. Дұрыс орналаспау немесе дұрыс бекітілмеген қауіпсіздік белбеулері шұғыл тежеу немесе соқтығысу кезінде ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Орындықтардың астына ешқандай заттарды қоймаңыз. Жүргізуші орындық астында орналастырылған заттардың орындықты құлыптау механизміне тиіп кетуі немесе орындықтың күйін реттеу иінтірегінің кездейсоқ басылуы, оның кенет қозғалып кетуі нәтижесінде көлік құралын басқа алмай қалуы мүмкін.
- Орындықты реттегенде, қысылып қалмас үшін қолыңызды орындықтың астына немесе оның қозғалатын бөліктерінің жанына қоймаңыз.
- Орындықтың арқалығын реттегеннен кейін, оның бекітілгеніне көз жеткізу үшін оған сүйеніңіз. Егер ол толықтай бекітілмеген болса, апат немесе шұғыл тежеу кезінде жарақаттануыңыз мүмкін.
- Көлікті жүргізген кезде орындықтың арқалығын түсірмеңіз. Қауіпсіздік белбеуіндегі иық элементі дұрыс орналаспағанда апат орын алған жағдайда сіз немесе сіздің жолаушыларыңыз оған тиіп кетіп, нәтижесінде мойын немесе дененің басқа бөліктері ауыр жарақаттанады. Не болмаса белбеудің бел бауы шығып кетіп, басқа ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Автокөлік жүріп бара жатқан кезде орындық жиналған күйінде болса, жиылған орындықтың арқалығына немесе жүкке отыруға тыйым салынады. Дұрыс орналаспау немесе дұрыс бекітілмеген қауіпсіздік белбеулері шұғыл тежеу немесе соқтығысу кезінде ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде белбеуді реттемеңіз, өйткені орындық кенет қозғалған кезде көлікті басқа алмауыңыз мүмкін.
- Жолаушылар дұрыс орналасқанша қозғалысты бастамаңыз.
- Артқы орындықтар түсірілген кезде, артқы орындықтар түсірулі болғанда артқы және алдыңғы орындықтар және орталық жол арасында дене мүшелерінің қысылып қалуынан болатын кедергілер мен жарақаттардың алдын алу үшін, артқы орындықтардың бассүйегіштерінің, сондай-ақ алдыңғы орындықтардың алдыңғы және артқы күйлерін тексеріңіз.

ЕСКЕ САЛУ

- Артқы орындықтарды бүктеген кезде қауіпсіздік белбеулеріне зақым келтірмеу үшін абай болыңыз. Сонымен бірге тоғалардың орындық жастықтарындағы ілгек ойықтарына дұрыс салынғанын тексеріңіз
- Орындықты реттеп алмай қауіпсіздік белбеулерін бекітпеңіз.
- Орындықты реттеген кезде оның жолаушыларға немесе жүкке соғылмағанына көз жеткізіңіз.

! ЕСКЕ САЛУ

- Орындық күпшегінің тереңдігі өзгерген кезде орындықтың алдыңғы/артқы күйін орындықтың артқы жағы 25° бұрышта еңкейтілген кезде бағыттаушы жылжыманың соңғы жүріс күйін қабылдайды.
- Орындық күпшектерінің енін өзгерту үшін арқалығының бұрышын жобалық күйге келтіріңіз (екінші қатардың арқалығын еңкейту бұрышы 28°), орындық жылжымасын * соңғы күйге келтіріңіз және оларды бөлу немесе біріктіру арқылы екінші қатардағы орындық күпшегінің енін өзгертіңіз.


Алдыңғы орындықтарды реттеу

Электржетекті алдыңғы орындықты реттеу

Электржетекті алдыңғы орындықты реттеу орындықты алға-артқа реттеуді, орындық көпшігін жоғары-төмен реттеуді, орындық негізінің бұрышын* реттеуді және орындық арқалығының бұрышын реттеуді қамтиды. Көлігіңіздегі функцияларға сәйкес төмендегі әдістерді таңдаңыз.

① Орындық күйін реттегіш

- Орындықты артқа немесе алға жылжыту үшін орындық күйін реттегішті артқа немесе алға жылжытыңыз.
- Негіздің бұрышын ауыстыру үшін реттегіштің артқы жағын жоғары немесе төмен жылжытыңыз.
- Орындықты көтеру немесе түсіру үшін реттегіштің артқы жағын жоғары немесе төмен жылжытыңыз.



② Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттегіш

- Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін реттегіштің жоғарғы жағын жылжытыңыз.

! ЕСКЕ САЛУ

- Ауыстырып қосқыш жіберілген кезде, орындық осы күйде тоқтайды. Орындықтың астына бөгде заттарды қоюға болмайды, әйтпесе бұл орындықтың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

! ЕСКЕ САЛУ (жалғасы)

Алдыңғы және артқы орындықтарды жылыту және желдету жүйесі

Пайдаланушы «Ыңғайлылық» интерфейсін ашу үшін мультимедияның жоғарғы жағындағы күй жолағын төмен сырғыту арқылы жылыту және желдету жүйесін қосуға немесе өшіруге болады.

Жылыту жүйесін реттеу

- Орындықты жылыту. Жылытқыш көпшіктің жұмысын орындықты жылыту реттегішімен басқару. Жылыту функциясының екі режимі бар: 1-режим және 2-режим. Жылыту екі аймаққа бөлінеді: жоғары температура және төмен температура.

- » Бастапқы күйінде қуат қосылған сайын жылыту индикаторы сөнеді.
- » Ажыратқышты бірінші рет басқанда, орындық жылытқышы жоғары температурада жұмыс істейді, бұл ретте екі қыздыру шамы жанады.
- » Қосқышты екінші рет басқанда, орындық жылытқышы төмен температурада жұмыс істейді, бірінші индикатор жанып, екіншісі сөнеді.
- » Қосқышты үшінші рет басқанда, қыздыру функциясы өшеді, екі индикатор да сөнеді.

Желдету жүйесін реттеу

- Желдеткіштің жұмысын орындықтың желдету реттегішімен басқарыңыз. Орындықты желдету функциясының екі режимі бар: 1-режим және 2-режим.
- » Бастапқы күйінде қуат қосылған сайын желдету индикаторы сөнеді.
- » Бірінші рет басқанда, орындықты желдету жоғары жылдамдық режимінде жұмыс істейді, бұл ретте екі желдету индикаторы жанады.
- » Қосқышты екінші рет басқанда, орындықты желдету төмен жылдамдық режимінде жұмыс істейді, бірінші индикатор жанып, екіншісі сөнеді.
- » Қосқышты үшінші рет басқанда, желдету функциясы өшеді, екі индикатор да сөнеді.

Желдету және қыздыру функцияларын бір уақытта қосу мүмкін емес.

- Желдету ажыратқышын басыңыз — желдеткіш жұмыс істей бастайды. Бұл жағдайда қыздырғыш ажыратқышын басқан кезде желдеткіш жұмысын тоқтатады және қыздырғыш жұмыс істей бастайды.

- Қыздыру ажыратқышын басыңыз — жылытқыш жұмыс істей бастайды. Бұл жағдайда желдеткіш ажыратқышын басқан кезде қыздырғыш жұмысын тоқтатады және желдеткіш жұмыс істей бастайды.

Электржетекті алдыңғы орындықты реттеу

Электржетекті алдыңғы орындықты реттеу орындықты алға-артқа реттеуді, орындық көпшігін жоғары-төмен реттеуді, орындық негізінің бұрышын* реттеуді және орындық арқалығының бұрышын реттеуді қамтиды. Көлігіңіздегі функцияларға сәйкес төмендегі әдістерді таңдаңыз.


Орындықтың алдыңғы және артқы күйін реттеу тұтқасы

- Реттеу тұтқасының ортасын ұстап тұрып, оны жоғары қарай тартыңыз, дененің жеңіл қысымымен орындықты алға және артқа қажет орынға сырғытыңыз да, тұтқаны жіберіңіз.
- Алдыңғы және артқы позицияларды реттегеннен кейін, орындықтың дұрыс күйде бекітілгенін растайтын бекіту дыбысына дейін орындықты алға және артқа сырғытыңыз.




Арқалықты реттеу тұтқасы

- Реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз, арқаңызбен арқалыққа сүйеніп, оны алға немесе артқа еңкейтеңіз, арқалықты дұрыс күйге орнатыңыз, содан кейін тұтқаны жіберіңіз.



Артқы орындықтарды жинау

Артқы орындықтың арқалығын жинау үшін артқы орындықтардағы қайырмалы бауды тартыңыз.



! ЕСКЕ САЛУ

- Артқы орындықтарды жинағанда немесе жайғанда, арқалықтарды тез түсіріп, көтермеу үшін асықпаңыз. Олай болмаса, бұл артқы орындықтар мен арқалықтардағы қауіпсіздік белбеулерінің зақымдалуына немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Артқы орындықты жайған кезде арқалығын артқа итермеңіз, себебі бұл арқалықтың алдын ала тартылуына және оның құлпын ашу мүмкін еместігіне әкелуі мүмкін.
- Арқалықты еңкейткен кезде тоғалар орындықтағы қарастырылған саңылауларды жаппайтынына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белбеуінің ысырмасы ілгекке салынған кезде орындықты аудармаңыз.


Артқы қатардағы орындықтардың бассүйегіштері

1. Бассүйегішті көтеру

Бассүйегішті бассүйегіш тұтқасының бағытына қарай тиісті күйге тартыңыз және құлыптау дыбысын естігеннен кейін оны жіберіңіз.

2. Бассүйегішті түсіру

Бассүйегіштің биіктігін реттеу түймесін басып тұрыңыз, бассүйегішті қажет күйіне сырғытыңыз да, жіберіңіз.



3. Бассүйегішті шешіп алу


Бассүйегіштің биіктігін реттеу түймесін басып тұрыңыз, бассүйегішті тартып шығарып алыңыз да, түймені жіберіңіз.

4. Бассүйегішті орнату

Бассүйегіштің тартымын төлкеге салыңыз, ойықты алға қаратып ұстаңыз. Бассүйегіштің биіктігін реттеу түймесін басып тұрыңыз, сәйкес күйге келтіру үшін бассүйегішті басып, жіберіңіз.

! ЕСКЕ САЛУ

- Бассүйегішті жолаушыға мойын жарақаттарынан және өзге де бас жарақаттарынан аулақ болуға мүмкіндік береді. Бассүйегішті жолаушының желкесін бассүйегіштің ортасына сәйкес келтіріп реттеңіз: бұл жағдайда бассүйегіш барынша қорғауды қамтамасыз етеді. Бассүйегішті жолаушының нақты бойына сәйкес реттеңіз.
- Бассүйегіштің биіктігін оның ортасы құлақтың жоғарғы жағымен бір деңгейде болатындай етіп реттеңіз.
- Бассүйегішті реттегеннен кейін оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



! ЕСКЕРТУ

- Көлікті басқара алмай қалу қаупі туындамауы үшін көлікті жүргізу кезінде рульді реттеуге болмайды.
- Рульді реттегеннен кейін оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

! ЕСКЕ САЛУ (жалғасы)

- Автокөлікті бассүйегішсіз жүргізбеңіз.
- Бассүйегіштің тартым күшіне ештеңе байламаңыз.

Күшейткіші бар руль режимін орнату

- Руль күшейткішінің күшін адамдар әр түрлі сезінеді, әр түрлі бағалайды және оған деген қажеттілік те әр түрлі.
- «Жайлылық» немесе «Спорт» руль режимін таңдау үшін (ақпарат жүйесі) → Көлік баптаулары → Интеллектуалды жүріс бөлігі бөліміндегі «Рульді күшейту» бетіне өтіңіз.

Руль

Рульді реттеу

Рульді қолмен реттеу*

Рульдің еңкею бұрышын немесе осьтік орналасуын реттеу үшін рульді ұстап тұрып келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Рульді қажетті күйге келтіру үшін рульді реттеу тұтқасын төмен қарай басыңыз және тұтқаны бастапқы күйіне қайтарыңыз.


! ЕСКЕ САЛУ

- Егер руль жоғары жылдамдықта жеңіл сезінсе, «Спорт» рульді күшейту режимін орнатыңыз.

Ауыстырып қосқыш


Жарық аспаптарының қосқыштары

Жарық аспаптары қосқышының ұшындағы тұтқаны «0» күйіне бұраңыз, содан кейін күндізгі жүріс жарықтарын қоспағанда, барлық жарық сигналдары сөнеді.




Автожарықтандыру

Жарық аспаптары қосқышының ұшындағы тұтқаны «» күйіне бұраңыз. Борттық жүйелерді басқару блогы жарық қарқындылығы сенсорынан жарық деңгейі туралы деректерді алады және габарит жарықтары мен таяу жарық фараларын автоматты түрде қосады немесе өшіреді.




Габарит жарықтары

Габарит жарықтарын қосу үшін жарық аспаптары қосқышының ұшындағы тұтқаны «» күйіне бұраңыз.




Таяу жарық фаралары

Таяу жарық фараларын қосу үшін жарық аспаптары қосқышының ұшындағы тұтқаны «» күйіне бұраңыз.




Артқы тұман фаралары

Артқы тұман фараларын қосу үшін жарық аспаптары қосқышының ұшындағы тұтқаны «» күйіне, ал тұман фараларының қосқышын «» күйіне бұраңыз.




Шалғай жарық фаралары

Жарық аспаптары қосқышының ұшындағы тұтқаны «» күйіне бұраңыз және шалғай жарық фараларын қосу үшін жарық сигналының қосқышын төмен қарай (рульден қарай) түсіріңіз.



Басып озуды білдіретін жарық сигналы


Басып озуды білдіретін жарық сигналын қосу үшін жарық аспаптарының қосқышын (рульге қарай) көтеріңіз. Жарық аспаптарының қосқышы автоматты түрде бастапқы күйіне оралуы үшін тұтқаны жіберіңіз. Басып озуды білдіретін жарық сигналы сөнеді.



Бұрылыс көрсеткіштері

- Біріктірілген қосқыштың тұтқасын жоғары қарай тартыңыз. Аспаптар тақтасындағы оң жақ бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткішінің индикаторы бір уақытта жыпылықтай бастайды.

- Біріктірілген қосқыштың тұтқасын төмен қарай тартыңыз. Аспаптар тақтасындағы сол жақ бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткішінің индикаторы бір уақытта жыпылықтай бастайды.
- Бұрылыс көрсеткіштерін қосқаннан кейін, тұтқаны жіберсеңіз де, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтай береді. Рульді максималды бұрышқа бұрған кезде бұрылыс сигналдары автоматты түрде сөнеді. Жүргізу стиліне байланысты кейбір шұғыл жағдайларда бастапқы күйге оралу үшін толық айналым қажет болуы мүмкін.



Жарықтың автоматты түрде өшуі

- Жарықтың автоматты түрде өшуі функциясын іске қосу шарттары: бұл функцияны іске қосу үшін жарық аспаптарының біріктірілген қосқышын «» немесе «» күйіне орнатыңыз және көліктің қуат көзін «Оталдыру» күйінен «Тоқтату» күйіне ауыстырыңыз.
- Жарықтың автоматты түрде өшуі функциясы іске қосылған кезде, кемесі жарық, габарит жарықтары, артқы тұман фаралары және қосылған шалғай жарық фаралары сол жақ алдыңғы есік жабық болса 10 секунд ішінде өшеді.

- Жарықтың автоматты түрде өшуі функциясы іске қосылған кезде, көмескі жарық, габарит жарықтары, артқы тұман фаралары және қосылған шалғай жарық фаралары сол жақ алдыңғы есік жабық болса 10 минут ішінде өшеді.
- Жарық автоматты түрде өшкеннен кейін жарық режимі өзгерсе, бұл жарық аспаптары жаңа күйіне сәйкес жанады. Егер жарықтың автоматты түрде өшуі функциясын іске қосу шарттары әлі де орындалса, функция қайтадан іске қосылады.
- Жарықты автоматты түрде өшіру функциясын сөндіру. Автокөліктің қуаты қосылып тұрған кезде, жарықтың автоматты түрде өшуі функциясы өшіріледі және жарық аспаптары қосқышының тұтқасы қалыпты жұмыс істейді.
- Жарықтың автоматты түрде өшуі функциясы іске қосылып, жарық аспаптары сөніп, айдап әкетуге қарсы режим іске қосылған кезде айдап әкетуге қарсы функцияны өшірсе, жарық аспаптары қайта қосылады. Егер сол жақ алдыңғы есік жабық күйінде қалса, жарықтандыруды автоматты түрде өшіру функциясы 10 с ішінде жарық аспаптарын сөндіреді, бірақ есік ашық болса, ол 10 мин ішінде жарық аспаптарын өшіреді.

Жарықтың өшуін кідірту

- «Үйге апаратын жол» жарығы:
 - » «Үйге апаратын жол»  жарығын өшірудің кешігу уақытын ақпарат жүйесінде орнатуға болады (әдепкі бойынша: 10 с). Жарық аспаптары реттегіші «», «» немесе «» күйіне орнатылып тұрғанда көліктің қуатын өшіріп, төрт есікті құлыптап, көліктен шыққыңыз келгенде, үйге апаратын жолды жарықтандыру үшін тиісті жарық сигналдары 10 С бойы (немесе белгіленген уақыт ішінде) жанады.
- «Үйден шыққан кездегі жол» жарығы
 - » «Үйден шыққан кездегі жол»  жарығын өшірудің кешігу уақытын ақпарат жүйесінде орнатуға болады (әдепкі бойынша: 10 с). Жарық аспаптары реттегіші «», «» немесе «» күйіне орнатылып тұрғанда көлікті ашып, оған жақындағыңыз келсе, үйден шыққан жолды жарықтандыру үшін тиісті жарық сигналдары 10 секундқа (немесе белгіленген уақытқа) жанады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жарықтандыруды қосу және өшіру ұзақтығын мультимедиа интерфейсында орнатуға болады.

Әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы

- Иіңтірек әйнектазартқыштар мен әйнек жуғышты басқару үшін қолданылады. Иіңтіректің бес режимі бар:


: әйнектазартқыштардың жоғары жиілікпен үзіліссіз жұмыс істеу режимі

: әйнектазартқыштардың төмен жиілікпен үзіліссіз жұмыс істеу режимі

: үзік режим


: тоқтату

: бір реттік тазалау




- Режимді таңдау үшін иіңтіректі басыңыз немесе тартыңыз.
- Жоғары және төмен жылдамдық режимдерінде әйнектазартқыштар үздіксіз жұмыс істейді.

- Әйнектазартқыштар «» режимінде бір рет жұмыс істеуі үшін «» күйіндегі иіңтіректі тартыңыз. Әйнектазартқыштар иіңтіректі жібергенге дейін төмен жылдамдықта жұмыс істейді.
- «» үзік режимінде жаңбыр индикаторының жолағы тар болғандықтан, қосу аралықтарын ұлғайту үшін сұрткіш қосқышындағы тұтқаны бұруға болады.




Алдыңғы әйнектазартқыштар

- Алдыңғы әйнекті тазалау үшін әйнектазартқыштың басқару тұтқасын артқа тартыңыз (рульге жақын) — жуғыштар әйнектазартқыштармен бірге қосылған кезде суды шашыратуды жалғастырады.
- Егер тұтқаны ұстау уақыты 1 с-тан аз болса, әйнектазартқыш ағымдағы іске қосылғаннан кейін суды бір рет алып тастайды. Егер сіз қосқышты 1 с-тан артық ұстасаңыз, әйнектазартқыш суды 2 рет алып тастайды.




Артқы әйнектің әйнектазартқыштары мен жуғыштары

- Әйнектазартқыш қосқышының соңындағы тұтқаны «» күйіне бұраңыз — артқы әйнектазартқыштар қосылады; тұтқаны «» күйіне бұраңыз — әйнектазартқыштар жұмысын тоқтатады.
- Қосқыштың тұтқасын артқы әйнектазартқыштың «» күйіне бұраңыз — бұл ретте артқы әйнектазартқыштар мен жуғыштар бір уақытта қосылады.



- Қосқыштың тұтқасын артқы әйнектазартқыштың «» күйіне бұрап, жіберіңіз. Жуғыш сұйықтықты шашыратқаннан кейін әйнектазартқыштар тағы 2 рет іске қосылады.



! ЕСКЕ САЛУ

- Әйнектазартқыш щеткаларын үнемі тексеріп, оларға жабысқан кірді кетіріңіз.
- Жаңбыр жауатын кезде әйнектазартқышты қоссаңыз, құммен және шаңмен араласқан су алдыңғы әйнекті тазалай алмайды, сонымен қатар көлік жүргізу қауіпсіздігіне теріс әсер ететін лезде бұлыңғырлықты тудырады.
- Әйнек тазалауға арналған құралды қолданыңыз. Су немесе жуғыш заттардың басқа түрлері әйнектазартқыш қозғалтқышына зақымдалуына келтіруі мүмкін.
- Егер жүксалғыш есігі ашық немесе толық жабылмаған болса, артқы әйнектазартқыш функциясын басқару қосқышы жұмыс істемейді; жүксалғыш есігі жабылғаннан кейін артқы әйнектазартқыш функциясы қалыпты күйге оралады.

Алдыңғы сол жақ есіктің қосқыштар тобы

- Әр есіктегі қосқыштар әйнеккөтергіштерді басқарады.
- Оталдыру жүйесінің кілті қуатты қосуды кідірту уақыты ішінде «ОК» және OFF күйінде болуы керек.

Әйнеккөтергіштің электр қосқышы

- Жүргізуші жағындағы әйнеккөтергіш реттегішінде сәйкесінше төрт есіктің терезелерін жабуға және ашуға арналған төрт түйме бар.
 - » Әйнекті түсіру үшін қосқышты басыңыз.
 - » Әйнекті көтеру үшін қосқышты тартыңыз.



Автоматты режим (қысып қалудан қорғау функциясы болған кезде)

- Түсіру. Ауыстырып қосқышты басып, оны екінші күйге жылжытып, содан кейін жіберіңіз. Тиісті әйнек автоматты түрде төмен түседі.
- Көтеру. Ауыстырып қосқышты тартып, оны екінші күйге жылжытып, содан кейін жіберіңіз. Тиісті әйнек автоматты түрде көтеріледі.
- Әйнекті ортасында тоқтату үшін түймені ақырын артқа жылжытыңыз.

Қолмен реттеу режимі

- Түсіру. Ауыстырып қосқышты басып, оны бірінші күйге жылжытып, содан кейін жіберіңіз. Тиісті әйнек қол режимінде түсіріледі.
- Көтеру. Ауыстырып қосқышты тартып, оны бірінші күйге жылжытып, содан кейін жіберіңіз. Тиісті әйнек қол режимінде көтеріледі.

Қысып қалудан қорғау функциясы *

Терезе әйнегін көтерген кезде біреу немесе кез келген зат қысылып қалса, әйнек тоқтап, автоматты түрде төмен түседі.

Қысып қалудан қорғау функциясын іске қосу

- Әйнекті көтеру немесе түсіру кезінде аккумулятордан келетін қуат өшіп қалса, онда автоматты көтеру функциясы да, қысып қалудан қорғау функциясы да орындалмайды. Инициализация баптаулары келесідей орындалуы керек:
- Автокөліктің әйнеккөтергіштерді басқару қосқышын жоғары көтеріп, оны әйнек жоғарғы жағына көтеріліп, 0,5 с бойы жоғары күйде құлыпталатындай етіп ұстаңыз.
- Әйнекті көтеру функциясын бір рет тұрту арқылы пайдаланған кезде, егер әйнек жоғарғы тығыздағыш таспаға жетіп, біраз қарсылық сезінсе, онда әйнек қысып қалудан қорғауды іске қосу нәтижесінде кері бағытта қозғалады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қысып қалудан қорғау функциясын жиі іске қосу көтергіш қозғалтқышының қызып кетуінен қорғау функциясын іске қосады.
- Қысып қалудан қорғау функциясын денеңіздің мүшелерімен қосушы болмаңыз.
- Қысып қалудан қорғау функциясы терезе толығымен жабылғанға дейін істен шығуы мүмкін.
- Егер автоматты көтеру және қысып қалудан қорғау функциялары орындалмаса, BYD компаниясының уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

Әйнектерді бұғаттау түймесі

- Әйнектерді бұғаттау түймесін басқан кезде әйнектерді бұғаттаудың қызыл индикаторы жанады. Тек жүргізуші жағындағы ауыстырып қосқыш төрт есік әйнегін басқаруға мүмкіндік береді, артқы терезе қосқышы басқа әйнектерді басқаруға мүмкіндік бермейді.
- Әйнектерді бұғаттау түймесін қайта басқан кезде, әйнектерді бұғаттаудың қызыл индикаторы сөнеді, ал артқы әйнектердің ауыстырып қосқыш қалыпты жұмыс күйіне оралады.



Орталық есік құлпы


Жүргізуші есігі есік құлпының электр ажыратқышымен жабдықталған, оның көмегімен автокөліктің барлық есіктерін құлыптауға және ашуға болады.

Құлыптау

Орталық консольдегі құлыптау түймесін басыңыз. Осыдан кейін барлық есіктер құлыпталып, қызыл құлып шамы жанады.

Құлыпты ашу

Орталық консольдегі құлыпты ашу түймесін басыңыз. Осыдан кейін барлық есіктер ашылып, құлыптың қызыл индикаторы сөнеді.




Бүйірлік сыртқы айналарды реттеу түймелері

Бүйірлік айналарды таңдау түймесі

-  Сол жақ сыртқы айна түймесі
-  Оң жақ сыртқы айна түймесі

Бүйірлік сыртқы айналарды реттеу түймелері

Бүйірлік сыртқы айнаны дұрыс күйге келтіру үшін осы түймені басыңыз.



Бүйірлік сыртқы айналарды жинау түймесі

Бүйірлік айналарды жинау немесе ашу үшін осы түймені басыңыз.


❗ ЕСКЕ САЛУ

- Егер артқы көрініс айналарына мұз қатып қалса, контроллерді пайдаланбаңыз және айнаның бетін қырғышпен тазаламаңыз — айнаның бетін мұздан тазарту үшін мұздауға қарсы аэрозольді пайдаланыңыз.

Жүріп өткен жолды ауыстырып қосу

Жүріп өткен жол санауышын қосқыш

- Жалпы жүріп өткен жол, 1-жүріп өткен жол, 2-жүріп өткен жол, HEV жүріп өткен жолы және жалпы жүріп өткен жол арасында ауыстырып қосу үшін жүріп өткен жол санауышының қосқышын басыңыз, сонда аспаптар тақтасында тиісті ақпарат көрсетіледі.
- Жүріп өткен жол туралы ақпаратты жою үшін «1-жүріп өткен жол» және «2-жүріп өткен жол» басып тұрыңыз.




Алдыңғы фараларды реттеу

Алдыңғы фараларды реттеудің ауыстырып қосқышы

- Бұл ауыстырып қосқыш фараларды еңкейту бұрышын жоғары және төмен бағытта реттеу үшін қолданылады. Бұл қосқыш таяу жарық шамдарын қосқанда жұмыс істейді.

- Алдыңғы фараларды реттеудің ауыстырып қосқышы «0» күйінде болғанда, фара жарығының шоғыры мүмкіндігінше жоғары бағытталған; алдыңғы фараларды реттеудің ауыстырып қосқышы 5 күйінде болғанда, фара жарығының шоғыры мүмкіндігінше төмен бағытталған. Жүргізушінің қажеттіліктеріне байланысты ауыстырып қосқышты 0-ден 5-ке дейінгі күйге орнатыңыз және фара жарығы шоғырының биіктігі сәйкесінше өзгереді.



Апаттық сигнал беру жүйесі

Егер  қосқышын бассаңыз, барлық бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтай бастайды, аспаптар тақтасының бұрылыс көрсеткішінің индикаторы бір уақытта жыпылықтайды; жыпылықтауды тоқтату үшін  қосқышын қайта басыңыз.



03

КОНТРОЛЛЕР ЖҰМЫСЫ

Рульдегі ауыстырып қосқыштар блогы

Рульдегі ауыстырып қосқыштар блогы



Сол жақ түйме

Круиз-контрольдің ауыстырып қосқышы *



- Круиз-контроль жүйесін қосу және сөндіру.

+ / RES

- Тұтқаны жоғары бұраңыз. Қысқа басу жылдамдықтың біртіндеп ұлғаюына әкеледі; ұзақ басу жылдамдықтың біркелкі ұлғаюына әкеледі.
- Круиз-контроль жүйесін іске қосыңыз, бұл ретте жүйенің соңғы параметрлері шығарылады.

- / SET

- Тұтқаны төмен бұраңыз. Қысқа басу жылдамдықтың бірізді төмендеуіне әкеледі; ұзақ басу жылдамдықтың біртіндеп төмендеуіне әкеледі.
- Ағымдағы жылдамдықты қажетті тұрақтандырылған жылдамдық ретінде орнатыңыз.

Автокөліктер арасындағы қашықтық –



- ACC функциясы қосылып тұрғанда алдыңғы көліктен қашықтықты бір бөлімге қысқартады.

Автокөліктер арасындағы қашықтық +



- ACC функциясы қосылып тұрғанда қашықтықты бір бөлімге арттырады.

Интеллектуалды жүргізу жүйесі



- Интеллектуалды жүргізу функциясын қосады және өшіреді. (Бұл мүмкіндікті қосу үшін ACC функциясын қосу қажет.)



ЕСКЕ САЛУ

- Круиз-контроль функциясын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін «Бейімделетін круиз-контроль» * 4-тарауындағы «Пайдалану және жүргізу» бөлімін қараңыз.

Тапсырыс түймесі



- Егер тапсырыс түймесінің баптауы орнатылмаған болса, қысқа басу зауыттық әдепкі функцияны: медиа дисплейді бұруды іске қосады. Ұзақ басу баптау интерфейсін ашады. Баптау функцияларына мультимедиа дисплейін бұру, бейнежазғыш (бейнежазғыш*) көмегімен суретке түсіру және құлыптау *кіреді.
- Егер тапсырыс түймесі белгілі бір функцияға бапталған болса, қысқа басу бұл функцияны іске қосады, ұзақ басу баптау интерфейсіне кіруге, сондай-ақ қайта баптауға немесе баптауды жоюға мүмкіндік береді.

Панорамалық шолу

- Панорамалық сурет түймесін басыңыз, бұл ретте мультимедиа панорамалық режимге кіреді.
 - » Қосулы тұрған панорамалық көріністі өшіреді немесе өшірулі панорамалық көріністі қосады.

Оң жақтағы түймелер**Ролик****Ақпарат жүйесі**

- Роликті жоғары айналдыру: максималды көлемде тоқтағанша дыбыс деңгейін бір деңгейге көтереді (бір айналымда 12 күй).
- Роликті төмен айналдыру: ең төменгі дыбыс деңгейінде тоқтағанша дыбыс деңгейін бір деңгейге төмендетеді (шеңберде 12 позиция).
- Роликті басу: Дыбыссыз режим.
 - » Дыбыссыз режим қосылған кезде ақпараттық жүйе үнсіз режимге өтеді. Бұл кезде дыбыс деңгейін реттеу арқылы дыбыссыз режимді өшіру мүмкін емес, бірақ роликті тағы бір рет басу керек немесе тез реттеу тақтасындағы дыбыссыз ажыратқышты басқаруыңыз керек.

Аспаптар тақтасы

- Роликті жоғары айналдыру
 - » Аспаптар тақтасы мәзір режимінде болғанда, 2-деңгей мен 3-деңгейдің жоғарғы мәзір элементтерін таңдайды.
- Роликті төмен айналдыру
 - » Аспаптар тақтасы мәзір режимінде болғанда, 2-деңгей мен 3-деңгейдің төменгі мәзір элементтерін таңдайды.

Солға/оңға**Ақпарат жүйесі**

- Радиостанция режимінде
 - » Алдыңғы радиостанцияны таңдау үшін ◀ түймесін басыңыз.
 - » Келесі радиостанцияны таңдау үшін ▷ түймесін басыңыз.
- USB музыка Bluetooth/ басқа музыкалық қолданбалар режимінде және басқа режимдерде:
 - » Алдыңғы тректі ойнату үшін ◀ түймесін басыңыз (трек нөмірі –1).
 - » Bluetooth қоңыраулары жазбаларынан немесе телефон кітапшасының бетінен жоғарыдағы жазбаны таңдау үшін ◀ түймесін басыңыз.
 - » Келесі тректі ойнату үшін ◀ түймесін басыңыз (трек нөмірі +1).
 - » Bluetooth қоңыраулары жазбаларынан немесе телефон кітапшасының бетінен төмендегі жазбаны таңдау үшін ▷ түймесін басыңыз.

Аспаптар тақтасы

- Аспаптар тақтасы мәзір режимінде болғанда:
 - » 1-деңгей мәзіріне және сол жақтағы оның ішкі тармақтарына өту үшін ◀ түймесін басыңыз.
 - » 1-деңгей мәзіріне және оң жақтағы оның ішкі тармақтарына өту үшін ▷ түймесін басыңыз.
- Жоспарланған зарядтаудың басталу уақытын орнатқан кезде
 - » Сағат пен минутты баптау опциялары арасында ауысу роліндегі [◀/▷] түймесін басу арқылы жүзеге асырылады.

Қоңырау



- Қоңырау шалу немесе қабылдау үшін түймені басыңыз. (Бұл уақытта аудиожүйе дыбыссыз режимде болады.)
- Егер қазіргі уақытта Bluetooth-ке қатысы жоқ бет көрсетілсе, Bluetooth өшірілген болса, телефонды таңдау бетіне немесе Bluetooth қосылған болса, негізгі нөмірді теру бетіне ауысу үшін осы түймені басыңыз.
- Нөмірді теру бетінде телефон нөмірін енгізгеннен кейін немесе қоңыраулар тарихында жазбаны таңдағаннан кейін немесе телефон кітапшасы бетінде нөмірді теру үшін осы түймені басыңыз.
- Егер Bluetooth қосылған болса, бірақ негізгі теру бетінде нөмір енгізілмеген болса, қоңырау тарихы бетінің терілген нөмірлері бетіне ауысу үшін осы түймені басыңыз. Жүйе қоңырау тарихы бетінде бірінші терілген нөмірді автоматты түрде теруі үшін осы түймені қайтадан басыңыз.

Дауысты тану



- Ақпарат жүйесінің экраны дауысты тану бетіне ауысуы үшін осы түймені басыңыз.

Аспаптар тақтасы / артқа



- Аспаптар тақтасы мәзір режимінде болмаған кезде Аспаптар тақтасы/Артқа түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасы көрсетіледі.
- Егер аспаптар тақтасы мәзір режимінде болса, алдыңғы деңгей бетіне оралу немесе алдыңғы деңгей беті жоқ болса, мәзірден шығу үшін Аспаптар тақтасы/Артқа түймесін басыңыз.

- Егер сіз Bluetooth шақыру бетінде болсаңыз, қоңырауды аяқтау үшін осы түймені басыңыз.

Режим

- Режимді таңдау Медиақолданбалар, перифериялық құрылғылар және алдын ала орнатылған үшінші тарап аудио және бейне қолданбалары арасында ауысу үшін «Режим» түймесін басыңыз.

Клаксон



Дыбыстық сигнал беру үшін клаксон түймесін басыңыз, сигналды тоқтату үшін клаксон түймесін жіберіңіз.



ЕСКЕ САЛУ

- Жол ережелерін сақтаңыз және клаксонды ақылмен қолданыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Клаксонды тым ұзақ баспаңыз, себебі бұдан ол зақымдауы мүмкін.

Төбедегі люк қосқышы

Төбедегі люкті тек оталдыру жүйесі қосұлы тұрғанда немесе электр қуатын өшірудің көшігу кезеңі аяқталған кезде ғана басқаруға болады.

Люкті ашу

- Люкті қол режимінде ашу үшін төбедегі люкті ашу түймесін ① басып тұрыңыз. Люкті тоқтату үшін ортадағы түймені жіберіңіз.
- Желдету үшін люкті жоғары еңкейту үшін люкті ашу түймесін ① басып, дереу жіберіңіз. Түймені қайта басқанда, люкті автоматты түрде ашу режимін 2/3 етіп орнатады. Түймені тағы бір рет басу люкті толығымен ашады. Люкті ағымдағы күйінде қалдыру үшін ортадағы ① түймесін немесе ② түймесін басыңыз.



Люкті жабу

- Люкті қол режимінде жабу үшін төбедегі люкті жабу түймесін ② басып тұрыңыз. Түймені жібергенде, люк тоқтайды.
- Люк іске қосылған болса, люкті жабу түймесін ② басқаннан кейін бірден жіберіп қалсаңыз, люк автоматты түрде жабылады. Люкті ағымдағы күйінде қалдыру үшін ортадағы ① түймесін немесе ② түймесін басыңыз.

Күнқағар қалқаны ашу

- Қалқаны қол режимінде ашу үшін күнқағар қалқаны ашу түймесін ① басып тұрыңыз. Қалқаны тоқтату үшін ортадағы түймені жіберіңіз.

- Күнқағар қалқаны ашу түймесін ① баса салысымен бірден жіберіңіз. Қалқа автоматты түрде ашылады. Қалқаны тоқтату үшін ортадағы ① немесе ② түймесін басыңыз.



Күнқағар қалқаны жабу

- Қалқаны қол режимінде жабу үшін күнқағар қалқаны ашу түймесін ① басып тұрыңыз. Қалқа ағымдағы күйде қалуы үшін ортадағы түймені жіберіңіз.
- Люк іске қосылған болса, люкті жабу түймесін ② басқаннан кейін бірден жіберіп қалсаңыз, люк автоматты түрде жабылады. Люкті ағымдағы күйінде қалдыру үшін ортадағы ① түймесін немесе ② түймесін басыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жоғарғы люктің күнқағар қалқа матасын ашқанда немесе жапқанда көп күш жұмсап тартпаңыз, себебі бұл күнқағар қалқаға зақым келтіруі мүмкін.

Күнқағар қалқаның бірге ашылу функциясы

Люктің ашылуымен бір мезгілде күнқағар қалқа ашылады.

Қысып қалудан қорғау функциясы

Егер жоғарғы люкті немесе күнқағар қалқаны жапқан кезде адам немесе зат қысылып қалса, онда жоғарғы люк немесе күнқағар қалқа белгілі бір қашықтыққа автоматты түрде ашылады.

ЕСКЕРТУ

- Люк ашылған немесе жабылған кезде люктен алыс тұрыңыз.
- Жолаушылар қолдарын немесе бастарын люктің саңылауына салмауы керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Люкті сыртқы ауа температурасы 0°C-ден төмен болғанда немесе оны қар немесе қырау басқан кезде ашуға әрекет жасау люкті немесе оның қозғалтқышын зақымдауы мүмкін.

Іске қосу әдісі

Егер оталдыру жүйесі қосулы болса, сигнал шынайы, ал люк белсенді емес күйде болса, оны іске қосу үшін келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

1. Люкті толығымен жабу үшін люкті жабу реттегішін басыңыз.

2. Күнқағар қалқаны толығымен жабыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Іске қосу кезінде іске қосу толық аяқталғанша люк реттегішінің «Өшір.» түймесін басып тұрыңыз.
- Люк пен күнқағар қалқа бір уақытта іске қосылады.

Е-call ауыстырып қосқышы *

Е-Call

- Е-call шұғыл қоңырау шалу (Emergency Call) дегенді білдіреді. Е-Call функциясы SOS батырмасын 1-10 с қолмен басқан кезде қосылады және егер SOS батырмасы 5 с ішінде қайта басылмаса, қоңырау жібереді.



- Егер пайдаланушы кездейсоқ SOS батырмасын басса, қоңырауды болдырмау үшін оны 5 с ішінде қайта басуға болады.
- Е-Call функциясы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде немесе автокөлік қатты соқтығысқан кезде автоматты түрде іске қосылады.

- Іске қосылғаннан кейін E-call жүйесі шұғыл қызмет нөмірін автоматты түрде тереді және MSD хабарламаларының стандарт жиынтығын қоғамдық қауіпсіздік қызметінің байланыс орталығына (Public Safety Answering Point) жібереді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер SOS батырмасын басу 20 с-тан астам уақытқа созылса, E-Call функциясын қолмен өшіру мүмкін болмай, SOS үнемі қысқа тұйықталу (түйменің көптелуі) болып саналады.

- E-Call функциясы нөмірді тергеннен кейін, пайдаланушы PSAP тұтқаны ілмегенше/ қатарынан 10 рет қолжетімді болмағанын көрсетпегенше оны қолмен жоя алмайды — жүйе 60 минут жауапты күту режиміне өтеді.
- Қуат қосылғаннан кейін E-Call жүйесінің өзін-өзі тексеру процесінде индикатор 2 Гц жиілікпен жылдам жыпылықтайды; E-call жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұрғанда — үнемі жанып тұрады; E-call жүйесі қосылып, дауыстық қоңырау басталғанда — 1 Гц жиілікпен жыпылықтайды; E-Call жүйесінің дауыстық қоңырауы аяқталған кезде — үнемі жанып тұрады; әлсіз сигналмен GPS-0,5 Гц жиілікпен баяу жыпылықтайды, GPS сигналы қалпына келгенде — үнемі жанып тұрады; E-call жүйесі елеулі ақауларды анықтаған кезде — сөнеді.


Ішкі жарық қосқышы

Ішкі алдыңғы шамдар

- Ішкі алдыңғы шам



- Бүйірлік алдыңғы шам



Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда және есіктің ауыстырып қосқышы қосылып тұрғанда, қосқышқа тиген кезде, есік ашық болса, салоны жарығы шамы жоғары және төмен жарықтық арасында ауысып тұрады және сөнбейді; талдыру жүйесі өшіп тұрғанда және есіктің ауыстырып қосқышы қосылып тұрғанда, шам есік ашылғаннан кейін белгілі бір уақыттан кейін сөнеді. Осы кезеңде кез келген басқа операцияны орындаған кезде уақыт қайта есептеледі. (Есіктің ауыстырып қосқышын қосу және өшіру қолды мультимедиа күйінің жоғарғы астынан сырғыту және «Ыңғайлы» интерфейсін өшіру арқылы жүзеге асырылады.)

Атмосфералық көмескі жарық

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Интеллектуалды зарядтау функциясын қосқан кезде іске қосу темір батареясы негізгі аккумулятор батареясынан зарядталады. Сондықтан ұзақ тұрудан кейін автокөлікті оталдыру кезіндегі аспаптар тақтасында көрсетіліп тұрған заряд күйінің немесе таза электр тарту күшімен жүру қашықтығының азаюы қалыпты жағдай.
- Автокөлікті құлыптағаннан кейін, тартқыш аккумулятордың заряды жеткілікті төмен болған кезде және қозғалтқыш арқылы қуат өндіру функциясын іске қосу іске қосылғанда, отын аз мөлшерде жұмсалады және атмосфераға аз мөлшерде пайдаланылған газдар шығарылады.

Пайдалану нұсқаулығы

Сынап тексеру кезеңі

- Егер автокөліктің күштік қондырғысы қиын іске қосылатын болса, немесе оның айналуы жиі тоқтап қала берсе, кідірместен автокөлікке диагностика жүргізіңіз.
- Егер күштік қондырғы қандай да бір әдеттен тыс дыбыстар шығарса, автокөлікті тоқтатыңыз да, диагностика жүргізіңіз.
- Егер күштік қондырғыдан көп мөлшерде салқындату сұйықтығы немесе май ағып тұрса, автокөлікті тоқтатыңыз да, диагностика жүргізіңіз.
- Күштік қондырғы сынап жүргізуді қажет етеді. Сынап жүргізуді үнемді режимдегі алғашқы 2000 км жүретін жол барысында өткізуге, жоғары жылдамдықпен қозғалудан бас тартып, автокөлікті жатық жүргізуге кеңес беріледі. Төменде автокөліктің қызмет ету мерзімін айтарлықтай ұзартуға

көмектесетін практикалық тәсілдер келтірілген.

- » Автокөлікті оталдыру және жүргізу кезінде акселератор педалін еденге тірелгенше басудан сақтаныңыз.
- » Жоғары жылдамдықпен жүруден аулақ болыңыз.
- » Алғашқы 300 км жол жүргенше шұғыл тежеуден сақтаныңыз.
- » Ұзақ уақыт бойы жоғары немесе төмен жылдамдықпен қозғалудан сақтаныңыз.
- » Сынап жүргізген кезде жүрілген жолдың кемінде 50% HEV режимінде орындалуы керек.

Тіркеме сүйреу

- Бұл автокөлік жолаушылар тасымалдауға арналған. Автокөлікке шектен тыс жүк артуға немесе оны өзге көлік құралдарын сүйреу үшін қолдануға рұқсат етілмейді.
- Өзге көлік құралдарын сүйреу автокөлікке, соның ішінде оның маневрлілігіне, пайдаланушылық көрсеткіштеріне, тежелуіне, ұзаққа төзімділігіне, үнемділігіне және электр энергиясын тұтынуына кері әсер етеді. BYD компаниясы коммерциялық мақсаттарда сүйреудің салдарынан туындаған зақымдар мен істен шығулар жағдайына тегін көпілдік ұсынбайды.

Отын

Отынды таңдау


- Дұрыс отын таңдау — бұл қозғалтқыштың толық жұмыс істеуінің негізі, сонымен қатар шығарындыларды бақылау мен ілеспе компоненттерді қорғаудың кілті.
- 92# немесе одан жоғары этилденбеген бензинді қолданыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Этилденген бензинді пайдаланбаңыз. Этилденген бензинді пайдалану үш жақты каталитикалық бейтараптандырғышытың істен шығуына және пайдаланылған газдардың ластануын бақылау құрылғысының дұрыс жұмыс істемеуіне, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету шығындарының артуына әкелуі мүмкін.
- Кепілдік қозғалтқыштың зақымдалуына немесе сәйкес келмейтін отынды пайдаланудан туындаған зиянды заттардың шамадан тыс шығарылындарға қолданылмайды.
- Төмен сортты немесе сапасыз бензинді пайдалану қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

Отын құю


1. Отын бағының аузы автокөліктің сол жағында орналасқандықтан, осы жағынан отын құю станциясының сорғысына жақын.
2. Оны ашу үшін автокөліктің сол жағындағы отын бағының қақпағын басыңыз.



3. Отын құю аузының қақпағын бұрап алыңыз. Артық қысымды босату үшін 5–10 с күтіңіз, содан кейін отын құю қақпағын шешіп алу үшін тұтқаны сағат тіліне қарсы бұраңыз. Күткен кезеңде отын құю аузының қақпағы аузына тығыз басылып тұрса, бұл қалыпты жағдай. Сіз отын бағындағы

қысымның төмендеуінен туындаған ысылдаған дыбысты естисіз.

4. Отын құю аяқталғаннан кейін отын құю аузының қақпағын сағат тілімен бұрап, отын бағы аузының қақпағын жабыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Егер отын құю аузының қақпағы ашылмаса, автокөлік сервисіне хабарласыңыз. Төтенше жағдайда отын құю қажет болса, алдымен отын құю аузы қақпағының тұтқасының ортасындағы қауіпсіздік тығынын шешіп алыңыз, шағын саңылаулар бағытында тоқтағанша ұзын, жіңішке бағыттаушы штанганы салыңыз, содан кейін штанганы осы күйде ұстап тұрып, отын құю аузының қақпағын шешіп алу үшін тұтқаны сағат тіліне қарсы бұраңыз.

ЕСКЕ САЛУ (жалғасы)

- Қақпақ кездейсоқ жоғалып кетпеуі үшін отын құю аузының қақпағы отын бағының аузына қауіпсіздік жібімен бекітіледі. Отын құйған кезде құю аузының қақпағы жанармай бағының шағын аузы кронштейніне орнатылуы керек.
- Отын бағы аузы қақпағының тығыз жабылғанына және отын құю аяқталғаннан кейін отын бағы аузының жабылғанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТУ

- Бензин тұтануы және жарылуы мүмкін, сондықтан отын құйған кезде келесі ережелерді сақтау қажет.
- Қозғалтқышты өшіріп, жылу көзінен, ұшқыннан және ашық оттан аулақ болыңыз.
- Автокөлікке ашық ауада отын құю ұсынылады.
- Төгілген отынды дереу сүртіңіз.
- Отын құйған кезде, жануды оңай тудыруы мүмкін ұшқындарды немесе ашық отты болдырмау үшін темекі шегуге тыйым салынады.
- Отын құю аузының қақпағын ашқан кезде оны бірден шешпеңіз. Ауа райы ыстық болған кезде, егер отын құю аузының қақпағы кенеттен алынып тасталса, қысыммен отын құю саңылауынан төгіліп, жарақат келтіруі мүмкін.
- Отын құю пистолетін автоматты түрде өшіргеннен кейін отын құюды тоқтату керек. Бакты толығымен толтыруға тыйым салынады; температура өзгерген кезде отынды кеңейту үшін бос орын қалдыру керек.
- Отын құю және зарядтау бір уақытта жүргізілмеуі керек. Зарядтау ағытпасы қосылған кезде отын құюға тыйым салынады және жанғыш заттармен жеткілікті қауіпсіз қашықтықты сақтау керек, олай болмаса, зарядтау ағытпасын шығарып алған кезде жабдыққа зақым келтіру және қызметкерлерге жарақат алу қаупі бар (мысалы, жанып жатқан отынға байланысты).

Отынды үнемдеу және автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту жолы

- Отынды үнемдеу қарапайым және оңай, сонымен қатар автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға көмектеседі. Төменде отын үнемдеу және жөндеу шығындарын азайту үшін кейбір маңызды сәттер келтірілген.
 - » Тұрақты жылдамдықпен жүру отынды үнемдеуге көмектеседі. Жылдам үдеген, күрт бұрылған және тежеген кезде отын көп жұмсалады.
 - » Жол жағдайына байланысты тұрақты жылдамдықты сақтауға тырысыңыз. Автокөліктің әрбір баяулауы немесе үдеуі қосымша отын шығынын тудырады.
 - » Тиісті қозғалыс жағдайында круиз-контроль тұрақты жылдамдықпен пайдалану отынды одан әрі үнемдеуге мүмкіндік береді.
 - » Кондиционерді қосу қозғалтқышқа қосымша жүктеме түсіреді және осылайша отын шығынын арттырады. Кондиционерді өшіру отын шығынын азайтады. Қоршаған ортаның орташа температураларында энергия тұтынуды кондиционердің орнына ауа циркуляциясын қолдану жолымен азайтуға болады.
 - » Шиналарда қажет қысымды сақтап отырыңыз. Шиналардағы қысымның жеткіліксіздігі олардың тозуына және отынның ысырап болуына әкеледі.
 - » Автокөлікке қажетсіз жүктерді салмаңыз. Шамадан тыс жүктеме қозғалтқыш жүктемесінің жоғарылауына және отын шығынының жоғарылауына әкеледі.
 - » Қыздырылмаған қозғалтқышпен жоғары айналым жасамаңыз және қозғалтқышқа зақым келтірмеу үшін қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден газ педалін баспаңыз.

- » Кезектесіп жеделдету мен тежелуден аулақ болыңыз, себебі бұл отын шығынын арттырады.
- » Қажетсіз тоқтаудан немесе тежеуден аулақ болыңыз. Автокөліктің тұрақты жылдамдығын «жасыл көшемен» бірге қолдау аялдамалар санын барынша азайтуға мүмкіндік береді немесе бағдаршамсыз жолдарда жүргенде қатты тежеуді болдырмау үшін алдыңғы автокөліктен тиісті қашықтықты сақтау керек, бұл тежегіштердің тозуын азайтады.
- » Мүмкіндігінше көп жүретін немесе кептелісі бар жолдардан аулақ болыңыз.
- » Аяғыңызды тежегіш педальінде ұстамаңыз, бұл тежегіш механизмдерінің ерте тозуына, қызып кетуіне және көп отын шығынына әкеледі.
- » Автожолдарда орташа жылдамдық ұстап отырған жөн. Автокөліктің жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол отынды көп тұтынады. Автокөліктің жылдамдығын үнемді ауқымында ұстау отын үнемдеуге мүмкіндік береді.
- » Алдыңғы дөңгелектердің дұрыс туралануын сақтау керек. Жол жиегіне соғылудан аулақ болыңыз және тегіс емес жолдармен баяу жүріңіз. Алдыңғы дөңгелектердің дұрыс сәйкес келмеуі шиналардың тым тез тозуына әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар қозғалтқышқа жүктемені арттырады, бұл отын шығынын арттырады.
- » Автокөліктің түбін таза ұстаңыз, балшықтың жиналуына жол бермеңіз. Бұл шаңа салмағын азайтумен қатар коррозияның алдын алады.
- » Автокөлікті баптаңыз және оны оңтайлы жұмыс күйінде ұстаңыз. Бітелген ауа сүзгілері; оталдыру шамдарындағы көміртектің шамадан тыс жиналуы, ластанған мотор майы мен майлау материалдары, бүлінген немесе реттелмеген тежегіштер қозғалтқыштың жұмысына әсер етеді және отын шығынын арттырады. Жүйелі техникалық қызмет көрсету барлық компоненттерді ұзақ қызмет ету мерзімінде ұстап тұру және пайдалану шығындарын азайту үшін қажет. Автокөлік жиі қолайсыз жағдайларда жұмыс істейтін болса, техникалық қызмет көрсету аралықтарын қысқарту керек.



ЕСКЕ САЛУ

Бейтарап берілісте еркін жүріспен жүруге қатаң тыйым салынады.

Жүк тасымалдау

- Автокөлікте заттарды ыңғайлы сақтауға арналған бірнеше орын қарастырылған.
- Қобдиша, есіктегі сақтау тартпасы және орындық арқалықтарындағы құжат салатын қалталар кішігірім және жеңіл заттарды сақтауға арналған, ал жүксалғыш үлкенірек, ауыр заттарға арналған.
- Шектен тыс жүктеме немесе жүкті дұрыс орналастырмау автокөліктің маневрлілігіне, тұрақтылығына және қалыпты жұмысына кері әсер етуі, сондай-ақ қауіпсіздікті төмендетуі мүмкін.

- Автокөліктің толық массасы (автокөлік + жолаушылар + жүк) рұқсат етілген максималды массадан аспауы тиіс.
- Жүкті тасымалдаған кезде келесіні ескеріңіз.

ЕСКЕРТУ

- Шектен тыс жүктеме немесе жүкті дұрыс орналастырмау автокөліктің тұрақтылығы мен басқарылуына кері әсер етуі мүмкін, бұл жол-көлік оқиғаларына алып келуі мүмкін.
- Осы нұсқаулықта келтірілген максималды массаның шектеуін және автокөлікке жүк арту бойынша өзге де нұсқауларды сақтаңыз.
- Күшті магниттелген заттарды тасымалдауға рұқсат етілмейді, себебі олар автокөліктің жұмыс функцияларын орындауына кедергі келтіруі мүмкін.

Жолаушылар салонына заттар салып тасымалдау

- Соқтығысқан жағдайда өз орнынан салонға қарай ұшып кетуі және ондағы адамдарға жарақат келтіруі мүмкін заттардың бәрін дұрыс орналастыру және сенімді етіп бекіту қажет.
- Алдыңғы орындықтардың артында еденге қойылған заттардың орындықтың астына қарай сырғып кіріп кетпейтініне, жүргізушіге педальдарды басқаруына кедергі келтірмейтініне және орындықтардың қалыпты реттелуіне әсер етпейтініне көз жеткізіңіз. Заттарды алдыңғы орындықтың арқалығынан биік етіп бумаларға жинамаңыз.
- Қозғалыс кезінде ұсақ-түйек тартпасы үнемі жабық тұруы тиіс. Егер ұсақ-түйек тартпасы ашық болса, соқтығыс немесе шұғыл тоқтау жағдайында жолаушының тізелеріне жарақат келтірілуі мүмкін.

ЕСКЕ САЛУ

- Салон ішіндегі балалар ойыншықтарын қадағалаңыз, себебі олар шұғыл тежеу немесе ЖКО жағдайында қауіп төндіруі мүмкін. Бұл балалар ойындары үшін ыңғайлы болғанымен, қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін, әсіресе төтенше тежеу немесе соқтығыс болған кезде, өйткені кабинаның айналасында шашыраңқы ойыншықтар автокөлік жүргізу қауіпсіздігіне әсер етіп қана қоймай, балаларға зиян тигізуі мүмкін.

Жүксалғышқа жүк тиеу

- Жүкті біркелкі етіп орналастыру қажет. Ауырырақ заттарды жүксалғыштың түбіне қою және мүмкіндігінше тереңірек ысырып қою қажет.
- Қозғалыс кезінде орнынан ығысып кетпеуі үшін заттарды жіптердің немесе белбеулердің көмегімен бекітуге кеңес беріледі. Заттарды орындық арқалығынан биік етіп бір-бірінің үстіне жинауға рұқсат етілмейді.
- Егер тасымалданатын ірі габаритті заттар жүксалғыш есігін жабуға кедергі келтірсе, пайдаланылған газдар салонға түседі. Иіс газымен уланудың алдын алу үшін осы нұсқаулықтағы иіс газымен улану қаупіне қатысты нұсқаулықтармен танысыңыз.

Төбедегі жүксалғыш

- Төбедегі жүксалғышты орнатқан кезде өндірушінің нұсқаулықтарын оқып, орындаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Бұл автокөліктің төбесіндегі жүксалғыш сыртқы сәндік бөлік болып табылады және жүктерді немесе жүкті тасымалдауға арналмаған.

Иіс газымен улану қауіпі

- Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарында иіс газы бар. Егер сіз автокөлігіңізге дұрыс қызмет көрсетсеңіз, иіс газы қалыпты қозғалыс барысында салонға кірмейді.
- Келесі жағдайларда ауа шығару жүйесінде жылыстаудың бар-жоғын тексеру керек.
 - » Оғаш шығатын дыбыс бар.
 - » Автокөлік жол апатына ұшырады, нәтижесінде автокөліктің түбіне зақым келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Иіс газы улы болады. Иіс газын тыныс алғанда жұту естен тануға немесе тіпті өмірге қауіп төндіретін жағдайларға әкелуі мүмкін. Иіс газымен улануға әкелуі мүмкін кез келген жабық үй-жайлардан және операциялардан аулақ болу керек.
- Иіс газының жоғары концентрациясы гараж сияқты жабық жерлерде тез құрылуы мүмкін; гараж есігі жабылған кезде қозғалтқышты іске қоспаңыз. Гараж есігі ашық болса да, қозғалтқыштың жұмыс уақыты автокөліктің гараждан шығуына кететін уақытпен шектелуі керек.


ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- Жүксалғыштың есігі ашық болған кезде, ауа легі көліктің ішкі бөлігіне шығатын газдарды әкеліп, қауіпті атмосфераны тудыруы мүмкін. Егер автокөлікті ашық жүксалғыш есігімен оталдыру қажет болса, барлық терезелерді ашып, салондағы ауа ортасын басқару жүйесін келесі нұсқаулықтарға сәйкес реттеу керек.
 - » «Сыртқы циркуляция» режимін таңдаңыз.
 - » «Бетке және аяққа ауа үрлеу» режимін таңдаңыз.
 - » Желдеткіштің жоғары жылдамдығын орнатыңыз.

Автокөлікпен сулы кедергілерден өту

- Су басқан аумақтарға кірер алдында судың тереңдігін тексеріңіз. Су автокөліктің төменгі жиегінен жоғары болмауы тиіс.
- Егер су басқан аумақтан өту қажет болса, ауа кондиционерін өшіріңіз және акселератор педалін тұрақты деңгейде ұстап отырып, аумақты баяу кесіп өтіңіз.

- Су басқан аумақта тоқтамаңыз, артқа жүрмеңіз және автокөлікті өшірмеңіз.
- Су басқан тәлімнен кесіп өткеннен кейін тежегіш дискілерін кептіру және тежелу тиімділігін қалпына келтіру үшін бірнеше тежегіш педалін басыңыз.
- Терең судан абайлап өтіңіз, себебі тежегіштер су болып қалуы мүмкін.



! ЕСКЕРТУ

- Тежеу жүйесіне судың, балшықтың немесе лайдың тиюі тежегіштердің іске қосылуының іркілуіне және тежеу жолының ұлғаюына алып келуі мүмкін.
- Су басқан аумақтардан кесіп өткеннен кейін абайлап жүріңіз және шұғыл тежеуден сақтаныңыз.
- Қозғалтқышқа судың түсуіне жол берілмейді! Егер су басқан аумақтан өткен кезде электрқозғалтқыш суға түссе, оған күрделі зақым келеді. Мұндай зақымдар автокөлікке кепілдікпен өтелмейді.

! ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- Суға түскен жағдайда трансмиссия, электр және жетек жүйелері секілді өзге жүйелерге де күрделі зақым келуі мүмкін. Бұл зақымдар да автокөлік кепілдігімен өтелмейді.
- Жаңбырлы ауа райында автокөлікті зарядтау үшін шатырдың астынан орын табу қажет. Егер автокөлік суға түсіп кетсе немесе кешіп өткен су есік табалдырығының деңгейінен асқан болса, ақауларды іздеу және жою, сондай-ақ қажетті өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.
- Суының деңгейі шинаның биіктігінің жартысынан асатын су басқан аумақтардан өтуге рұқсат етілмейді.

Суға батырудың жоғары кернеуі бар бөлшектерге әсері.

- Жоғары вольттық компоненттер — бұл электрондық құрылғылар. Егер жоғары вольтті жүйелерге су кірсе, оларды ешқандай құралдармен кептіре алмауыңыз мүмкін.
- Жоғары вольттық компоненттердің ішіндегі су олардың оқшаулануына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, судың құрамында жоғары вольттық компоненттердің ішінде қысқа тұйықталуды тудыруы немесе жоғары вольттық қуат жүйесінің қысқа тұйықталу қаупін тудыруы мүмкін көптеген өткізгіш заттар бар. Бұл жағдайда автокөліктің қауіпсіздігі мен жұмысына үлкен қауіп төнеді.

- Суға түскен жоғары кернеумен жұмыс істейтін бөлшектер қорғаныш қасиеттерінің және жоғары кернеулерге төзу қабілетінің нашарлауына байланысты қауіпсіздікке жоғары қауіп төндіреді.

Тұтанудың алдын алу

Автокөліктің өртенуінің уақтылы және сәтті алдын алу үшін оны пайдалану барысында келесілерге назар аударыңыз:

- Автокөлікке жанғыш немесе жарылыс қауіпі бар заттар салып қоюға рұқсат етілмейді.
 - » Жазғы уақытта тікелей түскен күн сәулесінің әсерімен автокөлік ішіндегі температура 60–70°C-қа жетуі мүмкін. Сондықтан автокөлік ішінде орналасқан оттықтар, тазартқыш заттектер мен парфюмерия секілді жанғыш және жарылу қауіпі бар заттар жеңіл өртке немесе жарылысқа алып келуі мүмкін.
- Барлық темекілердің автокөліктен жинап алынғанына көз жеткізіңіз.
 - » Темекі шегу денсаулығыңызға зиян келтіріп қана қоймай, өрттің шығуына алып келуі мүмкін. Автокөліктен жиналып алынбаған темекілер тұтануға алып келуі мүмкін.
- Автокөлікті тексерту үшін BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүйелі түрде барған жөн.
 - » Автокөліктің электр сымдарын, қосылыстарын, сымдар бумасын, оқшаулағышын, қарастырылған күйде бекітілу сенімділігін және т.с.с. жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Анықталған проблемаларды тездетіп жою қажет.
- Автокөліктің электр сымдарын ауыстыруға немесе қандай да бір сертификатталмаған электр жабдығын қосымша орнатуға рұқсат етілмейді.
 - » Қуаты жоғары аудиожүйелер, жарықтандыру аспаптары және тағы сондайлар сияқты қосымша жабдықтарды орнату электр сымдары бумасына шектен тыс жүктеме түсіруі және олардың қызып кетуіне алып келуі және өрт шығу қауіпін жоғарылатуы мүмкін. Электр жабдықтарын немесе электр сымдарын дұрыс ауыстырмау контактілі кедергінің пайда болуынан және шектен тыс қызып кетуден өрттің шығуына алып келуі мүмкін.
 - » Номиналды параметрлерден асатын параметрлері бар балқығыш сақтандырғыштарды және өзге де ауыстырылатын электр сымдарын қолдануға қатаң тыйым салынады.
- Тұрақ орнын дұрыс таңдау қажет.
 - » Көлік тұрағы кезінде, әсіресе жазда, көліктің астында шөп, құлаған жапырақтар, сабан және т.б. сияқты жанғыш материалдардың бар-жоғына назар аудару керек. Егер автокөліктің астында жанғыш материалдар болса, онда өрттің пайда болу ықтималдығы жоғары.
 - » Автокөлік қозғалысы барысында құрғақ жапырақтар, сабан, шөп және басқа да жанғыш заттар сақталатын жол учаскелерінен аулақ болу керек немесе автокөліктің астында жанғыш заттардың ілініп тұрғанын тексеру үшін осындай учаскелерден өткеннен кейін автокөлікті уақтылы тоқтату керек. Автокөлікті тұраққа қойған кезде мүмкіндігінше күн сәулесінің тікелей әсер етуіне жол бермеу қажет.
- Автокөлікте жеңіл өрт сөндіргіш ұстау және оны пайдалану жолын білу қажет.

- » Автокөліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өрт сөндіргіш жабдықталған болуы тиіс, оны жүйелі түрде тексеріп және ауыстырып отыру қажет. Сондай-ақ өрт сөндіргіштің қолданылуымен танысу және кез келген ықтимал оқиғаларға дайын болу қажет.
- Автокөлікке қызмет көрсету немесе оны жөндеу кезінде мотор бөлімінде теріс өткізгіш сымды аккумулятор батареясынан ажыратып қою қажет.
- Автокөлік өртенген жағдайда сабырлылықпен және дер кезінде залалды барынша азайтуға бағытталған тиімді шараларды қабылдау қажет.
- » Әдетте өрт шыққан жағдайда алдымен автокөлік шаңағынан әдеттен тыс шуылдар мен иістер секілді күдікті белгілер пайда болады. Қалыпты жұмыс жағдайларының бұзылғанын байқасаңыз, автокөлікті дереу өшіріп, тоқтатыңыз.
- » Тұтану орнын табыңыз. Егер автокөлік салонында түтін пайда болса, капотты бірден ашпаңыз. (Ашқан жағдайда капоттың астына ауаның көп мөлшері кіреді де, өрттің таралуына алып келеді. Автокөлік салонында жанғыш материалдар көп емес. Жабық капот өрттің таралуын шектейді, сондықтан өртті оңай өшіруге болады.)
- » Уақтылы өрт дабылы сигналын беріңіз, сақтандыру компаниясының хабарландыруларға арналған нөмірін теріңіз және автокөлікті эвакуациялау үшін оның өкілін өрт орнына шақырыңыз.
- » Егер өрт сөндіруге өрт сөндіруші бригада қатысып жатса, олардан қызметтік міндеттерін орындауы туралы куәлік және тұтану себебінің сипаттамасын ұсынуын сұраңыз.
- Оқиғадан кейін оқиғадан кейінгі әрмен қарайғы әрекеттерді орындау үшін сақтандыру компаниясына уақтылы хабарласыңыз.

❗ ЕСКЕ САЛУ

- Оқиға жағдайында шығынды азайту үшін коммерциялық сақтандыру (өрт, ұрлану және т.с.с. жағдайлардағы шығыннан) сатып алуға кеңес беріледі.

Автокөлікті оталдыру және жүргізу

Автокөлікті оталдыру

Автокөлікті кәдімгі жағдайларда оталдыру келесідей жолмен жүргізіледі:

- Автокөлікті сенімді етіп тұрақ тежегішіне қойыңыз.
- Барлық қажет емес шамдар мен керек-жарақтарды өшіріңіз.
- Беріліс қорабының селекторын Р не N күйіне келтіріңіз.
- Өзіңізбен бірге жұмыс істейтін смарт-кілттің ① болуы тиіс.
- «Іске қосу/стоп» ③ түймесін басыңыз, бұл кезде тежегіш педалі ② басулы болуы тиіс.
- Аспаптар тақтасында «OK» индикаторы жанған кезде электр қорегі автокөлікке беріледі.



Автокөлікті оталдырылмайтын жағдайлар

- Келесі жағдайларда автокөлікті электрмен қоректендіруді қосу мүмкін емес:
 - » смарт-кілттің ескерту сигналы жанса, дыбыс сигналы берілсе және аспаптар тақтасында «Кілт табылмады» хабарламасы көрсетілсе. Бұл кілттің қажетті диапазон шегінен тыс жерде орналасқанын немесе анықталмай тұрғанын білдіреді;
 - » кілт оны анықтау мүмкін емес жерде, мысалы, еденде, стақанқойғышта, жүксалғышта және т.б. жерлерде орналасқан.

Автокөлікті төтенше жағдайда оталдыру:

- Автокөлікті сенімді етіп тұрақ тежегішіне қойыңыз.
- Барлық қажет емес шамдар мен керек-жарақтарды өшіріңіз.
- Беріліс қорабының селекторын Р не N күйіне келтіріңіз.
- Оталдыру жүйесін өшіріңіз.
- Электронды смарт-кілт автокөлікте орналасуы тиіс.
- Смарт-кілттегі оталдыру кілтін басыңыз және оны 15 секундтан ұзақ ұстап тұрыңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Қозғалыс кезінде электрмен қоректендіруді қосу түймесін ұстауға рұқсат етілмейді.

Автокөлікті жүргізу

- Қозғалыс барысында автокөліктің жылдамдығын төмендеткен кезде рекуперативтік тежегіштердің көмегімен энергия рекуперацияланады. Тиімділігін жоғарылату үшін автокөлік жылдамдығын қажетсіз үдетуге және оны төмендетуге кеңес берілмейді.
- Рекуперациялау қарқынын беру үшін (ақпараттық және ойын-сауық жүйесі) → «Жаңа энергия» → «Энергияны басқару» мәзіріне өтіңіз.
 - » Стандартты: Акселератор педалін жіберген кезде электрқозғалтқыштың контроллері энергия рекуперациясының стандартты деңгейін береді, автокөліктің баяулауы да стандартты деңгейде орын алады.
 - » Жоғары. Акселератор педалін жіберген кезде электрқозғалтқыштың контроллері энергия рекуперациясын жоғарылатады, автокөлік қарқынды түрде баяулайды.
- Энергия рекуперациясының қарқындылығы акселератор педалін жіберген кездегі баяулаудың сезілуіне қарай таңдалады. Баяулаудың әртүрлі сезілуі автокөлікті басқарудан әртүрлі әсерлер қалыптастырады.
- Берілген энергия рекуперациясының қарқындылығы жадқа сақталады. Егер автокөлікті электрмен қоректендіруді өшіріп, қайтадан қоссаңыз, регенеративтік тежелудің соңғы берілген режимі сақталады.

ЕСКЕ САЛУ

- Жоғары жылдамдықпен жүрген кезде қалпына келтіру қарқындылығын реттемеңіз. Бұл жүргізушінің назарын аударып, жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.

- HEV режимінде қозғалтқыш батареяны зарядтау немесе қосымша қуат беру үшін қажет болған жағдайда автоматты түрде оталдырылады және тоқтайды.
- Аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен болған жағдайда жоғары деңгейдегімен салыстырғанда автокөліктің қуаты жалпы төменірек.

Kick-Down функциясы

Құрт жылдамдату қажет болғанда, үдеткіш педалін тірелгенше басыңыз, педаль кедергісі артады, Kick-Down функциясы іске қосылады, қозғалтқыштың айналу жылдамдығы артады, бұл бүкіл автокөлікке көбірек қуат береді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Заряд неғұрлым жоғары болса, тартқыш аккумуляторы батареясы соғұрлым көп қуат алады, қозғалтқыш соғұрлым жақсы жұмыс істейді және үдеткіш соғұрлым қарқынды болады.
- Батарея, генератор, қозғалтқыш және т.б. ақаулары Kick-Down режимінде шығыс қуатына әсер етеді.
- Kick-Down функциясын жиі қосу автокөліктің жалпы зарядының тезірек төмендеуіне әкеледі.

Қозғалысты бастар алдындағы қауіпсіздік тексеруі

Сыртынан тексеру

- Шиналар Шиналардағы қысымды тексеріңіз және шиналарда кесілген, зақымданған жерлерінің, бөтен материалдардың, нормалардан ауытқулардың және шектен тыс тозу белгілерінің бар-жоғын қарап шығыңыз. Егер шамадан тыс немесе сына тәрізді тозу байқалса, барлық төрт дөңгелектің құлауын-түйісуін және автокөліктің ілеспе тексерулерін реттеу үшін мүмкіндігінше тезірек уәкілетті BYD автосервисіне хабарласқан жөн.

- Дөңгелек сомандары. Сомандардың босап қалмауын немесе жоғалмағанын тексеріңіз.
- Ағып кету. Автокөлік біраз уақытқа тоқтағаннан кейін, ағып кету, май, салқындатқыш немесе басқа сұйықтықтардың бар-жоғын автокөліктің астындағы бетті тексеріңіз (кондиционер қосылған кезде пайда болған су тамшылары қалыпты жағдай).
- Жарық аспаптары. Бас жарық фараларының, тұрақ шамдарының, габарит шамдарының, бұрылыс сигналдарының және басқа да жарық аспаптарының жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Бас жарық фараларының жарықтығын тексеріңіз.

Ішкі тексеру

- Қауіпсіздік белбеулері. Қауіпсіздік белбеулерінің тиісінше тағылатынына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік белбеулерінің тозбағанына және сызаттарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспаптар тақтасы. Атап айтқанда техникалық қызмет көрсету индикаторының, жарықтың және аспаптар тақтасының жылытқышының тиісінше жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
- Төжегіш педалі. Төжегіш педалінің астындағы бос кеңістіктің оның жұмыс істеуі үшін жеткілікті екенін тексеріңіз.

Мотор бөлімі

- Қосалқы сақтандырғыштар. Сақтандырғыштар блогында барлық номиналдардың қосалқы балқығыш сақтандырғыштардың бар болуын тексеріңіз.
- Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі. Салқындатқыш сұйықтықтың тиісті деңгейіне көз жеткізіңіз.
- Төжегіш сұйықтықтың деңгейі. Төжегіш сұйықтығының тиісті деңгейін тексеріңіз.
- Іске қосылатын темір аккумулятор батарея және кабельдер. Коррозияның бар-жоғын және ағытпалардың бекіткішінің босап кетуін, сондай-ақ іске қосу темір аккумулятор батареясының корпусында жарықтардың бар-жоғын тексеріңіз.

- Отын құбырлары. Құбырлардың ағып кетуін және бос қосылымдарын тексеріңіз.

Оталдырудан кейін тексеру

- Аспаптар тақтасы. Техникалық қызмет көрсету индикаторының және спидометрдің тиісінше жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Тежегіштер. Қауіпсіз жерде рульді мықтап ұстап отырып, тура жолмен автокөлік жылдамдығын үдетіңіз, акселератор педалін жіберіңіз де, тежегіш педалін басыңыз. Автокөліктің тура бағытын сақтайтынына көз жеткізіңіз.
- Өзге нормалардан ауытқулар. Бекітілмеген бөлшектердің, жылыстаулардың, әдеттен тыс шуылдардың бар-жоғын тексеріңіз.

Қозғалысқа дайындалу

- Автокөлікке отырмас бұрын айналаны қарап шығыңыз.
- Орындықтардың күйін, орындық арқалығының бұрышын, көпшіктің биіктігін, бассүйегіштің биіктігін, руль дөңгелегінің биіктігін және көлбеу бұрышын реттеп алыңыз.
- Салондағы артқы көрініс айнасы мен сыртқы айналарды реттеңіз.
- Барлық есіктерді жабыңыз.
- Қауіпсіздік белбеулерін тағыңыз.

Пилотсыз жүргізу функциясы *

Пилотсыз жүргізу алдында

1. Автокөліктің айналасындағы жағдайды тексеріңіз.
2. Руль еш қиындықсыз айналатынына көз жеткізіңіз.

3. Энергия жүйесін ауытқулардың болуына, аспаптар тақтасында ақаулықтар индикаторының жанып тұруына тексеріңіз.


4. Автокөліктегілердің бәрі сыртқа шығуы тиіс.

Қорғалған режим

Егер бақылау тақтасында немесе ақпараттық ойын-сауық экранында «Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін пилотсыз жүргізу тоқтатылған» хабары пайда болса, пилотсыз жүргізуге жол жағдайлары сәйкес келмеуі мүмкін немесе жүйе қызып кетіп, қорғалған режимге өткен болуы мүмкін. Бұл жағдайда пилотсыз жүргізуді жалғастырмаңыз.

Қашықтан іске қосу

- Автокөлікті іске қосу үшін «Қашықтан оталдыру/тоқтату» түймесін басып тұрыңыз. Автокөлік сәтті іске қосылғаннан кейін артқы бұрылыс сигналдары 3 рет жыпылықтайды.
- Сәтті іске қосылғаннан кейін, автокөлікті сөндіру және оталдыру жүйесін өшіру үшін смарт-кілттегі «Қашықтан іске оталдыру/тоқтату» түймесін басып тұрыңыз, содан кейін бұрылыс сигналдары 2 рет жыпылықтайды.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Пилотсыз жүргізу автокөлікті пайдалану орны бойынша елдің жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып орындалуы тиіс.
- Бастамас бұрын электр желісінде ақаулардың болмағанына және рульдің айналуына кедергі келтіретін құрылғылардың болмағанына көз жеткізу керек.
- Жұмыс істеген кезде автокөліктің айналасында жаяу жүргіншілердің немесе кедергілердің болмағанына көз жеткізіңіз, жақын жерде жаяу жүргіншілер немесе жол жағдайлары қиын болса, пилотсыз жүруді пайдаланбаңыз.
- Кәмелетке толмағандар мен жүргізуші куәлігі жоқ адамдар пилотсыз жүргізуді жүзеге асырмауы тиіс.
- Қар мен сумен жабылған көлбеу, шұңқырлы жолдарда пилотсыз жүргізуді қолданбаңыз.
- Ақаулы автокөлікте пилотсыз басқаруды орындамаңыз.
- Осы нұсқаулықтың талаптарын сақтамаудың салдарын сақтандыру өтемейді.
- Алкогольді ішкеннен кейін пилотсыз жүргізуді қолданбаңыз.

Берілістерді ауыстырып қосуды басқару органдары

Берілістерді ауыстыру тұтқасына келесі суретте көрсетілгендей берілістерді ауыстыру атқарушы механизміндегі беріліс күйінің таңбаламасы басылған.

- «R»: артқа жүру берілісі. Оны автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана қосуға болады.
- «N»: бейтарап беріліс, уақытша тоқтау үшін қолданылады. Әрдайым жүргізуші автокөліктен шығар кезде тұрақ берілісін қосып қою қажет.



- D: алға жүруге арналған беріліс, автокөлікті әдеттегі жүргізу үшін қолданылады.
- P: тұрақ. Автокөлікті тұраққа қою үшін осы түймені басыңыз. Электрқозғалтқышты оталдырғанда немесе өшіргенде тұтқаны осы күйге ауыстыру қажет. Автокөлікті оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз және берілістерді ауыстыру тұтқасын «P» күйінен кез келген өзге күйге ауыстырыңыз.
- Беріліс сәтті ауыстырылғаннан кейін берілісті ауыстырып қосу тұтқасы автоматты түрде орталық күйге оралады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қауіпсіздік үшін P күйінен R күйіне ауысқан кезде алдымен тежегіш педалін басыңыз.
- P» түймесін автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана басуға рұқсат етіледі.

ЕСКЕРТУ

- Егер қозғалтқыш немесе электр қозғалтқышы өшірулі болса, тежеу күшінің жеткіліксіздігінен болатын жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін автокөліктің беріліс қорабына ауысқаннан кейін қозғалуына жол бермеңіз.
- Қозғалтқыш немесе электр қозғалтқышы жұмыс істеп тұрғанда және R/D берілісі қосылу болса, тежегіш педалін басып тұру керек, өйткені бос жүріс режимінде де беріліс қорабы айналу сәтін бере алады, бұл автокөліктің баяу қозғалуына мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- Егер алдыға қозғалу кезінде берілісті ауыстыру қажет болса, жоп-көлік оқиғаларын болдырмау үшін акселератор педалін баспаңыз.
- Апатты болдырмау үшін беріліс селекторының тұтқасын «R» күйіне ауыстыруға немесе автокөліктің қозғалысы кезінде «P» түймесін басуға тыйым салынады.
- «N» немесе «P» берілістері қосылып тұрғанда тіпті автокөлік қосылу болмаса да, автокөлікке ылдифа қарай сырғып кетуге мүмкіндік беруге кеңес берілмейді.
- Автокөліктің кездейсоқ қозғалуын болдырмау үшін оны толық тоқтатқаннан кейін тұрақ тежегішін іске қосу және «P» түймесін басу қажет.

Электрлі тұрақ тежегіші (ЭТТ)

ЭТТ ажыратқышы

Автокөлікті тұраққа қоймас және одан шықпас бұрын әрдайым ЭТТ іске қосу қажет.

ЭТТ қолмен қосу

ЭТТ ажыратқышын ЭТТ-ға түсетін күш автокөлікті тұрақ орнында тиісті түрде ұстап тұратындай етіп жоғары қарай тартыңыз. Аспаптар тақтасындағы  индикаторы жыпылықтайды және содан кейін ЭТТ іске қосылғанын көрсетіп үздіксіз жанып тұрады. Сонымен бірге «ЭТТ іске қосылған» мәтіндік хабарламасы көрсетіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер индикатор  жыпылықтап тұрса, ЭТТ іске қосылады. Егер автокөлік беткейде тұрса,  бақылау шамы үздіксіз жанбайынша тежегіш педалін жібермеңіз, өйтпесе автокөлік төмен қарай жылжып кетуі мүмкін.

ЭТТ автоматты түрде қосылуы

- Қозғалтқыш өшірілген жағдайда ЭТТ автоматты түрде қосылады
 - » ЭТТ автокөлікті электрмен қоректендіру өшірілген кезде автоматты түрде іске қосылады, және аспаптар тақтасында индикатор жанады .
- «P» берілісінің автоматты түрде қосылуы
 - » Автокөліктің жылдамдығы 3 км/сағ-тан аз болған кезде D/R берілісі қосылады, жүргізуші жағынан есік ашылған кезде немесе P батырмасын басқан кезде P берілісіне ауысады, ал ЭТТ автоматты түрде қосылады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің интерфейсінде электронды тұрақ тежегіші (ЭТТ) үшін сүйреу режимінің параметрлерін орнату селекторды Р күйіне ауыстырған немесе қозғалтқышты өшірген кезде ЭТТ-ны қоспауға мүмкіндік береді. Бұл операцияны бұзылып қалған жағдайда автокөлікті сүйреу немесе итеру кезінде қолдануға болады.
- Бұл кезде тежегіш педалін алдын ала жібермеген жөн (әсіресе автокөлік беткейде тұрғанда), себебі автокөліктің төмен қарай жылжып кету қаупі бар.
- Бұл функция автокөліктің автономдық режимде қауіпсіздігін жоғарылатуға арналған, оған шектен тыс сенуге және оны жиі қолдана беруге кеңес берілмейді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автокөліктен шығар алдында автокөлікте «Р» берілісінің қосұлы тұрғанына немесе ЭТТ ажыратқышының жоғары қарай тартылғанына көз жеткізіңіз.

Автокөлікті оталдырған кездегі ЭТТ автоматты түрде босатылуы

- Тұрған автокөлікті іске қосыңыз, тежегіш педалін басып тұрыңыз, берілісті Р немесе N позициясынан D немесе R қозғалысына ауыстырыңыз. ЭТТ автоматты түрде босатылады, индикатор сөнеді, «ЭТТ босатылды» хабары көрсетіледі.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Берілістердің дұрыс таңдалғанын қадағалаңыз. Берілістерді ауыстырған кезде тежегіш педалі үнемі басылып тұруы тиіс. Педальді аспаптар тақтасында таңдалған беріліс көрсетілгеннен кейін ғана жіберіңіз.
- Автокөлік оталдырылғаннан кейін бірнеше секунд ішінде ЭТТ жүйесі қуатты қосу және өзін-өзі диагностикалау процесінде болады. Бұл уақытта ол ешқандай әрекетке жауап бермейді.
- Автокөлік оталып тұрған және қозғалысқа арналған беріліс, мысалы, «D» немесе «R» таңдалған кезде ЭТТ қолмен қосыңыз және содан кейін жайымен акселератор педалін басыңыз. ЭТТ автоматты түрде босатылады, индикатор сөнеді, «ЭТТ босатылды» хабарламасы көрсетіледі.

Тежегіштің босатылмай қалуы

- Селектор Р күйінде болғанда, мультимедиа жүйесі > «Сервис» > «Тіркеп сүйретуге арналған электрондық тұрақ тежегіші режимі» арқылы ЭТТ босатыңыз.
 - » Егер ЭТТ босатылса, тежегіш педалінің ажыратқышының сигналын және онымен байланысты белшектер мен тізбектерді тексерту үшін жақын маңайдағы автосервиске жүгініңіз.
 - » Егер тежегіште босатудың сәті түспесе кідірместен BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.

Тежегіш педалі істемей қалған жағдайдағы апаттық тежеу

- Егер автокөлік жұмыс істеп тұрса және БТЖ жүйесі тиісінше жұмыс істеп тұрса, онда тежегіш педалі істемей қалған немесе айқасып қалған жағдайда контроллермен басқарылатын баяулау және тоқтау функциясын (ББТ) қолдануға болады.
 - » Тежеу тиімділігін арттыру үшін тежегіш педалін басқан кезде автокөлікті тежеу үшін Р түймесін басыңыз.
 - » Егер сіз тежеуді тоқтатқыңыз келсе, жай ғана Р түймесін босатыңыз.
 - » Автокөлік тоқтағаннан кейін ЭТТ іске қосылады, сондықтан қозғалысты қайта бастау үшін оны өшіру керек.
- Тежегіш педалінің ақаулығы немесе айқасып қалуы секілді төтенше жағдайларда мәжбүрлеп тежеу үшін ЭТТ қолдануға рұқсат етілмейді. Егер бұрылыстардан, жолдың қауіпті учаскелерінен, кептелісі бар учаскелерден өту кезде немесе ауа райының қолайсыз болғанда шұғыл тежеу қолданылса, бұл дрифтке, бұйірлік сырғуға немесе жолақтан шығуға әкелуі мүмкін, бұл ЖКО-ға әкеледі.

ЭТТ индикаторының жүйесі

- Автокөлікті электрмен қоректендіру қосулы және ЭТТ іске қосылған кезде аспаптар тақтасындағы (P) индикаторы үздіксіз жанып тұрады. Автокөлікті электрмен қоректендіру өшірулі және ЭТТ іске қосылған кезде аспаптар тақтасындағы (P) индикаторы жанады және шамамен 3 секундтан кейін сөнеді.
- Автокөлікті электрмен қоректендіруді қосқан кезде ЭТТ жүйесі өзіндік тексеруді іске қосады. Аспаптар тақтасындағы индикатор (!) жанады және шамамен 3 секундтан кейін сөнеді. Егер индикатор сөнбесе, онда ЭТТ жүйесі немесе тежеу жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Бұл жағдайда кідірместен BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.

ЭТТ іске қосылу дыбысы

- ЭТТ іске қосылған немесе босатылған кезде ЭТТ электрқозғалтқышының шуылын естуге болады.
- Егер апаттық тежеу функциясын іске қосқаннан кейін түтіннің иісі сезілсе немесе әдеттен тыс шуылдар естілсе, кідірместен BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Тұраққа қойған кезде автокөліктің қозғалып кетуіне жол бермеу үшін ЭТТ орнына берілістер селекторын қолдануға рұқсат етілмейді. ЭТТ қолдану қажет, бұл ретте автокөлікте Р берілісі қосылған болуы тиіс.
- ЭТТ ажыратқышын автокөлік жүріп келе жатқан қолдануға рұқсат етілмейді.
- Автокөліктің қозғалуының және ЭТТ-ның автокөлікті бір орында ұстап тұруға қажетті күшті қамтамасыз етпеуінің салдарынан берілістер селекторының блокталуының алдын алу үшін ЭТТ ажыратқышы тартып шығарған немесе жіберген кезде тежегіш педалін басу қажет.
- Мәжбүрлі тежеу үшін ЭТТ қолданудан аулақ болу керек, өйткені бұл төтенше жағдайда ғана қолданылуы керек: мысалы, аяқ тежегіші істен шыққан кезде немесе тежегіш педалін бұғаттағанда.
- ЭТТ физикалық жолмен ілінісу шегінен аспай алмайтындықтан, бұрылыстарда, қауіпті жолдарда, жол кептелісі бар жерлерде немесе ауа райы қолайсыз болғанда автокөліктің сырғанауына, бұйірлік сырғуына немесе автокөлік траекториясынан шығып кетуіне әкелуі мүмкін, бұл апатқа әкеп соғуы мүмкін.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру (ААҰ)

Автоматты түрде ұстап тұруды ажыратқыш

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру (ААҰ) автокөлік біршама уақыт бойы бір орында тұруы тиіс болған жағдайларда, мысалы, автокөліктер кептелістерінде немесе бағдаршамның ауысуын күткен кезде қолданылады. Егер Сіз кептелісте, еңісті жерде болсаңыз, бағдаршамның сигналын күте тұрыңыз және т.б., жағдайлар автокөліктің автоматты түрде ұстап тұру функциясын пайдалануға мүмкіндік берсе, тежегіш педалін тірелгенше басыңыз (автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясының жылдамдығы нөлге дейін төмендеуі керек).

Автоматты түрде ұстап тұруды қосу үшін «Автоматты түрде ұстап тұру» ажыратқышын басыңыз.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Акселератор педалін басу, берілісті «Р» күйіне ауыстыру немесе ЭТТ қосу ААҰ режимінің өшірілуіне және ААҰ жүйесінің күту режиміне қайтып оралуына алып келеді. Тіпті ААҰ күту күйінің қосылуына арналған шарттар орындалмаса да, автокөлік ААҰ режимінен шығады.

ААҰ күту режимінің қосылуының бастапқы шарттары (барлық шарттар орындалуы тиіс)

ААҰ ажыратқышы қосылуы және аспаптар тақтасында ақ түсті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің қосылу индикаторы көрсетіледі.

- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Автокөліктің жүргізуші есігі жабық.
- Автокөліктің тартқыш электрқозғалтқышы іске қосылған немесе «ОК» электрмен қоректендіру күйі көрсетіліп тұр.
- Бағдар тұрақтылығы жүйесі (БТЖ) және ЭТТ ақаусыз және штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Электрмен қоректендіруді қосқан кезде ААҰ функциясы әдепкі қалып бойынша өшіріледі. ААҰ жүйесі күту режиміне ауысады, аспаптар тақтасында ААҰ жүйесінің күту күйінің ақ түсті индикаторы (A) көрсетіледі.

ААҰ іске қосылу шарттары (барлық шарттар орындалуы тиіс)

- ААҰ функциясы күту режимінде тұр.
- «D» берілісі қосылып тұрғанда автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалі басылған.
- ААҰ функциясы қосылуы, тежегіш сигналдары мен үстіңгі стоп-сигнал жанып тұр, ал аспаптар тақтасындағы ААҰ индикаторы жасыл түске өнеді.
- 10 минут жұмыс істегеннен кейін ААҰ функциясы күту режиміне ауысады, бұл ретте автоматты түрде ЭТТ іске қосылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ААҰ іске қосылуы үшін автоматты түрде тұраққа қою функциясының барлық шарттары бірге орындалуы тиіс.
- R режимі қосылған болса, ААҰ жұмыс істемейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! (жалғасы)

- R күйінен D немесе N күйіне ауысқан кезде, ААҰ жүйесі қозғалысқа кедергі келтірмеу үшін құлыпталады және автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ-тан асқанда, жүйе қозғалыс режимінен шыға алады.

Автокөлікті жүргізудің маңызды ерекшеліктері

Жүргізу бойынша нұсқаулық

- Күшті желге қарсы жүргенде жылдамдықты азайтыңыз.
- Жол жиектерінде баяу қозғалу керек және дөңгелектердің дұрыс бұрылу бұрышын сақтауға тырысу керек. Өткір жиектері бар кедергілерден өтпеңіз. Олай болмаса, шиналар қатты зақымдалуы мүмкін.
- Оқапты немесе тегіс емес жолдарда жылдамдықты түсіріңіз. Олай болмаса, соққылар дөңгелектерге қатты зақым келтіруі мүмкін.

- Автокөлікті жуған немесе терең судан көшіп өткен кезде тежегіштер су болып қалуы мүмкін. Тежегіштерді келтіру үшін алдыға қарай жүріңіз және тежегіш педалін жеңіл басыңыз. Егер сіз қалыпты тежеу күшін сезбесеңіз, тежегіш ылғалданған болуы мүмкін. Электрондық тұрақ тежегішін пайдаланған кезде автокөлікті абайлап жүргізе отырып, тежегіш педалін ақырын және тегіс басуға болады.
- Автокөліктің қалыпты жүріп келе жатқан кезде, «Старт» түймесін 3 с-тан артық бассаңыз, автокөлік қуат алуды өшіреді және апаттық электр қуатын өшіруді жүзеге асырады, сондай-ақ апаттық дабылды қосу, тежегіш педалін басу, тұрақ тежегішінің тұтқасын төмен жылдамдықпен тартқан немесе қоршаған кедергілерді пайдаланған кезде жылдамдықты автокөлік толық тоқтағанға дейін біртіндеп төмендету ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөлік жүргізер алдында электрондық тұрақ тежегішінің толығымен босатылғанына және электрондық тұрақ тежегішінің индикаторы сөнгеніне көз жеткізіңіз.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған автокөлікті қалдырмаңыз.
- Қозғалыс барысында аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Бұл қауіпті қызып кетуге, тежегіштердің тозуына және отынның босқа шығынына әкелуі мүмкін.
- Ұзын, тік еңіспен төмен жылжыған кезде жылдамдықты төмендету керек. Тежегішті жиі басу тежегіш дискісінің қызып кетуіне әкелетінін есте ұстаған жөн, бұл оның дұрыс жұмыс істеуін тоқтатады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! (жалғасы)

- Тайғақ беттерде үдеткен немесе тежеген кезде абай болыңыз. Тез екпінде немесе шұғыл тежелу бүйірге сырғуға алып келеді.
- Салондағы жолаушылардың бастарын немесе қолдарын автокөліктің сыртына шығарып отырмағанына көз жеткізіңіз. Бұл әсіресе балаларға қатысты. Автокөлікте балалар болғанда ерекше сақтық танытыңыз.
- Автокөлік дымқыл жол бетімен қозғалғанда, су көп мөлшерде жиналатын жерлерден өтуден аулақ болу керек.
- Алдыңғы бөлімге көп мөлшерде судың кіруі күштік жүйе мен электр компоненттерінің зақымдануына алып келеді.

ЕСКЕРТУ

- Жүргізушілер автокөлікте отырған барлық тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамсыз етуге және оларға автокөлік функцияларын дұрыс пайдалануды көрсетуге міндетті.

Автокөлікті қыста жүргізудің маңызды ерекшеліктері

- Қатпайтын салқындату сұйықтығының құйылғанына көз жеткізіңіз.
 - » Салқындату сұйықтығының бастапқыда қолданылғандай типін қолданыңыз. Салқындату жүйесіне салқындату сұйықтығын қоршаған ортаның температурасына қарай құйыңыз.

» Сәйкес келмейтін салқындату сұйықтығын қолдану салқындату жүйесінің зақымдануына алып келеді.

- Аккумулятор батареялары мен кабельдердің күйін тексеріңіз.
 - » Төмен вольтті батареялардың сыйымдылығы суық ауа райында төмендейді, сондықтан қыс түскенде оларды толық зарядтау қажет.
- Майдың тұтқырлығы қыста автокөлік жүргізуге жарамды екеніне көз жеткізіңіз.
- Есіктерге мұздың қатуына жол бермеңіз.
 - » Қатып қалмауы үшін құлыптың өзегіне азын-аулақ мұз қатудан қорғайтын құрал немесе глицерин бүркіңіз.
- Әйнекжуғышқа арналған қатпайтын сұйықтық қолданыңыз.
 - » Оны BYD компаниясының рұқсаты бар дилерінен немесе сервис орталығынан, сондай-ақ автобөлшектер дүкенінен сатып алуға болады.
 - » Су мен қатпайтын сұйықтықтың арақатынасы өндірушінің нұсқауларына сәйкес болуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөліктің лак-бояу жабынының зақымдалуына жол бермеу үшін жуғыш ерітінді ретінде антифриз немесе өзге де ауыстырғыштар қолдануға рұқсат етілмейді.
- Кірқалқаларда қар мен мұздың жиналуына жол бермеңіз.
 - » Кірқалқаларда қар мен мұздың жиналуы бұрылыстарды басқаруды қиындатуы мүмкін. Суық ауа райында жүргізген кезде мезгіл-мезгілімен тоқтап, қанаттардың астына мұз бен қардың жиналып қалмауын тексеріп отыру қажет.

- Күрделі жол жағдайларында қажет болуы мүмкін апаттық құралдарды немесе заттарды өзіңізбен алып жүріңіз.
 - » Автокөлік ішінде сырғытпайтын шынжырлар, терезеге арналған қырғыш, құм және тұз салынған қаптар, жыпылықтағыш сигнал, күрек және жалғағыш сымдар алып жүруге кеңес беріледі.

Қозғалтқыш цилиндрлерін тазалау

Ауа райы қатаң болатын жерлерде қозғалтқыштың оталмауы қозғалтқыш цилиндрлеріне судың түсуіне әкелуі мүмкін, сондықтан цилиндрлерді тазалау керек:

1. Бүкіл автокөліктің ОК индикаторы жанып тұр, MAX-EV режимінде, қозғалтқыш тоқтап, селектор қолмен N күйіне ауыстырылды;
2. АМИ-де «электрондық тұрақ тежегіш жүйесін» белсендіруді таңдаңыз, сонымен бірге тежегіш педалі мен үдеткішті соңына дейін басыңыз, бірнеше секунд күтіңіз, содан кейін цилиндрлерді тазарту функциясын қосуға болады.

Жүргізуге көмектесу жүйесінің функциялары

Бейімделетін круиз-контроль (БКК)

- Бейімделетін круиз-контроль (БКК) жүйесі — дәстүрлі круиз-контрольдің жетілдірілген жүйесі. Автоматты круиз-контроль келесідей жолмен жұмыс істейді: алда жүріп бара жатқан автокөліктің жылдамдығын және оған дейінгі қашықтықты анықтау үшін жүйе радар мен көп функциялы бейнеконтроллерді қолданады және автокөліктің жылдамдығын белсенді басқарады. Алда автокөліктің

бар-жоғына байланысты жүйе жай круиз-контроль мен БКК арасында ауыстырылып қосылады.

- Крейсерлік жылдамдық пен алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі уақыт интервалы круиз-контроль түймелерінің көмегімен беріледі. Крейсерлік жылдамдықты 30-дан 150 км/сағ-қа (сағатына 20-дан 95 миляға) дейінгі диапазонда белгілеуге, немесе 0-ден 150 км/сағ-қа (0-ден 95 миля/сағ-қа) дейінгі крейсерлік жылдамдыққа арналған алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі бекітілген арақашықтық беруге болады.

Күйдің сипаттамасы

- БКК күту режимі
 - » Бастапқы қосқаннан кейін жүйе әдепкі қалып бойынша күту режимінде тұрады, оны қолмен іске қосуға болады. Егер автокөліктің күйі іске қосу шарттарына сәйкес келмесе, бұл шарттардың орындалуын күту қажет. Бұл ретте аспаптар тақтасында белгіше көрсетіледі  (өзгеріп отыратын крейсерлік жылдамдық мәнімен бірге).
- БКК іске қосылған
 - » Жүйе жұмыс істеп тұр. Ол берілген жылдамдықты сақтайды немесе алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі арақашықтықты автоматты түрде түзеп отырады. Бұл ретте аспаптар тақтасында белгіше көрсетіледі  (өзгеріп отыратын крейсерлік жылдамдық мәнімен бірге).
- Жылдамдықты асыру
 - » БКК қосулы тұрғанда жүргізуші акселератор педалін басқан кезде автокөлік жылдамдықты үдете отырып жүргізушінің әрекеттеріне жауап береді, бұл ретте жүргізуші акселератор педалін жібермейінше БКК уақытша өшеді.

- БКК ақауы

» Жүйеде ақаулық пайда болды. Операциялар орындалмайды. Аспаптар тақтасында БКК ақаулығының индикаторы жанады. BYD Auto сервис орталығына немесе тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


БКК жүйесінің іске қосылу шарттары

- ЭТТ босатылған.
- «D» берілісі қосылған.
- Автокөлік артқа жылжымайды.
- Жүксалғыш, капот және есіктер жабық.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- БТЖ жүйесі қосылған, алайда әлі белсенді емес.
- Автокөліктің жылдамдығы 150 км/сағ-тан (сағатына 95 милядан) асады.
- Автокөліктің жылдамдығы 0 км/сағ-ты құрайтын кезде тежегіш педалі басылған немесе автокөліктің жылдамдығы 0 км/сағ-тан жоғары болғанда тежегіш педалі басылмаған.
- Аспаптар тақтасында автокөлік желісі бойынша деректер берілісінің ақаулығы туралы хабарлама жоқ.
- АШТ функциясы белсенді емес.

Қолдану

БКК іске қосу / шығу түймесі

- ① Бейімделетін круиз-контроль түймесі
- ② Көп функциялы тұтқа (жоғары: круиз жылдамдығын арттыру немесе қалпына келтіру; төмен: круиз жылдамдығын азайту немесе орнату)
- ③ Қозғалыс қашықтығын қысқарту
- ④ Қозғалыс қашықтығын ұлғайту



БКК іске қосу / шығу түймесі

- БКК іске қосу немесе одан шығу үшін ① түймесін басыңыз (егер іске қосу шарттары орындалып жатса, жүйе күту режимінде тұрса). (Әдепкі қалып бойынша ① түймесін басу жолымен БКК іске қосқан жағдайда қазіргі сәттегі нақты жылдамдыққа тек крейсерлік жылдамдық белгіленеді. Егер қазіргі сәттегі жылдамдық 30 км/сағ-тан төмен болса, крейсерлік жылдамдық 30 км/сағ-қа тең болып белгіленеді.)

БКК өшіріп қосу

- БКК жүйесі бір оталдыру циклының шегінде күту режимінде тұрған кезде жүйе соңғы берілген жылдамдық мәнін жадқа сақтайды. Круиз-контроль жүйесінен түпкілікті шықпас бұрын сақталған жылдамдықты қалпына келтіру үшін ② иінтірегін басыңыз.

Берілген жылдамдықты ұлғайту/азайту

- БКК іске қосылған күйде ② иінтірегін жылжыту арқылы 30–150 км/сағ диапазонында автокөліктің жылдамдығын беріңіз. ② иінтірегін жоғары немесе төмен жылжыту берілген жылдамдықты 5 км/сағ-қа ұлғайтады немесе кемітеді.

БКК-ден шығу

- БКК белсенді болғанда ① түймесін қайта басу немесе тежегіш педалін басу БКК жүйесін күту режиміне ауыстырады.

Арақашықтықты баптау

- Жүргізуші алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз арақашықтықты таңдауға міндетті.
- Ол осы қатармен алда бара жатқан автокөлікке дейінгі тиісті арақашықтықты сақтап отыру үшін автокөліктің жылдамдығы түзетіледі. Рульдегі ③ және ④ түймелерін басу автокөлікке дейінгі қашықтықтың ықтимал төрт деңгейінің бірін таңдауға мүмкіндік береді. Барлық деңгейлердегі қашықтық автокөліктің жылдамдығына пропорционалды. Жылдамдық неғұрлым жоғары болса, арақашықтық соғұрлым жоғары.

БКК жұмыс істеп тұрғанда жылдамдықты көбейту/азайту

- БКК белсенді еткен кезде жүргізуші акселератор педалін баса және алдын ала берілген крейсерлік жылдамдыққа дейін жылдамдықты үдете алады. Сол кезде жүйе жоғары жылдамдық режиміне кіреді. Егер автокөлік берілген жылдамдықпен қозғалып келе жатса, және жүргізуші басқа әрекеттер жасамай акселератор педалін басса, акселератор педалін жібергеннен кейін автокөлік берілген жылдамдықта қалпына келтіреді. Егер жүргізуші автокөлік жылдамдығын біртіндеп төмендету үшін тежегіш педалін басса, БКК күту режиміне ауысады. Тежегіш педалін жібергеннен кейін БКК-ны қайтадан белсенді ету қажет.

Алда жүріп бара жатқан автокөліктің ізінен тоқтау және қозғалысты бастау

- Қалыпты қозғалыс жағдайларында БКК басқаруындағы автокөлік алда жүріп бара жатқан автокөлікпен бірге тоқтай және егер аялдау уақыты 30 секундтан аспайтын болса, автоматты түрде қозғалысын жалғастыра алады.

- Егер автокөлік 3 минуттан аз уақытқа аялдайтын болса, БКК қайта белсенді ету үшін жүргізушіге акселератор педалін басу немесе ② иінтірегін жоғары көтеру қажет.
- Егер автокөлік 3 минуттан ұзақ уақытқа аялдаса, БКК күту режиміне өтеді, осы кезде ЭТТ іске қосылады.

Жүйенің жұмысын шектеу

- Радар автокөліктің алдыңғы бөлігіне орнатылған. Радар датчигінің орналасқан аймағының ластануы және кедергілер радардың өз функцияларын орындауына бөгет болуы мүмкін. Атап айтқанда, егер датчиктің бетін толықтай қар жауып тұрса, БКК жүйесі жұмыс режимінен шығады және адам-машина интерфейсінің (АМИ) панеліне тиісті хабарлама шығарады. Кедергілер алынғаннан кейін жүйенің жұмысы қалпына келеді, ал автокөлік қайта қосылады немесе біршама уақыт жұмыс істеп тұрады.
- Егер автокөлік ерекше жағдайларда, мысалы, айналма рампада немесе тоннельде қозғалып келе жатса, анықтау мүмкіндіктерінің шектелуіне байланысты радардың жұмысы уақытша бұзылуы мүмкін. Функцияны автокөлікті өшіріп қайта қосу немесе біршама уақыт қалыпты жағдайларда жүріп өту арқылы қалпына келтіруге болады.
- Бұрылысқа кіргенде немесе одан шыққанда мақсатты объект ұзағырақ уақыт немесе бұзылулармен таңдалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда БКК басқаруымен жүріп келе жатқан автокөлік тежелмеуі немесе кешігіп тежелуі мүмкін.
- Тік бұрылыстары бар жолдарда, мысалы ирелең жолда БКК датчигінің шолу аймағының шектеулі болуына байланысты алда жүріп бара жатқан автокөлік бірнеше секундқа датчиктің анықтау аймағынан тыс жерде болуы мүмкін, бұл БКК басқаруында жүріп келе жатқан автокөлікті автоматты түрде жылдамдығын ұлғайтуға мәжбүрлеуі мүмкін.

- БКК жүйесінде алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты берген кезде көлік ағынын және жаңбыр немесе тұрман секілді ауа райы жағдайларын есепке алу қажет. БКК жүйесі тиісті түрде бапталғаннан кейін жүргізушінің кез келген сәтте автокөлікті толық тоқтатуға дейін жылдамдықты түсіруге мүмкіндігі болуы тиіс.
 - БКК жүйесі көлік құралдары, тоқтатылған қозғалыс, өткізу пункттері, велосипедшілер және жаяу жүргіншілер секілді қозғалыссыз немесе баяу қозғалып келе жатқан объектілерді анықтай алмайды. Бұл соқтығысу қаупін туғызады, сондықтан жүргізуші айналадағы мән-жайды мұқият қадағалап отыруы тиіс.
 - БКК жүйесі жаяу жүргіншілерді немесе қарсы келе жатқан автокөліктерді анықтамайды.
 - БКК жүйесі тек шектеулі тежеуді қамтамасыз етеді, алайда шұғыл тежеуді қамтамасыз етпейді.
 - Жол құрылысында қолданылатын қоршаулар немесе металл плиталар секілді металл объектілер радар жұмысында радар қалыпты жағдайларда жұмыс істей алмайтындай кедергілер тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда кідірместен BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз. Егер автомобиль тіркемемен қозғалыс / қар жамылған өріс / жер жабыны / құм жабыны / таулы аймақ (егер автокөлік жоғарыда аталған арнайы қозғалыс режимдерімен жабдықталған болса) сияқты арнайы қозғалыс режимінде болса, БКК-ні іске қосу мүмкін емес.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**
- БКК — бұл қауіпсіздік жүйесі немесе кедергілерді анықтау немесе соқтығысулар туралы ескерту жүйесі емес, жайлылықты жоғарылататын жүйе Жүргізуші барлық уақыт автокөлікті бақылап отыруы және ол үшін толық жауапкершілік көтеруі тиіс.
 - БКК жүйесі жүргізушінің ролін алмастыруға емес, көмектесуге
- арналған. Жүргізуші жол қозғалысы ережелерінің сақталуына және автокөлікті басқаруға жауапкершілік көтереді.
- Қауіпсіздік мақсатында, егер шанақты тұрақтандыру жүйесі (ШТЖ) өшірілсе, БКК-ні іске қосу мүмкін емес.
 - БКК жүйесі күрделі қалалық немесе ирелең жолдарда емес, автомагистральдарда және жақсы күйдегі жолдарда қолдануға жарайды.
 - Алда келе жатқан көлікке қауіпсіз қашықтықты сақтау жүргізушінің міндеті болып табылады. БКК жүйесіндегі автокөліктер арасындағы қашықтық белгілі бір елдегі автокөліктер арасындағы ең аз қашықтыққа қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.
 - Егер БКК жұмыс істеп тұрғанда акселератор немесе тежегіш педалі басылса, автокөлікті басқару жүргізушіге беріледі. Нәтижесінде БКК жүйесі алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отыра алмайды.
 - БКК жүйесі алда жүріп бара жатқан автокөліктің күрт тежеуіне (шұғыл тоқтауына) әрекет етпеуі немесе тым баяу әрекет етуі мүмкін, мұның салдарынан көшігіп тежелу қаупі туындайды. Мұндай жағдайларда басқарудың берілуіне сұрау болмайды.
 - Кейбір жағдайларда, мысалы, алда жүріп бара жатқан автокөлік тым баяу қозғалған, қозғалыс жолағын тез ауыстырған, алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін тым аз қауіпсіз қашықтық қалған жағдайда жүйеге салыстырмалы жылдамдықты төмендетуге уақыт жетпеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жүргізуші әрекет етуі тиіс. Жүйе әрбір жағдай бойынша дыбыстық немесе визуалды ескертулер бере алмайды.

- Автомобиль қозғалмай тұрған кезде БКК іске қосылса, жүйе автокөліктер сияқты оның алдында тұрған қозғалмайтын кедергілерді анықтайды және қозғалыссыз күйді сақтайды. Бұл автокөліктің қауіпсіз қозғалысты бастауын қамтамасыз ету және қозғалмайтын заттармен күтпеген соқтығысуды болдырмау мақсатында жасалады. Алайда бұл функция барлық кедергілерді анықтай алмайды, сондықтан жүргізуші автокөліктің алдында кедергілер немесе басқа жол қозғалысына қатысушылардың болмағанына көз жеткізуі керек.
- Көршілес қозғалыс жолағына дейінгі шағын қашықтық (немесе көршілес жолақта БКК жүйесінің басқаруындағы автокөліктің жолағына тым жақын жүріп келе жатқан көлік құралының болуы) БКК жүйесін тежеуге мәжбүрлеуі мүмкін.
- БКК басқаруындағы автокөліктің қозғалыс жолағына ауысып келіп жатқан көлік құралдары оның радарының байқау аймағының шегінде жетекші көлік құралы ретінде анықталады және бұл сәйкес реакция тудырады және шұғыл немесе кешігіп тежелуге алып келуі мүмкін.
- БК жабынының тым төмен коэффициенті бар көлік құралына бағдарлана алмайды, сондықтан жүргізуші автокөлікті бақылауды сақтауы тиіс.
- Автокөлік алда жүріп бара жатқан автокөліктің артынан тоқтаған кезде, жүйе алда жүріп бара жатқан автокөліктің ең шеткі нүктесін емес, нысананың төменгі жиегін (мысалы, шассиі биік жүк көлігінің артқы осін немесе автокөліктің бамперін) бақылап отырады. Мұндай жағдайларда жүйе тиісті тежеу жолын қамтамасыз ете алмайды, сондықтан жүргізуші қырағылығын сақтауы және тежелуге дайын болуы тиіс.
- Автокөліктің конструкциясын өзгерту, мысалы шассидің биіктігін азайту немесе алдыңғы нөмір белгісінің жақтауын ауыстыру БКК жүйесінің жұмысына кері әсер етуі мүмкін.
- БКК жүйесін көру мүмкіндігі нашар жағдайда, сондай-ақ беткейлерде, ирелең немесе ылғал (мұз, қар басқан немесе су жайлаған) жолдарда қолдануға рұқсат етілмейді.
- Егер автомобиль тіркемемен қозғалыс / қар жамылған өріс / жер жабыны / құм жабыны / таулы аймақ (егер автокөлік жоғарыда аталған режимдермен жабдықталған болса) сияқты арнайы қозғалыс режимінде болса, БКК-ні іске қосу мүмкін емес.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгені туындағанда радарды және көп функциялы бейнеконтроллерді калибрлеу және тексеру үшін кәсіби BYD рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгінген жөн.
 - » Радарды, алдыңғы бамперді немесе алдыңғы әйнекті шешіп алу.
 - » Төрт дөңгелектің орнатылу бұрыштарын реттеу әрекетін орындау.
 - » Автокөлік соқтығысуға қатысты.
 - » БКК жүйесінің жұмысының нашарлауы немесе аспаптар тақтасында жүйелік қате туралы хабарламаның пайда болуы.

ЕСКЕРТУ

- БКК жүйесі тек жүргізу кезіндегі көмектесу функциясын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.
- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері БКК жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- БКК-ні өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Интеллектуалды круиз-контроль (ИКК) *


- Интеллектуалды круиз-контроль (ИКК) БКК және жолақта центрлеуді бақылауды (ЖЦБ) біріктіреді. Бұл жүйе 0-ден 120 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықта тік бағытта да, көлденең бағытта да автокөлікті бақылауда ұстауға, жүргізушіге түсетін жүктемені азайтуға және қауіпсіз және жайлы қозғалыс жағдайларын ұстап отыруға көмектеседі.
- Функция қосулы кезде жүргізуші үнемі рульден ұстап отыруы және қажеттігіне қарай автокөлікті басқаруы тиіс.
- Тік бағыттағы көмек автокөліктің тұрақты жылдамдығын немесе алда жүріп бара жатқан жол қозғалысы қатысушысына дейін тұрақты арақашықтықты ұстап отыратын БКК жүйесімен қамтамасыз етіледі.

ИКК жүйесінің іске қосылу шарттары

- ЭТТ босатылған.
- «D» берілісі қосылған.
- Автокөлік артқа жылжымайды.
- Жүксалғыш, капот және есіктер жабық.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- БТЖ жүйесі қосылған, алайда әлі белсенді емес.
- Автокөлік жылдамдығы 120 км/сағ-тан асады.
- Автокөліктің жылдамдығы 0 км/сағ-ты құрайтын кезде тежегіш педалі басылған немесе автокөліктің жылдамдығы 0 км/сағ-тан жоғары болғанда тежегіш педалі басылмаған.
- Аспаптар тақтасында автокөлік желісі бойынша деректер берілісінің ақаулығы туралы хабарлама жоқ.
- АШТ функциясы белсенді емес.
- Қарсы қозғалысы бар жолақтардың арасындағы бөлу сызықтары жақсы көрінеді және автокөлік жолақтың ортасында орналасқан.

Қолдану

- ИКК жүйесін қосу және өшіру үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесіне өтіңіз және «DiPilot»  → «Жүргізу көмекшісі» пернелерін басыңыз. (Егер экран ажыратқышы қосулы болса, ИКК тек автокөлікті «P» берілісі қосылған кезде ғана өшіруге болады.) Автокөлікті оталдырғаннан кейін қоректендіруді соңғы өшіру сәтіндегі ИКК күйі сақталады.



- ИКК режимін іске қосу немесе одан шығу үшін рульдегі түймені басыңыз . (Әдепкі қалып бойынша бұл функцияны іске қосқанда крейсерлік жылдамдық қазіргі сәттегі нақты жылдамдыққа теңдей етіп белгіленеді. Егер қазіргі сәттегі жылдамдық 30 км/сағ-тан төмен болса, крейсерлік жылдамдық 30 км/сағ-қа тең болып белгіленеді.) Ағымдағы жылдамдық 30-120 км / сағ ауқымында болғанда, оны рульдегі «Баптау+» және «Баптау-» түймелерін басу арқылы реттеуге болады, бұл ретте қысқа басу жылдамдықты 5 км/сағ арттырады/ азайтады, ұзақ басу жылдамдықты 5 км/сағ үздіксіз арттырады/азайтады.
- Интеллектуалды круиз-контроль функциясын қосқаннан кейін аспаптар тақтасында күту күйінің индикаторы жанады: .
- Интеллектуалды круиз-контроль функциясын іске қосқаннан кейін аспаптар тақтасында іске қосу күйінің индикаторы жанады: . Егер интеллектуалды круиз-контроль функциясы қалыпты жұмыс режимінде болса, жүйе қозғалысты белгіленген жылдамдықпен сақтап тұруға немесе алдыңғы көлікке дейінгі қашықтықты автоматты түрде реттеуге және оны тұрақты түрде орындауға қабілетті.

- Интеллектуалды круиз-контроль функциясы жүйесі ақаулы болса, аспаптар тақтасында  ақаулық индикаторы жанады, бұл ретте BYD уәкілетті автосервисіне немесе клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ИКК жүйесінің БКК мен ЖҚБ жүйелерін біріктіретінін ескерсек, ИКК қолданған жағдайда БКК үшін қарастырылған сақтық шараларын орындау қажет.
- Автокөліктің жылдамдығы 0-ден 120 км/сағ-қа дейін болғанда ИКК қосқан және белсенді еткен жағдайда:
 - » Егер алда бөлу сызығы болмаса, онда жүйенің көлденең басқаруы басылады және тек адаптивті круиздік бақылау орындалады, ал құрылғының ИКК жүйесінің жұмыс күйінің индикаторы сұр түске боялады.
 - » Егер алда бөлгіш сызық анық байқалса, онда жүйенің көлденең басқару функциясы автоматты түрде іске қосылады, ал құрылғының ИКК жүйесі іске қосу режимінде болады.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі — бұл автоматты жүргізу жүйесі емес, жүргізушіге көмек көрсету жүйесі. Жүргізуші барлық уақыт автокөлікті бақылауда ұстап отыруы және қолдарын ұзақ уақытқа рульден алмауы тиіс. Әйтпесе басқаруды жүргізушіге беру туралы хабарлама берілгеннен кейін жүйеден шығу орын алады.

- ИКК жүйесіне ауа райы жағдайлары, жарық және бөлу сызықтарының айқындығы әсер ете алады. Арттан жарық түсу, күннің батуы, қар басқан немесе қатты бүлінген жолдар секілді жағдайларда оның жұмыстық көрсеткіштері елеулі түрде нашарлайды.
- ИКК жүйесін бірінің соңынан бірі ілесетін жолдың шұғыл бұрылыстары бар тәлімдерінде, мұз басқан және сырғанақ жолдарда немесе радардың немесе камераның шолу алаңында кедергілер болуы мүмкін ауа райы жағдайларында қолдануға рұқсат етілмейді.
- Егер автокөлік тіркемемен қозғалыс / қар жамылған өріс / жер жабыны / құм жабыны / таулы аймақ сияқты арнайы қозғалыс режимінде болса, БКК жүйесін іске қосу мүмкін емес.
- ИКК қолдану мүмкін емес жағдайлар
 - » Датчиктің беті көлегейленген.
 - » Автокөлік ауыр ауа райы жағдайларында жүріп келе жатыр.
 - » Белсенді қауіпсіздік функциясы іске қосылды.
 - » Автокөліктің жылдамдығы көрсетілген диапазон шегінен шығады.
 - » Жолдың бұрылысының қисықтығы тым үлкен.

ЕСКЕРТУ

- ИКК жүйесі тек жүргізу кезіндегі көмектесу функциясын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.
- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері ИКК жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Қисықтығы үлкен болатын бұрылыстан өткенде бұрылыс мүмкіндіктерінің артылуына байланысты ИКК функциясынан автоматты түрде шығуға болады, сондықтан жүргізуші жол жағдайына және жүйенің күйіне үнемі назар аударуы керек.
- ИКК-ні өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Болжау функциясы бар шұғыл тежеу жүйесі (БШТ)* және автоматты шұғыл тежеу (АШТ)*

Жаяу жүргіншіге соғылу туралы ескерту жүйесі (ЖСЕ) және автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АШТ) радардың және көп функциялы бейнеконтроллердің көмегімен алда орналасқан көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерді анықтайды. Соқтығысу қаупін анықтаған жағдайда жүйе дыбыс және жарық ескерту сигналын беру жолымен жүргізушіге ескертеді және реакция уақытын қысқарту үшін ықтимал тежеу қысымын жоғарылатады. Жоғары соқтығысу қаупі анықталған жағдайда жүйе соқтығысуды болдырмауға немесе салдарлардың ауырлығын төмендетуге көмектесіп, автоматты түрде тежеу қысымын береді.

Қолдану

- ЖСЕ немесе АШТ қосу не өшіру үшін → АМИ  → ADAS → «Белсенді қауіпсіздік» сілтемесі бойынша өтіңіз. Әдепкі қалып бойынша бұл функция автокөлікті оталдырған кезде іске қосылады.
- ЖСЕ жүйесі дыбыс сигналы, мәтіндік хабарлама және оқтын-оқтын тежелу түріндегі ескертулер береді.
- ЖСЕ жүйесін белсенді еткен жағдайда қауіп дәрежесіне байланысты жасыл түсті  немесе қызыл түсті индикатор  жыпылықтай бастайды, ал аспаптар тақтасында көмекші хабарлама көрсетіледі.
- АШТ жүйесі іске қосылған жағдайда қызыл түсті индикатор жыпылықтайды , бір мезгілде аспаптар тақтасында көмекші хабарлама пайда болады.
- Ақаулық жағдайында аспаптар тақтасында  белгіше көрсетіледі, бұл ретте BYD уәкілетті автосервисіне немесе клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ПСП жүйесінің іске қосылу шарттары

Төменде көрсетілген шарттардың бәрі орындалуы тиіс.

- Жүргізуші АМИ көмегімен функцияны қосады.
- Егер автокөлік қозғалып бара жатқан нысанаға жақындап келе жатса, автокөліктің жылдамдығы 30-дан 150 км/сағ-қа дейінгі шекте болса.
- «D» берілісі қосылған.
- Автокөлік артқа жылжымайды.

АЭТ жүйесінің іске қосылу шарттары

Төменде көрсетілген шарттардың бәрі орындалуы тиіс.

- Жүргізуші АМИ көмегімен функцияны қосады.
- Егер автокөлік қозғалып бара жатқан нысанаға жақындап келе жатса, автокөліктің жылдамдығы 4-дан 150 км/сағ-қа дейінгі шекте болса.
- ЭТТ босатылған.
- «D» берілісі қосылған.
- Автокөлік артқа жылжымайды.
- Жүксалғыш, капот және есіктер жабық.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- БТЖ жүйесі қосылған, алайда әлі белсенді емес.

Жүйенің жұмысын шектеу

- Төменде көрсетілген жағдайларда болжау функциясы бар шұғыл тежеу жүйесінің (БШТ) жұмысы бұзылуы немесе жүйе жауап әрекет етпей қалуы мүмкін:
 - » жаңбырлы күндері, сондай-ақ қар жауып тұрғанда және тұманда, тікелей түсетін күн сәулесінің немесе жарқын қарықтыратын жарықтың әсерімен немесе жарықтандырудың елеулі ауытқулары жағдайларында;
 - » егер датчиктің беті ластанған болса, бұлыңғыр үлдірмен жабылып тұрса, зақымдалған немесе көлегейленген болса;
- Күрделі жол жағдайында жүйе келесі мән-жайларға тиісті түрде жауап әрекет етуге қабілетсіз болуы мүмкін:
 - » жаяу жүргіншілер немесе көлік құралдары датчиктің байқау аймағына тым тез кіріп жатыр;
 - » жаяу жүргіншілер өзге объектілермен көлегейленген;

- » жаяу жүргіншінің контурлары фоннан ажыратылмайды;
- » жаяу жүргіншілерді анықтау мүмкін емес, себебі, мысалы олар арнайы киім киген немесе арнайы материалдар жамылған;
- » автокөлік бұрылу радиусы кіші қисық сызық бойынша қозғалып келеді.
- АШТ жүйесі тек белгілі жылдамдыққа жеткеннен кейін ғана белсенді болады. Автокөлікті әрдайым зейінмен басқару қажет, себебі жүйе тиісті түрде іске қосылмауы мүмкін.
- БТЖ функциясы өшірулі немесе апаттық сигнал қосулы тұрған кезде АШТ жүйесі қалыпты жұмыс істей алмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- БШТ жүйесі соқтығысулардың мүлдем болмауын көпілдендіре алмайды. Күрделі жол жағдайында жүйе барлық көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерді бірдей айқын анықтай алмауы мүмкін. Ол қажетсіз хабарлама беруі немесе люктердің қақпақтарының, металл плиталардың немесе жол белгілерінің себебінен тежегішті іске қосуы мүмкін. Қозғалыс қауіпсіздігін сақтаңыз және айналадағы жол жағдайын қадағалаңыз. Ешқандай мән-жайларда АШТ жүйесі кәдімгі тежелуді ауыстыра алмайды.
- ЭТТ жүйесіне тым қатты сеніп қалмаңыз, себебі бұл ауыр жарақаттар немесе кісі өлімі болатын ауыр апаттарға алып келуі мүмкін. Жүйе небәрі қауіпсіздікті қамтамасыз ету көмекші құралы ғана қызметін атқарады. Жүргізуші әрдайым алға жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отыруы, жылдамдықты бақылау, және қажет жағдайда тежеуге немесе шетке бұрып жіберуге дайын болуы тиіс. Жүргізуші барлық уақыт автокөлікті бақылап отыруы және жүргізу қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілік көтеруі тиіс.
- Егер ЖСЕ ескерту сигналын берсе, жүргізуші жолдағы жағдайға сәйкес автокөлікті тежеуі және оның жылдамдығын төмендетуі немесе кедергіден айналып өтуі тиіс.
- Егер автокөлік алда жүріп бара жатқан автокөлікке шектен тыс жақындап, тым ұзақ уақыт жүріп келе жатса, қауіпсіз арақашықтықты сақтау туралы ескерту сигналы беріледі. Егер алда жүріп бара жатқан автокөлік кенет тежелсе, соқтығысудан бұлтара алмай қалуыңыз мүмкін.
- Егер жүргізуші қауіп туралы ескерту алғаннан кейін рульді бұрса, күрт газ педалін басса немесе шұғыл тежесе, жүйе АШТ іске қоспайды.
- Егер автокөлік ерекше жағдайларда, мысалы, айналма рампада немесе тоннельде қозғалып келе жатса, анықтау мүмкіндіктерінің шектелуіне байланысты радар датчигінің жұмысы уақытша бұзылуы мүмкін. Функцияны автокөлікті өшіріп қайта қосу немесе біршама уақыт қалыпты жағдайларда жүріп өту арқылы қалпына келтіруге болады.

- Егер радардың не камераның беті ластанған немесе бөтен материалдармен жабылған болса, аспаптар тақтасында хабарлама көрсетіледі (беттері ластанған немесе бөтен материалдармен жабылған кезде радар датчиктері немесе камералар көрмей қалуы мүмкін), және ЖСЕ және АШТ жүйелері өшіріледі. Функциялар датчиктерді тазалағаннан кейін қалпына келеді.
- Жаяу жүргіншілерді қорғау функциясының белгілі бір физикалық шарттармен байланысты шектеулері бар болғандықтан қауіпті жағдайда жүргізуші дер кезінде және нәтижелі түрде автокөлікті басқаруды өзіне қабылдауы тиіс.
- Жүйе өз бетінше жаяу жүргіншілерді толықтай қорғай немесе жол-көлік оқиғалары мен ауыр жарақаттардың алдын ала алмайды.
- Белгілі бір жағдайларда, мысалы, ирелең жолдарда жаяу жүргіншілерді қорғау функциясы қажетсіз ескерту хабарламаларының берілуіне немесе тежегіштердің іске қосылуына түрткі болуы мүмкін.
- Жүйе ақаулы болған жағдайда, мысалы, радар немесе камера дұрыс орналаспаған жағдайда жаяу жүргіншілерді қорғау функциясы жаңылысып ескерту хабарламаларының берілуіне немесе тежегіштердің іске қосылуына түрткі болуы мүмкін.
- АШТ іске қосылған жағдайда тежегіш педалы қатаяды. Тежегіш суппортын тез жылжыту үшін жоғарырақ гидравликалық қысым қажет болады, ысылдаған дыбыс пайда болады.
- БШТ жүйесі тек есіктер жабық және қауіпсіздік белбеулері тағылған күйде ғана іске қосылады және келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
 - » егер қандай да бір есік жабылмаған болса немесе автокөліктің қозғалысы кезінде ашылса;
 - » егер қауіпсіздік белбеуі тағылмаған немесе автокөліктің қозғалысы кезінде ағытылған болса; жүргізуші қарқынды түрде тежейді;
 - » жүргізуші көбінесе үдеткіш пен тежегіш педальдерін кезектесіп басады немесе рульді жылдам айналдырады.
- Жүйенің тиімділігі келесі жағдайларда төмендеуі мүмкін:
 - » алдыңғы бамперге күшті соққы тигеннен кейін;
 - » шиналар дұрыс үрленбеген немесе тозған;
 - » автокөлік құрылымында қарастырылмаған шиналар орнатылған;
 - » сырғытпайтын шынжырлар орнатылған;
 - » шағын өлшемді қосалқы дөңгелек немесе шиналарға арналған жөндеу жиынтығы қолданылуда.
- Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгені туындағанда орташа қашықтық радарын және көп функциялы бейнеконтроллерді калибрлеу және тексеру үшін кәсіби BYD рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгіну қажет.
 - » Радарды, алдыңғы бамперді немесе алдыңғы әйнекті шешіп алу.
 - » Барлық төрт дөңгелекті реттеу кезінде алдыңғы дөңгелектердің түйісуін және артқы дөңгелектердің құлауын реттеу.
 - » Соқтығысу.

- БШТ жүйесін картон қораптар, темір плиталар, манекендер және т.с.с. объектілердің көмегімен өз бетіңізше сынауға рұқсат етілмейді. Жүйе тиісінше іске қосылмай қалуы мүмкін, бұл апатқа алып келеді.

ЕСКЕРТУ

- ЖСЕ және АШТ жүйелері тек жүргізу кезіндегі көмектесу функцияларын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.
- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері ЖСЕ және АШТ жүйелерінің істен шығуына алып келуі мүмкін.
- ЖСЕ және АШТ өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Фаралардың интеллектуалды шалғай жарығы (ИШЖ) *

Интеллектуалды шалғай жарық жүйесі (ИШЖ) автокөліктің жылдамдығы 25 км/сағ-тан асқан кезде ағымдағы қозғалыс жағдайларына қарай көп функциялы бейнеконтроллердің датчиктерінің көмегімен фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде қосады және өшіреді.

Күйдің сипаттамасы

- ИШЖ күту режимі

Бұл функция қосулы, алайда белсенді емес кезде аспаптар тақтасында

 белгіше көрсетіледі.

- ИШЖ іске қосылған

» Функция қосылып, фараның жарық қосқышы «Авто» күйіне орнатылған кезде, жарықтандыру белгілі бір талаптарға сәйкес келеді және автокөліктің жылдамдығы 35 км/сағ-тан асады, бақылау тақтасында  белгішесі көрсетіледі.

- ИШЖ ақауы

» ИШЖ ақауы пайда болды. Бұл ретте аспаптар тақтасында  белгішесі көрсетіледі.

Қолдану

- ИШЖ функциясын қосу немесе өшіру үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесіне өтіңіз де,  → DiPilot → «Жүргізу көмекшісі» пернелерін басыңыз. Автокөлікті оталдырғаннан кейін қоректендіруді соңғы өшіру сәтіндегі ИКК күйі сақталады.
- Егер функция қосулы тұрса, фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «Авто» күйіне қойылса, жарық белгілі жағдайларға сәйкес келетін және автокөлік жылдамдығы 35 км/сағ-тан асатын болса, жүйе ағымдағы жол жағдайына қарай автоматты түрде таяу және шалғай жарықты ауыстырып қосады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ИШЖ жүйесі фаралар жарығын басқарудың көмекші құралы ғана қызметін атқарады. Жүйені автокөлікпен жоғары жылдамдықпен жүрген кезде қолдануға кеңес беріледі, алайда жүйе жүргізушіні толықтай алмастыра алмайды. Жүргізуші әрдайым қозғалыс ережелерін сақтауы және жолдағы жағдайдың өзгеруіне сәйкес шалғай жарықтан таяу жарыққа және керісінше ауыстырып қосуы тиіс.
- Автокөлік жоғары динамикалық күйде болған кезде, мысалы, ABS немесе ECS жүйесін іске қосқанда, жарықтың өзгеруі бұғатталады.
- ИШЖ жүйесі тұман фараларын өшірген кезде, әйнектазартқыштардың жоғары жылдамдық жұмыс істеу режимін қосқан кезде, сондай-ақ автокөлік артқа жүрген кезде, фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «Авто» күйіне қойылмаған немесе айналадағы орта тым жақсы жарықтандырылған жағдайда өшіріледі.
- Тіпті ИШЖ жұмыс істеп тұрса да жүргізуші ИШЖ қоршаған ортаның қолайсыз факторларының және жағдайларының әсерінен қателесіп іске қосылатын немесе іске қосылмайтын ықтимал жағдайларға жауап реакциясын көрсетуі тиіс. Мұндай әдеттегі жағдайлардың мысалдары төменде келтірілген.
 - » Жүргізушінің иінтіректі ауыстырып қосқыштың көмегімен шалғай жарықты қосуы басымдыққа ие.
 - » Тұман, жауын-шашын немесе қар секілді ауа райы жағдайларында автокөлікті басқару барынша қиын.
 - » Жолдарда жеткіліксіз дәрежеде жарықтандырылған жол қозғалысының қатысушылары (мысалы, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер), темір жолдар немесе су жолдары, жабайы жануарлар бар.
 - » Жақын маңайда жарықты қатты шағылыстыратын заттар (мысалы,

тас жолдағы жол белгілері, жол бетіндегі судан шағылысу және т.с.с.) бар.

- » Алдыңғы әйнек ластанған, су тозаңымен жабылған немесе жапсырмалармен немесе әшекейлермен жабылған.
- Соқтығысқан немесе датчикті қайта орнатқан жағдайда жүйе жұмысының бұзылуынан сақтану үшін датчиктерді калибрлеу үшін BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгінген жөн.



ЕСКЕРТУ

- ИДС жүйесі тек жүргізу кезіндегі көмектесу функциясын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.



ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері ИДС жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.
- ИДС-ні өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Қозғалыс жолағынан түсу туралы ескерту жүйесі (ЖТЕЖ) *

Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі (ЖШЕЖ) мына екі ішкі функциядан тұрады: қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі (ЖШЕЖ) және қозғалыс жолағында ұстап тұру жүйесі (ҚЖҰЖ)

Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі (ЖШЕЖ)

- Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі (ЖШЕЖ) көп функциялы бейнеконтроллердің көмегімен жолақтардың арасындағы бөлу сызықтарын анықтайды. Егер жүргізуші байқаусызда қозғалыс жолағынан шығып кетсе, жүйе бұл туралы жүргізушіге рульдегі дірілдің, дыбыс сигналының және аспаптар тақтасындағы хабарламаның көмегімен ескертеді.
- ЖШЕЖ жұмыс жылдамдықтарының ауқымы:
60–150 км/сағ.
- ЖШЕЖ функциясының зауыттық күйі: әдепкі бойынша қосулы, сигнал беру режимі: діріл.

Функция қосылған кезде, аспаптар тақтасында белгіш сызық анықталған жағдайда ақ болып көрінеді (ескерту: автономды аспаптар тақтасында сұр). Функция іске қосылған кезде, шығу жағындағы құралдар тақтасындағы белгіш сызық қызыл болып көрінеді.

Қолдану

- ЖТЕЖ қосу немесе өшіру үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесіне өтіңіз де, келесі пернелерді басыңыз → «DiPilot» → «Жүргізу көмекшісі» → «Жолақты ұстау көмекшісі».
- ЖШЕЖ ескерту сигналын баптаудың нұсқалары тек дыбыс сигналын, тек рульдің дірілін немесе функциялардың екеуін де қамтиды.

- ЖШЕЖ немесе ҚЖҰЖ қосулы болған кезде аспаптар тақтасында  белгішесі пайда болады, қалқымалы терезеде мәтіндік кеңес беру функциясы дыбыстық сигналмен бірге шығарылады.
- Функция іске қосылған кезде сигнал беру жүйесі қосылады, ал аспаптар тақтасындағы белгіш сызық жолақтан шығу жағында қызыл түспен көрсетіледі.
- Функция істен шыққан кезде, аспаптар тақтасында  белгішесі пайда болады, қалқымалы терезеде мәтіндік хабарламалармен бірге дыбыстық кеңестер пайда болады.

Қозғалыс жолағында ұстап тұру жүйесі (ҚЖҰЖ)

- Қозғалыс жолағында ұстап тұру жүйесі (ҚЖҰЖ) көп функциялы бейнеконтроллердің көмегімен жолақтардың арасындағы бөлу сызықтарын анықтайды. Егер жүргізуші қозғалыс қатарынан шыға бастаса, жүйе (егер ол қосулы болса) рульмен басқару күшейткішінің электронды жүйесінің (РЭК) көмегімен кері күш түсіру жолымен руль дөңгелегін сәл кері бұрады да, жолақтан шығудың алдын алады.
- ҚЖҰЖ жұмыс жылдамдықтарының ауқымы:
60–150 км/сағ.
- ҚЖҰЖ функциясының зауыттық күйі әдепкі бойынша сөндіріледі.

Қолдану

- ҚЖҰЖ қосу немесе өшіру үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесіне өтіңіз де, келесі пернелерді басыңыз  → «DiPilot» → «Жүргізу көмекшісі» → «Жолақты ұстау көмекшісі».

- ЖШЕЖ немесе ҚЖҰЖ қосулы болған кезде аспаптар тақтасында  белгішесі пайда болады, қалқымалы терезеде мәтіндік кеңес беру функциясы дыбыстық сигналмен бірге шығарылады.
- Функция іске қосылған кезде дабыл қағылады, аспаптар тақтасындағы  белгішесі екі рет жыпылықтайды, ал жолақтың түсу жағындағы бақылау тақтасындағы бөлу сызығы көк түспен көрсетіледі (ескерту: автономды құрылғы үшін жасыл).
- Функция істен шыққан кезде, аспаптар тақтасында  белгішесі пайда болады, қалқымалы терезеде мәтіндік хабарламалармен бірге дыбыстық кеңестер пайда болады.

Жүйенің жұмысын шектеу

- Күрделі жол жағдайында жолақты ұстау көмекші жүйесі бөлу сызықтарын дұрыс анықтамауы немесе оларды мүлдем танымауы мүмкін. Төменде келтірілген жағдайларда жүйе іске қосылмауы мүмкін немесе оның тиімділігі елеулі түрде нашарлайды:
 - » қар, жаңбыр жауып тұрғандағы немесе тұман кезіндегі нашар көру мүмкіндігі;
 - » алдыңғы әйнек ластанған немесе бетін тұман жапқан немесе көп функциялы бейне контроллердің беті көлегейленген;
 - » жарқын тікелей түскен күн сәулесі, қарсы келе жатқан автокөліктерден шағылысу;
 - » жарықтың күрт өзгеруі, мысалы, тоннельге кіргенде немесе одан шыққанда;
 - » ашық күндері тікелей түскен күн жарығымен жарықтандырылған жолдарда ағаштардың көлеңкелері жолдың бөлу сызықтарына түсіп тұрғанда;

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер жүргізуші бұрылыс көрсеткішін қосып, жолақты тиісті бағытта өзгертсе, онда жолақты ұстап тұруға көмектесетін жүйенің функциясы бұғатталады.
- Егер автокөлік бөлу жолақтарының үстімен жүріп бара жатса, немесе бөлу жолақтары айқын көрінбейтін, тым жіңішке, өшіп қалған, айқын емес немесе бетін балшық/қар басып жатқан болса, ЖШЕЖ блокталуы мүмкін.
- Егер қозғалыс жолағы тым кең немесе тым тар болса, жолақтардың саны көбейсе немесе азайтса, жолақтардың белгілеу сызықтары ылдиларда немесе түсетін жолдарда бірден өзгертін болса, немесе жолақтар тым күрделі ұйымдастырылған болса, ЖШЕЖ блокталуы мүмкін.
- Егер автокөлік алда жүріп бара жатқан автокөлікке тым жақын орналасса, немесе алда орналасқан автокөлік бөлу сызықтарын жауып тұрса, сондай-ақ беткейлерде және ирелең жолдарда ЖШЕЖ блокталуы мүмкін.
- Автокөлік селкілдеген жағдайда, тым тез екпіндегенде немесе тежелгенде, сондай-ақ шұғыл бұрылғанда ЖШЕЖ блокталуы мүмкін.

- Алдыңғы әйнектегі камераның көру аймағындағы жарықтар, әйнектің боялуы немесе ондағы тиісті емес жабын, салонның алдыңғы панелінде орналасқан шағылыстырғыш заттар, және камераның шолуына кедергі келтіретін өзге де объектілер жүйенің жұмысына кері әсер етуі мүмкін.
- Қауіпсіздік мақсатында ЖШЕЖ жұмыс істеуін өз бетіңізше сынауға рұқсат етілмейді. Егер қандай да бір объект камераның бетін көлегейлесе немесе камера айқын жарықтың әсеріне ұшыраса, жүйенің жұмысы үзілуі мүмкін. Қалыпты жағдайлар қайта орнаған сәтте функция қалпына келеді. Егер бұл орын алмаса, BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгінген жөн.
- Төменде келтірілген мән-жайлардың кез келгенінде ЖШЕЖ өшіріп қоюға кеңес беріледі:
 - » спорттық стильде жүргізу;
 - » ауыр ауа райы жағдайлары;
 - » тегіс емес жолдармен жүру.
- Бөлу сызықтары анықтала алмайтын жағдайлар өзгелерімен қатар келесілерді қамтиды:
 - » айқын емес бөлу сызықтары;
 - » үзіліп кететін бөлу сызықтары.
- Камераның анықтауының бұзылуына немесе функцияның көш іске қосылуына алып келуі мүмкін жағдайлар, өзгелерімен қатар:
 - » камераның ажыратылуы, оның тығыз орнатылмауы немесе кедергілердің болуы;
 - » жаңбыр, қар, түтін немесе өзге де ауыр ауа райы жағдайлары;
 - » камераның объективі ішінара немесе толық көлегейленген.

ЕСКЕРТУ

- ЖТЕЖ тек жүргізу кезіндегі көмектесу функциясын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.
- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері СПСП жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ (жалғасы)


- СПСП-ні өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі *

«Көзден таса аймақтарды» бақылау жүйесі келесі функцияларды орындайды: көзден таса аймақтардағы объектілерді анықтау (КАО), артқы жақтағы көлденең қозғалыс туралы ескерту (АКҚЕ), артқы жақтағы көлденең қозғалыс болған кездегі тежеу (АКҚТ) артқы жақтан соқтығысу туралы ескерту (АСЕ), есіктерді ашқан кездегі ескерту (ЕАЕ). Артқы бампердің екі жағына орнатылған радарлардың көмегімен бұл жүйе автокөліктің артындағы жағдайды бақылайды және жүргізушіге автокөлікті қауіпсіз басқару туралы ескертеді.

КАО *

- Егер автокөліктің жылдамдығы 13,6–146 км/сағ аралығында болған кезде радар датчиктері іргелес қозғалыс жолағында көзден таса аймақта орналасқан немесе жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан көлік құралын анықтайтын болса, тиісті жақтағы сыртқы артқы көрініс айнасында индикатор жанады. Егер осы кезде дәл осы жақтан бұрылыс сигналы қосылатын болса, сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигналдық индикатор жолақты ауыстыру қауіпті болуы мүмкін екенін ескертіп жыпылықтайды.



АКҚЕ*

- Автокөлік артқа жүрген кезде АКҚЕ жүйесі радардың көмегімен автокөліктің артында көзден таса аймақта қозғалып бара жатқан көлік құралдарын анықтайды. Егер жүйе басқа көлік құралдарының автокөлікке соқтығысуы мүмкін екенін анықтаса, жүргізуші соқтығысу қаупін төмендету алуы үшін сыртқы артқы көрініс айналарындағы индикаторлар, аспаптар тақтасының көмескі жарығы және салонды жарықтандыратын алдыңғы плафон жыпылықтайды.

КТАТ *

- Автокөлік артқа жүрген кезде АКҚТ жүйесі радардың көмегімен автокөліктің артында көзден таса аймақта қозғалып бара жатқан көлік құралдарын анықтайды. Егер жүйе басқа көлік құралдарының автокөлікке соқтығысуы мүмкін екенін анықтаса, жүйе автоматты түрде шұғыл тежеуді орындайды.

АСЕ *

- Егер автокөліктің жылдамдығы 4,56–146 км/сағ аралығында болған кезде радар датчиктері артқы жақтан тым тез жақындап келе жатқан автокөлікпен соқтығысу қаупін анықтаса, жүргізушіге ескертіп аспаптар тақтасының көмескі жарығы және салонды жарықтандыратын алдыңғы плафон жыпылықтайды. Бір мезгілде артқы жақта орналасқан автокөліктердің жүргізушілеріне соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін апаттық сигнал беру жүйесі қосылады, сонда жүргізушілер қауіпсіз өтіп кете алады.

ЕАЕ *

- ЕАЕ жұмысы артқы бампердің екі жағына орнатылған артқы бұрыштық радарлар арқылы қамтамасыз етіледі. Автокөлік есіктерінің құлыптары ашылған күйде қозғалыссыз тұрған кезде іргелес жолақта велосипедшілер және автокөліктер секілді объектілер жақындап келе жатса, жүргізушіге ескерту үшін жүйе сыртқы артқы көрініс айналарындағы индикаторларды үнемі қосулы күйінде ұстайды. Бір мезгілде аспаптар тақтасында сурет және көмекші хабарлама көрсетіледі, ал алдыңғы және артқы қатардың жарықтандыру плафондары үздіксіз жанып тұрады. Егер осы кезде жүргізуші есікті ашуға әрекет қылса, сыртқы артқы көрініс айналарындағы индикаторлар мен алдыңғы және артқы қатардың жарықтандыру плафондары жыпылықтай бастайды.

Қолдану

КАО, ЕАЕ, АСЕ немесе АКҚЕ қосу немесе өшіру үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесіне өтіңіз де, келесі пернелерді басыңыз  → «DiPilot» → «Жүргізу көмекшісі» → «Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі». Автокөлікті оталдырған кезде жүйе әдепкі қалып бойынша бұрынғы баптауларды қалпына келтіреді.



Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі өшірулі тұрғанда аспаптар тақтасында онымен байланысты индикаторлар көрсетілмейді.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі күту режимінде тұрғанда, ал автокөліктің күйі, соның ішінде жылдамдық немесе қосылған беріліс функциялардың бір де бірінің талаптарына сәйкес келмесе, аспаптар тақтасында  сұр түсті индикатор көрсетіледі, ал көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің өзі іске қосылмайды.

Егер көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінде ақаулық пайда болса, аспаптар тақтасында  белгісі түріндегі сары түсті индикатор көрсетіледі.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі белсенді кезде аспаптар тақтасында жасыл түсті индикатор  көрсетіледі. Бұл функцияның белсенді және ескерту сигналының кез келген сәтте іске қосылуы мүмкін екенін білдіреді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- КАО жүйесі артқы көрініс айналарынан таса аймақтардағы жағдайды бақылауға көмектеседі, алайда ол жүргізуші орындайтын бақылауды және шешімдер қабылдауды ауыстыра алмайды. Жүргізуші барлық уақыт автокөлікті бақылап отыруы, оны дұрыс басқаруы тиіс және ол үшін толық жауапкершілік көтереді.
- КАО жүйесі артқы жақтан жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан қадағаланып отырған автокөлік туралы жүргізушіге уақтылы ескертпеуі мүмкін.
- Жүргізуші жүйенің радар датчиктерін жұмыстық күйінде ұстай отырып, КАО жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс. Мысалы, егер датчиктердің бетін балшық, қар немесе басқа кедергілер жауып тұрса, оларды дереу тазалау қажет.

- Егер КАО жүйесі автокөліктің артында немесе қапталында орналасқан және іске қатысы жоқ нысаналарды (жолдарды жөндеу кезінде қолданылатын ірі жол қоршаулары, жолдың бойында тұрған үлкен жарнама тақталары, тоннель қабырғаларынан шағылысу, немесе шағылыстыратын көлденең қимасының үлкен ауданы бар өзге де объектілер) қадағаланатын автокөліктер деп жаңылысып қабылдаса, ол ескерту сигналын береді.

Жүйенің жұмысын шектеу

- Кейбір жағдайларда жүйе жүргізушіге көмек көрсете алмайды, анықтау кешігіп орын алуы немесе шындыққа сай болмауы мүмкін. Мұндай мән-жайларға өзгелерімен қатар келесілер кіреді:
 - » арттан жақындап келе жатқан автокөліктің қозғалыс жолағын кенеттен өзгертуі;
 - » шұғыл бұрылыстар, беткейлер немесе артқы жақтан жақындап келе жатқан автокөліктер тым кеш анықталатын өзге де жағдайлар;
 - » қадағаланып отырған автокөлік әлдебір нәрсемен көлегейленген;
 - » артта келе жатқан автокөліктің салыстырмалы жылдамдығы 80 км/сағ-тан асады;
 - » тым кіші бұрылу радиусы, немесе автокөлік жолдың қисық сызықты тегісіне кірген немесе одан шығып бара жатқан кезде;
 - » ауыр ауа райы жағдайлары, мысалы, жаңбыр немесе қар;
 - » радардың ажыратылуы, оның тығыз орнатылмауы немесе кедергілердің болуы;
 - » металл қоршаулардың кейбір түрлері немесе осыған ұқсас жол жағдайлары.

- » Жүйе жауап бермеуі мүмкін мақсаттар: жаяу жүргіншілер мен жануарлар; электрмагниттік кедергілер болған кезде барлық нысандар.


- Дірілдің немесе соқтығысудың КАО жүйесінің радар датчигінің калибрленуіне әсері жүйенің жұмысын нашарлатуы мүмкін. Мұндай жағдайда BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгінген жөн.

ЕСКЕРТУ

- Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі тек жүргізу кезіндегі көмектесу функциясын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.
- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесін өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Автокөліктің дыбыстық сигнал беру жүйесі (АДСЖ)


Автокөліктің дыбыстық сигнал беру жүйесі (АДСЖ) — бұл төмен жылдамдықпен жүріп келе жатқан автокөлікке жақын маңайда орналасқан жаяу жүргіншілерге ескерту дыбыс сигналын беруге арналған жүйе.



- Алға жүру кезінде
 - » Дыбыс сигналының дыбыс күші автокөліктің $0 \text{ км/сағ} < V \leq 20 \text{ км/сағ}$ диапазонында жылдамдығы ұлғайған сайын көбейеді.
 - » Дыбыс сигналының дыбыс күші автокөліктің $20 \text{ км/сағ} < V \leq 30 \text{ км/сағ}$ диапазонында жылдамдығы ұлғайған сайын төмендейді.
- Дыбыс сигналы автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ -тан асқан кезде автоматты түрде өшіріледі.
- Артқа жүрген кезде автокөлік үздіксіз теңгерілген дыбыс сигналын береді.

Жүйені қосу және өшіру

Іштен жану қозғалтқышының дыбысының имитаторын қосу немесе өшіру үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің экранындағы үстіңгі күй жолағын төмен тартыңыз. Тез қолжетімділік пиктограммаларының беті ашылады. Өдепкі қалып бойынша (зауыттағы баптау кезінде) жүйе қосұлы. АДСЖ екі режимі қарастырылған: стандартты және динамикалық. Режимді таңдау үшін «Автокөлік баптаулары» → «Интеллектуалды хабарлама» тармағына өтіңіз



⚠ ЕСКЕРТУ

- АДСЖ уақытша өшіру ажыратқышын тек маңайда жол қозғалысының басқа қатысушылары жоқ болған және қоршаған жағдайларды есепке алғанда, дыбыстық ескертуге қажеттілік жоқ болған жағдайда (мысалы, автокөлік кептелістерінде немесе автомагистральдарда) ғана қолдануға болады. Егер автокөліктің айналасында жаяу жүргіншілер пайда болуы мүмкін болса, АДСЖ қосу қажет.
- Егер автокөлік шағын жылдамдықпен жүріп келе жатса және АДСЖ өшірулі болса, жүйе жаяу жүргіншілерге автокөліктің жақындап келе жатқанын ескерте алмайды, бұл жол-көлік оқиғасына және ауыр жағдайларда жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Егер төмен жылдамдықпен қозғалған кезде АДСЖ естілмесе, автокөлікті қауіпсіз және тыныш орынға тоқтатыңыз, терезені ашыңыз, содан кейін «D» берілісінде 20 км/сағ жылдамдықпен қозғалысты бастаңыз және автокөліктің алдыңғы бөлігінен дыбыс сигналының естілуін не естілмеуін тексеріңіз. Егер дыбыс бұрынғыша естілмей тұрса, проблеманы түзеу үшін BYD рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

Жол белгілерін тану жүйесі (ЖБТЖ)

Функцияның сипаттамасы

Жол белгілерін тану жүйесі (ЖБТЖ) көп функциялы бейнеконтроллердің көмегімен жылдамдықты шектеу белгілерін анықтайды, берілген жолда бар осындай белгілерді аспаптар тақтасында көрсетеді және автокөліктің жылдамдығы анықталған жылдамдық шектеуінен асқан кезде жүргізушіге ескерту хабарламаларын береді.

Қолдану

- ЖБТЖ қосу немесе өшіру үшін келесі сілтеме бойынша өтіңіз  → «DiPilot» → «Жүргізу көмекшісі» → «ЖБТЖ». Автокөлікті оталдырған кезде жүйе әдепкі қалып бойынша бұрынғы баптауларды қалпына келтіреді.
- Қосулы тұрған ЖБТЖ жол белгісін таныған кезде аспаптар тақтасында  белгішесі түріндегі (белгіде көрсетілген мәнімен) қызыл түсті индикатор көрсетіледі.
- Жол белгілерін анықтау жүйесі өшірілген болса немесе жол белгісін анықтамаса, белгіше көрсетілмейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жылдамдықты шектеу белгісі шектеудің анықталған жерінен бастап белгілі бір қашықтық өткеннен кейін аспаптар тақтасынан өшіріледі. Жүргізуші жылдамдықты рұқсат етілген шектерде ұстап отыруы тиіс.
- Жол белгілерін тану жүйесі жылдамдық шектеулерін анықтай алады, алайда жылдамдықты басқара алмайды. Автокөлікті басқару — әрдайым жүргізушінің міндеті. Автокөлікті дұрыс жүргізіңіз.

- Егер параллель жолақтарда бірнеше жылдамдықты шектеу белгілері орнатылған болса, жүйе ағымдағы қозғалыс жылдамдығындағы белгіні анықтайды және сәйкес белгіні көрсетеді. Сондықтан жүргізуші дұрыс қатарды ұстап отыруы тиіс.
- Ұлттық ережелер бойынша орнатылған өлшемдері стандарттан тыс массаны шектеу белгілері қателікпен жылдамдықты шектеу белгісі ретінде қабылдануы мүмкін.
- Егер жылдамдықты шектеу белгілері анық көрінбейтін болса, қисайған немесе қиғаш орналасқан, ішінара көлегейленген немесе жабылған болса, онда камера белгіні толық немесе бірмәнді етіп анықтауға қабілетсіз болуы мүмкін.
- ЖБТЖ тиімділігі ауа райы жағдайларына, жарықтандыруға және белгілердің көрінуіне байланысты. Жүйе түнде немесе күн батқан кезде, жаңбыр, тұман, мұнар, қар немесе шаң-тозаң жағдайларында, автокөліктің артынан жарық түскенде немесе жарықтандыру күрт өзгерген кезде белгілерді толық немесе бірмәнді етіп анықтай алмауы мүмкін.
- Соқтығысқан немесе камера датчигін қайта орнатқан жағдайда жүйе жұмысының бұзылуынан сақтану үшін датчиктерді калибрлеу үшін BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгінген жөн.

ЕСКЕРТУ

- ЖБТЖ жүйесі тек жүргізу кезіндегі көмектесу функциясын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.
- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері ЖБТЖ жүйесінің істен шығуына немесе ескерту сигналдарының кешігуіне алып келуі мүмкін.
- ЖБТЖ-ны өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Жылдамдықты шектеудің интеллектуалды бақылауы (ЖШИБ) *

- Жылдамдықты шектеудің интеллектуалды бақылауы (ЖШИБ) БКК мен ЖБТЖ жүйелерін біріктіреді. Егер жүйе қосұлы болса және автокөлік анықталған жылдамдық шектеуінен асырып жүріп келе жатса, осы шектеуге тең крейсерлік жылдамдықты орнату қажеттігі туралы сұрағы бар хабарлама көрсетіледі. Жүргізуші растағаннан кейін жүйе жылдамдықтың шектен асырылуына жол бермеу үшін автоматты түрде шектеуге тең крейсерлік жылдамдықты орнатады.
- Функция 30-дан 150 км/сағ-қа (сағатына 20-95 миль) жылдамдықтар диапазонында қолжетімді.

Қолдану

- ЖШИБ функциясын қосу немесе өшіру үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесіне өтіңіз де, келесі пернелерді басыңыз  → «DiPilot» → «Жүргізу көмекшісі» → «TSR» → ЖШИБ ажыратқышы».
- ЖБТЖ жүйесі өшірулі тұрғанда ЖШИБ ажыратқышы сұр түске боялған, оны қолдану мүмкін емес. Бұл кезде ЖШИБ өшірулі. ЖШИБ ажыратқышын қолдану мүмкіндігі ЖБТЖ қайта қосқаннан кейін пайда болады.
- ЖШИБ тек БКК жүйесі жұмыс істеп тұрғанда ғана қосуға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ЖШИБ жүйесінің БКК мен ЖБТЖ жүйелерін біріктіретінін ескерсек, ЖШИБ қолданған жағдайда БКК және ЖБТЖ үшін қарастырылған сақтық шараларын орындау қажет.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі — жүргізу кезіндегі көмектесу жүйесі: жүргізуші барлық уақыт автокөлікті бақылауда ұстап отыруы тиіс.

- ЖШИБ тиімділігі ауа райы жағдайларына, жарықтандыруға және жол белгілерінің көрінуіне байланысты. Жүйе түнде немесе күн батқан кезде, жаңбыр, тұман, мұнар, қар немесе шаң-тозаң жағдайларында, автокөліктің артынан жарық түскенде немесе жарықтандыру күрт өзгерген кезде белгілерді толық немесе бірмәнді етіп анықтай алмауы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- ИКОС жүйесі тек жүргізу кезіндегі көмектесу функциясын ғана орындайды, сондықтан автокөлікті басқарудың қауіпсіздігі үшін толықтай жүргізуші жауап береді.
- Ауа райының, жол жағдайларының және өзге факторлардың әсері ЖШИБ жүйесінің істен шығуына немесе ескерту сигналдарының кешігуіне алып келуі мүмкін.
- ИКОС-ті өз қажеттіліктеріңізге, қозғалыс қарқындылығына және жол жағдайларына қарай қолданыңыз.

Панорамалық шолу *

Оталдыру жүйесі қосұлы тұр Ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің басты бетінде «Автокөліктен шолу» пернесін басыңыз, рульдегі түймені басыңыз немесе «R» берілісін қосыңыз. Панорамалық шолу қосылады.



- Экранның көлденеңінен бағытталуы режимінде:
- ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің экранының астыңғы бөлігіндегі алдыға, артқа, оңға және артқа қарай шолуға арналған белгішелерді басыңыз. Кескін аймағында жеке көріністер көрсетіледі. Егер алға немесе артқа қарай шолу қосылған болса, 180°-қа шолуды қосуға арналған кескін аймағын екі рет басыңыз. Кесін бүкіл дисплейді алады. Радар деректерінің панорамалық шолу режимінде көрсетілуі үшін  радар белгішесін басыңыз. Өшіру үшін белгішені қайта басыңыз. Радар деректерін көрсету қосұлы болса, онда кедергіге жақындаған кезде ескерту көрсетіледі.



- Экранның тігінен бағытталуы режимінде:
- ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің экранының астыңғы бөлігіндегі алдыға, артқа, оңға және артқа қарай шолуға арналған кез келген екі белгішені басыңыз. Кескін аймағында таңдалған аймақтардың жеке көріністері көрсетіледі. Шанақтың көрінетін және көрінбейтін жағын ауыстырып қосу үшін шанақтың сол жағының кескінін басыңыз. Автокөлікті оталдырғаннан кейін панорамалық экранда автокөлікті өшіргенге дейінгі көрінбейтін жақтың кескіні көрсетіледі. Шанақтың астындағы және айналадағы көзден таса аймақтардағы бөтен объектілер ол жерде іс жүзінде бар заттарға сәйкес болмауы мүмкін. Шанақтың астыңғы бөлігінің кескіні тек автокөлік қозғалғаннан кейін ғана нақты уақыт режимінде жаңартылады. Толық жаңартылуы үшін автокөлік өзінің ұзындығына тең қашықтықты жүріп өтуі тиіс.
- «Панорамалық шолуды» ауыстыру: панорамалық шолуды қосу немесе өшіру үшін ① белгішесін түртңіз, оны жоғарғы сол жақтағы терезедегі шанақ бөліктерін басу арқылы да жасауға болады.
- Радиолокациялық ескерту: тұрақта тұрған кезде радиолокациялық ескерту функциясын қосу немесе өшіру үшін ② белгішесін түртңіз.
- 3D дисплей: 3D панораманы ашу үшін ③ белгішесін түртңіз, осылайша қажеттіліктеріңізге сәйкес көрсету үшін әртүрлі көру бұрыштарын сүйреп жылжытуға болады, сонымен қатар белгілі бір көру бұрышының түймесін басуға болады.
- Артқа жүру берілісі қосылған кезде жүйе панорамалық шолу экранына өтеді. Автокөліктің артқы көрінісі оң жақ аймақта көрсетілгенде, ол автокөліктің артқа жүру сызығын қамтиды.



Интерфейс белгішесін көрсету

Функция	Тиісті белгіше	Операцияның сипаттамасы	Операциядан кейінгі мақсатты режим	Ескертпе
Панорамалық шолу интерфейсі		Сенсорлық басқару, егер ол суретте көрсетілгендей бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, ол панорамалық шолуды баптау интерфейсіне кіруді білдіреді	2D немесе 3D панорамалық кескіндер интерфейсіне кіру рұқсаты	
Баптаулар беті		Сенсорлық басқару, егер ол суретте көрсетілгендей бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, ол панорамалық шолуды баптау интерфейсіне кіруді білдіреді	Панорамалық шолуды баптау интерфейсіне кіру рұқсаты	
Мөлдір емес шанақ панорамасы		Сенсорлық басқару, егер ол суретте көрсетілгендей бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленбесе, мөлдір емес шанақтың панорама функциясын белсендіруді білдіреді	Панорамалық кескін мөлдірден мөлдір емес шанаққа ауысады	Ауыстырған кезде жоғарыдан көрініс мөлдір; ал 2D көрінісі мөлдір емес болады
Мөлдір емес шанақ панорама функциясы		Сенсорлық басқару, егер ол суретте көрсетілгендей бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, мөлдір шанақтың панорама функциясын белсендіруді білдіреді	Панорамалық кескін мөлдірден мөлдір емес шанаққа ауысады	Ауыстырған кезде жоғарыдан көрініс мөлдір; ал 2D көрінісі мөлдір емес болады
Доға учаскесі		Сенсорлық басқару, егер ол суретте көрсетілгендей бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, радиолокациялық доғаның бөлігін көрсету функциясын іске қосуды білдіреді	Радар дабыл сигналын бергеннен кейін шанақты 2D схемасының периметрі бойынша доғаның бөліктері мен радиолокациялық станцияның ауқымын көрсететін мәндер көрсетіледі	

Функция	Тиісті белгіше	Операцияның сипаттамасы	Операциядан кейінгі мақсатты режим	Ескертпе
3D панорама функциясы		Сенсорлық басқару, егер ол суретте көрсетілгендей бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, ол 3D панорама функциясын белсендіруді білдіреді	Шанақтың панорамалық кескіні 2D режимінен 3D режиміне ауысады	

2D панорама функциясы		Сенсорлық басқару, егер ол суретте көрсетілгендей бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, ол 2D панорама функциясын белсендіруді білдіреді	Шанақтың панорамалық кескіні 3D-режимнен 2D-режимге ауысады	
-----------------------	---	--	---	--

2D

Функция	Тиісті белгіше	Операцияның сипаттамасы	Операциядан кейінгі мақсатты режим	Ескертпе
Алдыңғы 2D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 2D интерфейсінен алдыңғы 2D көрініс интерфейсіне ауысады немесе алдыңғы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды ұшқан құстың көзімен көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады
Артқы 2D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 2D интерфейсінен артқы 2D көрініс интерфейсіне ауысады немесе артқы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды ұшқан құстың көзімен көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады

Функция	Тиісті белгіше	Операцияның сипаттамасы	Операциядан кейінгі мақсатты режим	Ескертпе
Сол жақтағы 2D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 2D интерфейсінен сол жақтағы 2D көрініс интерфейсіне ауысады немесе сол жақтағы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды алыстан көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады
Алдыңғы 2D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 2D интерфейсінен оң жақтағы 2D көрініс интерфейсіне ауысады немесе оң жақтағы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды алыстан көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады
2D алдыңғы кең бұрышты объектив		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Бүкіл экранға берілетін кең бұрышты алдыңғы көрініс	Алдыңғы көріністі алдынан бір объектімен екі рет басу да осы көрініске ауысуға мүмкіндік береді
2D артқы кең бұрышты объектив		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Бүкіл экранға берілетін кең бұрышты артқы көрініс	Алдыңғы көріністі артқы жағынан бір объектімен екі рет басу да осы көрініске ауысуға мүмкіндік береді
Сол және оң жақтағы 2D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 2D интерфейсінен сол және оң жақтағы 2D көрініс интерфейсіне ауысады немесе сол және оң жақтағы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	

3D:

Функция	Тиісті белгіше	Операцияның сипаттамасы	Операциядан кейінгі мақсатты режим	Ескертпе
Алдыңғы 3D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 3D интерфейсінен алдыңғы 3D көрініс интерфейсіне ауысады немесе алдыңғы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды алыстан көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады
Артқы 3D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 3D интерфейсінен артқы 3D көрініс интерфейсіне ауысады немесе артқы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды алыстан көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады
Сол жақтағы 3D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 3D интерфейсінен сол жақтағы 3D көрініс интерфейсіне ауысады немесе сол жақтағы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды алыстан көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады
Оң жақтағы 2D-көрініс		Сенсорлық басқару элементтері, егер ол бір рет тұрту және басу арқылы ерекшеленсе, сәйкес көрініс іске қосылады	Панорама интерфейсі кез келген басқа 3D интерфейсінен оң жақтағы 3D көрініс интерфейсіне ауысады немесе оң жақтағы көрініс интерфейсі іске қосылған болса, өзгеріссіз қалады	Тиісті операцияларды алыстан көруге болатын көріністің тиісті жоғарғы, төменгі, сол және оң жақ аймақтары арқылы да жасауға болады, олардың нәтижелері бірдей болады

04

АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

ЕСКЕРТУ

- Панорамалық кескін автокөлік түбінің суретін көруге мүмкіндік беретін мөлдір панорама функциясы бар, ол тек тұраққа қойған кезде/қозғалыс барысында автокөліктің түбін бақылауға көмектесу үшін қолданылады. Автокөлік астындағы бөгде заттардың немесе қауіпті жағдайлардың бар-жоғын тексеру қызметкерлер мен автокөліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін басқа жолдармен жүргізілуі керек.
- Автокөлікті төмен жылдамдықпен басқарған кезде, жылдамдықтың өзгеруі немесе бірнеше аялдама мен тежеу әсерінен мөлдір панорама функциясы автокөліктің астындағы және айналасындағы кеңістіктің суреттерін ауыстыра алады.
- Жүйеде «балықтың көзі» түріндегі кең бұрышты камералар қолданылады, сондықтан дисплей экранындағы объектілер шынайы объектілермен салыстырғанда біршама деформацияланған болып көрінуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде және автокөлікті тұраққа қойған кезде панорамалық шолу жүйесін тек көмекші құрал ретінде ғана қолдану қажет. Тек осы жүйеге ғана иек артып автокөлікті басқару немесе оны тұраққа қою қауіпсіз емес, себебі автокөліктің алдында және артында көзден таса аймақтар бар. Жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін қозғалыс кезінде және тұраққа қойған кезде автокөліктің айналасындағы мән-жайлы өзге тәсілдермен қадағалау қажет.
- Егер сыртқы айналар жұмыстық күйге қойылмаған болса, панорамалық шолу жүйесін қолдануға рұқсат етілмейді. Егер қозғалыс кезінде немесе тұраққа қою кезінде панорамалық шолу жүйесі қолданылатын болса, автокөліктің барлық есіктерінің жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- Панорамалық шолу экранында көрсетілетін объектіге дейінгі қашықтық субъективті қабылданатын қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін (әсіресе объектілер автокөлікке жақын орналасқан болса). Жүргізуші автокөлік пен объектінің арасындағы қашықтықты әртүрлі тәсілдермен бағалауы тиіс.
- Камералар алдыңғы бамперге, сол жақ және оң жақ сыртқы айналарға және артқы нөмір белгісінің үстіне орнатылған. Камералардың ешнәрсемен жабылып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Шанақты жоғары қысымды пистолетпен жуған кезде жұмысын бұзбау үшін ағынды камераларға тікелей бағыттамауға тырысыңыз. Егер камераға су немесе шаң тисе, оларды бірден тазалап сүрту қажет.
- Зақымдалуының немесе ақаулығының алдын алу үшін камераларды соққылардан сақтаңыз.
- Егер автокөлікті электрмен қоректендіруді қосқаннан кейін ақпараттық және ойын-сауық жүйесі толық белсенді болмаса, және осы кезде панорамалық шолуды қосу түймесі басылса немесе артқы беріліс қосылса, панорамалық экрандағы кескін кешігіп пайда болады немесе экран жыпылықтап тұрады. Бұл камераның қосылу процесінің қалыпты бөлігі.
- Автокөлікті оталдырғаннан кейін панорамалық экранда автокөлікті өшіргенге дейінгі көрінбейтін жақтың кескіні көрсетіледі. Шанақтың астындағы және айналадағы көзден таса аймақтардағы бөтен объектілер ол жерде іс жүзінде бар заттарға сәйкес болмауы мүмкін. Шанақтың астыңғы бөлігінің кескіні тек автокөлік қозғалғаннан кейін ғана нақты уақыт режимінде жаңартылады. Толық жаңартылуы үшін автокөлік өзінің ұзындығына тең қашықтықты жүріп өтуі тиіс.

ЕСКЕРТУ (жалғасы)

- Егер жүйеде бір немесе бірнеше камера зақымдалған болса, сәйкес көріністің орнына қара экран пайда болады.

Тұраққа қою көмекші жүйесі *

- Автотұрақта тұрған кезде тұраққа қоюға көмек жүйесі жүргізушіге автокөлік пен кедергі арасындағы қауіпті қашықтық туралы дыбыстық сигнал беру жүйесі арқылы ескертеді. Бұл жүйе кедергілерді анықтау үшін датчиктерді пайдаланады.
- Тұраққа қоюға көмек көрсету жүйес — артқа жүруді жеңілдетудің бір жолы. Артқа жүрген кезде артқа және автокөліктің айналасына қарау керек.

ЕСКЕРТУ


- Егер D берілісін қосу ұзақтығы 10 с-тан асса немесе автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ-тан асса, тұраққа қоюға көмектесу жүйесі жұмысын тоқтатады.
- Датчиктердің жұмыс ауқымында кез келген бөгде заттарды бекітуге тыйым салынады.
- Датчиктің бұзылуына жол бермеу үшін автокөлікті жуу кезінде датчик аймағын сумен шаймаңыз, және оны будың әсеріне ұшыратпаңыз.

Датчик типі

- Датчик кедергіні анықтаған кезде ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің* экранына кедергінің орналасқан жеріне және одан автокөлікке дейінгі қашықтығына байланысты сәйкес кескін шығарылады.
- Жүргізуші параллель тұраққа қою немесе артқа жүріп тұраққа қою маневрін орындаған кезде датчик

автокөлік пен кедергінің арасындағы қашықтықты өлшейді және бұл ақпаратты ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің бетіне және дауыс зорайтқыштың көмегімен береді. Бұл жүйені қолданған жағдайда айналадағы мән-жайды қадағалаңыз.

- ① Алдыңғы оң жақ датчик
- ② Алдыңғы сол жақ датчик
- ③ Артқы сол жақ датчик
- ④ Артқы сол жақ орталық датчик және артқы оң жақ орталық датчик
- ⑤ Артқы оң жақ датчик



Қашықтықтың көрсетілуі және дауыс зорайтқыш

Датчик кедергіні анықтаған кезде ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің экранында кедергінің орналасқан жері және одан автокөлікке дейінгі қашықтық көрсетіледі, ал дауыс зорайтқыш дыбыс сигналын береді.

04

АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

Ортаңғы датчиктің жұмысының иллюстрациясы

Қашықтық (мм)	Ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің дисплейі	Ескертуші дыбыс сигналы
Шамамен 700–1200		Баяу
Шамамен 300–700		Тез
Шамамен 0–300		Үздіксіз

Бұрыштық датчиктің жұмысының иллюстрациясы


Қашықтық (мм)	Ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің дисплейі	Ескертуші дыбыс сигналы
Шамамен 300–600		Тез
Шамамен 0–300		Үздіксіз

Датчиктер және олардың анықтау қашықтығы

Барлық датчиктер артқа жүру кезінде іске қосылады.


Суретте датчиктердің анықтау қашықтығы көрсетілген. Датчиктің қашықтығы шектеулі, сондықтан артпен баяу қозғалысты бастамас бұрын жүргізуші автокөлік айналасындағы мән-жайды тексеруі тиіс.

- ① Шамамен 1200 мм
- ② Шамамен 600 мм



Ақаулық туралы ақпарат

Артқа жүру радарының жүйесі ақаулы болған жағдайда, аспап мәтіндік хабарламаны көрсетеді, ал зуммер дыбыстық сигнал шығарады.



! ЕСКЕ САЛУ

- Тұраққа қою көмекші жүйесі жүргізушіге көмектесуге арналған. Ол жеке бақылауды және автокөлікпен маневр жасау кезіндегі шешім қабылдауды алмастырмайды.
- Егер олардың байқау аймақтарында аксессуарлар немесе өзге объектілер орналасса, датчиктер тиісінше жұмыс істемейді.
- Кейбір жағдайларда датчик дұрыс жұмыс істемейді және автокөлік жақындап келе жатқан объектілерді анықтай алмайды. Сондықтан жүргізуші тек датчиктің көрсеткіштеріне ғана сүйеніп қалмай, автокөлік айналасындағы мән-жайды тұрақты қадағалап отыруы тиіс.

Датчиктің анықтауы туралы ақпарат

- Автокөліктің белгілі бір күйлерінде және қоршаған мән-жайларда датчиктің кедергіні дәл анықтау қабілеті нашарлауы мүмкін. Анықтау дәлдігі нашарлауы мүмкін, егер:
 - » датчикке су, балшық тисе немесе тұман отырса;
 - » датчикке қар немесе мұз жиналса;
 - » датчик әлдебір нәрсемен жабылған болса;
 - » автокөлік бір жағына қарай қатты қисайып тұрса немесе шектен тыс жүк тиелген болса;
 - » автокөлік қатты бұзылған немесе қиыршық тасты жолмен, беткеймен немесе шөптің үстімен жүріп келе жатса.
 - » датчиктің беті боялған болса;
 - » қоршаған жағдайда автокөліктердің сигналынан, мотоциклдердің қозғалтқыштарынан, ірі көлік құралдарының пневматикалық тежегіштерінен және өзге де ультарадыбыстық толқындар шығаратын шуыл көздерінен шыққан шуылдың жоғары деңгейі болса;
 - » жақын жерде басқа тұраққа қою көмекші жүйесі жұмыс істеп жатса;
 - » автокөлік сүйреу ілмегімен жабдықталған;
 - » бамперге немесе датчикке күшті соққы тиген;
 - » автокөлік биік немесе ирек пішінді жиектасқа жақындап келе жатыр;
 - » автокөлік күн астында немесе суық ауа райында жүріп бара жатыр;
 - » автокөлікке түпнұсқа емес артқы аспа орнатылған.
- Жоғарыда сипатталған жағдайлардан өзге датчик объектінің пішінінің себебінен оған дейінгі қашықтықты қате анықтауы мүмкін.
 - Датчик кедергіні пішініне және материалына байланысты анықтай алмайды, әсіресе келесі жағдайларда: Келесі кедергілерге ерекше назар аудару қажет:
 - » электр сымдары, торлар мен сымарқандар;
 - » мақта, қар және радиотолқындарды жұтатын өзге де материалдар;
 - » үшкір қырлары мен бұрыштары бар объектілер;
 - » аласа кедергілер;
 - » автокөлікке қарай сыртқа қаратылған биік кедергілер;
 - » бампердің астында орналасқан барлық заттар;
 - » автокөлікке тым жақын орналасқан заттар;
 - » автокөліктің жанындағы адамдар (киімдерінің түріне байланысты).
 - Егер ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің* экранында қандай да бір кескін көрсетілсе немесе дыбыс сигналы естілсе, датчик тосқауылды анықтаған немесе кедергі туындаған болуы мүмкін. Егер проблема сақталып тұрса, диагностикадан өткізу үшін BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Датчиктің бұзылуына жол бермеу үшін автокөлікті жуу кезінде датчик аймағын сумен шаймаңыз, және оны будың әсеріне ұшыратпаңыз.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (ШҚБЖ)

- Шиналардағы қысымды тікелей бақылау жүйесі — бұл автокөліктің қауіпсіздігі мен жайлылығын жоғарылату, сондай-ақ шиналардағы төмен қысымнан туындайтын шиналардың тозуын және энергияның тұтынылуын төмендету мақсатында нақты уақыт режимінде шиналардағы қысымды қадағалап отыратын көмекші жүйе.
- Рульдегі  түймесін басу жолымен аспаптар тақтасының мәзіріне кіріңіз,  және  түймелерін басу арқылы автокөлікті басқару туралы ақпарат панеліне өтіңіз, содан кейін түймедегі айналдыру дөңгелегінің көмегімен шиналардағы қысымды көрсету бетін таңдаңыз.

Жүйе функциялары

1. Дабыл беру жүйесі қосулы тұр
Автокөліктің қуатын өшірген кезде шиналардағы қысым сол кезде-ақ төмен болады, ал автокөлік қайта оталған кезде төмен қысымды ескертетін сигнал беру жүйесі бірден іске қосылады, бұл қозғалысты жалғастыру үшін шиналарды ауыстыру қажеттілігін білдіреді.
2. Шиналардағы төмен қысымның сигнал беру жүйесі
 - Төрт шинаның кез келгеніндегі қысым стандарт мәннің 80 %-нан төмен түскенде және жүйе іске қосылғанда, шиналардағы қысым ақаулығының сары индикаторы жанады және қысым мәні сары түспен белгіленеді. Тиісті шинаның баяу ағып кетуін тексеру үшін автокөлікті тоқтатып, оны оңтайлы деңгейге дейін ұрлеу ұсынылады.
 - Шинаның қысымы стандарт 95 %-нан асқан кезде төмен қысым туралы сигнал беру жүйесі тоқтатылады.
3. Ауаның тез ағып кетуі туралы сигнал беру жүйесі

Егер бір немесе бірнеше шинадан ауа жылыстаса және қысым кем дегенде 30 Па/мин жылдамдықпен төмендесе және жүйе жұмыс істеп тұрса, шина

қысымының ақаулық шамы жиі жыпылықтайды және шина қысымының мәні қызыл болып шығады. Егер ауа жылыстауы туралы сигнал берілсе, дереу тоқтап, ақаулы шинаны тексеріңіз, шинаның дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізгеннен кейін ғана қозғалысты жалғастырыңыз.

4. Ақаулық туралы сигнал беру жүйесінің функциясы

Жүйенің жұмыс күйінде ақаулық анықталғаннан кейін шина қысымының ақаулығын білдіретін шам үнемі жанып тұрады, ал аспаптар тақтасында «Қалыптан тыс сигнал» хабары көрсетіледі. Тиісті шинаның қысымын бақылау модулінің жұмыс істеп тұрғанын және ұзақ уақыт бойы күшті электр өрісінің әсеріне ұшырамайтынын тексеріңіз.

5. Нақты уақыттағы шина қысымының мәндерін көрсету

Жұмыс күйінде шинаның қысымын бақылау жүйесі (ШҚБЖ) нақты уақыт режимінде әр шинадағы қысым туралы ақпаратты көрсете алады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Шиналардағы қысымды бақылау модулін пайдалану ұзақтығы күнделікті жүрілетін жолға және өзге де факторларға байланысты.
- Шиналардағы қысым модулі мезгіл-мезгілімен дисплейге шиналардағы қысым туралы ақпаратты беріп отырады. Сондықтан, егер шинаның қысымы күрт төмендесе немесе қозғалыс барысында шина жарылып кетсе, модуль келесі бақылау орындалған кезде ғана дисплейге деректерді жібереді, бұл автокөлікті басқаруды жоғалту қаупін тудыруы мүмкін. Егер шина зақымдалған болса, бақылау модулі зақымдалған болса және хабарлама жіберілмесе немесе шина зақымдалған деп күдіктенсеңіз, қозғалысты дереу тоқтатыңыз. Дисплейдің дабыл сигнал беруін күтпеңіз, дереу тоқтатыңыз.

- Шинаның қысымын бақылау модулін дұрыс орнатпау шинаның бітеулігіне әсер етуі мүмкін. Шиналардағы қысымды бақылау модулін орнатуды және ауыстыруды орнату жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес BYD уәкілетті автосервисіндегі кәсіби маман орындауы тиіс.
- Шинаны ауыстырған кезде немесе шинаның қысымын бақылау модулін ауыстырған кезде, BYD уәкілетті автосервисінен кәсіби механиктің күшімен шинаның қысымын басқарудың бүкіл жүйесін қайта баптау қажет, әйтпесе бұл жүйенің істен шығуына әкеледі.
- Шинаның қысымы аймақтағы температураға байланысты өзгертіндіктен, бақылау тақтасында көрсетілген шинаның қысым мәніне және қажеттілікке байланысты шина қысымының стандарт мәніне сәйкес шиналарды үрленіз немесе ауасын шығарыңыз.
- Шина қысымын бақылау жүйесі сымсыз деректерді беруді жүзеге асырады, бұл көдергілердің деңгейі жоғары болған кезде шина қысымын бақылау жүйесінің сигналын қабылдауда үзілістерге әкелуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Шинаның қысымы қалыпты болған кезде бұл жүйе автокөлікті тоқтатпайды, сондықтан автокөлік жүргізер алдында әр кез пайдаланушы шинаның қысымын автокөлікті статикалық режимде қосу арқылы өндіруші белгілеген мәнге сәйкес келетінін тексеру керек. Егер шинаның қысымы өндірушінің талаптарына сәйкес келмесе, автокөлікті жүргізбеңіз, әйтпесе бұл автокөлікті зақымдауы немесе сізге немесе басқаларға зақым келтіруі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер қозғалыс кезінде қысымның нормадан ауытқуын анықтасаңыз, дереу шиналардағы қысымды тексеріңіз. Егер шинадағы төмен қысым туралы ескертуші сигнал жанса, кенеттен бұрылудан немесе төтенше тежеуден аулақ болыңыз, сонымен бірге жылдамдықты төмендетіңіз, жол жиегіне барып, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатыңыз. Шинадағы қысымы төмен болғанда жүру шиналарға тұрақты зақым келтіруі және оларды жою мүмкіндігін арттыруы мүмкін. Ауыр зақымданған шиналар ауыр жарақаттармен немесе өліммен аяқталатын жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

Шина қысымын тікелей бақылау жүйесі*

- Шиналардағы қысымды тікелей бақылау жүйесі — бұл автокөліктің қауіпсіздігі мен жайлылығын жоғарылату, сондай-ақ шиналардағы төмен қысымнан туындайтын шиналардың тозуын және энергияның тұтынылуын төмендету мақсатында нақты уақыт режимінде шиналардағы қысымды қадағалап отыратын көмекші жүйе.
- Пайдаланушы рульдегі  түймесін пайдаланып аспаптар тақтасының мәзіріне кіре алады,  түймесін және  түймесін пайдаланып жүргізу туралы ақпарат тақтасына  ауыса алады және  түймесіндегі дөңгелекті пайдаланып шина қысымын көрсету интерфейсін таңдай алады.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің дабыл сигналының статусы

- Төрт шинаның кез келгеніндегі қысым стандарт мәннің 80 %-нан төмен түскенде және жүйе іске қосылғанда, шиналардағы қысым ақаулығының сары индикаторы жанады және қысым мәні сары түспен белгіленеді. Тиісті шинада баяу жылыстаудың бар-жоғын тексеру үшін автокөлікті тоқтатып, оны оңтайлы деңгейге дейін үрлеу ұсынылады.
- Төрт шинаның кез келгенінің температурасы қатарынан 3 минут ішінде 85 °C-тан асқанда, шинаның қысымын бақылау жүйесі жоғары температура туралы сигнал береді және шинаның тиісті температура көрсеткіші сарыға айналады. Қозғалысты жалғастырмас бұрын тоқтап, шинаның салқындауын күту ұсынылады.
- Егер бір немесе бірнеше шинадан ауа қатты шығып кетсе және жүйе жұмыс істеп тұрса, шина қысымының ақаулық индикаторы жиі жыпылықтайды және шина қысымының мәні қызыл болып шығады. Бұл жағдайда тоқтап, шиналарды ауыстырыңыз немесе BYD уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Егер жүйе жұмыс істеп тұрса және ақаулық орын алса, шинадағы қысым туралы ескерту шамы жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жанады, ал аспаптар тақтасында «Қалыпсыз сигнал» немесе «шинаның қысымын бақылау жүйесін тексеріңіз» деген хабарлама пайда болады, бұл жағдайда тиісті шинаның қысымын бақылау моделі дұрыс па, жоқ па екенін және ол ұзақ уақты бойы күшті электр өрісі аймағында ұзақ уақыт болмағанын тексеору. Егер ескерту сигналы ұзақ уақыт бойы сақталса, BYD рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Шиналардағы қысымды бақылау модулінің жұмыс істеу ұзақтығы күнделікті жүрілетін жолға және өзге де факторларға байланысты.
- Шинадағы қысым модулі мезгіл-мезгілімен дисплейге шинадағы қысым туралы ақпарат және өзге мәліметтер беріп отырады. Сондықтан егер шинадағы қысым кенет түсіп кететін болса немесе шинаның ауасы толық шығып кеткен болса, қысымды бақылау модулі келесі бақылау операциясына дейін дисплейге деректерді бермейді. Мұндай жағдайда автокөлік бақылаудан шығып кетуі мүмкін. Егер шинаның ауасы толық шығып кеткен болса және бақылау жүйесі бұл туралы хабарлама бермесе, немесе егер шиналармен проблеманың туындағанын сезсеңіз, дисплейде ескертудің пайда болуын күтпей, дереу қозғалысты тоқтатыңыз.
- Егер шиналардағы қысымды бақылау модулі дұрыс орнатылмаған болса, ол шинаның герметикалық бүтіндігін бұзуы мүмкін. Қысымды бақылау модулін орнатуды және ауыстыруды BYD компаниясының рұқсаты бар дилерінің немесе сервис орталығының білікті мамандарына орнату бойынша нұсқаулықтың талаптарына сәйкес орындатуға кеңес беріледі.
- Шиналардағы қысым аймақтағы температураға байланысты өзгертіндіктен, аспаптар тақтасында көрсетілетін мәндерге және шиналардағы қысымның стандартты мәндеріне сәйкес оларға ауа үрлеу және олардың қысымын азайту қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! (жалғасы)

- Автокөлікке BYD компаниясы тарапынан мақұлданбаған электр компоненттері орнатылса, шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің жұмысында кедергілер пайда болуы мүмкін. Мұны шина қысымын бақылау жүйесіндегі ақаумен шатастырмаңыз.
- Дөңгелек дискілерін ауыстырған, қосалқы дөңгелекті* орнатқан немесе шиналарды алмастырып салған кезде шиналардағы қысымды бақылау жүйесін қайтадан баптау қажет. Қысымды бақылау жүйесін қайтадан баптау үшін BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.

ЕСКЕРТУ

- Егер шиналардағы қысым нормаға сәйкес болмаса, жүйе автокөліктің қозғалысына бөгет болмайды. Сондықтан әрбір жолға шығар алдында автокөлікті оталдыру және орыннан қозғалмастан шиналардағы қысымның өндірушінің талаптарына сай келетінін не келмейтінін тексеріп алу қажет. Егер қысым сәйкес келмесе, автокөлікпен жолға шықпаңыз. Әйтпесе бұл жарақаттарға немесе автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.
- Егер қозғалыс кезінде қысымның нормадан ауытқуын анықтасаңыз, дереу шиналардағы қысымды тексеріңіз. Егер шинадағы төмен қысым туралы ескертуші сигнал жанса, кенеттен бұрылудан немесе төтенше тежеуден аулақ болыңыз, сонымен бірге жылдамдықты төмендетіңіз, жол жиегіне барып, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатыңыз. Шинадағы қысым төмен болғанда жүру шиналарға тұрақты зақым келтіруі және оларды жою мүмкіндігін арттыруы мүмкін. Ауыр зақымданған шиналар ауыр жарақаттармен немесе өліммен аяқталатын жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

Алдыңғы әйнектегі индикация (АӘИ)

Алдыңғы әйнектегі индикация (АӘИ) функциясы

Алдыңғы әйнектегі индикация (АӘИ) функциясы автокөліктің жылдамдығы, навигацияны, жылдамдық шектеуін, БКК, жолақтан шығуды, КАО және басқаларын қоса алғанда маңызды ақпаратты жүргізушінің көру аймағына алдыңғы әйнекке проекциялайды. Бұл автокөлікті басқару қауіпсіздігін жоғарылатады, себебі жүргізушіге көздерін жиі бұру қажет болмайды.

Қолдану

Баптаулар бетіне келесі жолмен кіруге болады (ақпараттық және ойын-сауық жүйесі)  → «Автокөлік баптаулары» → «АӘИ». АӘИ ауыстырып қосқышы: Әдепкі қалып бойынша (зауыттағы баптау кезінде) ауыстырып қосқыш қосулы және АӘИ кескіні көрсетіледі. Автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін ажыратқыштың қоректендіруді соңғы өшіру сәтіндегі күйі сақталады.

АӘИ баптаулары

- Биіктігі бойынша реттеу. -10-нан 10-ға дейінгі диапазонда АӘИ виртуалды кескінін биіктігі бойынша реттеу үшін қолданылады. Барлығы 21 мән қолжетімді, әдепкі қалып бойынша 0 мәні белгіленген.
- Жарықтығын реттеу. 1-ден 11-ге дейінгі диапазонда АӘИ виртуалды кескінінің жарықтық деңгейін реттеу үшін қолданылады. Барлығы 11 саты қолжетімді, әдепкі қалып бойынша 6-деңгей белгіленген.
- Еңкейту бұрышын реттеу. АӘИ виртуалды кескінінің бұрышын келесі мәндерден таңдау үшін қолданылады: -2° , $-1,6^{\circ}$, $-1,2^{\circ}$, $-0,8^{\circ}$, $-0,4^{\circ}$, 0° , $0,4^{\circ}$, $0,8^{\circ}$, $1,2^{\circ}$, $1,6^{\circ}$ немесе 2° . Әдепкі қалып бойынша 0° мәні берілген.
- Режимді таңдау. Автокөлікті пайдалану жағдайларына байланысты «Классикалық» (әдепкі қалып бойынша берілген) немесе «Қар» режимін таңдау үшін қолданылады.

- Қосымша параметрлердің көрсетілуі
Параметрлердің екі түрі қосымша көрсетіледі, екеуі де әдепкі қалып бойынша қосулы: қауіпсіз жүргізу бойынша көмекші және навигация. АӘИ көрсету режимін таңдау үшін түймені басыңыз. Таңдаудың күшін жою және көрсетілетін элементті жабу үшін түймені және бір рет басыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Заттарды алдыңғы әйнектегі проекторға орналастыруға тыйым салынады.
- Шаңнан қорғау тақтасындағы шаңды жұмсақ мақта матамен немесе қағаз сүлгімен сүрту керек.
- Проектордың саңылауы арқылы алдыңғы әйнекке су немесе басқа сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз.

Қозғалыс қауіпсіздігі

Автокөлікті басқару қауіпсіздігін жоғарылату үшін қозғалыс жағдайларына байланысты автоматты түрде жұмыс істейтін төменде келтірілген қауіпсіздік жүйелері қарастырылған. Алайда олар тек көмекші жүйелер ғана, оларға шектен тыс иек артуға кеңес берілмейді.

Интеллектуалды тежеу жүйесі

Интеллектуалды тежеу жүйесі вакуумдық күшейткіші, электронды вакуумдық сорғысы, АБС/БТЖ жүйесі және өзге де функциялары бар жетілдірілген екі контурлы электрогидравликалық тежегіштер (ЭГТ) жүйесі. Жүйе тежегішті блоктау жүйесі (АБС), тежеу күшін электронды үлестіру (ТКЭУ), тарту күшін реттеу жүйесі (ТКРЖ), динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ДТЖ), жайлы тұраққа қою жүйесі (ЖТЖ), өрде орыннан қозғалу кезінде ұстап тұру жүйесі (ӨҚҰЖ), гидравликалық тежегіштер күшейткіші (ГТК) және контроллермен басқарылатын баяулау және тоқтау жүйесі (ББТ) секілді автокөліктің тұрақтылығы мен жайлылығын жоғарылататын және тежелу кезінде энергияның рекуперациялану тиімділігін ұлғайтатын заманауи тежегіштерді басқару құралдарын қамтиды.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ДТЖ)

Автокөлік қозғалыс кезінде кілт бұрылған кезде ДТЖ жүйесі рульдің бұрылу бұрышы және автокөліктің жылдамдығы секілді ақпаратқа сүйеніп жүргізушінің ниеттерін бағалайды және үнемі нақты күймен салыстырып отырады. Егер автокөлік жүргізуші таңдаған қозғалыс бағытынан ауытқыса, ДТЖ жүргізушіге бүйірге сырғуды бақылауда ұстауға көмектесу және берілген бағытты ұстап қалу үшін тиісті дөңгелектердегі тежегіштерді іске қосып, жағдайды түзейді.

Тарту күшін реттеу жүйесі (ТКРЖ)

ТКРЖ екпіндеу кезінде қозғалтқыштың қуатын төмендету және жетекші дөңгелектердің бос айналуына жол бермеу үшін тежегіштерді іске қосу арқылы алдыңғы дөңгелектердің тайғанауын болдырмайды. ТКРЖ автокөліктің орыннан қозғалуын, жылдамдықты үдетуін және қолайсыз қозғалыс жағдайларында тауға қарай көтерілуді жеңілдетеді.

ЕСКЕРТУ

- ТКРЖ келесі жағдайларда тиімсіз болуы мүмкін:
 - » Сырғанақ жолдармен жүрген кезде, тіпті ТКРЖ тиісті жұмыс істеп тұрса да ол берілген бағытты ұстап қала алмауы және қажетті қуатты қамтамасыз етпеуі мүмкін.
 - » Автокөлік тұрақтылығын және қуатын жоғалтып алуы мүмкін жағдайларды жүруге рұқсат етілмейді.

Өрде орыннан қозғалу кезіндегі ұстап тұру жүйесі (ӨҚҰЖ)

Тежегіш педалін жібергеннен кейін автокөліктің артқа жүріп кетуінің алдын алу үшін ӨҚҰЖ 1 секунд бойы жүргізушінің салған тежеу қысымын сақтайды.

Гидравликалық тежегіш күшейткіші (ГТК)

Тежегіш педалін күрт басып қалғанда ГТК автокөліктің апаттық жағдайда тұрғанын анықтайды. АБС жүйесі тезірек тежегіштердің жұмысына араласа алуы және тежеу жолын тиімді қысқартуы үшін ол тез тежеу қысымын максималды шамаға дейін көбейтеді.

Контроллермен басқарылатын баяулау және тоқтау жүйесі (ББТ)

ЭТТ ажыратқышы жоғары тартылып тұрған кезде ББТ * функциясы іске қосылады, бұл ретте автокөлік тұрақты баяулаумен (0,4 g, ЭТТ іске қосылып тұрғанда, бірақ тежегіш педалі басылмағанда және 0,8 g ЭТТ іске қосылған және тежегіш педалі басылған болса,) толық тоқтауға дейін тежеледі. Егер ЭТТ жіберілетін болса, функция жұмысын тоқтатады.

Таудан түсуді бақылау жүйесі (ТТБ)*

- Жұмыс принципі: ТТБ — бұл автокөлікті жүргізу жайлылығын арттыратын БТЖ жүйесінің қосымша функциясы. ТТБ баптаулар бетіне келесі жолмен кіруге болады (ақпараттық және ойын-сауық жүйесі)  → «ADAS баптаулары». ТТБ негізгі функциясы — белсенді тежеу арқылы төмен жылдамдықпен төмен қарай жүрген кезде жүргізушіге көмек көрсету. ТТБ жұмыс істеп тұрған кезде АБС дөңгелектердің сырғанау жылдамдығы АБС функциясын іске қосу шегінен асқан кезде іске қосылады. Бұл жүргізушіге тіпті артқа жүргенде де көлбеуден қауіпсіз және тегіс түсуге мүмкіндік береді.
- ТТБ функциясын қосу
 - » 38 км/сағ төмен жылдамдықта ТТБ функциясын қосыңыз, бұл ретте аспаптар тақтасындағы ТТБ функциясы жай-күйінің индикаторы үнемі жанып тұрады.
- ТТБ жылдамдығын басқару
 - » ТТБ функциясы шамамен 11-38 км/сағ жылдамдық ауқымында жұмыс істейді, бұл ауқымда үдеткіш педалін немесе тежегіш педалін басу/босату арқылы автокөліктің жылдамдығын реттеуге болады, бұл үдеткіш педалін немесе тежегішті босатқан кезде берілген мәнге байланысты болады. ТББ жұмыс істеген кезде аспаптағы ТББ жай-күйінің индикаторы жыпылықтайды, бұл ТББ жұмыс істейтінін көрсетеді.
- ТТБ функциясын өшіру
 - » Егер ТТБ функциясы қажет болмаса, оны өшіруге болады, содан кейін аспаптар тақтасындағы индикатор сөнеді.
 - » Егер автокөліктің жылдамдығы 65 км/сағ-тан асса, ТТБ автоматты түрде өшеді.


- ТТБ функциясының ақауы
 - » Ерекше жағдайларда, мысалы, ұзын көлбеумен төмен жылжыған кезде, тежегіштердің жоғары температурасына байланысты ТТБ функциясы уақытша өшірілуі мүмкін, қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін сақ болыңыз. Егер функцияны қалпына келтіру қажет болса, онда сіз автокөлікті тоқтатып, тежегіштер салқындағанша күтуіңіз керек.

БТЖ жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулық

- БТЖ жұмысы
 - » Егер беткейде орыннан қозғалған кезде автокөліктің бүйірге сырғу немесе артқа сырғанап кету қаупі туындаса немесе жетекші дөңгелектердің бірі бос айналса, БТЖ индикаторы БТЖ жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын көрсетіп жыпылықтай бастайды.
- БТЖ өшіру.
 - » Егер автокөлік қарға не батпаққа батып қалса, БТЖ электрқозғалтқыштан дөңгелекке берілетін қуатты төмендетуі мүмкін. Бұл жағдайда қиын жағдайдан шығу үшін жүйені өшіріп қою қажет болуы мүмкін.
- БТЖ өшіру
 - » БТЖ өшіру үшін физикалық түймені немесе келесі пернені  басыңыз (ақпараттық және ойын-сауық жүйесі) → «DiPilot» → «Белсенді қауіпсіздік» → «БТЖ». Сонымен қатар БТЖ-да нақты уақыт режимінде жұмыстық күйді өзіндік тексеру қарастырылған. Егер БТЖ жұмысы кезінде «БТЖ ӨШІР.» ажыратқышын бассаңыз, жүйе бірден өшіру командасын орындаудың орнына басқаруға белсенді араласуын аяқтайды. БТЖ басқаруға араласу толықтай орындалып болғаннан кейін ғана өшеді.
- Өшірілген БТЖ жүйесінің кейбір функциялары «БТЖ ӨШІР.» ажыратқышын қайта басқан кезде немесе автокөліктің жылдамдығы шекті мәннен (80 км/сағ) асатын болса, қайтадан қосылуы мүмкін. БТЖ күтпеген жерден қосылуының алдын алу үшін оны қайтадан белсенді етуге болады (егер жүйе автокөлікті басқаруда белсенді араласу күйінде болмаса ғана).
- БТЖ дұрыс өшірмеу
 - » Егер БТЖ жүйесінің қосқышы 10 с-тан астам үздіксіз басылса, БТЖ жүйесі мұны дұрыс емес әрекет ретінде қарастырады. БТЖ жүйесінің барлық ішкі функциялары жұмыс күйінде қалады.
- БТЖ жүйесін қайта қосу
 - » Егер БТЖ өшірілген болса, ол автокөлікті қайта оталдырған кезде автоматты түрде қосылады.
 - » БТЖ жүйесі қосу және оның жылдамдықпен байланысы
 - » Егер БТЖ өшірулі болса, онда жылдамдық шекті мәннен (80 км/сағ) асқан кезде және автокөлік қатты тұрақсыз бола бастаған кезде БТЖ жүйесі өз бетінше қосылады.
- БТЖ жүйесі қосылуы кезде
 - » Егер БТЖ ақаулығының индикаторы  жыпылықтап тұрса, онда жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін автокөлікті ерекше сақтықпен басқару қажет. Индикатор жыпылықтаған кезде ерекше сақ болыңыз.

- БТЖ жүйесі өшірулі кезде
 - » БТЖ өшірулі күйде автокөлікті абайлап басқарыңыз, жылдамдықты жолдың күйіне сәйкес таңдаңыз. БТЖ жүйесі автокөліктің тұрақтылығы мен тарту күшін қамтамасыз етеді. Жүйені қажетсіз жерде өшірмеңіз.
- Шиналарды ауыстыру
 - » Барлық шиналардың өлшемдері, маркалары, протекторының суреті және максималды рұқсат етілген жүктемесі бірдей болуы тиіс. Сонымен бірге шиналарға ұсынылған қысымға дейін ауа үрлеу қажет.
 - » Егер автокөлікте әртүрлі шиналар орнатылған болса, АБС жүйесі де, БТЖ жүйесі де тиісті түрде жұмыс істемейді.
 - » Шиналар мен дөңгелектерді ауыстыру туралы толық мәліметтерді BYD компаниясының рұқсаты бар дилерінен немесе сервис орталығынан алуға болады.
- Шиналарға және аспаға күтім жасау
 - » Ақаулы шиналарды қолдану немесе аспаның конструкциясындағы өзгертулер автокөліктің қауіпсіздік жүйесіне кері әсер етеді және оның істен шығуына алып келуі мүмкін.
- АБС гидравликалық жүйесінің автокөлікте диагональ бойынша орналасқан (алдыңғы сол жақ дөңгелектің тежегіші артқы оң жақ дөңгелектің тежегішімен біріктірілген) екі бөлек контуры бар. Контурлардың бірі істемей қалған жағдайда екі дөңгелекті тежеу мүмкіндігі сақталады.
- АБС шұғыл тежеген кезде немесе сырғанақ жолдарда дөңгелектердің блокталуына немесе тайғанауына жол бермей, рульдің көмегімен автокөлікті басқаруды сақтауға көмектеседі.
- Алдыңғы дөңгелектер тайғанаған кезде автокөлік рульдің көмегімен басқару мүмкіндігінен айырылады. Бұл тіпті руль шетке бұрылған болса да, автокөліктің алдыға қарай қозғалуын жалғастыратынын білдіреді. АБС блокталудың алдын алуға және рульдің көмегімен басқаруды сақтауға көмектеседі, себебі үзік-үзік тез тежелу адамның әрекет етуімен салыстырғанда әлдеқайда тезірек жұмыс істейді.
- Тежегіш педалін үзік-үзік басуға рұқсат етілмейді. Әйтпесе бұл АБС жүйесінің дұрыс емес жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін. Рульді қауіптілікке қарсы бағытқа бұрып, АБС жүйесі жұмыс істеуі үшін тежегіш педалін сенімді және үздіксіз басу қажет.
- АБС жұмысы кезінде тежегіш педалі дірілдейді және шуыл шығаруы мүмкін. Бұл АБС жүйесінің үзік-үзік тез жұлқулармен тежелуіне байланысты орын алады. Бұл қалыпты жағдай.

Тежегішті блоктау жүйесі (АБС)



ЕСКЕРТУ

- АБС келесі жағдайларда тиімсіз болуы мүмкін:
 - » Жолмен ілінісуі нашар шиналар қолданылуда (мысалы, қар басқан жолдарда шектен тыс тозған шиналар).
 - » Автокөлік жоғары жылдамдықпен сырғанақ жолда қозғалған кезде бүйірге сырғиды.
- АБС автокөліктің тежеу жолын қысқартуға арналмаған.

Келесі жағдайларда әрдайым алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отыру қажет:

- » сырғанақ, батпақ, құм себілген немесе қар басқан жолдармен жүргенде.
- » ойықтары көп жолдармен немесе тегіс емес жолдармен жүргенде;
- » оқапты жолдармен жүргенде.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер АБС ақаулығының шамы және бір мезгілде тежеу жүйесінің сигнал шамы жанып тұрса, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына жүгінген жөн.
- Бұл жағдайда тежегішке басқан кезде АБС жұмыс істемейді және автокөлік басқарылмайтын болып қалуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- АБС автокөлікті тоқтатуға қажетті уақыт пен қашықтықты қысқартпайды. Құрылғы тек тежелу кезіндегі рульдің көмегімен басқаруды сақтап қалуға көмектеседі. Әрдайым басқа көлік құралдарына дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отырыңыз.
- АБС қозғалыс бағытын күрт өзгертуден, мысалы, кілт бұрылғанда немесе жолақты тез ауыстырғанда туындаған бүйірге сырғулардың алдын алмайды. Автокөлікті жолдың күйіне және ауа райы жағдайларына қарамастан әрдайым абайлап және қауіпсіз жылдамдықпен жүргізу қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! (жалғасы)


- АБС жүйесі тұрақтылықтың төмендеуінің алдын алмайды. Шұғыл тежеу кезінде рульді бұру әрекеттері өлшенген болуы тиіс. Қозғалыс кезінде үлкен немесе кілт бұрылыс автокөліктің қарсы қозғалыс жолағына немесе жолдан шығып кетуіне алып келуі мүмкін.
- Ылғал, жұмсақ немесе тегіс емес жолдармен жүрген кезде (мысалы, су басқан бетон жолдармен немесе эпоксидті жабыны бар жолдармен, құмды және қар басқан жолдармен және т.с.с.) АБС бар автокөліктің тежеу жолы АБС жоқ автокөлікпен салыстырғанда ұзағырақ болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөліктің жылдамдығын төмендету және өзге автокөліктерге дейін ұлғайтылған қашықтық ұстап отыру қажет.

Басқа негізгі функцияларды қолдану бойынша нұсқаулар

Ішкі артқы көрініс айнасы

Автоматты көзді қарықтырмайтын ішкі артқы көрініс айнасы

Автоматты көзді қарықтырмайтын ішкі артқы көрініс айнасы электронды басқарылатын көзді қарықтырмайтын әсерге ие, ол қоршаған мән-жайға сәйкес автоматты түрде айна әйнегінің оптикалық элементінің түсін өзгертеді және сол арқылы артқы жақтан жүргізушінің көру аймағына түсетін айқын жарықтан болатын кедергілерді азайтады.



ЕСКЕРТУ

- Артқы көрініс айнасына ауыр заттар ілдіруге, сондай-ақ оны күшпен тербеуге немесе одан тартуға рұқсат етілмейді.
- Егер қолмен реттеу кезінде артқы көрініс айнасы сыналанып қалса, тым көп күш салмаңыз.
- Артқы көрініс айнасын қозғалыс кезінде реттемеңіз, себебі бұл жүргізушіні алаңдатуы мүмкін.

Қолмен реттелетін көзді қарықтырмайтын ішкі артқы көрініс айнасы


Артқы көріністің ішкі айнасында күндізгі және түнгі көріністерге сәйкес келетін екі режим бар. Түнгі режим артта тұрған автокөліктердің жарқылын азайтады.

- Күндіз көлік жүргізу: реттеу тұтқасын ① күйіне орнатыңыз, мұнда артқы көрініс айнасындағы дисплей ең анық болады.
- Түнде көлік жүргізу: реттеу тұтқасын ② күйіне орнатыңыз, жарық жарықтығы төмендеген кезде артқы көріністің анықтығы да төмендейтінін есте сақтаңыз.



Ішкі артқы көрініс айнасын қолмен реттеу *

Ішкі артқы көрініс айнасын жоғары немесе төмен, оңға немесе солға бұра отырып, қажетті күйге орнатыңыз.



04

АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

Сыртқы артқы көрініс айналары

Электрлі сыртқы айналардың ауыстырып қосқыштарының көмегімен жүргізуші олардың күйін айналардан автокөліктің бүйір жақтарын көре алатындай етіп реттей алады.

- Таңдауға арналған ауыстырып қосқыштар: реттелуі тиіс сыртқы айнаны таңдау үшін қолданылады.

» : сол жақ сыртқы айнаның түймесі.


» : оң жақ сыртқы айнаның түймесі.



- Сыртқы айналарды реттеу түймелері : сыртқы айналардың оптикалық элементтерін реттеу үшін қолданылады. Қажетті бағыттың белгісі бар ажыратқышты басыңыз.

Қолмен реттеу


Қажетті күйге орнату үшін айна орталықты айнала айналуы үшін қолыңызбен айнаның шетін басыңыз.



Сыртқы артқы көрініс айнасының жиналуы


Сыртқы артқы көрініс айнасын қолмен жинау

Сыртқы артқы көрініс айнасының шеткі жиегінен итеріңіз және айнаның корпусын жиналу осінің бойымен бекітілгенше бұрыңыз.



Сыртқы артқы көрініс айнасын электржетектің көмегімен жинау

- Сыртқы артқы көрініс айналарын электржетектің көмегімен жинау үшін  түймені басыңыз. Айналарды жазу үшін түймені тағы бір рет басыңыз.
- Айдап әкетуден қорғау функциясын қосқан кезде артқы көрініс айналарының екеуі де автоматты түрде жиналады, ал өшіргенде — жазылады.



ЕСКЕ САЛУ

- Артқы көрініс айнасын қозғалыс кезінде реттемеңіз, себебі бұл жүргізушіні алаңдатуы және апатқа келтіруі мүмкін.
- Артқы көрініс айнасын еріту үшін электр жылыту функциясын ұзақ уақыт пайдалану айнаның мерзімінен бұрын тозуына әкелуі мүмкін, сондықтан қажет болмаса, жібіту түймесін өшіріңіз.

Әйнектазартқыш щеткалары

Алдыңғы/артқы әйнектазартқыш щеткаларында алты айда бір реттен сиретпей жарықтарының немесе қатып қалу белгілерінің бар-жоғын қарап тексеріңіз. Ақаулықтары анықталса, щеткаларды ауыстыру қажет. Әйтпесе әйнектазартқыш іске қосылғаннан кейін алдыңғы әйнекте айғыз іздер қалады немесе әйнек лас күйінде қалады.

Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

Алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

Автокөлікті электрмен қоректендіру қосулы күйде ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің экранында «Автокөлік туралы ақпарат»



→ «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат» →

«Алдыңғы әйнектазартқыштарды тексеру» бетіне өтіңіз және алдыңғы әйнектазартқыштарды тексеру функциясын қосыңыз.


Әйнектазартқыштар қызмет көрсетуге және ауыстыруға ыңғайлы күйге бұрылады.

1. Жүргізуші жағындағы әйнектазартқыштың иінтірегін жоғары тартып қайырыңыз, содан кейін жолаушы жағындағы екіншісін қайырыңыз.
2. Әйнектазартқышты бекіту түймесін басыңыз.



3. Әйнектазартқыш щеткасын ұстаңыз да, көрсетілген бағытқа қарай тартыңыз.

4. Әйнектазартқыштардың щеткаларын орнату кері тәртіппен орындалады.




Артқы әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

1. Артқы әйнектазартқыштың тұтқасын артқы әйнектен жоғары қарай тартыңыз.
2. Қолыңызбен әйнектазартқыш тұтқасын алыңыз да, әйнектазартқыш щеткасын суретте көрсетілген бағытта тігінен тартып шығарыңыз.
3. Әйнектазартқыштың жаңа щеткасын кері тәртіппен орнатыңыз.

04

АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Әйнектазартқыштардың иінтіректері көтерулі тұрған күйде капотты ашпаңыз, себебі бұлай капотты және иінтіректерді зақымдап алуға болады.
- Автокөлікті жуғаннан кейін әйнектазартқыш щеткасын түсіргенде, щетка алдыңғы әйнекке тікелей соғылатындай етіп, әйнектазартқыш тұтқасын итеруге тыйым салынады.
- Әйнектазартқыштар жұмыс істеп тұрған кезде әйнектазартқыш щетканы майыстыруға және бұғаттауға тыйым салынады.

Сырғытпайтын шынжырлар

Сырғанауға қарсы тізбектерді пайдалану жөніндегі нұсқаулық

- Сырғытпайтын шынжырлар тек төтенше жағдайларда немесе автокөлікпен заңмен белгіленген кейбір аймақтарда жүрген кезде қолданылады.
- Сырғытпайтын шынжырларды тек алдыңғы дөңгелектерге ғана орнату қажет. Орнатылған сырғытпайтын шынжырлармен автокөлікті қар басқан жолдармен абайлап жүргізіңіз. Кейбір сырғытпайтын шынжырлар автокөліктің шиналарын, дөңгелектерін, аспасын және шанағын зақымдауы мүмкін. Сондықтан жіңішке сырғытпайтын шынжырларды қолданған жөн.

- Сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісінің құрастыру сызбаларын және өзге де нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз.
- Сырғытпайтын шынжырларды сатып алмас және орнатпас бұрын BYD компаниясының рұқсаты бар дилерімен немесе автокөлік сатып алынған сервис орталығымен кеңесіңіз.
- Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін тек қар басқан жолдармен 30 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен жүріңіз.
- Дөңгелектер мен сырғытпайтын шынжырлардың тозуын барынша азайту үшін сырғытпайтын шынжырлармен қары жоқ жолдарда жүрмеңіз.

ЕСКЕ САЛУ


- Жылдамдықты 30 км/сағ-тан асырмаңыз және сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісі көрсеткен жылдамдықтан төмен жылдамдықпен тұрақты жүрмеңіз.
- Соғылғанда автокөлік секіріп кетуі мүмкін оқаптарға, ойықтар мен шұғыл бұрылыстарға назар аудара отырып, автокөлікті абайлап жүргізіңіз.
- Басқаруды жоғалтпау және жол-көлік оқиғасын болдырмау үшін сырғытпайтын шынжырлар орнатылған автокөлікте шұғыл бұрылу және дөңгелектерді блоктап тежелу әрекеттерінен сақтану қажет, жолдың қисық сызықты теліміне кірер алдында автокөліктің жылдамдығын азайтып алу қажет.
- Сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған шиналар симметриялы түрде қолданылуы керек және пайдаланылмаған кезде оларды дереу алып тастау керек.

Бейнежазғыш

- Бейнежазғыш камерасы алдыңғы әйнектің үстіңгі жағының ортасында орналасқан.



- Қосымша аспаптар тақтасының астыңғы бөлігінде, суретте белгіленгендей, бейнежазғыштың SD-картасына арналған ұяшық орналасқан.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Карта тігінен орнатылуы тиіс.
- Картаны салыңыз да, біраз уақыт күтіңіз. Егер бейнеге жазу интерфейсінде жыпылықтайтын қызыл нүкте пайда болса, бұл карта анықталып, қалыпты жұмыс істей бастағанын білдіреді; егер карта анықталмаса немесе бейне қате жазылса, интерфейсте «Жад картасын салыңыз» хабары пайда болады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- 32 Гб және одан төмен «автокөліктің бейнежазғышына арналған арнайы картаны» немесе түпнұсқа картаны пайдалану ұсынылады.
- Әдетте, нарықта ұсынылған 64 және 128 Гб жад карталары FAT32 форматында емес, сондықтан картаны орнатқаннан кейін оны FAT32 форматына түрлендіру үшін алдымен оны автокөліктегі ақпараттық ойын-сауық жабдықтарында пішімдеу керек.
- Картаны шығармас бұрын бейнеге жазуды тоқтату немесе мультимедиялық хостты өшіру керек, әйтпесе бұл бейне файлдардың бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Нақты уақыт режиміндегі көрініс

- Пайдаланушылар автокөліктің бейнежазғыш жүйесін автокөліктің PAD баптау интерфейсі > «Автокөліктің бейнежазғышын баптау» арқылы қосып-өшіре алады.
- Автокөлікті оталдырған кезде жүйе әдепкі қалып бойынша бұрынғы баптауларды қалпына келтіреді.
- Бейнежазғыштың үш басқару интерфейсі бар: «Нақты уақыт режиміндегі кескін», «Ойнату тізімі» және «Баптаулар», бұл автокөліктің қозғалысы туралы ақпаратты қарап көруге және баптауға мүмкіндік береді.

Автокөліктің бейнежазғышын басқару түймесі



: бейнежазбаны қосу



: бейнежазбаны тоқтата тұру



: фототүсірілім



: жазылып жатқан бейнені бұғаттау немесе бейнеге шұғыл жазуды іске қосу

Автокөліктің бейнежазғышының жұмыс күйі



: қалыпты жазу күйі



: автокөлік бейнежазғышының дұрыс жұмыс істемеуі



: TF картасы анықталды, бірақ жазба жасалмайды



: TF картасы анықталмады (жад картасы салынбаған немесе ақаулы карта салынған)

Автокөлік бейнежазғышының ойнату тізімінің интерфейсі

- Ойнату тізімінің астында «Жүргізу бейнесі», «Құлыптау бейнесі» және «Сурет» модульдері орналасқан.

Автокөлік бейнежазғышын баптау интерфейсі:

- Пайдаланушылар жазу ұзақтығын өз қажеттіліктеріне сәйкес орната алады.
- Автокөлік бейнежазғышы жазған файлдардың ортақ қалтасындағы барлық деректерді жою үшін «Деректерді жою» түймесін басыңыз.
- Автокөлік бейнежазғышының бейнесінде автокөлік жүргізу туралы ақпаратты қабаттастыруды баптау үшін «Жүргізу туралы ақпаратқа бейне қабаттастыру» түймесін басыңыз.
- SD картасын қайта пішімдеу үшін «Пішімдеу» түймесін басыңыз, бұл ретте барлық бастапқы деректер жойылады, ал ашылған пішім — Fat32 болады.
- Пайдаланушылар «Пайдалану бойынша нұсқаулықтары» бөлімінде автокөлік бейнежазғышының функциясын пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен таныса алады.

05

БОРТ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі	194
Кондиционер жүйесі	195
Ұсақ-түйек бөлімі.....	203
Өзге борт құрылғылары.....	205

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесін басқару тақтасы

Автокөлік оталдыру жүйесін қосқаннан кейін бірнеше секунд бойы бастапқы экран көрсетіледі де ақпараттық және ойын-сауық жүйесі жұмыс істей бастайды.

- ① Ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсор экраны
- ② Айналдыру түймесі



ЕСКЕРТУ

- Автокөлікте қуаты жоғары инвертордың пайдаланушы болмаңыз, себебі ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің жұмысы бұзылуы мүмкін.
- Құрылғыны рұқсатсыз пішімдемеңіз және бас әкімші құқығын бермеңіз, әйтпесе бұл ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің немесе автокөліктің ақауын тудыруы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сенсор экранын зақымдамау үшін
 - » оны абайлап ұстаңыз. Жауап қайтпаса, саусақты экраннан алып тастап, оны қайта түртіңіз;
 - » экранды жұмсақ ылғал матамен сүртіңіз. Тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.
- Сенсор экранын пайдалану
 - » Дисплей экранының температурасы төмен болғанда, көрсетілетін кескін қараңғылау болуы мүмкін немесе жүйе әдеттегіден баяуырақ істеуі мүмкін.
 - » Күннен қорғайтын көзілдірік таққанда экран қараңғы немесе бұлыңғыр болып көрінеді. Қарау бұрышын өзгертіңіз немесе күннен қорғайтын көзілдірікті шешіңіз.
 - » Сенсор экранның сұр түсті түймелері істемейді.
- Осы жерде көрсетілген сенсор экранының интерфейс тек анықтамалық ретінде берілген. Автокөліктің нақты моделіне назар аударыңыз.
- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қозғалыс барысында көлденең бағытта ақпараттық ойын-сауық жүйесін пайдалану ұсынылады.

ЕСКЕ САЛУ

- Жүйені желіге қосқаннан кейін ақпараттық және ойын-сауық функцияларын (мысалы қолданбалар мен интернет-қоңыраулар) жақсы пайдалануға мүмкіндік туады.

Ауаны баптау жүйесі

Кондиционерді басқару панелі

- ① «Авто» түймесі
- ② Кондиционерді қосу түймесі
- ③ Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі



❗ ЕСКЕ САЛУ

- Ауаны баптауды қашықтан қосу функциясы:
 - » Пайдаланушы автокөлікте алдын ала ыңғайлы жағдай жасау үшін кондиционерді қашықтан басқару пульті немесе BYD қолданбасы арқылы қоса алады.

Кондиционерді басқару интерфейсі



- | | |
|--|--|
| ① Кондиционер баптаулары | ⑩ Алдыңғы әйнекті жылыту |
| ② Ауаны тазалау жүйесі | ⑪ Артқы әйнекті жылыту |
| ③ Орындықтарды желдету және жылыту түймесі | ⑫ Ішкі/сыртқы рециркуляция |
| ④ Кондиционер жұм ысын басқару түймесі | ⑬ Желдету |
| ⑤ Кондиционерді қосу түймесі | ⑭ Ауа үрлеу режимі |
| ⑥ «Авто» түймесі | ⑮ Ауа легін реттеу |
| ⑦ Салқындату режимі | ⑯ Жүргізуші жағынан температураны реттеу |
| ⑧ Макс. салқындату | ⑰ Жолаушы жағынан температураны реттеу |
| ⑨ Тәуелсіз реттеу | |

! ЕСКЕ САЛУ

- Кондиционер иісі
 - » Кондиционерді қоса салысымен дымның және көгергеннің иісі пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Автокөлік кондиционері жұмыс істегенде буландырғышта кондиционер конденсаты қалып қояды, ал ылғал буландырғыш автокөлік ішіндегі сүзілмеген дене терін, түтінді және т.б. оңай сіңіріп алады. Кеппеген конденсат буландырғыштың күңгірт әрі ылғал бетін зай басуға алып келеді, ал бұл ұзақ тұрып ашығанда жағымсыз иісті пайда болдырады.

! ЕСКЕ САЛУ (жалғасы)

- Кондиционер иісін қалай жоюға болады.
 - » Тұраққа қою алдында кондиционерді сөндіріп, автокөлік ішіндегі ауа салыстырмалы түрде құрғақ күйде қалуы үшін салонды табиғи ауамен желдетіп алыңыз.
 - » Сүзгіні тұрақты түрде тексеріп, тазартып немесе ауыстырып тұрыңыз.
 - » Салонды және салондағы ауаны таза күйде сақтауға тырысыңыз.
- Егер иісті кетіру шараларын жасағаннан кейін де кетпесе, рұқсаты бар BYD дилеріне немесе жөндеуге арналған сервис орталығына жүгінізіз.

! ЕСКЕ САЛУ (жалғасы)

- Кондиционер қосылып тұрғанда кондиционерден шығатын иісті азайту үшін кондиционер желдеткіші өшірілген және автокөлік құлыпталған соң біраз уақыт істеп тұруы мүмкін. Бұл буландырғыш бетіне жиналған суды кептіріп, зайдың көбеюін азайту үшін қажет. Автокөлік құлыптаулы тұрғанда кондиционер желдеткішінің автоматты түрде қосылуы — қалыпты жағдай. Бұған алаңдаудың қажеті жоқ.

Функциялардың мақсаты

«Авто» түймесі

- Осы түймені басқаннан кейін кондиционердің алдығы тақтасында оның индикаторы жанады, ал компрессор күйі, ауа легі және үрлеу режимі автоматты түрде реттелуі мүмкін.
- Ауа легі, үрлеу режимі өзгерген жағдайда автокөлік кондиционерді АВТОМАТТЫ түрде реттеу режимінен шығып кетеді, ал басқару функциясынан басқа функциялар АВТОМАТТЫ режимде қалады.

Кондиционерді қосу түймесі

- Кондиционер қосулы болса, оны өшіру үшін түймені басыңыз. Кондиционер өшірулі болса, оны қосу үшін түймені басыңыз.

Орындықтарды желдету және жылыту түймесі

- Орындықтарды желдету және жылыту функциясын қосу үшін орындықтарды желдету және жылыту түймесін басыңыз. Операцияның толық көрінісін орындықтарды жылыту және желдету жүйесінің бөлігінде «Контроллердің жұмысы» 3-бөлімін қараңыз.

Ауа легін реттеу

- Таңдалған бөлікті түрттіңіз. Бөлік жоғары болса, ауа ағыны соғұрлым көп болады.

Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі

- Кондиционердің алдыңғы тақтасында алдыңғы әйнек жылытқышы түймесінің индикаторы қосылу үшін және алдыңғы әйнек жылытқышын басқару режимін қосу осы түймені басыңыз, осы кезде ауа беру режимі алдыңғы әйнек жылытқышының режиміне ауысады. Алдыңғы әйнек жылытқышын басқару режимінен шығу және бұл режимді өшіру үшін осы түймені тағы бір рет басыңыз.
- Жібіту және булануды кетіру мүмкіндігін қосу үшін осы түймені басыңыз, кондиционер де қосылады. Яғни, компрессорды басқару түймесі басылғанына немесе басылмағанына қарамастан, кондиционер қосылады.

Температураны реттеу

- Кондиционер температурасын реттеу
 - » Тәуелсіз режимде: жүргізуші тарапынан температураны реттеу үшін.
 - » Аралас режимде: жүргізуші мен алдыңғы жолаушылар тарапынан температураны реттеу үшін.

- » Температураны арттыру үшін жоғары көрсеткіні түрттіңіз немесе оны төмен сырғытыңыз. Температураны кеміту үшін төмен көрсеткіні түрттіңіз немесе оны жоғары сырғытыңыз.
- » Ең төменгі температура орнағанда, «L0» көрсетіледі. Ең жоғарғы мән орнап тұрғанда «H1» көрсетіледі.

- Жолаушы жағынан температураны реттеу

- » Тәуелсіз режимде: жолаушы жағынан температураны реттеу үшін.
- » Аралас режимде: жолаушы жағынан температураны реттеу және осы режимнен тәуелсіз режимге шығу үшін.
- » Температураны арттыру үшін жоғары көрсеткіні түрттіңіз немесе оны төмен сырғытыңыз. Температураны кеміту үшін төмен көрсеткіні түрттіңіз немесе оны жоғары сырғытыңыз.
- » Ең төменгі температура орнағанда, «L0» көрсетіледі. Ең жоғарғы мән орнап тұрғанда «H1» көрсетіледі.

Тәуелсіз реттеу

- Тәуелсіз режимнен аралас режимге ауысу үшін тәуелсіз реттеу түймесін басыңыз.
 - » Тәуелсіз режим: жүргізуші мен жолаушының жағындағы температураны жеке орнатуға болады. Тәуелсіз режим таңдалған кезде түйме белгішесі жанады.

- » Аралас режим: жүргізуші мен жолаушы жағындағы температураны бір уақытта жүргізуші жағындағы температураны реттеу түймесі арқылы реттеуге болады. Аралас режимде түйме белгішесі сұр болып көрінеді.
- Жолаушы жағындағы температураны реттеу түймесі іске қосылған кезде аралас режимде тәуелсіз режимге автоматты түрде ауысады.

Максималды салқындату түймесі

- Максималды салқындатуды басқару режимін қосу үшін түймені басыңыз. Содан кейін компрессор қосылады, температура Lo мәніне орнатылады, ауа легі Мах мәніне орнатылады, ішкі рециркуляция іске қосылып, ауа бет деңгейіндегі режимде үрленетін болады.
- Режимнен шығу үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Кондиционерді салқындату түймесі

Түймені басып, кондиционер компрессорын қосыңыз. Осыдан кейін компрессор салқындатуға жұмыс істейді. Түймені қайта басып, функцияны өшіріңіз, сол кезде компрессор жұмысы тоқтайды.

Ішкі/сыртқы рециркуляция түймесі

- Осы түймесін басыңыз.  түріндегі белгі жанады, ал ауа беру режимі ішкі рециркуляцияға ауысады. Осы түймені тағы бір рет басыңыз.  түріндегі белгі жанады, ал ауа беру режимі сыртқы рециркуляцияға ауысады.

- Тұрақта тұрған кезде автокөлік ішін сапалы ауамен қамтамасыз ету және автокөлік салонына пайдаланылған газдардың кіруіне жол бермеу үшін автоматты түрдегі ішкі рециркуляция режимі қосылып тұрса, тұрақта тұрған кезде рециркуляция режимі ішкі ауа рециркуляциясына ауысады.

Артқы әйнек пен бүйір айналар жылытқышының түймесі

- Осы түймені басқанда, бүйір айналардағы қыздыру панелі бүйір айналарды тез тазартады. Жылытқыш басқа пәрмендер болмаған кезде 15 минуттан кейін автоматты түрде сөніп қалады. Осы функцияны өшіру үшін бұл түймені тағы бір рет басыңыз.
- Бұл функцияны жауын-шашын тамшыларын кептіру немесе қарды еріту үшін пайдалануға болмайды.

ЕСКЕРТУ

- Артқы еріту қосқышын қосқаннан кейін сыртқы артқы көрініс айнасының бетіне қол тигізбеңіз, өйткені сыртқы артқы көрініс айнасының беті жылы болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Артқы терезенің ішкі жағын тазалау кезінде қыздыру сымы мен ағытпасын сызып немесе зақымдап алмас үшін абай болыңыз.

Желдету түймесі

- Кондиционерді желдетуді басқару режимін қосу үшін түймені басыңыз. Табиғи пайда болған ауа шығатын ауа ретінде пайдаланылады.
- Режимнен шығу үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Ауа үрлеу режимі

Тиісті үрлеу режимін таңдау үшін ақпараттық және ойын-сауық жүйесіндегі сәйкес белгіні түртіңіз. Ұрлеу режимдерін еркін араластыруға болады, қажет болған кезде бір уақытта үш үрлеу режимін қосып қоюға болады.

➡ : ауа легі негізінен дененің жоғарғы бөлігіне бағытталған.

↓ : ауа легі негізінен аяққа бағытталған.

☰ : ауа легі негізінен алдыңғы әйнек пен бүйірлік әйнекке бағытталған.



Пайдалану нұсқаулығы


- Автокөлік күн астында ұзақ тұрған соң, салонды тез салқындату үшін бірнеше минут терезені ашып қойып жүру керек, осы кезде ыстық ауа шығып кетіп, кондиционердің салқындатуы тез жүреді.

- Салқындатуды тездету үшін температураны «Lo» мәніне орнатып, бірнеше минутқа ішкі рециркуляция режимін таңдаңыз.
- Алдыңғы әйнек алдындағы ауа қармауыш торы жабылып қалмағанын тексеріп алыңыз.
- Ылғал ауа райында әйнек буланбауы және көру мүмкіндігі нашарламауы үшін салқын ауа легін алдыңғы әйнекке бағыттамаңыз. Себебі әйнектің ішкі және сыртқы жақтар арасындағы температура айырмашылығы оның булануына әкелуі мүмкін.
- Ауа айналымын жақсарту үшін алдыңғы орындықтар алдындағы кеңістікке артық зат қоймаңыз.
- Салқын ауа райында ауа жіберу арнасынан қарды немесе ылғалды кетіру және булануды азайту үшін күшті ауа легін 1 минут қосып қойыңыз.
- Салқын ауа райында тез қыздыру үшін бірнеше минут ішкі рециркуляцияны қосып қойыңыз. Салон жылынғаннан кейін буланудың алдын алу үшін ауа қармау үшін сыртқы рециркуляция режимін таңдаңыз.
- Қатты шаң көтерілетін кезде немесе жел соғатын жағдайда жүргізушілер барлық терезені жауып, ішкі рециркуляция режимін орнатып, кондиционер желдеткішін қосып қоюы керек. Ауа қабылдау режимін ішкі айналымға орнатыңыз және кондиционер желдеткішін қосыңыз.
- Жылыту режимінде тұрғанда, компрессорды басқару түймесі жануы үшін (компрессордың қосылуы) сол түймені басыңыз, бұл ауа легінің ылғалдығын азайтады.
- Желдету режимінде жүйе сырттағы табиғи ауаны кіргізеді, бұл көктем мен күз мезгілдеріне сәйкес келеді.

Кондиционер дефлекторлары


Ортаңғы дефлектор

Дефлектор тұтқасын жылжытып, ауа легінің шығу бұрышын реттеңіз немесе дефлекторды жабыңыз. Тұтқаны сол жақ түпкі күйге ауыстырғанда дефлектордың жабылғанын білдіретін сырт еткен дыбыс естисіз.




Қапталдағы дефлектор

Дефлектор тұтқасын жылжытып, ауа легінің шығу бұрышын реттеңіз. Шеңберді бұрып, дефлектордың жел үрлеу саңылауының өлшемін реттеңіз немесе дефлекторды ашыңыз не жабыңыз.



Артқы дефлектор

- ① Дефлектор тұтқасын солға немесе оңға жылжытып, ауа легінің шығу бұрышын реттеңіз.
- ② Шеңберді бұрып, дефлектордың жел үрлеу саңылауының өлшемін реттеңіз немесе дефлекторды ашыңыз не жабыңыз.



Ауаны тазалау жүйесі

Ауа тазалау жүйесі ауада болатын PM2,5 түйірлерін жояды. Кондиционер қосылып тұрғанда, жүйе салонға кіретін ауадағы PM2,5 түйірлерін мұқият жояды.

Ауа тазалау функциясын басқару интерфейсі

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің экранындағы «Air purification» (Ауа тазарту) түймесін басыңыз. PM2,5 түйірлерін басқару интерфейсі пайда болады.



- ① Ауа тазалау функциясын басқару
- ② PM2,5 түйірлерін анықтау
- ③ Тез тазарту
- ④ Сырттағы PM2,5 түйірлерінің мәні мен шоғырлану деңгейі
- ⑤ Автокөлік ішіндегі PM2,5 түйірлерінің мәні мен шоғырлану деңгейі

PM2,5 түйірлерін анықтау түймесі

- PM2.5 detection (PM2,5 түйірлерін анықтау) басыңыз Түйме жанғанда жүйе нақты уақыт режимінде іштегі/ сырттағы PM2,5 түйірлерінің мөлшерін анықтап, нақты уақыттағы мәнді панельден көрсетеді.
- PM2,5 түйірлерін анықтау түйме өшкен кезде тоқтайды.

Тез тазарту түймесі

- Осы түймені басып, тез тазарту функциясын қосыңыз.
- Тез тазартуды аяқтау үшін осы түймені тағы басыңыз.

Автокөліктегі PM2,5 түйірлерінің шоғырлану мәні мен деңгейін көрсету

- Бұл аймақта автокөлік ішіндегі PM2,5 түйірлерінің мәні мен шоғырлану деңгейі көрсетіледі.

! ЕСКЕ САЛУ

- Ауаны тазарту борт детекторы анықтаған PM2,5 түйірлерінің шоғырлану мәні (PM2,5) — құрылғы тұрған көлік құралының айналасындағы ауадағы PM2,5 түйірлерінің шоғырлану мәні, ол қысқа уақыт ішінде күнделікті мәннен немесе ұлттық және тиісті мемлекеттік органдар мәлімдеген нақты уақыттағы PM2,5 түйірлерінің шоғырлану мәнінен өзгеше болады.
- PM2,5 түйірлерін анықтау жиілігі келесі жағдайларда төмендеуге тиіс.
 - » құм дауылдары мен басқа да қатаң төтенше жағдайлар;
 - » салқын аймақтарда (қоршаған ауа температурасы -20 °C-ден төмен);
 - » ылғалдығы жоғары (салыстырмалы ылғалдығы 90 %-дан жоғары) аймақтарда;
 - » температурасы өзгермелі (конденсациялануға бейім) қоршаған ортада, мысалы, жылдың суық мезгілінде даладан температурасы жоғары жайға немесе тұраққа кіргенде.
- Ішкі рециркуляция режимінде ауа легінің максималды жылдамдығын пайдалану автокөлік ішіндегі ауада ұсақ түйірлердің шоғырлануын тез азайтуы мүмкін.

Сырттағы PM2,5 түйірлерінің шоғырлану мәні мен деңгейін көрсету

- Бұл аймақта автокөлік сыртындағы PM2,5 түйірлерінің мәні мен шоғырлану деңгейі көрсетіледі.

Кондиционер баптауының элементі

- Кондиционерді баптау интерфейсіне кіру үшін осы түймені басыңыз.
- Кондиционерді баптау интерфейсінен шығу үшін осы түймені қайта басыңыз.



- ① **Bluetooth арқылы қоңырау шалған кезде ауа жылдамдығын автоматты түрде төмендетуді баптау**

Bluetooth арқылы қоңырау шалған кезде ауа жылдамдығын автоматты түрде төмендетуді баптауды қосу үшін осы түймені басыңыз



- ② **Тұрақта тұрған кезде автоматты ішкі айналымды баптау**

Тұрақта тұрған кезде автоматты ішкі айналымды баптауды қосу үшін осы түймені қайта басыңыз.

Тұрақта тұрған кезде автоматты ішкі айналымды баптауды өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз.

- ③ **Кондиционердің жұмыс уақытын қашықтан реттеу**

Қашықтан басқару пульті арқылы кондиционерді қосу уақытын таңдауға болады.

- ④ **Кондиционердің автоматты жұмыс режимін баптау**

Екі режимді таңдай аласыз — үнемді және ыңғайлы.


- ⑤ **Автоматты түрде тазалау ***

Автоматты тазалау функциясы қосылған кезде нақты уақыт режимінде PM2,5 мәні анықталады, егер PM2,5 75-тен үлкен немесе оған тең болса, тазалау қосылады; және ол өшірілген кезде тазалау орындалмайды.

Ұсақ-түйек бөлімі


Ішкі панельдегі ұсақ-түйек бөлімі

Барлық есіктерде сусыны бар стақан мен банкалар салынатын бөлім бар.



Ұсақ-түйек тартпасы

- Ұсақ-түйек тартпасын қолдану үшін оның құлпын механикалық кілтпен ағытып, ұсақ-түйек тартпасының қақпағын тартып ашыңыз.
- Қақпақты басып жабыңыз.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Апат жағдайында немесе төтенше тежеген кезде жарақат алып қалмау үшін, қозғалыс кезінде ұсақ-түйек тартпасын жабық күйде ұстаңыз.


Карта сауыты

- Карта сауытының қаппағын басып ашыңыз.
- Карточкаларға арналған бөлімді ашқан кезде оған шот-фактуралар, визиткалар және т.б. салуға болады. Оның жабылмауына жол бермеу үшін үлкен немесе ауыр заттарды оған салмау керек. Автокөлікті жүргізген кезде карточкаларға арналған бөлімді жабық ұстаңыз.



Шынтақтаяныш-қобдиша

- Шынтақтаяныш-қобдишаны пайдалану үшін, суретте көрсетілгендей, оның қаппағын көрсеткі бағытында жоғары қарай тарту керек.
- Жабу үшін шынтақтаяныш-қобдишаның қаппағын төмен түсіріңіз.




ⓘ ЕСКЕ САЛУ

- Апат жағдайында немесе төтенше тежеген кезде жарақат алу қаупін азайту үшін, қозғалыс барысында шынтақтаяныш-қобдишаны жабық күйде ұстаңыз.

Стақан қойғыштар

Алдыңғы орындықтағы стақан қойғыштар

Алдыңғы орындықтарға арналған стақанқойғыштар орталық консольде орналасқан.



Артқы орындықтағы стақан қойғыш

Артқы орындықтарға арналған стақан қойғыштар артқы шынтақтаянышта орналасқан. Артқы орындықтарға арналған стақан қойғышты пайдалану үшін шынтақтаянышты аудару керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Стақан қойғышты пайдаланған кезде автокөлікті жібере салмаңыз және күрт тежемеңіз, әйтпесе сұйықтық төгіліп, өзіңіз немесе жолаушылар күйіп қалуы мүмкін.
- Ашық стақанды немесе сусыны бар толық жабылмаған бөтелкені стақан қойғышқа қоймаңыз, әйтпесе автокөлік есігін ашқанда не жапқанда, сондай-ақ қозғалыс кезінде сұйықтық төгіліп кетуі ықтимал.
- Көлікті қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін жүргізушіге қозғалыс кезінде стақан қойғыштағы стақанды алуға немесе оған салуға тыйым салынады.

Құжат салатын қалта

- Алдыңғы орындықтардың арқалықтарында құжат салуға арналған қалталар бар.



Көзілдірік сауыты


- Бұл бөлімнің қақпағын басып ашыңыз.



Өзге борт құрылғылары.

Күнқағар

- Алдыдан түсетін күн сәулесінен қорғану үшін күнқағарды төмен қайырып қойыңыз.
- Қапталдан түсетін күн сәулесінен қорғаны үшін қозғалмайтын тіректегі бұру төлкесін ағытып, күнқағарды бүйір терезеге қарай қайырып қойыңыз.




! ЕСКЕ САЛУ

- Күнқағарды дұрыс пайдалану көлік жүргізу қауіпсіздігі мен жайлылығын арттырады.

Косметикалық айна *


- Косметикалық айналар жүргізуші және алдыңғы жолаушы жағынан күнқағарларда орналасқан.
- Күнқағарды қайырып, косметикалық айнаның қақпағын ашыңыз — бұл кезде косметикалық айнаның шамы жанады. Косметикалық айнаның қақпағын жабыңыз немесе күнқағарды көтеріңіз — косметикалық айнаның шамы сөнеді.



Қауіпсіздік тұтқасы

- Қауіпсіздік тұтқасы: қауіпсіздік тұтқасын пайдалану үшін оны төмен қарай тартыңыз. Тұтқаны жіберген кезде ол бастапқы күйіне оралады.

- Қауіпсіздік тұтқасының жанында (артқы қатарда) киім ілгегі бар, оған киім мен бас киімді іліп қоюға болады.



! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жарақат алмау немесе киім тұтқасын/ілгекті зақымдамау үшін қауіпсіздік тұтқасы мен киім ілгегіне ауыр заттарды ілмеңіз.


12 В көмекші қуат көзі

- Ол жұмыс кернеуі 12 В тұрақты тогы және 10 А аспайтын жұмыс тогы бар аксессуарлар үшін пайдаланылады.
- 12 В көмекші қуат көзі оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда ғана істейді. Розетканы пайдалану үшін қақпағын көтеріңіз.




Алдыңғы USB порттары

- ① USB зарядтау порты
- ② Деректерді беруге арналған USB-порт




Артқы USB порты

Артқы USB порты тек зарядтау үшін ғана арналған, оны ақпараттық және ойын-сауық жүйесіне қосуға болмайды.




SD-карта ағытпасы

SD-карта ағытпасы жүргізуші жағында аспаптар тақтасының төменгі жағында орналасқан.



Жүксалғыш қалқасы

- Құпиялылықты қамтамасыз ету және тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеу үшін жүкті қалқамен жабуға болады.
- Орындықты төмен түсіріп, қалқаның бір жағын тіректің төменгі қорғаныс төсемінің ойығына салыңыз, содан кейін оны түбіне басыңыз да, екінші жағынан орындықтың құлыптау сақинасының жоғарғы жағында тіректің төменгі қорғаныс төсемінің ойығына салыңыз. Қалқаны тартып шығарып, оны жүксалғыштың екі жағында орналасқан артқы ойықтарға іліп қойыңыз.
- Қалқаны алу оны орнату тәртібіне кері тәртіппен жүргізіледі.



! ЕСКЕРТУ

- Қалқаны орнатқаннан кейін оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Қалқаның үстіне ешқандай заттар қоймаңыз.
- Балалардың қалқаға көтерілуіне жол бермеңіз, себебі бұл қалқаға зақым келтіруі, ауыр жарақат алуға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

05

БОРТ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Мобильді телефонды сымсыз зарядтауға арналған аймақ *

- Телефонды сымсыз зарядтау аймағы орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімінің алдында орналасқан. Оталдыру жүйесінің кілті «OK» күйінде тұрғанда, телефонды сымсыз зарядтау аймағындағы сырғытпайтын резеңке төсеніш үстіне телефон экранын жоғары қаратып қойыңыз. Телефон автоматты түрде сымсыз заряд ала бастайды, ал ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің экранында зарядтау белгісі пайда болады.



» Зарядтаған кезде мобильді телефонда «» жасыл өрнегі қарқынды түрде жыпылықтайды».

» Зарядтау ақаулығы белгішесі:



! ЕСКЕ САЛУ

- Сымсыз зарядтауды баптау белгішелерін «Жылдам қол жеткізу» ақпараттық ойын-сауық интерфейсінің формулалар жолағына қосуға немесе жоюға болады.
- Мобильді телефонды сымсыз зарядтау мүмкіндігі кейбір мобильді телефондар үшін қолжетімді емес, тек Qi стандарт бойынша сертифицирталған телефондар үшін қолжетімді.
- Бағдарламаны жаңартқан кезде зарядтау аймағына бөгде заттарды қоймаңыз.
- Бір уақытта тек бір мобильді телефонды зарядтауға болады.
- Телефонның тым қалың қабы зарядтауға кедергі келтіруі мүмкін.
- Тегіс емес жолмен жүргенде мобильді телефонды сымсыз зарядтау функциясы арагідік тоқтауы және қайта жалғасуы мүмкін.
- Егер телефон сымсыз зарядтау аймағынан жылжып кетіп, зарядтау процесі тоқтаса, оны қайтадан сымсыз зарядтау аймағына қойыңыз.
- Егер телефон дұрыс заряд алмаса сымсыз зарядтау аймағында басқа заттардың жоқ екенін тексеріп алыңыз, немесе қайта байқап көрмес бұрын сымсыз зарядтау аймағының суығанын күтіңіз. Егер телефонды сол күйі зарядтау мүмкін болмаса, рұқсаты бар BYD дилеріне немесе қызмет көрсетушіге хабарласу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сымсыз зарядтау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, сіздің смарт-кілтіңіз сымсыз зарядтау аймағынан 25 см қашықтықтан ары тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Сымсыз зарядтау функциясының бұзылуына немесе оқыс жағдайлардың орын алуына жол бермеу үшін, сымсыз зарядтау аймағына тиындарды, металл кілттерді, металл сақиналарды немесе құрамында металл бар басқа да заттарды қоюшы болмаңыз.
- Зарядтау аймағын зақымдамау үшін оның үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Егер телефонның сымсыз зарядтау жүйесінде ақау болса және ол дұрыс істемесе рұқсаты бар BYD дилеріне немесе қызмет көрсетушіге хабарласу керек.
- BYD компаниясы дұрыс пайдаланбау салдарынан туындаған кез келген проблемалар үшін жауапты болмайды. Егер бұл жүйе бөлшектелсе немесе түрлендірілсе, тегін кепілдік күші жойылады.
- Қауіпсіздікке төнуі ықтимал қатердің алдын алу үшін автокөлік ішінде зарядталып тұрған телефонды қараусыз қалдырмаңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! (жалғасы)

- Қауіпсіздік тұрғысынан жүргізушілер қозғалыс кезінде телефонның заряд деңгейін тексеруден аулақ болуы керек.
- Зарядтау кезінде құрылғы мен зарядтағыш құрылғының резеңке төсеніші арасында металл зат қалып қойса, оны бірден жалаң қолмен алушы болмаңыз, себебі күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Зарядтау сапасын жақсарту үшін телефон шарғысының ортасы сымсыз зарядтау құрылғысының ортасына дәл келуі керек (зарядтау аймағында мәтінмен көрсетіледі).
- Зарядтау аймағына кез келген сұйықтықтың тиюіне жол бермеңіз. Сымсыз зарядтау құрылғысына резеңке кілемше айналасындағы саңылау арқылы су тиіп кетсе, сымсыз зарядтау құрылғысы істен шығады.
- Жоғары температураларда зарядтау процесі тоқтап қалуы мүмкін, температура төмендеген бойда ол қайта жалғасады.
- BYD компаниясы сымсыз зарядтауға арналған сыртқы шарғылардан туындаған проблемаларды жоюға міндетті емес. Оларды сақтықпен пайдаланыңыз.


Жүксалғыш еденінің қақпағы

Жүксалғыш едені қақпағының биіктігі бойынша екі күйі бар, оларды тұтқамен өзгертуге болады.

1. Жоғарғы күйде жүксалғыш еденінің қақпағы тірек тақтасының үстіңгі бетімен бірдей, ал артқы орындықтар төмен түсірілгенде, жүксалғыш қақпағы орындықтардың арқалықтарына тығыз орналасады.



2. Төменгі күйде жүксалғыш еденінің қақпағы тірек тақтасының төменгі сатылы бетіне бекітіледі, бұл күй жүксалғышта сақтау орнын ұлғайтуға мүмкіндік береді.



06

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат	212
Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету	220
Өз бетінше техникалық қызмет көрсету	225

Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат

Техникалық қызмет көрсетудің циклі және позициялары

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету кестесі

- Техникалық қызмет көрсету жоспары тұрақты жүргізуді қамтамасыз етуге, бұзылу санын азайтуға, қауіпсіз жүргізуге және отын үнемдеу үшін жасалған.
- Жүргізушілер техникалық қызмет көрсету жоспарына одометр көрсеткіштерін немесе уақыт аралығына, олардың қайсы қайсысы ертерек болатынына қарай реттелетін қызмет көрсету аралықтарын қарау үшін жүгіне алады.
- Техникалық қызмет көрсетудің мерзімі өткен позицияларына техникалық қызмет көрсетудің сол уақыт аралығын пайдалану керек.
- Резеңке құбыршектерді (кондиционер мен жылыту жүйесі, тежеу жүйесі және т.б. үшін) техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес кәсіби механиктер тексеруі керек.
- Бұл техникалық қызмет көрсету кестесінде аралықтары жазылған техникалық қызмет көрсетудің ерекше маңызды позициялары. Тозған немесе зақымдалған құбыршектерді дереу ауыстыру керек.
- Техникалық қызмет көрсету кестесі автокөлікті әрдайым оңтайлы күйде сақтап отыру үшін қажет барлық техникалық қызмет көрсету позицияларын тізімдейді.

Техникалық қызмет көрсету кестесінің талаптары

Автокөлікке жүйелі техникалық қызмет көрсету кестеге сәйкес жүргізілуі керек.

Егер автокөлік бірінші кезекте келесі ерекше жағдайлардың біреуінде немесе бірнешеуінде пайдаланылса, техникалық қызмет көрсету жоспарының кейбір позициялары жиі орындалуы керек.

- Жол жағдайлары
 - » Тегіс емес, лай немесе батпақ жолдармен жүру.
 - » Шаңды жолдармен жүру.
- Жүру шарттары.
 - » Сүйретілетін тіркеме, тұрғын тіркеме немесе шатырдағы жүксалғыш қолданылады.
 - » 8 км шегінде қысқа қашықтыққа бірнеше рет жүру, сондай-ақ автокөліктен тыс ауа температурасы нөлден төмен болғанда жүру.
 - » Қозғалтқыштың ұзақ уақыт бос жүріспен жұмыс істеуі және полиция машиналары, таксилер немесе жүк көліктері сияқты ұзақ қашықтыққа төмен жылдамдықпен жүру.

Техникалық қызмет көрсету кестесі

Техникалық қызмет көрсету

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету қайсысы ертерек болатынына байланысты миль немесе ай бойынша жүріп өткен жол негізінде жүзеге асырылады.

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету циклі
Салқындатқыш су құбырларының зақымдануын тексеріңіз және байланыстырғыш құбырлардың герметикалық бекітілгеніне көз жеткізіңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Газ шығару құбырының қосылымында ауаның жылыстау-жылыстамауын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Үш жақты каталитикалық бейтараптандырғышытың сыртында майысқан жерлерінің болмауын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Отын құю аузының қақпағын, отын құбырларын және қосылымдарды тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Белсенді көмірі бакты тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Шассидің бекіткіш болттарын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Төлегіш педалін және электрондық тұрақ төлегішінің қосқышын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Үйкеліс қалыптары мен төлегіш дискілерін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 00 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету циклі
Тежегіш жүйесінің құбырлары мен шлангтарын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Рульді, тұтқаны тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Жартылай осьтің шаңнан қорғау қабын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Шарлы саусағы мен шаңнан қорғау қабын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Алдыңғы және артқы аспа құрылымын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Алдыңғы және артқы дөңгелектердің реттелуін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Дөңгелектердің орнын ауыстыру	Бірінші ауыстыру 18 айдан немесе 15 000 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Дөңгелек мойынтіректеріндегі люфтіні тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Капот құлпы мен оның бекіткішін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету циклі
Көмекші бактағы салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Тежегіш сұйықтығын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Автокөліктің әртүрлі модульдерінің ақаулық кодтарын тексеріңіз (тексеруден кейін жойлуы тиіс)	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Тартқыш аккумулятор науасын, құлыптау тақтайшасын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Жинақталған қуат агрегатын сұйықтықтың ағып кетуі мен деформациясының болмауына тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Жоғары кернеудегі сымдардың немесе ағытпалардың босаңсуын және сұққыштар абляциясын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Жоғары вольттық модульдердің сыртқы компоненттерін деформация мен майдың болмауына тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Зарядтау коннекторларының интерфейстерін бөгде заттардың, абляциялардың және т. б. бар-жоғына тексеріңіз.	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Барлық автокөлік модуліне арналған бағдарламалық құралдың жаңартылуын тексеріңіз, бар болса жаңартуды орындаңыз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету циклі
Жоғары кернеулі бөлшектерді құю іздерінің бар-жоғына тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Капот топсасының шектеу істіктеріндегі амортизациялық резеңке төлкелерді үнемі майлап жүріңіз және үйкеленуін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Шамдар мен жарықдиодтардың дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Басты жарық фараларының жарық күшінің төмендеуін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
EPS жерге тұйықтау нүктесінде бөгде материалдардың немесе абляцияның бар не жоғын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
EPS ағытпаларын босап кетпеуіне және штифтер абляциясына тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
EPS ECU сыртын коррозияның болмауына тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
EPS ECU мен қозғалтқыш арасындағы байланыстарда бөгде заттардың немесе коррозияның бар-жоғын тексеру*	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Жалпы сүзгіні тексеру *	Бірінші қызмет көрсету өткеннен кейін, әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету циклі
Жоғары тиімді сүзгіні тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсетуөткеннен кейін, әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
PM2,5 тахометрінің сүзгісін тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсетуөткеннен кейін, әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Электрстатикалық сүзгіні тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсетуөткеннен кейін, әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Таяу жарық фараларын бастапқы калибрлеу	Әр 10 000 км жүріп өткен сайын калибрлеңіз
Қозғалтқыш салқындатқышы мен электрондық салқындатқышты ауыстырыңыз	Ұзақ қызмет ету мерзімі бар органикалық қышқылға негізделген салқындатқышты ауыстыру әр 4 жыл сайын немесе 100 000 км жүріп өткеннен кейін, қайсысы ертерек болатынына қарай жүзеге асырылады.
Тежегіш сұйықтығын ауыстырыңыз	Әр 2 жыл сайын немесе 40 000 км жүріп өткеннен кейін ауыстырыңыз, жоспарлы техникалық қызмет көрсеткен кезде тексеріңіз
Арнайы EHS трансмиссия майын тексеріңіз және ауыстырыңыз	Жоспарланған техникалық қызмет көрсеткен кезде EHS беріліс майының деңгейін тексеріңіз; майды әр 4 жыл сайын немесе 40 000 км жүріп өткеннен кейін ауыстырыңыз, майды ауыстырған сайын сүзгі элементінің жинағын ауыстырыңыз
Артқы жетектің электр блогының редукторындағы майды тексеріңіз және ауыстырыңыз	Алғаш рет 24 айдан немесе 40 000 км жүріп өткеннен кейін, содан кейін әр 24 айда немесе 48 000 км жүріп өткен сайын
Ыдысты тексеріңіз және калибрлеңіз	Әр 6 ай сайын немесе 72 000 км жүрілген жол

Қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету

Қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету автокөлігінің жалпы жүрілген жолына, сондай-ақ алдыңғы техникалық қызмет көрсетуден кейінгі айлар санына байланысты — қайсысы ертерек болатынына қарай.

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Техникалық қызмет көрсету циклі
Май мен май сүзгісін ауыстырыңыз	Бірінші ауыстыру 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Бензинді тазартқыш	Алғашқы техникалық қызмет көрсетуді қоспағанда, кейінгі қызмет көрсету операциялары әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүзеге асырылады
Оталдыру бітелері	Бірінші қызмет көрсету өткеннен кейін, әр 24 айда немесе 20 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Отын сүзгісін ауыстырыңыз	Бірінші қызмет көрсету өткеннен кейін, әр 12 айда немесе 00 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Ауа сүзгісінің сүзгі элементін ауыстырыңыз	Бірінші қызмет көрсету өткеннен кейін, әр 12 айда немесе 00 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Картердің желдету жүйесін тексеріңіз (PCV клапаны және желдету шлангы)	Бірінші қызмет көрсету өткеннен кейін, әр 12 айда немесе 00 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Қозғалтқыштың бос жүрісінің айналымдарын тексеріңіз	Бірінші қызмет көрсету 6 айдан немесе 3500 км жүріп өткеннен кейін, одан кейінгі қызмет әр 12 айда немесе 10 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі
Көмір бағының шаң сүзгісін ауыстырыңыз	Бірінші қызмет көрсету өткеннен кейін, әр 12 айда немесе 00 000 км жүріп өткеннен кейін жүргізіледі

ЕСКЕ САЛУ

- Алғашқы техникалық қызмет көрсетуді қоспағанда, бір отын құйған кезде 1 бөтелке (180 мл) бензин тазартқышты қосу керек.
 - » Алғаш рет бензин тазартқышты қолданатын 20 000 км-ден асатын автокөліктер үшін 3 бөтелкені (180 мл), содан кейін әр 10 000 км жүріп өткен сайын 2 бөтелкені үздіксіз пайдалану ұсынылады.
 - » Этанолды бензинді қолданылатын жерлерде бензиннің әрбір екінші бағына 1 бөтелке (180 мл) бензинді тазартқыш ұсынылады.
 - » Алдымен бензин тазартқышты қосыңыз, содан кейін бензинді қосыңыз, құрылғы отын құю қажеттілігін көрсетпегенше немесе отын деңгейінің индикаторы сары түспен жанбағанша, бензинге қосымша бензин мен қоспаларды қоспау ұсынылады.
- Тартқыш аккумуляторды ең жақсы күйде ұстау үшін аккумуляторды өздігінен калибрлеу мақсатында аккумуляторды үнемі (әр 6 ай сайын немесе 72000 км жүріп өткеннен кейін) толық зарядтау және қуаттан ажырату қажет. Сонымен бірге батарея сыйымдылығын тексеру және реттеу үшін BYD уәкілетті автосервисіне хабарласуыңызға болады.
- Келесі жағдайларда сіздің автокөлігіңіз ауыр жағдайда жұмыс істейді, автокөлігіңізді қорғау үшін нақты жағдайға сәйкес кезекті техникалық қызмет көрсету арасындағы жүріп өткен жолды қысқарту ұсынылады: төмен температура (қоршаған орта температурасы $< 5^{\circ}\text{C}$) жағдайында ұзақ уақыт пайдалану, сондай-ақ HEV режимін пайдаланған кезнде, қысқа сапарлар үшін (< 15 мин), немесе автокөлік жиі және ұзақ уақыт бойы төмен жылдамдықпен (жылдамдығы < 10 км/сағ) жұмыс істеуі.

Ескертпелер

- Кестеде көрсетілген техникалық қызмет көрсету мерзімі сатып алынған күннен бастап есептеледі.
- Автокөлікті оңтайлы пайдалану үшін оны келесі режимде дұрыс басқарыңыз.
 - » Бірінші техникалық қызмет көрсетудің алдында ECO (үнемді) режимінде сынап жүргізіңіз, бұл ретте HEV (гибридті) режиміндегі пайдалану үлесі кемінде 50 % болуы тиіс.
 - » Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін HEV (гибридті) режиміндегі пайдалану үлесі кемінде 10 % болуы керек.
- Бензин қозғалтқышының ластану дәрежесіне байланысты май сүзгісін ауыстыру аралықтарын қысқартуға болады.
- Гибридті автокөліктердің ерекшеліктеріне байланысты, егер қозғалтқыштың жұмыс уақыты әр уақытта тым қысқа болса, бұл майдың сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан ауыр жұмыс жағдайлары үшін де, әсіресе суық климат жағдайында да техникалық қызмет көрсету қажет, майды 3000 км жүріп өткеннен кейін ауыстыру ұсынылады.

Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету

Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету

- Автокөліктің оңтайлы тиімділігін қамтамасыз ету және ақаулар санын азайту үшін техникалық қызмет көрсету циклдарының кестесіне сәйкес техникалық қызмет көрсету қажет.

- Жоспарлы техникалық қызмет көрсету аралығы кестеде көлтірілген, ол жүріп өткен жолға немесе уақыт аралығына байланысты, кімге байланысты, қайсысы ертерек келеініне байланысты.
- Техникалық қызмет көрсетудің мерзімі өткен позицияларына техникалық қызмет көрсетудің сол уақыт аралығын пайдалану керек.
- Техникалық қызмет көрсету жұмыстары BYD уәкілетті автосервисінде стандарттар мен нормаларға сәйкес орындалуы тиіс.
- Техникалық қызмет көрсету аралықтары кестесінде көрсетілген пункттер, сондай-ақ пайдалану уақыты мен жүріп өткен жолы автокөлік жолаушылар мен жүктерді рұқсат етілген жүктемелер шегінен асырмай тасымалдау үшін әдеттегі автокөлік құралы ретінде пайдаланылады деген болжамға негізделген.

Автокөліктің коррозияға ұшырауына жол бермеу

Автокөліктің коррозияға ұшырайтын ең көп тараған себептері

- Автокөліктің астына тұз, шаң немесе ылғалдық тиген.
- Автокөлік немесе оның кейбір бөліктері ұзақ уақыт бойы жоғары ылғалдық пен жоғары температураға ұшырайды.
- Бояу қабатын немесе ішкі қабатты болмашы соққылар немесе тастар және қиыршық тастар сызған.

Автокөлікті коррозиядан қорғау үшін келесі ережелерді сақтау қажет

- Автокөлікті үнемі жуып тұрыңыз.
 - » Қыста тұз төселген жолдармен жүргенде немесе жағалаудағы аудандарда тұрғанда, автокөліктің отыру алаңын айына кем дегенде бір рет жуып тұрыңыз және коррозияны азайту үшін шасси мен күпшек қақпағын жоғары қысымды сумен немесе бұмен тазалаңыз. Қыстан шыққаннан кейін шассиді мұқият жуыңыз.
- Сыртқы және ішкі бояуды тексеріңіз.
 - » Егер бояуда сырықтар мен жарықтар анықталса, коррозияның алдын алу үшін ол дереу жөнделуі керек. Егер металл бетінен сынықтар немесе жарықтар қабыршақтанса, жөндеу үшін BYD компаниясының рұқсаты бар дилеріне немесе сервис орталығына хабарласқан жөн.
- Салонның ішкі әрлеуін тексеріңіз.
 - » Кілемшенің астында жиналатын ылғалдық пен шаң коррозияға әкелуі мүмкін. Аймақтар құрғақ екеніне көз жеткізу үшін кілемшенің артқы жағын тексеріңіз.
 - » Химиялық заттарды, қоспаларды, тыңайтқыштарды, тұзды және басқа заттарды тасымалдау кезінде ерекше сақ болу керек, ал сондай заттарды тасымалдау үшін тиісті ыдыста сақтау керек. Егер олар төгіліп немесе ағып кетсе, дереу тазалап, құрғатыңыз.

- Кірқалқаларды пайдаланыңыз
 - » Кірқалқалар автокөліктерді тұзды жерлерде немесе қиыршық тас жолдарда қорғай алады. Кірқалқалар мөлшері неғұрлым үлкен болса және олар жер бетіне неғұрлым жақын болса, соғұрлым жақсы болады.
- Жақсы желдетілетін және құрғақ жерлерде тұраққа қойыңыз.

Бояуға техникалық қызмет көрсету ұсыныстары

- Автокөлікті уақытылы жуып тұрыңыз.
- Түстердің сәйкес келмей қалуын немесе үйлесімсіздігін болдырмау үшін әрлеуде айқын сызаттар болмаса, қайта боямаңыз.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оны көлікжайға немесе жақсы желдетілетін жерге қойып, қыста арнайы тысқап пайдалану керек. Уақытша тұрақ үшін көлеңкелі орынды таңдаңыз.
- Бояуға қатты соққылар, түрткілер немесе сызаттар тигізбеңіз. Егер бояу сызылып, майысып немесе қабыршақтанып кетсе, оны кәсіби автокөлік шеберханасында уақытылы жөндеу керек.
- Бояуды май жұққан шүберекпен ұстамаңыз. Химиялық реакцияларды болдырмау үшін оның үстіне майлы заттарды қоймаңыз немесе автокөліктің шанағын органикалық еріткіштермен сүртпеңіз.

- Автокөліктің жабынын үнемі тексеріп отыру керек (айына бір рет немесе мәселе туындаған сайын) және үш айда бір рет балауызбен қаптау керек.
- Жылтыратқыш пен жоғары сапалы балауызды қолдану керек. Егер шанақ жабыны қатты тозған болса, балауыздан бөлек автополиролды қолданыңыз. Өндірушінің нұсқаулары мен сақтық шараларын мұқият орындаңыз. Хром жабыны жылтыратылып, балауызбен қапталған, сондай-ақ боялған болуы керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер автокөлік жоғары температуралы бояу және балауыз жағу цехында қайта бояуды және тұруды қажет етсе, пластикалық бамперді шешіп алу керек, өйткені жоғары температура бамперді зақымдауы мүмкін.

Сыртын тазарту

- Автокөлік бояу қабатының қабыршақтануына немесе шанақ пен бөлшектердің коррозиясына әкелуі мүмкін келесі жағдайларда уақтылы тазалануы керек:
 - » Жағалау бойында жүру.
 - » Тайғаққа қарсы реагент төгілген жолда жүру.
 - » Көміртас шайыры төселген жолдарда жүру.
 - » Шайыр, құс саңғырығы және жәндіктердің өлекселері.

- » Түтін, күйе, шаң, темір үгіндісі немесе химиялық заттар көп жерлерде көлік жүргізу.
- » Автокөліктің сырты шаң немесе кірлеген.
- » Жаңбырдан кейін.

Автокөлікті қолмен жуу

Автокөлікті жуар алдында көлеңкеге қойып, жеткілікті салқындағанша күтіңіз.

1. Автокөліктің түбінен және дөңгелектен барлық кірді немесе жол тұзын кетіру үшін борпылдақ кірді құбыршекпен шайып тастаңыз.
2. Автокөлікті өндірушінің нұсқауларына сәйкес араластырылуы керек бейтарап құралдармен жуыңыз. Жұмсақ шүберекті тазартқыш ерітіндімен сулап, оны су ағынының бағытымен ақырын сүртіңіз. Айналымды қозғалыстармен немесе көлденеңінен сүртпеңіз.
3. Жуғыш зат құрғаған кезде жақсылап шайыңыз, ол із қалдырады. Ыстық ауа райында автокөлікті жуғаннан кейін, бөлшектерді дұрыстап шайыңыз.
4. Су дақтарын кетіру үшін автокөлікті таза, жұмсақ сүлгімен құрғатыңыз. Сызаттарды пайда болдырмау үшін бояуды қатты ысқыламаңыз немесе оған шамадан тыс күш түсірмеңіз.

! ЕСКЕ САЛУ

- Сілтілі кір жуғыш затты, сабынды суды, ыдыс жуатын сұйықтықты, парафиннен арылтатын жуғыш заттарды немесе ұшпа еріткіштерді қолданбаңыз.
- Жарық құрылғыларын тазалау кезінде бензин, спирт, лак еріткіш, бояу еріткіш немесе төрт хлорлы көміртек сияқты химиялық еріткіштермен біріктірілген шамдардың бетін сүртпеңіз; әйтпесе, орнату қоршауларында жарықтар пайда болады.
- Жағалау аймақтарында немесе қатты ластанған жерлерде жүретін автокөліктерді күн сайын жуу керек.

! ЕСКЕ САЛУ (жалғасы)

- Кірді кетіру үшін сырмаңыз немесе бензинді қолданбаңыз. Пластик дөңгелек қақпақтарын органикалық заттар оңай зақымдайды. Егер қандай да бір органикалық заттар қақпақтарға тисе, оларды сумен жуып, қақпақтардың зақымдануын тексеру керек. Қажет жағдайда қатты зақымдалған пластик дөңгелек қақпақтарын уақтылы ауыстырыңыз. Әйтпесе, олар автокөліктің қозғалысы кезінде ұшып кетуі мүмкін.
- Бамперді құрамында абразивтер бар тазартқыштармен жууға болмайды.
- Гальван жабыны бар металл бөлшектерді көмір тазартқышпен тазалап, қорғау үшін үнемі балауызды қолдану керек.

Автокөліктерді автоматты түрде жуу

Автокөлік жуу жерлерді таңдағанда, щеткалардың кейбір түрлері, сүзгіден өтпеген шаю суы немесе белгілі бір машиналарға арналған шаю процедуралары бояуды сызып, оның жылтырлығы мен беріктігіне, әсіресе қара түстерге әсер етуі мүмкін екенін есте сақтаңыз. Автокөлікті жуар алдында бояу жабыны үшін қандай жуу процедуралары ең қауіпсіз екенін түсіну үшін көлік жуу қызметкерлерімен кеңескен дұрыс.

Ішін тазарту

! ЕСКЕ САЛУ

- Автокөлікті жуу кезінде аспаптар тақтасына немесе еденге судың тікелей шашырап кетуіне жол бермеңіз, себебі бұл электр жабдықтарының жұмысын бұзуы мүмкін.

Кілемшелер

- Кілемшелерді жақсы көбіктенетін жуғыш затпен тазалаңыз.
- Шаңды мүмкіндігінше кетіру үшін шаңсорғышты пайдаланыңыз. Көбіктенетін жуғыш заттардың бірнеше түрін қолдануға болады. Кейбіреулері аэрозольді баллондарда бар, ал басқалары сумен араласқан кезде көбік түзетін ұнтақтар немесе сұйықтықтар. Кілемшелерді көбікке малынған губкамен немесе щеткамен тазалап, айналмалы қозғалыстармен сүртіңіз.
- Кәдімгі суды пайдаланбаңыз және кілемшелерді мүмкіндігінше құрғақ ұстаңыз.

Қауіпсіздік белбеулері

- Қауіпсіздік белбеулерін бейтарап сабынды сумен немесе жылы сумен тазалауға болады.
- Қауіпсіздік белбеулерін губкамен немесе жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Қауіпсіздік белбеулерінде шамадан тыс тозу, жыртылу немесе кесілген жерлер бар-жоғын тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қауіпсіздік белбеулері жұқарып қалмас үшін оларды дақ кетіргішпен немесе ағартқышпен тазаламаңыз.
- Қауіпсіздік белбеулерін толығымен құрғамайынша пайдаланбаңыз.

Есіктер мен терезелер

- Есіктер мен терезелерді кез келген қарапайым жуғыш затпен жууға болады.
- Артқы әйнектің ішкі бетін сол жақтан оңға қарай оңай сүрту керек. Артқы жібіту құрылғысы мен антеннаның қыздыру сымдары ішінде орналасқандықтан, олар шамадан тыс күшпен немесе жоғары-төмен сүртуден зақымдалуы мүмкін.
- Есіктерді автоматты түрде жабу механизмдерін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Егер механизмде көрінетін шаң жиналып қалса, оны дымқыл, жұмсақ шүберекпен сүртіп тастаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Артқы терезенің ішкі жағын тазалау кезінде қыздыру сымы мен ағытпасын сызып немесе зақымдап алмас үшін абай болыңыз.

Кондиционер жүйесінің басқару тақтасы, автокөлік аудио жүйесі, аспаптар тақтасы, басқару тақтасы және ауыстырып-қосқыштар

- Кондиционер жүйесінің басқару тақтасын, автокөлік динамиктерін, аспаптар тақтасын, басқару тақтасын және ауыстырып-қосқыштарды дымқыл, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Шаңды жылы суға малынған таза, жұмсақ шүберекпен ақырындап сүртіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Органикалық заттарды (еріткіштер, керосин, спирт, бензин және т.б.) немесе қышқылдар мен сілтілердің ерітінділерін қолданбаңыз. Бұл химиялық заттар түссізденуді, дақтарды немесе қабыршақтануды тудыруы мүмкін.
- Егер сіз кез келген жуғыш затты немесе жылтыратқышты қолдансаңыз, олардың құрамында осы ингредиенттердің ешқайсысы жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер жаңа сұйық жуғыш зат қолданылса, ол автокөліктің ішкі беттеріне түспеуі керек, өйткені оның құрамында жоғарыда аталған ингредиенттердің кез келгені болуы мүмкін. Егер бірдеңе төгілсе, оларды дереу жақсылап шайыңыз.

Салонның былғары әрлеуі

- Былғары әрлеуді жүннен жасалған бұйымдарды жуу үшін қолданылатын бейтарап жуғыш затпен тазалауға болады.
- Шаңды сүрту үшін бейтарап жуғыш зат ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз, содан кейін жуғыш заттың қалдықтарын мұқият сүрту үшін таза, дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
- Егер былғары су болып қалса, оны таза, жұмсақ шүберекпен сүртіп, салқын, желдетілетін жерде кептіріңіз.
- Автокөлікті тазалауға қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, BYD компаниясының уәкілетті дилерінен немесе сервис орталығынан кеңес алыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер кірді бейтарап жуғыш затпен кетіру мүмкін болмаса, оны органикалық еріткішсіз жуғыш затпен тазалаңыз.
- Былғарыны эфир майы, спирт, бензин, қышқыл немесе сілті сияқты органикалық заттармен тазаламаңыз, себебі бұл түссізденуге әкеледі.
- Былғарыны нейлон щеткамен немесе синтетикалық талшықты шүберекпен тазаламаңыз, себебі олар былғары бетіндегі жұқа өрнектерді сызып тастауы мүмкін.
- Былғары төсем лас болса, көгеріп кетуі мүмкін. Майлы дақтарды болдырмау үшін өте мұқият болу керек және қаптаманы әрқашан таза ұстау керек.
- Күн сәулесінің ұзақ түсуі былғарының кеуіп кетуіне немесе кішіреюіне әкеледі, сондықтан автокөлікті әсіресе жазда көлеңкелі және салқын жерге қою керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ыстық ауа райында әрлеуге винил немесе балауыз заттарын қоймаңыз, себебі олар жоғары температурада былғарыға жабысып қалуы мүмкін.
- Былғары әрлеуді дұрыс тазаламау түсінің өзгеруіне немесе дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Өз күшіңізбен техникалық қызмет көрсету

Өз күшіңізбен техникалық қызмет көрсету

Өз күшіңізбен техникалық қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары

- Егер техникалық қызмет көрсетуді иесі орындауы керек болса, осы бөлімде сипатталған дұрыс қадамдарды орындаңыз.
- Дұрыс емес және толық емес техникалық қызмет көрсету автокөліктің дұрыс пайдаланылуына әсер ететінін ескеріңіз.
- Бұл бөлімде иесі орындай алатын қарапайым техникалық қызмет көрсету элементтері туралы нұсқаулар ғана берілген. Дегенмен, арнайы құралдармен білікті мамандар орындауы керек көптеген нәрселер бар.

06

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

- Кездейсоқ жарақаттардың алдын алу үшін автокөліктерге техникалық қызмет көрсету кезінде өте мұқият болу керек. Төменде пайдаланушы орындауы керек кейбір сақтық шаралары берілген.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер хладагент төгіліп қалса, бөлшектерге немесе боялған беттерге зақым келтірмеу үшін оны құрғақ шүберекпен немесе қағазбен сүртіңіз.
- Егер тежегіш сұйықтығы төгілсе, бөлшектерге немесе боялған беттерге зақым келтірмеу үшін оны сумен жуып кетіріңіз.
- Ауа сүзгісі алынып тасталған автокөлікті жүргізбеңіз, әйтпесе бұл қозғалтқыштың шамадан тыс тозуына әкеледі.
- Әйнектазартқыш щеткаларды ауыстырған кезде олардың әйнек бетін сызып тастамауын қадағалаңыз.
- Капотты жаппас бұрын, оның ішінде құралдар, шүберектер және т.б. қалып кетпегеніне көз жеткізіңіз.



ЕСКЕ САЛУ

- Автокөліктің ішінде немесе жанында темекі шекпеңіз, себебі бұл өртке әкелуі мүмкін.
- Автокөліктің астындағы жұмыстарды орындау кезінде көзіңізге заттар немесе сұйықтықтар түсіп кетпес үшін қауіпсіздік көзілдірігін кию керек.



ЕСКЕ САЛУ

- Тежегіш сұйықтығы теріні немесе көздің зақымдалуына әкелуі мүмкін болғандықтан, тежегіш сұйықтығын құю кезінде абай болу керек. Егер тежегіш сұйықтығы теріге немесе көзге тиіп кетсе, оларды дереу мол сумен шайыңыз. Егер мазасыздық кетпесе, медициналық көмекке жүгініңіз.

Келесі тармақтар пайдалануға немесе көрсетілген жүріп өткен жолға сәйкес тексерілуі керек:

- Хладагент деңгейі — радиатордағы хладагент деңгейі әр жанармай құю кезінде тексерілуі керек.
- Алдыңғы әйнек жуғыш сұйықтығы — ай сайын кіші бактағы жуғыш сұйықтықтың қалдық мөлшерін тексеру керек. Жуғыш сұйықтықты жиі қолданған кезде сұйықтықтың қалдық мөлшерін әр жанармай құю кезінде тексеру керек.
- Алдыңғы әйнек тазартқыш — тазартқыштың күйін ай сайын тексеріңіз. Егер тазартқыш жұмыс істемесе, оның тозуын, жарылуын немесе басқа зақымдануын тексеріңіз.
- Тежегіш сұйықтығының деңгейі — ай сайын деңгейді тексеріп отырыңыз.
- Тежегіш педалі — тежегіш педалінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
- ЕРВ ауыстырып қосқышы — ауыстырып қосқыштың жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
- Қозғалтқыш бөлігінің аккумулятор батареясы — ай сайын аккумулятор батареясы мен клеммаларда коррозияның бар не жоғын тексеріңіз.
- Кондиционер жүйесі — кондиционер жүйесінің жұмысын апта сайын тексеріңіз.

- Шиналар — ай сайын шинаның қысымын тексеріңіз. Протектордың тозуын және бөгде заттардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Алдыңғы әйнек жылытқышы — ай сайын әйнекті үрлейтін желдеткішті тексеріңіз.
- Жарықтандыру құрылғылары — ай сайын фаралардың, ауқымды шамдардың, артқы шамдардың, жоғары стоп-сигналдардың, бұрылыс көрсеткіштерінің, артқы тұман шамдардың, стоп-сигналдардың және нөмір белгісі шамдарының күйін тексеріңіз.
